## **“Фатиха” сүресі**

***Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.***

***Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән. Қиямет күнінің иесі. Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз! Бізді тура жолға сала көр! Нығметке бөленгендеріңнің жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес! Аумин!***

## **“Ыхылас” сүресі**

***Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.***

***(Мұхаммед (ғ.с.) оларға) айт: Ол Алла, біреу-ақ. Алла мұңсыз. (Әр нәрсе Оған мұқтаж.) Ол, тумады да туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес.***

*Әкем: “Әркімге өз әкесі әулие”, – деп айтып отырушы еді. Ақыреттің ісінде жұмысым жоқ, әрине, менің бар білерім – марқұм әкем өзінің саналы ғұмырының тең жарымын түрмеде, қалғанын қуғында, кеңестік жүйенің тепкісінде өткізген. Сондағы бар жазығы – ақты – “ақ”, қараны “қара” дегені, жалған сөз айтпағаны. Бір ғана ауыз өтірік “иә” немесе “жоқ” десе түрмеден, тепкіден құтылайын деп тұрып тағдыр жазмышына қарсы шықпаған, барынша адал, иманына берік, тақуа адам болыпты.*

*Мен бұл еңбегімді асыл әкем Әбдіқайым ишанның ардақты рухына бағыштаймын! Ақыретте Алла жар болып, пірлеріміз медеткер болсын! Барша оқырмандарымызға да екі дүниеде Алланың рахымын, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шапағатын, тәубесіне куа болған пірлері мен пірнуандарының медеткерлігін тілеймін.*

*Сондай-ақ ол кісіге өмірлік жар болған, артында қалған ұл-қыздарын ұлағаттап ер жеткізген, санатқа қосқан, тегінен ажыратпай адал ас беріп, аналық парыызын абыроймен атқарған анамыз – Мамақалға (Бибі ана) бас иіп тағзым етемін.*

*Аллаға осындай әке мен ана бергеніне шексіз шүкірліктерімді білдіремін*

**Автор.**

## *УАҚЫТ ТАЛАБЫ*

«Қарахан әулеті» деп аталатын зерттеу кітабының авторы Әбдікәрім Әбдімомыновтың еңбегі тарихтың бір желілі арқауын танып білуге ұмтылған еңбек.

Автор «Қарахан әулеті» туралы еңбек жазу үстінде жазба дерек мағлұматтарымен қоса ауызша аңыздарды да шеберлікпен пайдалана білген, осы арқылы өз танымын сыншыл ақыл тезіне сала отырып, өзіне де сынмен қарап жазуы маған мақұл түсті.

Көп жылдар бойы іздену, әр кезеңдегі шежірелер тізбегін іздеп тауып, оларды өзара салыстырып, өзіндік ой талқысын оқырман назарына ұсынуы, әрі оны сын көзімен қарауға шақырып, шындықты ашуға батыл баруы – жетістігі.

Шындыққа қол жеткізу үшін әр түрлі пікір арнасы арқылы айтылар ой–таным тарих үшін аса қажет. Осы тұрғыдан «Қарахан әулеті» кітабының жарық көруі – уақыт талабы деп қараймын

**Профессор М. Мырзахметұлы**
30.10.2011 ж

* * *

Бұл кітапты оқып қабылдау үшін де оқырманның жеткілікті дәрежеде дайындығы қажет тәрізді. Шынайы шежірені жазу әсте оңай емес. Ол үшін көп еңбек, ізденіс, тіпті барлық жауаптылықты сезіне отырып, қолға қалам алатын батылдық, тәуекелшілдік керек. Іздеп жүріп тапқанның өзін тарихи тұрғыдан саралау, жүйелеу, қиыннан қиыстыру, қиюын табу оңай шаруа емес. Бәлкім, мұндай толағай іске бүкіл өміріңді арнаса да аздық ететін болар.

Автор бұл тақырыпқа тосыннан келмеген. Кішкентайынан әке әңгімесін, ауыл қарттарының шежірелі толғауларын құлағына сіңіріп өскен. Белгілі жазушы Оразбек Сәрсенбай автордың сол төңірекке әйгілі болған, тағдырдың тауқыметін көп тартқан білімпаз әкесі Әбдіқайым ишан туралы тебірене, толғана жазады. Ендеше, бұл кітап ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың «Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі» деп жазғанындай, заманы, уақыты айтқызбаған әке ойының, сара арманының Тәуелсіздік заманында сыртқа шыққан дүмпуі, бүгінгі ұрпақпен жалғастығы тәрізді.

**Профессор Сәмен Құлбарақ**

# СЫР ҚЫЛЫП САҚТАҒАН
***(Оқырманға арнау)***

*Кімде кім атасын айтып мақтанып, бір үзім нан жесе, бір қадам төрге шығып құрмет көрсе, әлдеқашан қурап қалған ата-бабасының сүйегін көрден сүйреп шығарып, бәйгеге қосып тойғанмен, мәртебе алғанмен бірдей.*

*Бісмілләһір Рахман-ар Рахим!*

Осы кітапты қолға алмас бұрын, Қожалар шежіресіне, оның ішінде Қарахандықтар әулетіне қатысты мұрағаттардан, түрлі тілдердегі әдеби нұсқалардан тірнектеп жинаған материалдарды, қариялардан жазып алған деректерді және өзім ұдайы жүргізіп отырған жазбаларымды топтастырсам бір кітапқа толықтай жүк болар еді. Олар бірқатар газет-журналдарда жарық көрді, өзге авторлардың кітапшаларына да енді. Мен олардан авторлық құқығымды, қаламақымды дауламадым немесе мақтаныш үшін аты-жөнімді көрсетуді де талап етпедім. Бұлардың ешқайсысы мені қызықтырған емес. Осындай пиғылдан болар, жазғандарымның басын біріктіріп жинақтауды құнттаған емеспін. Жүрек түбінен шымырлап шыққан жазбаларым жазылған жерінде қалып жатты.

Бұл орайда мен әкем Әбдіқайым ишан айтқан: “Кімде кім атасын айтып мақтанып, бір үзім нан жесе, бір қадам төрге шығып құрмет көрсе, әлдеқашан қурап қалған ата-бабасының сүйегін көрден сүйреп шығарып, бәйгеге қосып тойғанмен, мәртебе алғанмен бірдей” деген өсиетін жадымнан бір сәт те шығарған емеспін. “Ақылды ата ұрпағына жүз жылдық азық” деген нақыл бар халқымызда. Жақсы болсын, жаман болсын мен ең алдымен Жаратқан Иеміздің жарылқауымен, содан соң асыл әкеміздің ел ішіндегі абырой-беделімен, халықтың Пайғамбар (с.ғ.с.) ұрпағына деген құрмет-ықыласымен ер жеттім. Сол себепті, қолдан келгенінше әке өсиетіне адалдық танытуға, бабалар аруағын қастерлеуге тырыстым.

Қожалар шежіресі ғасырлар бойы құпия сақталып келген. Менде бір айып болса, ол ата-бабаларымыз құпия ұстап, жамағатқа жария етпеген сырларын жария еткенім болар. Мүмкін, оны көппен бөлісетін, ұрпаққа ғибрат ететін, бірлікке

шақыратын тетік ретінде қолданатын уақыт туған да шығар! Егер осы жағдайда, аруақ қолдамаса, ата-баба рухы риза болмаса, ағайындарым итермелеп, қолдап, демеп, жөн сілтеп отырмаса бұл кітап жолындағы 30 жылғы іздесім мен еңбегімнің еш жария болмасы да анық жайт еді.

Ата-бабаларымыз күллі ғұмырларын Алла жолында сарп етті, осы жолда қаншама азапты күндерді, алмағайып замандарды бастан кешті. Сол үшін барша мүмін-мұсылмандар арасында атақ-абыройға, қалың бұқараның құрметіне бөленді. Бүгін халқымыз оларды "әулие-әнбиелер, шайхылар, машайықтар" деп ұлықтап, Алланың достары қатарына қосса, бұл оларға деген халықтың құрметі, Жаратушымыздың рахметі! Бәлкім оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, мирас ету біздің міндетіміз де шығар!

Бұл істе мойынға еш жауапкершілік алмай "өйту керек, бүйту керек" деп айта салу оңайдың оңайы, екінің бірінің қолынан келеді. Ал, іс жүзінде біздер бүгінгі ұрпақтың тамыры өткен ата-бабаларының рухынан нәр алып, байланысып жатуы үшін не істедік, не тындырдық? Осы сұрақ менің де санама салмақ салып, ызыңдаған масадай маза бермей, түн ұйқымды төрт бөлгізіп қолыма талай мәрте қалам алғызды.

Қазақ елі бір кездері өз алдына жеке дара Ұлыс болып, кең даланы емін-еркін билеп, тіршілік кешкен көшпелі түркі тайпаларының ата дәстүрін сақтап қалған руларының бірігуінен құралғаны белгілі. Сол себепті біздің Ел тарихында ашылмаған сырлар мен тарқатылмаған шежірелер жетіп артылады. Оған қоса, біздің бүгінгі тұтынып отырған тарихымызды пиғылы теріс, исі жат адамдар жазды. Өздерінің өктемдік саясаттарына неғұрлым бейімдеуге, икемдеуге тырысты. Осындай "тарих" бойынша біздер рухани мешеу, санасы балаң халық саналып келдік. "Халықпыз" деп өзіміз айтып отырмыз, бізге мұндай қастерлі атауды олар қиған жоқ! Қолдан келсе ит-рәсуамызды шығарып, түтіп жеуге даяр тұрды.

Өздеріңіз ой тастап көріңіздер, егер Қытайдың шын шекарасы Үрімшіге жетіп жатқан болса, не себепті олар Ұлы Қытай қорғанын одан мыңдаған шақырым ішкеріден салды? Батысымыздағы Сары тау – Саратовқа, Жайық Оралға айналды. Ғұн құл атанып, Атилланың аты өшті. Ол көне тарих. Бергісі жетісіп жатыр ма?

Күллі 92 бауылы түркі тайпаларын ақыретке дейінгі ақиқат жолы – Алладан түскен Ислам дінінің Туы астына біріктірген Қарахандықтар әулетін "чигил, яғма" деген сияқты т.б. ойдан шығарылған тайпалардан "шыққан" деп бөсті. Көне түркілер шағыл тасты "чигил" деген. Тастақ жерлерді мекендеген тайпаларды "чигилдіктер" деп атаған. Ал, "яғма" деген сөз парсы тілінде "барымташы, қарақшы, тонаушы" деген мағынаны білдіреді. Халық ауыз әдебиетінің үлгілеріндегі: "Малыңды алар ма ем яғмалап" деген жыр жолдары әлі күнге сақталып та келеді.

Одан да сорақысы, Қазақ жерінің Сарыарқадай төрін, Сейхун, Жейхун деп аталатын екі өзен аралығын – Тұран даласының төскейін, асқақ Алатау мен киелі Қаратаудың баурайын кең жайлаған Ұлы Оғыз мемлекетін жаһілият дәуіріне арғы замандарға лақтырып тастады. Тіпті, бұл атаудың арабтардың "у-гуз" "өзен жағасын мекендеушілер" деген сөздерінен шыққанын да қаперге алмады. "Арыстан бап" зарын қобызға қосқан, Оғыз хандарының Ордаларында құтпа оқыған Қорқыт бабаны алба-жұлба киімді бақсыға айналдырды. Тарихи деректер Арыстан баптың 1130 жылы қайтыс болғанын көлденең тартады. Бірақ бірде-бір жұмыр басты пенде: "Қорқыт баба өзінен араға ғасырлар салып кейін туатын Арыстан бапқа арнап қалайша күй шығарады?" деп бас қатыруды жөн санамады.

Осындай сыңаржақ пікірлердің салдарынан Шыңғысханның жорығанан бастап, Керей хан мен Жәнібек хан елдік Туын қайта көтергенге дейінгі тұтас ғасырлар біздер үшін қараңғы түнекке айналды. Кітапта осы мәселелерге де тоқталып, көпшілік зейінін тарихшылардың назарынан таса қалған жайттарға аударуды мақсат тұттым.

Қазақтың негізгі тарихы ел аузында жүр. Кеңестік саясат халықтық дәстүрлерге, ата-баба мұраларына, шежіреге, ауыз әдебиетіне мүлдем теріс көзқарас қалыптастырды. Оларды атауға тыйым салды. Тарихты шежіреге, фольклорға сүйене отырып зерттеушілер қуғынға ұшырады. М.Тынышпаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Асфендияров, Е.Бекмахановтар репрессия құрбаны болды. Қамаудан, қыспақтан көз ашпаған Ә.Марғұланның өзі шежіреге, қиссаларға тыйым салынғандықтан ежелгі тарихты археологиялық қазбаларға сүйене, ғасырлар қойнауынан жеткен жәдігерлерге тіл бітіре

отырып жасады. Солардың да арасына аңыздар тізбегін салып бақты. Сондықтан, бүгінгі күні тарихқа деген көзқарас түбегейлі өзгеруі тиіс. Шежіредегі, түрлі жанрлардағы қазақ және түркі ауыз әдебиеті үлгілеріндегі, қытай, парсы, араб, шағатай тілдеріндегі болса да төл жазба деректер басты назарға алынуы керек. Кітапта осындай ізденістер басты назарға алынды.

Әрине, артық-кем түсіп жатқан жерлері жоқ деп айта алмаймын. Сол себепті, оқырманнан кітапты байыппен, ой жіберіп, тарихи деректермен салыстырып оқыса және алдағы уақыттары осы сарында жазылар еңбектерімізге бағыт берер пікірлер білдіріп жатса нұр үстіне нұр болар еді! Түсіністік танытқан ағайындарға алдын ала рахметімді айтамын!

Кітап Еліміз Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында шығып отырғандықтан Қазақстанның тарихына жаңаша көзқараспен қарайтын, саналары коммунистік идеямен улана қоймаған ғалымдарға, отансүйгіш, ұлтшыл, өршіл, бойында қаны бар жастарға пайдалы құрал болады деп сенемін!

**Автор.**

# МАҢЫЗДЫ МАҚСАТ

***(Кіріспе орнына)***

*“Үш нәрсе үмбетімнен кетпеуге тырысады: біріншісі, нәсіл қуып, өзінің тегіне мақтану; екіншісі, жаназа үстінде өкіріп жылау; үшіншісі, жұлдыздарға қарап бал ашу. Осылардан арылғаны жөн болар еді”.*

**Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисі.**

Халқымыздың ұлттық-мемлекеттік құрылымы мен дәстүрінде – қожалар Қазақтың Жүзге қосылмайтын, барша тайпаларға ортақ саналатын ру, дәлірек айтсақ әлеуметтік топ. Шежіре бойынша олардың тегі Хазіреті Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) тарайды. Қазақтардың және Орталық Азияны мекендеген басқа халықтардың арасында олардың өкілдері “ақсүйек” болып саналады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) рухының құрметі үшін дін мұсылманның, соның ішінде қазақтардың да оларға деген шынайы ілтипаты қашанда айрықша болған. Ашаршылық жылдарында, қожалар мен төрелерді қудалау заманында қазақтар өз балаларының орнына қожалардың балаларын сақтап қалуға тырысқан оқиғалары да жиі кездеседі. Мұның өзі қазақтардың дінге, иманға қаншалықты беріктігін, Алланың соңғы Пайғамбары Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға деген құрметтері мен махаббаттарының зорлығын, сүйектерінің асылдығын көрсетеді. Болмаса, бір ауылдағы жалғыз үй қожа кімге пана, кімнің шікірасы дейсің?!

Жалпы, қожалардың Қазақ Ордасы қайта ірге көтергеннен кейінгі негізгі міндеті өздерін ұлт, ұлыс, тайпа ретінде бөліп көрсетпей, кез келген рудың құрамында отырып, дін Исламды насихаттау, қалың бұқараға Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ілімін, сүннетін үйрету, оларды елдікке, бірлікке, иманға ұйыту болған. Олардың осы жолда арабтан қазаққа айналуы тұтас бір тарих пен бірнеше дәуірді құрайды.

Қазаққа қожалардан кейін келіп қосылған ұлттар мен ұлыстар аз емес. Қазақтанып кеткен қалмақтарды былай қойғанда түркмендер де Орта жүз бен Кіші жүзде жетіп-артылады. Оның үстіне Ислам дінін таратушылар Арабстаннан 750-770 жылдары (хижраның 150 жылы) келсе, қазақ халқы өз

Ордаларын (Керей мен Жәнібек хандардан бастасақ) 1459 жылы қалады. Арада азды-көпті ғасырлар өтті. Табаны күректей VI ғасыр! Бұл қалай айтсақ та аз уақыт емес. Сондықтан, бүгінгі Қазақ Ордасының іргесі қаланған кезде қожалар Құрани араб тілін ғана білгені болмаса, түпкі болмысынан ажырап, толық түркіленіп үлгерген еді. Оларда ортақ діннен басқа араби еш нәрсе қалмаған.

Тіпті "қожа" деген атаудың өзі арабтарға еш қатысы жоқ, парсы тілінің "ходжа" деген сөзінен шыққан. Парсылар ерікті, өз еркін өзі билеген, ешкімге кіріптар емес адамдардың бәрін "ходжа" деп атаған. Қазақ сол себепті де "мына заттың иесі кім" дегенді "мына заттың қожасы кім" деп балама түрінде әлі күнге дейін қолданып келеді. Бір ауылдан шектен шығушылық байқаса "ауылдарында "әй" дейтін ажа, "қой" дейтін қожа қалмаған ба?" деп жатады. Бұл қожаның тайпалық қожаға еш қатысы жоқ. Бар болғаны "ол ауылда ақыл айтар үлкені қалмаған ба?" дегенді білдіреді.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) орталықазиялық әулетіне "қожа" деген атақ Ұлы ұстазымыз, Піріміз, жеті Бұзырық-Мұхаммедидің бірі – Ба-Хазорати, Уа-әз-Ишан ас-Султан Шейх Абд әл-Хасан Қараханидың парсы-түркі сопылық тариқат мектебінің негізі қаланғаннан соң берілді. Оған дейін парсылар секілді дін Исламды қабылдаған түркі халықтары да Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әулетін ресми айналымда "сайд ағзамдар" (дін мырзалары), билік жүйесінде "ишандар" (Ол (с.ғ.с.) Кісінің өкілі) деп атады. Олардың барлығы да тарихи негізін Ұлық ұстаз Абу Язид Бистами қалаған "Тайфурия" сүлігінен (тариқат мектебі) бөлініп, алғашында (Абд-ар-Рахим, Ысқақ, Абд әл-Жалил баптардан бастап) "Бохралар" деп, кейіннен Қожа Юсуф Хамадани кезінде "Ходжагания" деп аталған діни-идеологиялық орденге біріккен еді. Бұл тариқат мектебінде пірлер мен пируандар, ишандар мен хулафалар тек Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетінен шыққандардан бекітіліп, олардың барлығы да "қожалар" деп аталды. Қазақтар осы тәртіппен Оғыздар заманынан бастап алғашында "Мәлік шах" ретінде Шыңғысханның тағайындауымен ел билеп, кейін дербес мемлекетке айналғанда бүкіл Пайғамбар (с.ғ.с.) әулеті "қожалар" болып атап кетті.

Қожалар шежіресімен шұғылданып жүріп өздерін Пайғамбардан (с.ғ.с.) кейінгі үш халифа – Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.), Хазіреті Омар ибн Хаттаб (р.а.) пен Хазіреті Осман ибн Аффаннан (р.а.) тарататын қожаларды да көптеп кездестіріп жүрдім. Бірақ аттары аталған бұл асылзаттар туралы небір керемет хадистерді көрсем де Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) олардың ұрпағын "менің әулетім" деп айтқан хадисін кездестірмедім. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз хадистерінде Ол (с.ғ.с.) өз отбасы ретінде тек барлық әйелдерінің, Хазіреті Әлиден (р.а.) тарайтын барлық ұрпағының және Саламан Фарсидің (р.а.) аттарын атап, түстерін түстеп, "Менің (с.ғ.с.) әһлі бәйтім" (әулетім) дейді. Хазіреті Әлидің (р.а.) бір туған екі бауыры Жағыфар Таяр мен Ахлды да, әкесімен бір туған Хамза, Аббас (р.а.) ұрпақтарын да "әһлі бәйтке" жатқызбайды.

Мен бұл арқылы басқа қожалардың Пайғамбар (с.ғ.с.) әулеті екеніне күмән келтіргелі отырғаным жоқ. Әңгіме олардың шежірелерін шатастырып, ататектерін қателесіп басқаға теліп жүргендіктерінде болса керек. Мысалы, өздерін Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз бен Фатима (р.а.) анамызға 33 атадан апарып тіркейтіндер де бар. Әр ұрпақ 29 жасында үйленіп, 30 жасында міндетті түрде ұрпақ жалғастырып, ұл көріп отырса да мұндай жағдай мүмкін емес. Егер 33 жылды 30 жасқа көбейтсек 990 жыл болады. Бұл сандарды 2000-ыншы жылдан алып тастасақ 1010 жыл деген сан шығады. Ал Фатима (р.а.) анамыз 610 жылы туып, 625 жылы тұрмыс құрған, небәрі 24 жасында – 634 жылы өмірден өткен. Алғашқы үш халифаға барып тіркелгісі келген "Қожалар шежіресіндегі" қателіктер мен жаңсақтықтар бұдан да сорақы!

Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздың бір хадисінде: "Үш нәрсе үмбетімнен кетпеуге тырысады: біріншісі, нәсіл қуып, өзінің тегіне мақтану; екіншісі, жаназа үстінде өкіріп жылау; үшіншісі, жұлдыздарға қарап бал ашу. Осылардан арылғаны жөн болар еді" дейді. Сонда бізге өзімізді мақтаннан ба, әлде басқа бір себеппен бе қисынсыз хикаялармен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) апарып тіркеудің қажеті не?

Бұл үш нәрсе де тура жолда тұрған адамды торға түсіру үшін Ібіліс лағнетуллаһтың құрып қойған қақпаны. Сырттай қарасаң мұның бәрі монтаны, бейкүнә тіршілік, одан дініңе, діліңе келіп-кетер ешнәрсе, қауіп-қатер жоқ мәселе сияқты. Терең бойласаң

барша бәленің бастауы осыларда жатқанына көз жеткізесің. Соның ішінде шын мәніне келсек “ақсүйек” болу ешқандай жеңілдіктер мен артықшылықтарға себеп бола алмайды. Ал, Пайғамбар (с.ғ.с.) әулеті болудың жауапкершілігі екі дүниеде одан да мың-сан есе ауыр. Бізге әкеміз марқұмның айтуы бойынша ақыретте қарапайым адам бір рет сұралса, Пайғамбар (с.ғ.с.) әулеті қаны үшін екі рет сұралады. Бірі – өзі мен өзінің амалдары үшін, екіншісі – бойларындағы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қаны үшін.

Сол себепті мен осы кітап біткенше бұл хадисті басыма жастап жаттым. Ал, енді мұны оқыған адам бір беттен бір бетке өткен сайын мың-сан рет қайталап отырса да артық бола қоймас. Иә, Алла бізді жаһілдіктен, жүрекке түсетін осындай астамшылық пиғылдың жан жарасынан сақтасын!

## І БӨЛІМ

# ШЕЖІРЕ ШЕРТЕР СЫР ҚАНДАЙ?

*Ұлы Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздың берген анты да Алла тағаланың қалауымен болған хикмет. Сондықтан, қожа деген атқа ие болу, өзін-өзі Пайғамбар (с.ғ.с.) ұрпағымын деп тану үшін алдымен осы антты беремісің? Осыған саймысың? Халық қожалардан осыны талап еткен! Пайғамбар (с.ғ.с.) ұрпақтарының ел арасында аса ірі дәрежеде құрметтелуі де осы сертке лайықтылығымен тікелей байланысты.*

## *БІРІНШІ ТАРАУ*

# ҰЛЫ БАБАЛАР БАЯНЫ

*“Отырған орным – Отаным, қоршаған халық – тайпам (бір туған туысым), байлығым Құран!”*

**Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисі.**

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеден Иасрибқа (Мединенің бұрынғы атауы) хижра (көшкеннен) жасағаннан кейін бірқатар иасрибтік көсемдер мен яхудилер, басқа да қалалықтар Расуллаһтың (с.ғ.с.) қалаға әділ басшы болатынына күмән келтірді. Баспанасыз меккеліктердің қалаға қаптап келуінен қауіптенді. Алла Елшісін (с.ғ.с.): “Өз туыстарына бүйрегі бұрып, шаруашылығымызға кесірін тигізеді. Тайпаластарына жерімізді, малымызды алып береді” деп өсек те таратады. Исламға дейін арабтардың тәртібі бойынша әмірлердің өз тайпаластары мен туыстарына артықшылықтар жасауы міндетті жайт болып саналатын еді.

Осыны білгендей Қасиетті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Иасрибке келіп кірісімен ақ түйесі шөккен жерде, жиналған жамағат алдында: “Отырған жерім – Отаным, қоршаған халық – тайпам (бір туған туысым), байлығым Құран!” деп ант берді.

Түйе шөккен жерге мешіт салынды. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) арналып мешітке жапсарлас ханака (бөлме) тұрғызылды. Алғашында иасрибтіктердің арасынан қоныс жетпеген хижрашылар, кейіннен үйсіз-күйсіз жүргендер, жетім-жесір жандар, жолаушылар осы мешітті паналады. Олар үшін отыруға арналып тастан қаланған суфалар (орындықтар) қойылды. Тек иасрибтіктердің өз ықыластарымен шақырған меккеліктері ғана солардың үйіне барып паналады. Бақуатты меккеліктердің бірқатары дайын үйлерді сатып алса, бірқатары жер алып, баспана тұрғызды. Негізгі кәсіптері сауда болды. Ал, суфаны мекендеуші ғаріп мухаджирлерге мұндай дүние игілігі бұйырмаса да Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) түскен аяттарды алғашқы болып есту несібі бұйырды. Бұл алғашқы мұсылмандар үшін кез келген заттық байлықтан да артық аса зор табыс еді. Ол туралы А.Әділбаев “Саңлақ сахабалар” (Алматы, “Алтын қалам”

баспасы, 2005 ж.) деген кітабында былайша жазады: "Суфа сахабалары туған-туыс, жақындары мен дүние мүліктері жоқ кедей сахабалар болатын. Олар өмірлерін Құран үйреніп, Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) тәлім алу жолына арнады. Олардың қажеттіліктерін Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі және дәулетті сахабалар қамтамасыз етті.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ілімімен сусындаған бұл бақытты жандар аз уақыттың ішінде сахабалар арасында Құран, хадис және басқа да діни ілімдерді терең меңгеруімен жоғары құрметке ие болды. Олар күндіз ораза ұстап, түнде ғибадат етіп, дүниенің күйбең тіршілігінен бойларын аулақ ұстап, алтын уақыттарын адамзаттың Ардақтысынан (с.ғ.с.) естігендерін жаттап, кейінгілерге жеткізу жолында өткізді. Бұл сахабалар жан-жаққа мұғалім етіп жіберілді. Өмірлерін ақиқатты паш етуге арнаған ақиық сахабалар тек уағыздаумен ғана шектеліп қалған жоқ, керекті кезінде қаруларын асынып, қасиетті соғыстарға да қатысты. Құран Кәрімнің және хадис шәріптердің жатталып, мағыналарының кейінгілерге дұрыс жетуінде бүкіл қиындықтарға төзе білген, білімге құштар жанқияр Суфа асхабы табандылықтарының орны ерекше".

Автор Суфа сахабаларынан тек Әбу Һурайраның (р.а.), Бәрә ибн Маликтің (р.а.) және Абдуллаһ ибн Үнайстың (р.а.) ғана аттарын атайды. Бірақ не себептен мұнда Суфа сахабаларының алғашқыларының бірі және солардың арасындағы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құрметтісі болған Хазіреті Саламан Фарсидың (р.а.) аты аталмай қалады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл кісі туралы өз хадисінде: "Жаннат мына үш кісіні: Әлиді, Аммар ибн Ясирді және Саламанды аңсайды" деп айтқан. Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.) пен Хазіреті ибн Әбу Талиб (р.а.) те Суфыда талай таңды ұйқысыз аттырған. Ислам тарихын терең оқыған адам олардың Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үшін қаншалықты қымбат та, ардақты болғанын көрмеуі мүмкін емес, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) олжадан түскен өз үлесін негізінен тек қана Суфа сахабаларына жұмсаған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзі де, өзімен бірге дін үшін жанпида еткен, тас суфаларды жастанып, аштан-аш күндерін өткізген бауырластары қанша азап шексе де иасрибтіктердің, не яхудидің, не бай мүшіріктің, не басқа да сан алуан ел-жұрттың бір үзім нанын қиянатпен

алып, дәм татпады. Басқаларына да қол сұқтырмады. Алғашқы антына берік болды.

Міне, жер бетіндегі ең алғашқы Иллаһи дін – Ислам мемлекетінің негізі осылай қаланған еді. Бұл дін Ислам мемлекеті де, Ұлы Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздың берген анты да Алла тағаланың қалауымен болған хикмет. Сондықтан, қожа деген атқа ие болу, өзін-өзі Пайғамбар (с.ғ.с.) ұрпағымын деп тану үшін алдымен осы антты беремісің? Осыған саймысың? Халық қожалардан осыны талап еткен! Пайғамбар (с.ғ.с.) ұрпақтарының ел арасында аса ірі дәрежеде құрметтелуі де осы сертке лайықтылығымен тікелей байланысты.

Кітаптың алғашқы нұсқасында осы тұстан бастап мен біршама Сияри Шариф (Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмірбаяны) оқиғаларын қамтыған едім. Баспаға ұсынар сәтте одан бас тартып отырмын. Оған себеп, бұл деректерді қазір кез-келген адам үшін табу қиын емес. Солардың ішіндегі асылы Шәді төре Жәңгірұлы нұсқасы. Біз үшін бұл кітапта негізі тақырып Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) “өз әулетім” деп атап кеткен Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз бен оның әулеті, ұрпақтары болмақ. Өйткені біздің тақырыбымыз Алла Елшісінің (с.ғ.с.) осы зат арқылы тарайтын әһлі бәйтті, баба антына берік болған – Хазіреті Әли (р.а.) ұрпақтары туралы болмақ.

Қазақтар арасында Хазіреті Әли (р.а.) туралы “Сал-Сал”, “Зарқұм” сияқты ірі дастандар кейінгі кезге дейін аса танымал болды. Шет жағасын өзіміз де көріп, тыңдап, қанығып өстік.

Бұл кісі Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әкесі Абдолланың бір туған бауыры Әбу Тәліптің үш ұлының бірі. Дін Исламда игілік тұрғысында аттары жиі айтылатын Әбу Тәліп, Абдолла, Аббас, Хамзалардың (барлығы 12 ағайын) әкелері Әбд әл-Мүтәліб болған. Шын аты Шаииба. Оның Әбд әл-Мүтәліб атануына себеп бұл бала жастайынан анасының қолында тәрбиеленеді. Әкесі Хашымның шын аты Амр еді делінеді. Бұл зат аналарынан Абд-Шамспен бірге жабысып егіз туған Әбд әл Манаптың ұлдары еді. Әкелері тәуіптің келуін күтуге шыдамай, егіздің жігін қылышпен ажыратып жіберсе керек. Сонда тәуіп: “Ей, Әбд әл-Манап! Бекер істепсің. Енді екеуінің арасында қылыш пен қан жүретін болды”, – деп айтыпты. Бұл әңгімені жақсы білетін егіздер есейе келе өте тату тұрады. Бірақ айтылған сөзден сақтанып, Абд-Шамс жас

шағында Йеменге өтіп кетеді. Сол уақытта Меккеде 7 жыл бойы қатты қуаңшылық болып, ел аштыққа ұшырайды. Амр өз дәулетін сақтап ұстап осы 7 жылда меккеліктерге нанды ұсақтап, бөлшектеп үлестіріп жүріп аштықтан аман алып шығады. Сол үшін оған меккеліктер "Хашим жомарт" деген ат береді. "Хашым" деген сөз "бөліп, ұсақтап беруші" деген мағынаны білдірсе керек.

Аштық тоқтаған уақытта елге Абд Шамстың ұлы Умайя келеді. Ол өзінің әкесімен бірге туған Амрдің аса зор құрметке бөленіп, "Хашым жомарт" атанғанына іштарлық таныта бастайды. Өзі аса мол жомарттық істер жасайды. Бірақ ел Амрді "Хашым жомарт" дегенін қоймайды. Бұған шыдамаған сыңарының баласы Хашымды сотқа да береді. Сот "жомарттар ішінде ашытықта нанды бөлшектеп беріп, елді аман алып қалған Хашым жомарт" деген шешім шығарады. Біздің Шежіре бойынша Әбд әл-Манаптың егіз ұлынан тараған ұрпақтары арасындағы алғашқы бәсекелестік осы кезеңнен басталған дейді.

Амр Хашым жасы келсе де үйленбейді. Ол "өзімнен өткен жомарт әйел болмаса басқа әйелге өмірімді қор етпеймін" деп ант етеді. Ол "Иасриб қаласында Сальма деген жесір әйел бар. Оның жомарттығының алдында сенің жомарттығың жіп есе алмайды" дегенді естіп, іздеп барады. Сол әйелге қосылып, Меккеге оралар жолда кеселден опат болады. Сальма босанып, туылған баласының атын Шаиибa деп қояды.

Күндердің күнінде бір меккелік саудагер иасрибтықтардың дәстүрі бойынша алаңға жамбы іліп, кезек-кезек атысып жатқанын тамашалап тұрады. Сол шақта алаңға жақын үйден жас бала садағын алып шығып, жамбыны бір атқаннан қақ бөледі де: "Бұл – менмін! Құрайыш тайпасының болашақ көсемі Хашымұлы Шаиибамын!" деп айқай салады. Мұны көрген саудагер Меккеге келгенде Қағба іргесінде мұңайып отырған Хашымның бір туған бауыры Әл-Мүтәлібті көреді. Оған өзінің Иасрибта көрген оқиғасын баяндайды. Әл-Мүтәліб сол тұрған бойы түйесіне мініп, Иасрибқа аттанып кетеді.

Шежіренің баяндауынша, Сальмаға адам салып, баланы беруге 3 күн, 3 түн бойы көндіре алмай қояды. Болмаған соң оған: "Сен Құрайыш тайпасын көсемсіз қалдыратын болдың", – деп айып тағады. Тек сонда ғана Сальма Шаиибаны Әл-Мүтәлібке беруге пейіл білдіреді.

Олар Меккеге кеш түсе жетеді. Көлігіне бала міңгестірген Әл-Мүтәлібті көрген жұрт “құл сатып алған екен” деп ойлап, баланы Әбд әл-Мүтәліб, яғни “Әл-Мүтәлібтің құлы” деп атап кетеді. Шынында да Әл-Мүтәліб өлген соң Құрайыш көсемі Әбд әл-Мүтәліб (Шаииба) болады. Бұл сол кісі – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) атасы Әбд әл-Мүтәліб еді. Бұлардың арғы тегі дәл Ән-Надырға (Құрайыш) барып тіреледі. Бұл Хазіреті Ибраһимнің (ғ.с.) Ысмайылдан (ғ.с.) тарайтын ұрпақтарынан Меккеге келіп қоныстанушы алғашқы ұрпақ көрінеді. Анығын бір Алла біледі.

Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) пайғамбарлық ашылғанға дейін Ол (с.ғ.с.) өз шаруасын түзеп алған, бақуатты жан еді. Керісінше бұл уақытта Әбу Тәліптің шаруасы ақсап, күнкөрісі тым төмендеп кетеді. Осыны көріп жаны ашыған Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз әкесімен бір туған туысы Аббасқа келіп: “Әбу Тәліпке демеу болсын, екеуміз балаларын бір-бірден асырап алайық”, – дейді. Осылайша пәтуаласып, Әбу Тәліпке келгендерінде, ол: “Не істесеңдер де өздерің біліңдер. Маған кенже ұлым Ахлды қалдырсаңдар жетеді”, – дейді. Сол сәттен бастап Әбу Тәліптің бір ұлы Жағыфар – Аббастың, екінші ұлы Әли (р.а.) Расулуллаһтың (с.ғ.с.) отбасына өтеді. Бұл шақта Әлидің (р.а.) жасы жетілердің шамасында болады.

Әли (р.а.) 9-ға келгенде Расулы Акрамға (с.ғ.с.) пайғамбарлық ашылады.

Бірде Әли (р.а.) үйге кіріп-шығып жүріп Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бен Хадиша (р.а.) анамыздың бөлекше құлшылық қылып жатқандарын көзі шалады. Оның мәнісін сұрағанында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бастан өткен оқиғаны баян етіп, оған Исламға кіруді ұсынады. Әли (р.а.) әкесімен келісуге үйіне бару үшін рұқсат алып кетіп қалады. Бірақ әкесіне жолықпастан қайтып оралып, өз шешімімен дінге кіреді. Шын мәнінде Әли (р.а.) Ислам дініне кіруші үшінші адам. Бірақ ғалымдар оның сол кезде жасы небәрі 9-да болғанын алға тартып, оны есепке алмайды. Ресми тарих бойынша бұл мәртебеге Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.) ие болып келеді.

Ислам діні ашылған соң Құрайыштар арасында түрлі дау-жанжалдар туындап, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қарсы әрекеттер күшейе түсті. Осы тұста Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) барлық Хашым әулетін қонаққа шақырып, жаңа дін ашылғанын жария етеді. Оларды бірігуге шақырып, әмірлікке Әлиді (р.а.) ұсынады.

Мұндай жағдайды туыстары ерсі көріп: “Балаң әмір болсын! Балаңа барып баят ет! Бағынып, басыңды и, қызметін атқар!” – деп Әбу Тәліпті келемеждейді. Әбу Тәліп мұндай сөздерге еш шамданбастан, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) қамқорлық жасауын жалғастыра береді.

Хазіреті Әли (р.а.) алғашқы жылдары дін мұсылманның басына түскен барлық зауалды Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге көріп, күн-түні қасында болған бірден-бір адам. Мұсылмандар Меккеден Мединеге хижра жасаған уақытында барлық құрайыштар араларынан бір-бірден адам шығарып, Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) өлтіруге кесім шығарған болатын. Осы үкім орындалатын түні Расулуллаһтың (с.ғ.с.) төсегіне Хазіреті Әли (р.а.) түнеп, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Бәкір ас-Сыддықпен (р.а.) бірге Меккеден жасырын шығып кетеді. Түн жамылып келген “қандықолдар” Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) орнындағы Әлиді (р.а.) көріп, кері қайтуға мәжбүр болады.

Хазіреті Әлидің (р.а.) Ислам жолындағы мұндай жанқиярлық еңбектері өте көп. Оны санап тауысудың өзі мүмкін емес. Оған дәлел ретінде мына хадис оқиғасына назар аударайық.

Бір күні Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) Расулуллаһтың (с.ғ.с.) үйіне келеді. Ішке кірмекші болғанында Әли бин Әбу Талиб (р.а.) те келеді. Хазіреті Әбу Бәкір артқа шегініп: “Я, Әли! Сен кір”, – дейді. Ол да жауап беріп, араларында ұзақ әңгіме өрбиді.

**Әли:** Я, Әбу Бәкір! Сен кір, өйткені әр жақсылықта, әр қайырлы істе алда болған, бәрінен де озған сенсің.

**Әбу Бәкір:** Сен кір. Я, Әли, Расулуллаһқа сен жақынырақсың.

**Әли:** Мен, сенің алдыңнан өте алмаймын. Өйткені, Расулуллаһтан, “Үмметімде Әбу Бәкірден жоғары ешкімге күн тумады” дегенін естідім.

**Әбу Бәкір:** Мен сенің алдыңнан қалай өтемін! Расулуллаһ қызы Фатима-туззәһраны (р.а.) саған бергенінде, “әйелдердің ең жақсысын еркектердің ең жақсысына бердім” деген еді ғой.

**Әли:** Мен сенің алдыңнан өтпеймін. Өйткені, Расулуллаһ “Ибраһим алейһиссаламды көргісі келгендер Әбу Бәкірдің жүзіне қарасын” деп айтқан.

**Әбу Бәкір:** Мен сенің алдыңнан өте алмаймын, өйткені Расулуллаһ: “Адам алейһиссаламның һилм (жұмсақ мінезділік,

ашуланбау, сабыр) сипатын және Юсуф алейһиссаламның әдемі мінезін көргісі келгендер Әли Мұртазаға қарасын" деген.

**Әли:** Сенен бұрын кірмеймін. Өйткені, Расулуллаһ: "Я, Раббым! Мені ең қатты жақсы көретін және асхабымның ең ұлысы кім?" деп сұрағанда, Хақ сұбханаһу уә тағала: "Ей, Мұхаммед (с.ғ.с.)! Ол Әбу Бәкір Сыддық (р.а.)" деп жауап берген.

**Әбу Бәкір:** Мен сенің алдыңнан өте алмаймын. Өйткені, Расулымыз: "Ілімді бір кісіге беремін, Аллаһу тағала оны жақсы көреді, Мен де оны қатты жақсы көремін" деген. Осы ілім қаласының есігі сен болдың.

**Әли:** Сенің алдыңда жүре алмаймын. Өйткені, Пайғамбарымыз: "Жаннаттың есіктерінде Әбу Бәкір Хабибуллаһ деп жазылған" деген.

**Әбу Бәкір:** Сенің алдыңнан өте алмаймын. Өйткені, Пайғамбарымыз Хайбар соғысында байрақты саған беріп тұрып: "Бұл байрақ, мәлики ғалибтың Әли бин Әбу Талибқа берген сыйлығы" деп айтқан.

**Әли:** Сенің алдыңнан қалай өтемін? Өйткені, Пайғамбарымыз: "Я, Әбу Бәкір! Сен менің көретін көзім мен білетін көңілімнің орнындасың" деген.

**Әбу Бәкір:** Сенің алдыңнан өтпеймін. Өйткені, Расулымыз айтқан: "Қиямет күні Әли Жаннат жануарларының біріне мініп келеді. Сонда Хақ тағала: "Я, Мұхаммед! Сенің әкең Ибраһим Халил қандай тамаша әке! Сенің бауырың Әли бин Әбу Талиб қандай тамаша бауыр!" дейді.

**Әли:** Сенің алдыңнан өте алмаймын. Өйткені, Расулы Акрам айтқан: "Қиямет күні Жаннат періштелерінің басшысы болған Ридуан есімді періште Жаннатқа кіреді. Жаннаттың кілтін алып келеді. Маған береді. Кейін, Жәбрейіл келіп: Я, Мұхаммед! Жаннаттың және Жаһаннамның кілттерін Әбу Бәкір Сыддыққа бер. Әбу Бәкір қалағанын жаннатқа, қалағанын тозаққа жіберсін" дейді.

**Әбу Бәкір:** Сенен бұрын кірмеймін. Өйткені, Расулуллаһ: "Әли қиямет күні Менің жанымда. Кәусардың қасында Менімен бірге. Сыраттың үстінде – Менімен бірге. Жаннатта – Менімен бірге. Аллаһу тағаланы көретін кезде де Менімен бірге" деп айтқан.

**Әли:** Сенен бұрын кіре алмаймын. Өйткені, Расулы Акрам: “Әбу Бәкірдің иманын бүкіл мүміндердің имандарының қосындысымен салыстырса, Әбу Бәкірдың иманы ауыр тартады”, – деп айтқан.

**Әбу Бәкір:** Сенің алдыңнан қалай өтемін? Өйткені, Расулымыз: “Мен – ілім қаласымын, Әли – қаланың есігі” деген.

**Әли:** Сенің алдыңда қалай жүремін? Өйткені, Расулуллаһ: “Мен – садықтықтың (шыншылдықтың, туралықтың, адалдықтың) қаласымын. Әбу Бәкір – оның есігі” деген.

**Әбу Бәкір:** Сенің алдыңнан өте алмаймын. Өйткені, Расулуллаһ айтқан: “Қиямет күні Әли әдемі атқа мініп отырады. Көргендер: “Бұл қай пайғамбар?” – деп сұрайды. Аллаһу тағала: “Бұл Әли бин Әбу Талиб” дейді”.

**Әли:** Сенің алдыңда жүрмеймін. Өйткені, Пайғамбарымыз: “Мен және Әбу Бәкір бір топырақтанбыз. Қайтадан бір боламыз” деп айтқан.

**Әбу Бәкір:** Сенің алдыңнан өтпеймін. Өйткені, Расулымыз: “Аллаһу тағала: “Ей, жаннат! Сенің төрт бұрышыңды төрт адаммен безендіремін. Біріншісінде, пайғамбарлардың ең ұлысы – Мұхаммед! Екіншісінде, Аллаһтан қорқатындардың ең ұлысы – Әли. Үшіншісінде, әйелдердің ең ұлысы – Фатима-туззәхра. Ал, төртінші бұрышында тазалардың ең ұлылары – Хасан мен Хусейін” деп айтқан.

**Әли:** Сенің алдыңда қалай жүремін? Өйткені, Расулуллаһ: “Сегіз жаннаттан мынадай: “Ей, Әбу Бәкір! Жақсы көргендеріңмен бірге кел, бәрің бірге жаннатқа кіріңдер!” деген дауыс шығады.

**Әбу Бәкір:** Сенен бұрын өтпеймін. Өйткені, Расулуллаһ: “Мен бір ағашқа ұқсаймын. Фатима осы ағаштың діңі, Әли – бұтағы, Хасан мен Хусейін – жемістері” деп айтқан.

**Әли:** Сенің алдыңнан өтпеймін. Өйткені, Расулуллаһ: “Аллаһу тағала Әбу Бәкірдің бүкіл кемшіліктерін кешірсін. Өйткені, ол қызы Айшаны маған берді. Хижретте маған жәрдемші болды. Билал Хабешиді мен үшін алып, азат етті” деп айтқан.

Расулуллаһ (с.ғ.с.) есік алдында сөйлескен сүйікті екі досының сөздерін іште тындап тұрған еді. Хазіреті Әлидің (р.а.) сөзін бөліп іштен сөйледі: “Ей, Әбу Бәкір! Ей, Әли бауырларым! Ішке кіріңдер! Жәбрейіл келіп: “Жердегі және жеті қабат

аспандағы періштелер сендерді тыңдауда. Қияметке дейін бір-біріңді мақтасаңдар да, Аллаһу тағаланың алдындағы құрметтеріңді жеткізе алмайсыңдар!” – деді. Екеуі қол ұстасып, Расулуллаһтың алдына бірге кірді.

**Расулуллаһ:** “Аллаһу тағала екеуіңе де жүз мыңдаған рахмет жаудырсын! Екеуіңді жақсы көргендерге де жүз мыңдаған рахмет жаудырсын және дұшпандарыңа да жүз мыңдаған лағнет болсын!” – деді.

**Хазіреті Әбу Бәкір Сыддық:** “Я, Расулуллаһ! Мен Әли бауырымның дұшпандарына шапағат етпеймін” деді.

**Хазіреті Әли де:** “Я, Расулуллаһ! Мен де Әбу Бәкір бауырымның дұшпандарына шапағат етпеймін және бастарын қылышпен шабамын”, – деді.

**Әбу Бәкір:** “Мен сенің дұшпандарыңды сырат көпірінен өткізбеймін”, – деді.

Мені осыдан артық бір ауыз сөз айтып Ұлы бабамыздың (р.а.) дәржесін өсіре алады деуге бола ма? Астапыралла! Егер мен алдағы кезде Ұлы бабамыздың (р.а.) осы сипаттарына қосымша хадистер келтірер болсам, бұл хадисті толықтырушы емес, қайталаушы ғана деп қабылдаған жөн. Соның бірі, Хазіреті Әли (р.а.) Алла тағала Елшісінің (с.ғ.с.) арнайы бұйырығы бойынша Табук соғысына қатыспады. Сонда: “Ей, Аллаһтың Елшісі! Мені бала-шаға мен қатын-қалаштың арасында қалдырып кетесіз бе?” – деген Әлиге (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): “Харунның Мұсаға өкілдік еткеніндей, сен де маған өкілдік еткің келмей ме? Өкінішке орай, Менен кейін пайғамбар келмейді” деген еді (Муслим, Фадаилу-с-сахаба: 31). Осының өзі Әлидің (р.а.) мұсылмандар арасындағы орнының қаншалықты дәрежеде ерекше болғанын айшықтап тұрған жоқ па? Өйткені, кейбір хадис жеткізушілерде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осы хадистегі: “Өкінішке орай, Менен кейін пайғамбар келмейді” деген сөздері ауызға алынбай қалатын. Иә, бұл Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманы еді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өмірден өткен сәттен бастап “мұсылмандардың басшысы кім болады” деген мәселе көтерілді. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бұл мәселе жөнінде ешқандай айқын хадис болмады – Алладан аян түспеді. Осыны негізге алған, “мединеліктер” деп атала бастаған тұрғылықты ансарлар Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көз жұмған сәттен, жамбасы жерге

тимей жатып-ақ: "Басшылық жергілікті әмірлерге қайта өтуі тиіс. Біз Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ғана сөз бердік, уәдемізді адал атқардық" дегенді желеу етіп, "ендігі билік өзімізде" деп барынша белсенділік танытып бақты. Өздері бас қосып, кеңес өткізіп жатты. Осы оқиға туралы Әбу Үбайда ибн Жаррахқа (р.а.), одан Хазіреті Омар ибн Хаттабқа (р.а.) хабар жетті.

Бұл кезде Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.), Хазіреті Әли (р.а.) және Хазіреті Аббас (р.а.) Расуллаһтың (с.ғ.с.) мүбәрак тәнін ақтық сапарға әзірлеп жатқан болатын. Жоғарыда аталған екі кісі осында келіп, Әбу Бәкір ас-Сыддықты (р.а.) сыртқа шақырды. Ол кеткен соң Хазіреті Аббас (р.а.) Әлиге (р.а.):

– Сен халифа болғың келе ме? деп сұрады. Ол:

– Менен басқа кім бар? - деді. Сонда Аббас:

– Қолыңды бері қарай соз, мен саған баят (әмірлігіңе бас иейін) етейін. Сонда бүкіл мұсылмандар "Пайғамбардың ағасы Әлиге баят етті" деп сенің халифаттығыңды мойындайды,
–деді. Әли (р.а.):

– Мен бұлай ете алмаймын, - деп бас тартты. Сонда Хазіреті Аббас:

– Қара да тұр, сен әлі осының үшін опық жейсің! - деп ескертті саусағын шошайтып.

Хазіреті Әбу Бәкір (р.а.), Ибн Жаррах (р.а.) және Хазіреті Омар (р.а.) болса сол бойы ансарларға барды. Үлкен айтыстар, қызу тартыстар өтті. Хазіреті Әбу Бәкір (р.а.):

– Ей, ансарлар! Сендер Исламды қорғауда алғашқылардан болдыңдар, енді оны бөлшектеуде алғашқылардан болмаңдар! Халифа Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ең жақын, туыс адамнан болсын! - деген басу айтты. Хазіреті ибн Жаррах (р.а.) пен Хазіреті Омар еш ойланбастан Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддықтың (р.а.) пайдасына халифаттықтан бас тартты. Сол жерде, екі туысы бастап, барлық ансарлар Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддыққа (р.а.) қол беріп, баят етті. Бұл хабар Хазіреті Аббас (р.а.) пен Әлиге (р.а.) де жетті. Сонда Хазіреті Аббас (р.а.) Әлиге (р.а.):

– Бұл әлі басы. Қара да тұр, көзіңе тағы талай жас аласың! - деп ескертті.

Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) жерлеп болған соң Хазіреті Әли (р.а.) Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддыққа (р.а.) қол тапсырмастан Фатима (р.а.) анамыздың үйіне кетіп қалады. Осы екі ортада

мұсылмандар екіге бөлініп, сарсаңға түсті. Әзәзіл Ібіліс (лағнетуллаһ) ұран үстінде тұрды. Хазіреті Әлиге (р.а.) елшілікке Хазіреті Омар (р.а.) келді, сөзі өтпеді. Басқалары да келді, сөзі өтпеді. Сонда Әбу Суфиян (р.а.) келіп:

– Ей, Әли! Қолыңды соз бермен. Мен саған баят етем. Қажет болса көлік те, қару да, әскер де берем, - деді. Хазіреті Әли (р.а.):

– Ей, Әбу Суфиян! Сен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзі тірісінде Исламға еш зиян келтіре алмадың, қазір де келтіре алмайсың. Сенің баятыңның да, көмегіңнің де, әскеріңнің де маған керегі жоқ! дейді. Сәлден соң, мешіттен азан дауысы естіледі. Хазіреті Әли (р.а.) Фатима (р.а.) анамыздан:

– Сен осы азанның соңғы рет айтылғанын қалар ма едің? деп сұрайды. Ол (р.а.):

– Жоқ, - деп жауап қайтарады анамыз. Сонда Хазіреті Әли (р.а.):

– Ендеше, мен Әбу Бәкір ас-Сыддыққа (р.а.) баят етемін, - дейді.

Бұл Иллаһи оқиға Исламның ұлы жеңіске жеткен, Ібілістің (лағнетуллаһ) күл-парша жеңілген күні болды. Бүкіл мұсылман жамағаты шаттыққа бөленді.

Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.) Құран Кәрім аяттарына, Пайғамбар (с.ғ.с.) хадистеріне, сүннетіне адал, аса тақуа кісі еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: "Өзімнен кейін Құран қалдырдым" десе, Құранға адал жандардың бірі және бірегейі, көзінің тірісінде "жаннаттық" деп аталған ұлық зада, тірі құран осы – Әбу Бәкір ас-Сыддық еді. Ол Суфа сахабаларының рухани ұстазы, қамқоршысы, барлық амалдарда Пайғамбар (с.ғ.с.) ісін жалғастырушы болды. Хазіреті Саламан Фарси (р.а.) оның хулафасы, яғни Суфа сахабалары арасындағы орынбасары, ишаны* қызметін атқарды.

Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.) өмірден өткен соң халифаттық Хазіреті Омар ибн Хаттабқа (р.а.) өтті. Оның Суфа сахабаларымен рухани байланысы берік болмады. Суфалықтар екі топқа бөлінді – бір тобы, саясат ісінен бас тартып, Саламан Фарсидің (р.а.) ишандығын Пір тұтса, екінші тобы, Хазіреті Әлиді (р.а.) рухани ұстаз, Пір санады. Олардың алғашқысы

**Ишан (парсы сөз)* - О*л кісінің өкілі, атынан әрекет етуші*

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Хазіреті Әбу Бәкірге (р.а.) "Сәуір үңгірінде үйретті" деп айтылатын тәртіп бойынша сырды іште

ұстап, зікірдің де, пікірдің де құпияларын сақтады. Хазіреті Әлидің (р.а.) еркше қасиеттерін ашып айтпады.

Екінші топ, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Хазіреті Әлиге (р.а.) үйреткен жолымен сырды да, зікірді де, пікірді де ашық ұстанды. Олар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Хазіреті Әлиге (р.а.): "Сен маған Аронның Мұсаға өкілдік еткеніндей өкілдік еткің келмей ме?", "Мен Исламның қамалы болсам, Әли оның қақпасы, кімде-кім Исламның қамалына кіргісі келсе осы қақпа арқылы кірсін" деген секілді хадистерін, Хазіреті Әлидің (р.а.): "Менен сұраңыздар! Уаллаhи, менен сұраған сұрақтарыңыздың бәріне жауап беремін. Менен Алланың Кітабы жайында сұраңыздар. Уаллаhи, түскені – күндіз бе, түнде ме, тауда ма, қырда ма – маған құпия бірде-бір аят жоқ" деген сөздерін басшылыққа алып, оның ерекше болмысына тәслім етті. Бұлар оны жария түрде атқарды. Бұл жағдай, әрине, Хазіреті Омарға (р.а.) ұнамады. Оның үстіне Хазіреті Әли (р.а.) Суфа сахабаларына арнап Халифа Хазіреті Омардан (р.а.) Пайғамбар (с.ғ.с.) және Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.) кезіндегідей қазынадан үлес берілуін талап етті. Сол себепті де, Хазіреті Омар (р.а.) қастандықтан мертігіп, ажал төсегінде жатқанда көңілін сұрап келген Хазіреті Әлиден (р.а.): "Ей, Әли! Сен де солардың қатарында болдың ба?" – деп сұрады. Хазіреті Әли (р.а.) Алла атымен "жоқ" деп ант етті.

Хазіреті Омар (р.а.) өзінен кейін халифа болуға лайықты бірнеше адамның атын атап, солардың бірін таңдауға өсиет етті. Дауысқа екі адам түсті. Олар Хазіреті Әли (р.а.) мен Хазіреті Оспан (р.а.) еді. Омеядтықтардың басымдылығы нәтижесінде Хазіреті Оспан (р.а.) бұл сайлауда жеңіп шықты. Оның тұсында халифтың айналасына Хашымның сыңары Абд-Шамстың ұлы Умейяның әулеті топтасып, олар мұсылман елдеріне әкімдікке бекітілді, Суфа қамқорлықтан алаңсыз тыс қалды. Суфадағы мүліктік салмақты Хазіреті Әли (р.а.) өз міндетіне алды. Хазіреті Саламан Фарси (р.а.) суфалықтарды кәсіпке тартты.

Хазіреті Әбу Бәкір (р.а.) қайтыс болғаннан кейін оның әйелдерін Ислам жолымен өзіне етене жақын сахабалар бөліп алған еді. ***Ей, мұсылманның баласы! Бұл жалған кімге, не опа берген дейсіз. Біреулер келіп, біреулер кетіп жатады. Келгені***

***– құт, кеткені жұт сияқты. Шын мәнінде адам үшін жиналған жалған дүние – боқ, ақыретке арқалап кеткен иманы – құт. Досың кетті, туысың кетті. Оны енді Аллаһ иманды етсін, алдынан жарылқасын. Сен оған енді не қайран қыласың? Сен оның жетімін жылатпа, жесірін зарықтырма...***

Осы қағида бойынша Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддықтың (р.а.) бір әйеліне Хазіреті Әли (р.а.) некелесті. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) есімі берілген Хазіреті Әбу Бәкірдің (р.а.) ұлы Мұхаммед ибн Әбу Бәкір анасымен бірге Хазіреті Әлидің (р.а.) отбасына енді. Бұл ұл Хазіретті Әлиді (р.а.) туған әкесіндей жақсы көрді. Ер жеткенде Хазіреті Оспаннан (р.а.) қызмет сұрады, бірақ оны ішке тартып, жылылық танытқан ешкім болмады. Осы жағдайға ренжіп, Мысырға кетіп қалды. Онда Хазіреті Оспанның (р.а.) жақын туысы әкім еді. Ол халыққа әділ болмады. Халық көтеріліп, ішінде Мұхаммед ибн Әбу Бәкір бар, бір топ елшіні Хазіреті Оспанға (р.а.) аттандырды. Хазіреті Оспан (р.а.) оларды ашық қабақпен қабылдап, Мысыр әмірін орнынан алу туралы өкім шығарып берді. Қайтар жолда олар Хазіреті Оспанның (р.а.) түйесіне мінген, Мысырды бетке алып асығыс сапар шеккен халифаның құлын көреді. Қуып жетіп, тінтігенде өздерін тұтқындап, бастарын алу туралы Мысыр әкіміне жазылған өкімді тауып алады. Елшілер Хазіреті Оспанға (р.а.) қайта келіп түсінік сұрайды. Ол түйені де, құлын да, мөрін де мойындайды, бірақ өкімді жазғанынан бас тартты.

Елшілер Хазіреті Оспаннан (р.а.) өз өкіміне ие бола алмағаны үшін халифаттықтан бас тартуды талап етті. Хазіреті Оспан (р.а.) келіспеді, нәтижесінде Мединеде көтеріліс басталады. Хазіреті Оспанның (р.а.) үйін Хазіреті Әлидің (р.а.) екі ұлы – Хасан (р.а.) мен Хусейін (р.а.) бастаған сахабалардың ұлдары қорғауға алады. Одан кіре алмаған көтерісшілер алдымен суды тосып тастады. Оған болмаған соң үйге от қойып, аласапыранда ішке енеді. Хазіреті Оспан (р.а.) Құранның "Таһа" сүресін оқып тұр екен. Мұхаммед ибн Әбу Бәкір бірден оның сақалына жармасады. Сонда халифа Хазіреті Оспан (р.а.):

– Тарт қолыңды, менің сақалыма сен түгілі, сенің әкең жармаспаған! – дейді сабыр сақтап. Мұхаммед ибн Әбу Бәкір өз қылығына ұялып теріс бұрылған сәтте көтерілісшілердің бірі Ұлы Хазіреттің (р.а.) кеудесіне қанжар ұрады.

Мединеде дүрбелең басталады. Туыстары көтерілісшілерден қорқып, бүлікшілердің қолынан қаза болған Хазіреті Оспанды (р.а.) түн жамылып аула іргесіне жерлейді. Көтерілісшілер Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жақын болған сахабаларды жағалап жүріп, олардан халифа болуды талап етеді. Барлығы да бұл ылаңның салдарынан қорқып, бас тартып, Хазіреті Әлиге (р.а.) сілтейді. Көтерілісшілер Оны (р.а.) Ханафия анамыздың үйінде – **Мұхаммед ибн әл-Ханафиямен** отырған жерінде табады. Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз өзінің дүние ісінен баз кешкенін, тақуалыққа көшкенін алға ұстап, халифа болудан бас тартады. Сонда көтерісшілер:

– Егер халифаттыққа сен көнбесең, барлық сахабаларды өлтіріп, бастарын қадаға іліп қоямыз! – деп қысым жасайды.

Хазіреті Әли (р.а.) барша жамағаттың бір қауымға қайта бірігуін, кек пен жауылықты тоқтатуын талап ете отырып, халифа болуға келіседі. Бұл кезде, Хазіреті Оспанның (р.а.) жақын туысы, Әбу Суфиянның ұлы Хазіреті Мағауия (р.а.) Бағдадта әмір болатын. Ол жайсыз хабардан құлағдар болғанда Хазіреті Әлиден (р.а.) барлық көтерісшілерді толық және аяусыз жазалауды талап етеді. Хазіреті Әли (р.а.) бұл талапты орындаудан үзілді-кесілді бас тартады. Хазіреті Мағауия (р.а.) мұсылмандардың анасы, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) асыл жары – Хазіреті Айша (р.а.) анамызға шағым жасап, әскер жинап береді. Айша (р.а.) анамыз Хазіреті Әлиге (р.а.) қарсы жорыққа шығады. Бұл соғыс тарихта "Түйелер соғысы" деген атпен қалды.

Хазіреті Әли (р.а.) ұрыс майданында өз әскеріне қарсы шыққандардың бірде-бірін өлтірмеуді, олардан олжа алмауды бұйырды. Ұрыс жекпе-жектен басталды. Бірінші болып жекпе-жекке Хазіреті Әлидің (р.а.) өзі, оған қарсы Айша (р.а.) анамыздың күйеу баласы Зүбәйір ибн Әууәм (р.а.) шықты. Осы сәт Хазіреті Әли (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) "сенікі дұрыс болмаса да бір күні Әлимен соғысасың" деген сөзін оның есіне салды. Ол сол сәтте, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көз алдында қандай жағдайда болмасын Хазіреті Әлиге (р.а.) қарсы шықпауға, қылыш көтермеуге ант еткен болатын. Осы сөзі есіне түсіп Зүбәйір ибн Әууәм (р.а.) егіле жылап, ұрыс алаңынан безіп кетті. Хазіреті Әли (р.а.) Айша (р.а.) анамыздың толық жеңілген әскеріне бостандық беріп, асыл Анамызды (р.а.) Мединеге дейін

күзетіп баруды көтерілісшілер көсемдерінің бірі болған Мұхаммед ибн Әбу Бәкірге тапсырды. Мұхамед ибн Әбу Бәкір осы сапардан соң Суфа сахабаларына қосылып, қалған өмірін тек қана тақуалыққа арнады.

Хазіреті Мағауия (р.а.) Хазіреті Әлиге (р.а.) деген сенімсіздігін қоймай, оның халифаттығын заңсыз деп санап, қазылар сотына шағымданды. Қазылар сотында Хазіреті Әлидің (р.а.) өкілі болып Хазіреті Аббас (р.а.) әрекет етті. Ол сөзден жеңіліп, Хазіреті Әли (р.а.) халифаттықты Хазіреті Мағауияға (р.а.) өткізуге мәжбүр болды. Хазіреті Әли (р.а.) осыған дейін Омеядтықтар мен Хашимдер арасындағы жікті жалғау үшін өзінің сүйікті ұлдарының бірі – Мұхаммед ибн әл-Ханафияға Хазіреті Оспанның (р.а.) қызы бибі Шәмшияны қосып, туыстықтарын нығайтқан еді. Бірақ бұл да оң нәтиже бермеді. Сот шешімінен кейін жаңа халифтың келісімімен, Хазіреті Әлидің (р.а.) осы ұлы – Мұхаммед ибн әл-Ханафия Хашимдердің, сондай-ақ Хазіреті Әлидің (р.а.) халиф алдындағы өкілі және Бағдад, Шам, Шамат уәлаяттарының әкімі болып бекітілді. Бұл атақ қандай заман болмасын, тіпті залым Йазидтің кезінде де Мұхаммед ибн әл-Ханафия ұрпағына мирас ретінде беріліп отырды. Билікке Аббасидтер келіп, халифат астанасын Бағдадқа көшіргеннен кейін ғана бұзылды.

Хазіреті Әли (р.а.) дүние ісінен біржола баз кешіп, Куфа қаласына келіп орнықты. Оның жанында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) немерелері, жаннаттың сұлтандары Хазіреті Хасан (р.а.) мен Хазіреті Хусейін (р.а.) болды.

Сот шешіміне наразы топ Хазіреті Әлиден (р.а.) халифаттықты Мағауиядан (р.а.) күштеп тартып алуды талап етті. Бұған Хазіреті Әли (р.а.) көнбей, олар екі жаққа да бағынудан бас тартып, Хазіреті Әлиді (р.а.) де, Мағауияны да сырттай өлім жазасына кесті. Ұйымдастырылған қастандық салдарынан мешіттен шығып келе жатқан Хазіреті Әли (р.а.) ауыр жарақат алып, Хасан (р.а.) мен Хусейіннің (р.а.) қолында жан тәслім етті. Бақилық сапар алдында екі ұлынан халифаттыққа, билікке таласпауға, әркез әлсіздер, тақуалар, мүмін мұсылмандар жағында болуға ант алды. Бұл жаннаттың екі сұлтаны шын мәнінде де аса таза тақуа кісілерден болды. Екеуі де Алланың разылығы үшін тіпті текті әулеттің қыздарына

үйленуден бас тартып, қолдарындағы күңдеріне азаттық беріп, солармен некеге отырды.

Хазіреті Әлиге (р.а.) қанжар ұрған Абдурахман ибн Мулджам деген Хазіреті Әлидің (р.а.) асырап алған баласы еді. Хазіреті Әли (р.а.) бір жорықтан қайтқан тұсында ошақтарының ойраны шыққан тайпаның жұртына келеді. Олар айналасын шолып тұрғанда бір ошақта күлге көмілген баланың үнін естиді. Хазіреті Әли (р.а.) атынан секіріп түсіп, ошақта жатқан баланы алып баурына басады. Кеменгер серіктерінің бірі:

– Ей, Әли! Тастаңыз бұл бәлені, бұл Сіздің ажалыңыз ғой! – деп жөн айтады. Хазіреті Әли (р.а.):

– Ей, Алланың құлы, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үмбеті! Ажалым – бұдан емес, ажалым – Алладан. Егер бұл бала себепкер болса тасада емес, көз алдымда жүрсін, – деп баланы сол күйі апарып Фатима (р.а.) анамыздың бауырына салады.

Бала өсіп жетілгенше Ұлы бабамыздың (р.а.) жанында, аналарымыздың қолында, қасиетті Хасан мен Хусейін (р.а.) бабаларымыздың бауырында тәрбиеленеді. Есейе келе бұл бала Хаджириттер көсемдерінің бірінің қызына ес-түссіз есі ауып, ғашықтық дертіне шалдығады. Қыз одан не бас тартпай, не келісімін бермей әуреге салады.

– Сенің мені жақсы көретінің жалған, – деп емексітуден аспайды. Бірде: – Сенің мені жақсы көретінің рас болса ісіңмен дәлелде, – дейді. Бозбала көзі жайнап қуанып кетіп:

– Айт қане, жылдам, не айтсаң соны табан астында орындаймын! – дейді еліріп. Қыз:

– Ендеше менен де жақсы көретін адамың Хазіреті Әлиді өлтір, – дейді қыз сайқалданып.

Бозбала шошып кетеді. Қыз өз сөзіне дәлел тапқандай теріс айналып, сөйлеспей қояды. Ғашықтық дертіне күйіп-өртенген ол нәр татпай, төсек тартып жатып қалады. Бала көрінбей кеткен соң Ұлы Бабамыз (р.а.) оған іздеу салады. Аналарымыздың бірінен баланың төсек тартып жатып қалғанын естиді. Оқиғаға қаныққан соң:

– Балаға айт, мені ешкім бетпе-бет келіп өлтіре алмайды. Мен тек намазда және әміри мағруф болған насихатта тұрғанда ғана қорғасындай еріп, балқимын. Сол кезде пышақ ұрса менің тәніме кіруі мүмкін. Басқаша жағдайда, қай пенде болсын маған

жақын келіп, қанжар салғанымен өлтіруі мүмкін болмайды, – дейді.

Анамыз Ұлы Баба (р.а.) сөзін балаға жеткізеді. Ғашықтықтан мәңгүртке айналған тажал бала Ұлы Бабамызға (р.а.) мешіттен шығып келе жатқан жерінде улы қанжар ұрады. Бұл кезде Мұхаммед ибн әл-Ханафия (р.а.) Бағдадта еді. Ибн Мүлджамды Хазіреті Әли (р.а.) бабамыздың кешіргеніне, Хазіреті Хасан (р.а.) мен Хазіреті Хусейіннің (р.а.) араша болғанына қарамай Куфа мұсылмандары таспен шөкелеп ұрып өлтіреді. Сүйегін өртеп, күлін желге ұшырып, шашып жібереді.

Менің Мединеде болған сапарымда қонақүйдегі бөлмелеріміз ирандық шиғалармен көрші болды. Біреуінің нәсілі түрік екен. Соны аудармашы етіп, бірқанша кеш сұхбаттас болдық. Олар маған Тегеранда шыққан Құран кітабын сыйлап тұрып: “Бауырым! Егер сенің қолыңдағы Құранмен мына Құранда бір әріп айырма болса мені қарғай жүр” деді. Біздің тіпті намазымызда да айырманың жоғын көріп, сол сәтте таңғалған едім. Солардан естуімше, Хазіреті Әлидің (р.а.) қабірі жер бетінде жоқ екен. Бұл біздің аталарымыздан қалған аңыздарға толық сай келеді. Ұлы Бабамыз (р.а.) өлген соң ғайыптан Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызыл түйесі келіп, мәйітті соған артады. Ұлы Бабамыз (р.а.) жаназа шығарушыларға: “Мені түйе әкетіп бара жатқанда соңымнан қараушы болмаңдар” деп ескертеді. Алайда ұлдары бұл өсиетті орындамаған деседі. Сонда көргендері, Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз мәйіті артылған қызыл түйені Өзі (р.а.) жетектеп бара жатыпты.

Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз туралы қиссаларды бала шағымда дауыстап оқып отырғанымда ағаларымыздың еңірегенде етектері жасқа толып жылағандарын көріп таң-тамаша қалған кездерім де болған. Бірақ сол шақта осындай жайттың күндердің-күнінде менің де басыма түсетінін кім ойлаған. Өздеріңіз оқып көріңіздер, ол туралы Хазіреті ибн Аббас (р.а.):

*“Әлиге Аллаһ мейірімін жаудырсын! Аллаһқа ант етейін! Ол тура жолдың желбіреген Туы, тақуалықтың ұшы-қиырына көз жетпейтін теңізі, ақылдың бұлағы, ел-жұрттың бағына маңдайы жарқырап туған хас тұлғасы еді. Қараңғылықтың қырық қатпарына сәулесін түсірген нұрлы жан еді. Жұлдыздан да жоғары мақсаттарды нұсқап, көне тарихты жеткізіп,*

*айтқаны айнымай келетін жорамал жасап, жақсы насихат беретін. Исламның адамға тура жол нұсқайтын қағидаларын қатаң ұстанатын. Зұлымдық атаулыдан, шүбәлі жолдан алыс жүретін. Иман мен тақуа иелерінің ең қайырлысы еді. Пайғамбарымыздың көйлегі мен шапанын кигендердің ең қайырлысы еді. Қажылық және сый жасаушылардың ең мәртебелісі, әділет пен теңдікті орнатуда өте сезімтал еді. Пайғамбарлар мен хазіреті Мұхаммедтен кейінгі асыл сөздің зергері еді. Әйелдердің ең қайырлысының жұбайы, Пайғамбардың екі немересінің әкесі еді. Менің көздерім дәл сондай өзге ешкімді көрмеді, қияметке дейін де көре алмас. Аллаһ пен құлдарының лағнеті (қарғысы) – Әлиге лағнет етушілерге болсын!" дейді (Куружан, 255).*

*Хазіреті Әли (р.а.) өлгенде халиф Мағауия (р.а.) Дирар ибн Дәмрадан (р.а.): "Әли қандай кісі еді?" – деп сұрайды. Сонда ол:*

*"Әли асқар таудай асқақ мақсатты көздейтін және көздегенін құралайды көзге атқандай құр жібермейтін өте қабілетті еді. Кесіп айтып, әділ үкім беретін. Бойы ілімге қаныққан, даналықтың қойнауынан келгендей хикметке толы еді. Дүние мен оның арзан мақтанышынан алшақ еді. Түн мен қараңғылықты өзіне дос тұтатын. Көз жасын көп төгіп, өте терең ойлайтын. Ең алдымен өз нәпсісіне насихат айтатын. Ішіп-жеуі мен киім-кешегі тым жұпыны еді. Қатардағы жай кісідей өте қарапайым еді. Сұраған сұрақтарымызды жауапсыз қалдырмайтын елгезек, қағылез болатын. Өзін жақын тұтқанымызға қарамай мысы басып тұратын, біз онымен сөйлесуге тартынатынбыз. Діндарларға құрмет көрсетіп, кедей-кепшіктерді жақсы көретін. Ешбір күш оны ақиқаттан ажырата алмайтынын білетін. Әлсіздер оның әділдігінен үмітін үзбәйтін..."*

*Осыны естігенде Хазіреті Мағауия (р.а.) көз жасына ие бола алмай, ыстық жас сақалын жуады. Қолымен жасын сүртеді. Жиналған жамағат та көз жастарына ие бола алмайды. Мауғауия (р.а.) Дирардан (р.а.): "Оны қаншалықты жақсы көресің?" – деп сұрайды. Сонда Дирар (р.а.): "Құшағындағы жалғыз құлыншағы бауыздалғанда көз жасы тиылмаған, қайғысы бітпеген бір анадай", – деп жауап береді* (А.Әділбаев, "Саңлақ сахабалар", А., 2005-ж, 105-106 бб.).

Бұдан асырып не айтуға болады! Бұл сөздерге қалайша жыламауға, егілмеуге болады!

Хазіреті Әли (р.а.) бабамыздың артында қалтасындағы 500 дихремнен басқа қаражат қалмаған. Оның барлық әйелдерінен 16 ұлы болған делінеді. Солардың ішінде дін Ислам тарихында аттары алтын әріптермен жазылғандары Хазіреті Хасан (р.а.), Хазіреті Хусейін (р.а.) және Мұхаммед ибн әл-Ханафия еді

## *ЕКІНШІ ТАРАУ*

# ШЕЖІРЕГЕ ҚАТЫСТЫ МӘНДІ МӘЛІМЕТТЕР

*Алғашқы төрт шадиярды бір бірінен бөлмейміз. Ол дәуірді "Тірі Құрандар" дәуірі дейміз.*

**Рашидун халифтардың соңғысы Хазіреті Әли ибн Әбу Тәліптің қазасымен** дін Ислам үшін аса ауыр кезең – сынақ заманы туды. Әр сахабаның жолы бір-бір мәзһаб болып, болмашыға талас-тартыс, дау-жанжал күшейді. Бір жағынан Хазіреті Оспан (р.а.) мен Хазіреті Әли (р.а.) туралы, бір жағынан Омеядтықтар әулетінің (Умайя ибн Абд-Шамс әулеті) халифтық билігінің негізін қалаушы Хазіреті Мағауия (р.а.) туралы ғайбаттар өрши түсті. Хазіреті Мағауия (р.а.) жастайынан Қасиетті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) отбасына жақын тәрбиеленіп, олардың ең сүйіктісі болған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны Хазіреті Әлиден (р.а.) кем көрмеген, екеуі егіздің сыңарындай қатар өскен. Ол әкесі Әбу Суфиянның дінінен тым ерте безініп, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) шексіз берілді.

Бұл жерде біз сияқты пақырларға сахабалардың, оның ішінде Хазіреті Әли (р.а.) мен Хазіреті Мағауия (р.а.) секілді асыл задалардың арасындағы талас-тартысты, күресті дүнияуи көзқараспен өлшеуге болмайды. Мұндай іс-қимылдардың қай-қайсысы да Исламға неғұрлым мол, көп, адал қызмет етуге деген ұмтылыстың, таластың, шынайы берілудің салдарынан туындаған. Олар әкелеріне неғұрлым жақын болып, оның көңілінен шығуға тырысқан, сол үшін жанталаса жүгіріп бара жатқанда бірін-бірі қағып кеткен, тапсырманы орындауда өз пікірлерімен әке қалауын табуға ұмтылған бір үйдің бауырлас, емшектес балалары сияқты болатын. Сол үшін Хазіреті Әлидің (р.а.) қазасына байланысты Дирар ибн Дәмраның жоқтауын естіп тұрғанда Хазіреті Мағауия (р.а.) көз жасына ие бола алмады, сорғалап аққан ыстық жас сақалын жуды.

Ұхуд соғысындағы мүшіріктердің ең басты мақсаты Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) өлтіру болғаны баршаға аян. Олар сол үшін небір мергендер мен қаныпезер қарақшыларды да жалдаған. Осы соғыста Аллаһтың рахымына ие болған барша

сахабалар Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үшін тірі қорғанға айналған. **Атадан балаға мирас болған рауаяттарда** солардың бірі Хазіреті Мағауия (р.а.) да Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) көздеп атылған оқты байқап қалып, өз кеудесін тосады. Дәл тиген оқтан қатты жарақаттанып, ажал аузынан қайтады. Емделіп жазылған соң Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сұхбатына келеді. Оның үміті Алла Елшісінің (с.ғ.с.) батасын алу еді, бірақ Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз сезбеген болып отыра берді. Шыдамаған Хазіреті Мағауия (р.а.) жөткірініп белгі жасайды. Сонда Қасиетті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мағауияны (р.а.) жанына шақырып:

–Сен ғой, маған атылған оқты кеудеңді тосып, қағып алдың. Ол жақсы, бірақ сенің балаң менің немерелерімді өлтірушілерден болады, қандай өкінішті, – дейді. Сол сәтте Хазіреті Мағауия (р.а.) көз жасына ие бола алмай, осындай оқиға болмас үшін өмір бойы үйленбеуге, әйел затына жақындаспауға ант етеді. Хазіреті Мағауия (р.а.) осы оқиғадан кейін бар өмірін әскер ісіне, соғыс машығына бағыштайды.

Бірде Хазіреті Мағауия (р.а.) Шам елінде жиһадта жүргенінде әскерімен құм ішінде түнеуге мәжбүр болады. Түнде балағынан кірген қарақұрт шабының тұсынан шағып алады. Борбайы күп болып іскен ол ертеңіне орнынан тұра алмай, ыстығы көтеріліп қатты ауырады. Қаншама тәуіптер келіп қарағанымен емі табылмайды. Ең соңынан қараған емші Хазіреті Мағауияның (р.а.) әйел затына жақындаса борбайына жиналған удың ұрықпен бірге шығып кететінін айтады. Мұндай амалға барғаннан өлімді жөн санаған ол көнбейді. Мән-жайға қаныққан ақылман кеңесшілер оған үйленуді, бірақ сол әйелге жақындасқанымен балалы болмаудың жолын ұсынады. Сөйтіп, жасы 55-тен асқан, ғайызы тоқтаған, жаратылысынан бедеу, көркін жоғалта қоймаған әйелді таптыртып, некеге тұрғызып, жақындастырады. Өмірінде пұшпағы қанамаған бұл бедеу әйел ***қарақұрттың зәріне піскен ұрықтан,*** шайтанның араласуымен бірден құрсақ көтереді. Іштегі бала біз сөз ететін залым халиф – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) немерелерін өлтіруші Язид еді. Исламда міне, осындай оқиғалар орын алған, өмір сыны тым ауыр. Мұны дін Исламда жазмыш дейді. ***"Жазмыштан озмыш жоқ"*** деген осы.

Басқасын былай қойғанда, нұрынан күллі әлем жаратылған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі де намаздағы екі сәлемнің

аралығында күмән мен үмітте болған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз кезінде-ақ Рашиддун халифалардан болған 4 шадиярды да – Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддықты (р.а.), Хазіреті Омарды (р.а.), Хазіреті Оспанды (р.а.) және Хазіреті Әлиді (р.а.) жаннаттық деп жарияланған еді. Бірақ соның өзінде олар, әсіресе Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) кейінгі жылдарда үлкен үміт пен күдіктің арасында өмір сүрді. Алладан қорқып, өздеріне шахид өлімін тіледі. Алла тақуалардың тақуасы, пірлердің Пірі Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддықтан (р.а.) басқа үшеуін де шахид етті. Сол себепті біз алғашқы төрт шадиярды бір бірінен бөлмейміз. Ол дәуірді "Тірі Құрандар" дәуірі дейміз.

Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.) Құран аяттарын ең алғашқы болып жинауды қолға алды. Бірақ ол аяттарды жазбаша таратуға жол берген жоқ. Ал Хазіреті Оспан ибн Аффан жиналған осы аяттарды негізге ала отырып, 4 дана етіп көшіртіп Мекке, Дамаск, Куфа және Басыра қалаларына жіберді. Құранды бұдан әрі көбейтіп, таратуға тиым салды. Бұл нұсқа әлі күнге "Оспандық Құран" деп аталады. Себебі, Құранның Абд-Алла ибн Масуд секілді басқа сахабалар жинаған мәтіндері де болғанымен, бірақ солардың ішіндегі абзалдарының абзалы Оспандық Құран жинағы екеніне барша сахабалар бас иген.

Суфа сахабаларының Алла Елшісінен (с.ғ.с.) кейінгі ұстаздары Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.) та, Хазіреті Әли (р.а.) де және Хазіреті Саламан Фарси (р.а.) да Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қалдырып кеткен, біз жоғарыда айтқан "Тірі Құрандар" еді. Суфа мектебі сол заманда-ақ "Тірі Құрандар мектебі" деп аталды. Бұл мектептің мақсаты да "Тірі Құрандар тізбегін* ақыретке дейін алып жүру болды.

Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддықтың (р.а.) ерекше орнын дәлелдейтін Хадисті біз жоғарыда келтірдік. Ол Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзі тірісінде -ақ мұсылмандарға 17 рет, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) 1 рет имамдық жасау бақытына ие болған! Алла Елшісі (с.ғ.с.) оған діни пәтуалар шығару құқығын берген. Расуллаһ (с.ғ.с.) дүниеден өтер шағында: "Мешіттегі Әбу Бәкір үшін ашылғаннан басқа барлық есіктер жабылсын!" деп өсиет еткен. Бұл – сахих хадис, ашық өсиет. Хазіреті Саламан Фарси (р.а.) өмір бойы осы өсиетке адал болып, мешітке Әбу Бәкір ас-Сыддыққа (р.а.) ашылған есіктен ғана кіріп өтті.

Хазіреті Әлидің (р.а.) жоғарыдағы: "Менен сұраңыздар. Уаллаһи, менен сұраған сұрақтарыңыздың бәріне жауап беремін. Менен Аллаһтың Кітабы жайында сұраңыздар. Уаллаһи, түскені – күндіз бе, түнде ме, тауда ма, қырда ма – маған құпия бірде-бір аят жоқ", – деп айтқан сөздерін тағы бір еске түсірейікші. Бұл барынша өте ауыр жүк. Мұншалықты салмақты жүкті неге ол мойнына алып, жария етті?! Біз бабалар рухы туралы сөз еткеннен соң олар туралы болған баяндарды сарқып айтуда іркілмеуге тиіспіз.

Исламтанушы ғалым Монтгомери Уотт өз зерттеулерінде Құранның алғашқы түскен аяттарында не себепті Жәбірейілдің (ғ.с.) аталмайтыны туралы араб исламтанушылары арасындағы пікір қайшылықтарына ерекше мән береді. Ол Рухул Амин (Иллаһи аса мәртебелі, ең жоғарғы дәрежелі рух (періште) атымен белгілі Жәбірейілді (ғ.с.) Рухул Мұхаддастан (Қасиетті рух) бөліп көрсетеді. Одан да бұрынғы уақытқа көз жүгіртсек Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) атасы Әбд әл-Мүтәлібке, анасы Әминаға аян берген, сондай-ақ Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жүрегін қан дағынан тазалаған 4 періште кімдер?

Біз адамның рухын жын мен пері билеп, пенденің есалаң болғанын, жынданып кеткенін көріп те, түсініп те, біліп те жүрміз. Оны мойындаймыз, бірақ мұндай халдың жаман жағынан басқа да мәні барын мойындағымыз келмейді. Бәлкім мойындауға қызғаныштан батылымыз бармай, өз беделімізден айырылып қалудан және "неге – ол, неге мен емес?" деуден қорқатын шығармыз. Сонау Будда жазбаларының өзінде: "Аса даңқты ақырет пайғамбары Бекке қаласында дүниеге келеді" – десе, Тәуратта, Зәбүрде және Інжілде Оның (с.ғ.с.) келетінін соқырға таяқ ұстатқандай атын атап, түсін түстеп көрсетеді. Бірақ осыны мойындап отырған басқа кітап иелері бар ма!

Бүкіл христиан әлемі күні бүгінге дейін Исаның (ғ.с.) атынан өздері ойлап тапқан діндерін өздері де түсіне алмай, халыққа да түсіндіре алмай әлек болып келеді. Гете, Маркс, Бисмарк, Пушкин, Толстой, тіпті біз мысалға алып отырған Монтгомери Уотт түсініп, ақиқатына көз жеткізген Исламды, Құранды "кітап иелері" арасындағы басқа дінбасылары түсінбейді деу қисынға келмейді. Тек шындықты мойындай алмайды. Болмаса, Тәуратта: "Алла тағала адамзатқа Синада жақындады, Сайырда шағылысып көрінді. Фаран тауларында көрініп, өзінің біртұтас

толықтығын жария етеді”; “Оның жанында мыңдаған жарқыраған асыл тастай достары, һәм оң қолында оттан айбалта болады” (Сифр. Тасния. 33:2) демей ме? Оның мәні Тәуратта Ибрахимнің (ғ.с.) баласы Исмайылды (ғ.с.) Фаранға яғни Меккеге апарып тастағаны айтылса, Синада Мұсаға (ғ.с.) жақындап, Сайрда Исаға (ғ.с.) нұрын шашып, Меккеде Мұхаммед (с.ғ.с.) арқылы толық дінді берді.

Бұлар аз болса Тәуратта: “Олар үшін бауырларыңның арасынан (Исмайыл ұрпақтарынан) сен секілді бір пайғамбар шығарамын да, сөздерімді оның аузына саламын. Ол әмірлерімнің барлығын оларға айтып жеткізеді” дейді (Сифр. Тәсния 18:18). Жастай жетім қалған, өзге ортада тәрбиеленген, хижра жасаған, патша болған, толық Кітап түскен, ұрпақ сүйген, өз ажалымен өлген, мыңдаған асыл тастай сахабалары, қолында айбалтасы болған Мұса (ғ.с.) секілді пайғамбар деп Мұхаммедтен (с.ғ.с.) басқа ешкімді айту мүмкін емес. Иса (ғ.с.) бұл қалыпқа еш жағынан да сай келмейді.

Енді Ешиядан үзінді келтірейік: “Хақ тағала ақырзаманда өзінің таңдаған ҚҰЛЫН пайғамбар етіп жібереді. Оған Жәбірейіл (ғ.с.) арқылы Иллаһи дінін үйретеді. Ол одан үйренгендерін толықтай халыққа жеткізіп, ел арасында хақпен үкім береді. Ол бір НҰР. Халықты зұламаттан құтқарады. Раббының маған білдірген хабарын сендерге жеткіземін” (42. 1-4.9.). Миһада: “Ақырзаманда бір рахымды үммет шығып, Хаққа ғибадат ету үшін мүбәрак тауды таңдайды. Барлық аймақтан сол жерге көптеген халық жиналып, жалғыз Раббына құлшылық етеді. Оған ортақ, серік қоспайды (4,12)” деп айтылады. Ал Иса (ғ.с.) Інжілде: “Егер мені жақсы көрсеңдер, әмірлерімді орындаңдар. Мен Раббыма жалбарынамын. Ол сендерге үнемі өздеріңмен бірге болу үшін менен басқа бір жұбатушы (Параклотос), ақиқат рухын жібереді (Иохан. 14: 15-16.)” дейді. Бұдан әрі: “Параклотос келген кезде барлық әлемді жасаған қателіктері үшін кінәлап, оларды тәрбие етеді (16-18)”. Ол: “Параклотостің келуі үшін мен кетемін” деп оның Киелі рух, яғни Рухул Мұхаддас емес, пенде екенін анық көрсетіп береді. Қазір христиан дін зерттеушілері (Иогово куәгерлері) “Параклотос қате жазылып кеткендіктен құтқарушы деген мағына беріп тұр, шындығында Перелоктос, яғни “аса даңқты немесе аса мақтауылы” келетінін айтқан” деп жүр. Оған

Бағираның ісін, Саламан Фарсидің (р.а.) Пайғамбарды (с.ғ.с.) табуын, тіпті Талха ибн Ұбайдоллаһ (р.а.) оқиғасын қоссақ, Ислам ашылғанға дейін де бізге несіп болған ақырет Пайғамбарының (с.ғ.с.) келетіні күтілген. Мәселе, қызғаншақтық пен нәпсіде болып отыр. Біздің де ұлы адамдар мен Алланың достарын толық мойындай алмауымыздың түп-төркіні осында жатыр.

Бұл оқиғалар Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) дейін де пайғамбар еместерге (Мария және Әмина аналармыз) аян берген Рухул Мұхаддастың Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) кейін де Алла дос тұтқан адамдарына жақын келуі, солардың рухын пайдалану арқылы пенделері үшін хабар жасауы әбден мүмкін екенін көрсетіп, дәлел береді. Сол себепті де кейбір әдебиеттерде: "Хазіреті Әли "Менен сұраңыздар..." – дегенде оның тәнімен Рухул Мұхаддас сөйледі" дейді. ***"Жазмыштан озмыш жоқ".*** Алла сұхбаналлаһ пенделері түгілі пайғамбарларына да жазмышта несіп еткен тағдырларын өзгертпеген. Ибраһимді (ғ.с.) отқа өртетті, Мұсаға (ғ.с.) 40 жыл шөл даланы кезіп өту несіп болды. Исаны (ғ.с.) шармыққа керуге үкім шығартты. Біздің Қасиетті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үстіне түйенің қарнын ақтартып, Тайф тауында балаларға таспен шөкелетті... Рашидун халифтардың үшеуі қолдан қаза тапты. Тірісінде "Жаннаттың Сұлтандары" атанған Хазіреті Хасанға (р.а.) "у" берілсе, Хазіреті Хусейіннің (р.а.) шөл далада басы кесілді, оны балаларға доп қылып тепкізді. Біз білмейміз, ненің жақсы, ненің жаман екенін. Оны білуші Жаратқан Жалғыз Иеміз – Аллаһ сұхбаналлаһ қана! Сол себепті бұл асыл задалар қандай азапты тағдыр болмасын, Алланың жазмышына бас иіп өтті.

Қасиетті Құран аяттарын қарап отырсаңыздар "Бақара" сүресінің 282-аятында: **"Алладан қорқыңдар. Әрі Алла *сендерге үйретеді*. Алла әрнәрсені толық білуші**" дейді. Бұдан ары, "Әнфал" сүресінің 29-аятында **"Әй, мүміндер! Егер Алладан қорықсаңдар, Ол *сендерге жақсы жаманды айыратын қабілет* береді, әрі жамандықтарыңды жойып жарылқайды. Алла зор кеңшілік иесі"** делінсе, "Хадид" сүресінің 28-аятында: **"Әй, мүміндер! Алладан қорқыңдар, Елшісіне иман келтіріңдер. Сендерге мәрхәметінен екі есе береді. Әрі *сендерге соңымен жүретін нұр* жаратады.**

***<u>Сендерді жарылқайды</u>*. **Алла тым жарылқаушы, ерекше мейірімді”** делінеді. **Алла тағала уәдесіне берік.**

Алла тағала Хазіреті Әлиге (р.а.) үйретті. Оған жақсы жаманды айыратын қабілет берді. Оның ұрпақтарына сонымен жүретін жол жаратты, тариқатпен (тура мағынасы – Иллаһи жол) жарылқады.

Хазіреті Әли (р.а.) өмірден өткен соң “Тірі Құрандар” мектебін Хазіреті Саламан Фарси (р.а.) басқарды. Ол туралы Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): “Шын мәнінде Саламан ілімге қанық болды” десе, Хазіреті Әли (р.а.): “Оған бұрынғылар мен кейінгі келгендердің ілімі берілді. Оның іліміне пара-пар ілім жоқ” деді. Хазіреті Әлидің (р.а.) Бибі Фатима анамыздан тараған ұрпақтары Хазіреті Хасан (р.а.) мен Хусейін (р.а.) де осы жолдан бір сәт таймай өткен асылдардан еді. Қанша арандатса да олар ақырғы сәтінде айтқан әке өсиетіне адалдық танытып, билік ісіне араласпады. Мен оқыған түрлі әдебиеттерде, әсіресе Хазіреті Хасанды (р.а.) Мағауияға (р.а.) қарсы арандату оқиғасы аз болған жоқ. Бұл Асыл Зада (р.а.) да, оның бауыры Хазіреті Хусейін (р.а.) де оған арандамады. Хазіреті Әлидің (р.а.) және бір ұлы Мұхаммед ибн әл-Ханафия болса, әке әмірімен Мағауия билігінің қасындағы өкіл мен Бағдад билеушісі қызметін атқара берді.

Мерзімі бітіп, 680 жылы Хазіреті Мағауия (р.а.) да опат болып, өмірден озды. Оның орнына таққа баласы залым Язид отырды. Бұл біз жоғарыда айтқан қарақұрттың уымен, шайтанның араласуымен туған бала еді. Рауаяттарда Хазіреті Мағауияның (р.а.) бұл баланы өзінен аулақ ұстағаны айтылады. Жанына тіпті жақындатпаған делінеді. Ол әкесінің өліміне мәйітті лақатқа жайғастырып жатқан кезде, бақырып-шақырып келіп жетеді де қабірге секіріп түседі. Мәйітті лақатқа танымал сахабалардың қатарынан болған, сөзге ерекше жүйрік, бірақ мұнафықтармен байланысын үзбеген, айтыс кезінде Мағауияға (р.а.) сотта жеңуге көмектескен, Омеядтықтар әулетінің көсемі Амир ибн Асс жайғастырып жатады. Залым Язид қабірге түсе салып, лақатқа еңкейіп тұрған оның өңешіне қол салады. “Әкем халифтықты маған мирас етті деп жария етуге Алла атынан антыңды бер. Болмаса осы жерде қылғындырып өлтіріп, әкеммен бірге көмгіземін”, – деп жаналқымға алады. Ол қысасқа шыдамай ант береді. Міне, осындай амалмен Хазіреті

Мағауияның халифтықты Хазіреті Хусейінге (р.а.) өсиет еткеніне қарамастан залым Язид тартып алады.

Хазіреті Хусейін (р.а.) бұған да араласпаған. Тек бағдадтық мұсылмандарға көрсетілген азаптарға және олардың шағымдарына шыдамай әділет іздеп жорыққа шығады. Бізге жеткен рауаяттарда ол бұл сапарға соғысу мақсатында емес, **әділдік іздеп** шыққан. Бұл Хазіреті Әли (р.а.) бабамыздың ең соңғы сөзінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қос бірдей немересіне айтқан "қандай жағдай болмасын мүміндермен бірге болыңдар, олардың қақысын қорғаңдар" деген өсиетіне толығымен сай келеді. Ол өз орнына әулетке басшылық етуді Мұхаммед ибн ал-Ханафияға қалдырады. Бұл Асыл Зада бауыры Хусейінге (р.а.) қауіпті екенін қанша айтса да сапардан тоса алмайды. Қазіргі қайсібір тарихшылар Хазіреті Хусейіннің (р.а.) бұл жорығын "билік үшін күреске" балайды. Астапыралла! Біздің бүкіл Шежіреміз оны теріске шығарып, тәрк етеді. Бұл билік үшін күрес емес, Аллаһ дінін қорғауға бағытталған шара еді. Бұл туралы атамыз қазақтың "Қисса-и уақиға Кербала хазірет Хусейін рази Алла анһу" деген дастанынан анық көруге болады. Біздер бұл оқиғаларда ең алдымен жазмышты жоғары қойып, діннің дүнияуи сипатынан гөрі руханы сипатына терең мән беруді қалаймыз.

Жалпы, Пайғамбар (с.ғ.с.) әулеті туралы қазақ дастандарынан бізге жеткен мағлұматтарда Хазіреті Әлидің (р.а.) бір деректе әртүрлі әйелдерінен 16 ұлы болды десе, бір деректерде 18 ұлы болған делінеді. Біз үшін маңыздысы ол емес, тек солардың арасынан ерекше бөлініп айтылатындары Хазіреті Хасан, Хусейін және Мұхаммед ибн әл-Ханафия ғана. Мысалы, көп томдық "Бабалар сөзі" дастандар жинағының Астанадан 2002 жылы жарыққа шыққан I томы діни дастандарға арналған. Осының алғы сөздерінде "Ал дастанның тарихи негіздеріне келсек, Хазіреті Әлидің Мұхамбет-Ханафия есімді ұлы болғаны рас. Әлидің бірнеше әйелдерінен көптеген балалары болған, бірақ Мұхамбеттің қызы Фатимадан туған Хасан мен Хусейін және Мұхамбет ибн әл-Ханафия ең әйгілілері болды" деп жазады (25-бет). Осы жолдардың авторы, филология ғылымдарының докторы Б.Әзібаева бұл туралы жан-жақты талдап баяндайды. Мысалы, "Ислам батырларына арналған шығармалардың көрнектілерінің бірі – "Мұхаммед-Ханафия"

дастаны. Дастанның бас кейіпкерлерінің бірі – Хазірет Әли. Ол Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, "әділетті төрт халифтың" бірі. Дастанда оның Румды басып алуы, Рум патшасын өлтіріп, оның керемет сұлу қызы Ханафияны тұтқындап, өзімен бірге алып келгені баяндалады. Қыз өзін Хазіреті Пайғамбарымыз Мұхаммед пен (с.ғ.с.) туылатын ұлына кездестіруді сұрайды. Сонда қыз оған үш тілек білдіретінін айтады. Олар: 1) өзі ерлігіне тәнті болған Әли батырмен қосылу; 2) Пайғамбардың (с.ғ.с.) қызы, Әлидің әйелі Фатимамен өзінің тең дәрежеде саналынуын қамтамасыз ету; 3) өзінің Пайғамбардың (с.ғ.с.) есімін қоюға рұқсат беруді Мұхаммед (с.ғ.с.) ұзақ ойланады. Осы уақытта Жаратушыдан Жәбірейіл (ғ.с.) періште арқылы қыздың тілегі орындалатыны туралы хабар келді" деп жазады.

Бұл енді бір, басақа кітап пен лауазымды ғалымдардың пікірі болмаса айтқан сөзге сенбейтіндерге арналған "ғылыми дәлел" ғана. Солай дегенмен де мен оларға осы пікірлері мен халқымыз үшін ғасырлар бойы Имани ілім негізі болған көп томдық "Бабалар сөзі" дастандар жинағын шығарғандары үшін бас иіп, тағзым етемін. Алла жар болсын!

*ҮШІНШІ ТАРАУ*

# ӘЛ-ӘНАФИЯ* ӘПСАНАСЫ

*Миғражда барша пайғамбарлар арасынан өзі пайғамбар емес, артында киім киісі бөлекше қалың қолы бар жас жігітті көрдім. Жәбірейілден (ғ.с.): "Бұл кім?" деп сұрағанымда: "Сенің – Хазіреті Әлидің ұлы Мұхаммедтен тарайтын жетінші ұрпағың Шах Абд әл-Хасан Қарахани. Соңындағылары барша әлемге Исламды ашатын серіктері", – деп жауап берді.*

**Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисі.**

Аңыздар мен дастандардың аты – аңыз-дастан. Олар не десе де әдеби шығарма. Бірақ бұл аңыздың тасасында қашан да болса нақты тарихи тұлғалар тұр. Ресми тарихтың өзі Хазіреті Әлидің (р.а.) Хайбар патшасының қызы Ханафия анамызды Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) келісімімен алғанын сан мың мәрте дәлелдейді.

Бұл туралы біздің атадан балаға ұласып жеткен Шежіре желісінде былайша баяндалады:

Ханафия анамыз Рум патшасының қызы болды. Ол: "Кімде-кім менен күші де, ақылы да, айласы да басым болса соған ғана тұрмысқа шығамын. Өзімнен жеңілген адамға әйел болмаймын" деп шарт қояды. Хазіреті Әли (р.а.) онымен үш күн алысып жеңе алмайды. Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз әбден шаршаған оған:

– Жаналқымға алғанда кәлима-шаһадатты айтып қайрат қыл, – деп ақыл береді. Ұрымтал сәтінде Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз кәлима-шаһадатты айтып, ат үстіндегі қызды жұлып алып, жерге алып ұрады. Қыз:

– Сен мұсылман болсаң, оның ішінде Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүйіктісі Хазіреті Әли (р.а.) болсаң, саған қосымша шартым бар. Соны орындасаң ғана саған әйел боламын, – дейді. Бабамыз (р.а.) қыздың шартын естігенде:

– Мұндай шарт менің үзірімде (еркімде) емес, – деп, оны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) алып келеді.

**Әл–Әнафия – Әнафияның ұлы*

Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамызға Ханафия анамыз үш шартын айтады:

– Біріншісі, мені көйлекті қызым деп, Фатимадан кем көрмейсіз, қатар қоясыз!

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны мақұл көреді.

– Екіншісі, менің дініме шек келтірмейсіз. Өзім қалағанымша ұстанған дінімде қаламын!

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны да мақұл алады.

– Үшіншісі, менен туған баланың атын Мұхаммед деп қоясыз! – дейді.

Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз анамыздың осы соңғы шартын естігенде даусымен де, қимылымен де сыр беріп, ұзақ отырып қалады.

Сахабалар оның мәнісін сұрағанда:

– Мұхаммедтің анасы Фатима болар деп жүр едім, Алланың жазғанына не шара, – деген екен. Сахабалар кейіннен оның да сырын толығырақ ашуды сұрағанда: – Миғражда барша пайғамбарлар арасынан өзі пайғамбар емес, артында киім киісі бөлекше қалың әскері бар жас жігітті көрдім. Жәбірейілден (ғ.с.): “Бұл кім?” деп сұрағанымда: “Бұл Сенің – Хазіреті Әлидің ұлы Мұхаммедтен тарайтын жетінші ұрпағың Шах Абд әл-Хасан Қарахани. Соңындағылары барша әлемге Исламды ашатын серіктері”, – деп жауап берді, – депті.

Кейбір риуаяттарда сахабалардың сұрауымен “Әлидің ұлы Мұхаммедтен тарайтын жетінші ұрпағы Шах Абд әл-Хасан Қараханидың” сұлбасын бір емес, бірнеше рет көрсеткені, алғашқы Түркілер туралы хадистерін осыған байланысты айтқаны баян етіледі. Бұл аңызды Жанғара Дәдебаев “Атыңнан айналайын” деген кітабында арнайы тоқталып, Орхон Ұстаоғлы мен Амангелді Тұңғышұлының “Заман–Қазақстан” газетінің 1995 жылғы 2-маусымдағы “Түркілердің мұсылман дінін қабылдауы” деген мақаласына сілтеме жасайды. Жалпы бұл оқиға Түркілік Ислам тарихында өте жиі кездесетін хикаят болып табылады.

Барлық деректер Мұхаммед ибн әл-Ханафия Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бақи болғанға дейін, яғни 632 жылға дейін туғанын көрсетеді. Бұл кісі ғалым, шежіретанушы Зікірия Жандарбековтің дерегі бойынша 7001 жылы өлген. Біздің білетін деректеріміз бойынша Мұхаммед ибн әл-Ханафия

өмірден жасы 75-тен асқанда озған. Ал Ханафия анамыз Ұлы Бабамыз (р.а.) қақпасын қалқанымен қойып қалып бұзып ашқан Хайбар патшасының жалғыз қызы. Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз осы жеңістен соң патша қызына үйленіп, оған "Шаһ Хайбар", сондай-ақ "Шаһ Мардан" титулдары берілген. Хайбарды алудағы ақтық ұрыс алдында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хазіреті Әлиге (р.а.) берген Туы Мұхаммед ибн әл-Ханафия ұрпақтарына мирас етілген. Ту мұсылмандарды Атлах соғысында қытайларды жеңген соң Тараз қаласының төрінде салтанат құрды.

Сонымен, біздің Шежіре шерткен сыр бойынша Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз Хазіреті Әлиге (р.а.) батасын береді. Ханафиядан туған ұлын Мұхаммед деп атайды. Ол әкесі мен шешесіне тартып, тумысынан алып күш иесі болады. Бұла күші бойына сыймаған ол шыбықты ат қылып ойнап жүргенінің өзінде сахабалардың балаларына абайсызда тізе батыруын қоймайды. Зорлықтан көз ашпайтын бір балаға әкесі:

– Оны өздеріңнің ойындарыңа қоспай қойыңдар, – деп ақыл береді.

– Қалайша?– деп сұрағанда, әкесі:

– "Біздің бәріміздің анамыз мұсылман. Сенің анаң мұсылман емес, сол себепті сенің бізбен ойнауға хақың жоқ", деп айтыңдар, - дейді.

Балалар ұйымдасып осындай әрекетке барады. Бұл кезде Мұхаммед ибн Әл-Ханафия 5 жаста екен. Ашуланып үйіне келсе анасы кеудесін сүт кернеп, баласын күтіп отырады. Мұны көріп Мұхаммед ибн Әл-Ханафия анасына:

– Мен сені ембеймін, сен мұсылман емессің! – деп жақындамай қояды. Осы сөзден соң Ханафия анамыз бірден тілін кәлимаға келтіріп, Исламды қабылдайды. "Оғыз-намадағы" 5 жасында анасын Исламға кіргізетін алғашқы Қарахан – осы кісі, оқиға – осы оқиға. Оған себеп, Хазіреті Әли (р.а.) ұрпағындағы алғашқы Қарахандық деп біз Мұхаммед ибн әл-Ханафияның есімін атаймыз.

Оған дәлел ретінде мынадай әпсана бар. Мұхаммед ибн әл-Ханафия ер жетіп, сахабалардың балаларымен ат жарыстырып жүріп христиандардың жеріне өтіп кетеді. Осы жерде христиан патшаларының Зупунун деген бір қызы нөкерлерімен шатыр тігіп, сейіл құрып жатады. Қыз соғыс өнеріне жетік екен,

мұсылман балаларын көрген соң бірден нөкерлерімен қоршап алады:

– Іштеріңде Хазіреті Әлидің баласы бар ма? – деп сұрайды. Бәрі жамырап Мұхаммед ибн әл-Ханафияны көрсетеді. Қыз келіп оның жағынан шапалақпен тартып жібереді. Бала аттан ауып түсіп, есінен танып қалады. Мұны көріп тұрған сахабалардың балалары да, христиан қыздары да үрейлері ұшып тым-тырақай болады.

Сол күні бала үйіне қайтпайды. Ертеңіне анасы сұрастырып жүріп, болған оқиғаны естиді. Іздеп барса баласы әлі есеңгіреп, есін жия алмай отыр екен. Ұлы анамыз баласын жұбатудың орнына:

– Әкең Әлиден және шешең менен туып, қайдағы бір қыздан таяқ жеп далада түнегенше өлгенің жақсы! – деп шапалақпен екінші жағынан тартып жібереді де, атына мініп кетіп қалады. Есінен қайта танған бала сол бойы ұшты-күйлі жоқ болады.

Арада уақыт өтіп, Хазіреті Әли (р.а.) баласын іздеуге көмек сұрап халифа Хазіреті Омарға (р.а.) жүгінеді. Халиф бұл іске онша мән бермейді. Бір күні Хазіреті Омар (р.а.) үлкен кеңес шақырады. Хазіреті Әли (р.а.) кешігіп, олар күтіп отырады. Сонда біреу келіп оның қызыл шапан жамылып, қызыл сәлде байланып, қызыл мәсі киініп, қызыл белбеу буынып Хира тауына кетіп бара жатқанын көргенін айтады. Мұны естіген Хазіреті Омар (р.а.) орнынан атып тұрады. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) Хазіреті Омар (р.а.): “Ақырзаман уақытынан ерте келуі мүмкін бе?”, – деп сұрағанында, Ол (с.ғ.с.): “Мүмкін. Егер Хазіреті Әли қызыл шапан жамылып, қызыл сәлде тағып, қызыл мәсі киіп, қызыл белбеу буып, Хира тауының басына шығып үш рет айғайласа ақырзаман келеді”, – деген екен.

Олар Хазіреті Әлиді (р.а.) Хира тауының етегінде қуып жетеді. Екеуі көрісіп, табысып тұрғанда алыстан көтерілген қою шаң көрінеді. Ұлы хазіреттер ес жиып үлгергенше қалың әскер: “Хара хан! Хара хан!” деп ұрандатқан бойы төніп келіп қалады. Айбаттанып екі жақ соғысқа әзірленеді. Жекпе-жек айтып, арабтардан Хазіреті Әли (р.а.), шапқыншылардан жас жауынгер ортаға шығады. Атпен қарамасыласа жанұшыра шауып, жанасып өткендерінде жас жауынгер: “Уа, Алла! Уа, Мұхаммед бабам! Уа, Әли атам, өздерің қолдаңдар!” – деп, ал Хазіреті Әли (р.а.) “Лә иллаһа илл Аллаһ, Мұхаммедүр Расулаллаһ! – деп

ұран салады. Сол кезде Хазіреті Әли (р.а.) ұлын, Мұхаммед ибн әл-Ханафия әкесін танып, бір-бірлеріне құшақтарын айқара аша ұмтылады. Бірін-бірі таныған соң жас жігіт суырылып шығып, Хазіреті Әлидің (р.а.) алдына жетектегі атқа өңгеріп әкелген қызды аударып тастайды. Бұл Рум қызы мен анасынан шапалақ жеп, есін жиған соң елінен безіп кетіп, түркілерге қосылып, олардың әскерінде қызмет еткен, Хаканның баласымен достасып, оны да Исламға кіргізген Мұхаммед ибн әл-Ханафияның еліне оралған сәті еді. Қызметіне риза болған Хакан оған баласын серік етіп, көп әскер беріп, еліне сәнімен қайтарады.

Алдына өңгеріп келгені баяғы Рум патшасының қызы Зупунун екен. Қазақ дастандарындағы (Дариға қыз) Хазіреті Әлимен (р.а.) белдестіріліп жүрген Махди оқиғасы осыдан шыққан. Бұл оқиға, сондай-ақ адам аттары мен түрі өзгерген күйінде "Мың бір түн" қиссасында да кездеседі.

Жас бала Мұхаммед ибн әл-Ханафия елінен безіп, түркілерге келгенінде, олар: "Сенің Құдайың кім?" – деп сұрайды. Ол айтып береді. Түркі Хаканға оның сөзі ұнап, Исламды қабыл етеді. Өйткені, олардың Құдайының аты Тәңірі болмаса да мұсылмандар сияқты бір Жаратушыға сиынған. Олар баладан арабтардың да жүргізетін шаруашылығы, жейтін ас-ауқаты, тұрмыс-тіршілігінің түркілерге өте жақын екенін біледі. Егер тереңдеу барсақ, жалғыз Алланы, Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) білмей, көрмей тұрып-ақ таныған Хазіреті Увайс Қарнауи да түркі еді.

Біздің ғалымдар: "Дін қоғам өмірінің, тіршілігінің жаңа даму сатысына көтерілуін рухани жағынан қамтамасыз ету қажеттілігінен туады" дейді. Шындығында да түркілер отырықшылыққа бейімделген христиандарға қарағанда өздерінің көшпелі мал шаруашылығына жақын Исламды еш жатсынбады (тіпті, олардың тіршілік-тұрмысы да, азық-түлігі де, соған сай кейбір әдет-ғұрыптары да бірдей еді. Арабтар да, көшпелі түркілер де қой, ешкі, түйе және жылқы малдарын тұтынды, аңшылықты, құс салып, ит жүгіртуді кәсіп етті). Мұхаммед ибн әл-Ханафияның оқиғасы осыған негізделген. Осы себеппен оны Хакан өз баласымен төс түйістіріп достастырып, еліне оралуына, қыз патшаны жеңуіне көмектеседі. Оған тағы бір жанама дәлел, қазақ дастандарында

Мұхаммед ибн әл-Ханафияның жалғыз кетіп, тұтқынға түскені, бір елді өз бетімен мұсылман еткені туралы бірнеше дастандарда да бар (Табут соғысында анық, "Мың бір түн" хикаяларындағы оның прототипі түрінде баян етіледі).

Біз егер Каспий жағалауындағы Хазарлардың ешбір соғыссыз, белгісіз себептермен Исламды ерте қабылдағанын ескерсек, мұндай аңыздардың тамырында шындық бар екеніне көз жеткізе түсеміз. Жалпы, мұсылмандар "Қасиетті соғыс" жүргізгенде Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) басталып, қалыптасып, бекітілген заңдылықтары бар:

- соғыс басталмас бұрын қарсыластарына Исламға бағыну, кіру ұсынылады. Егер қарсыластары оған бағынса онда олар бірден уммаға қабылданып, мұсылмандармен тең дәрежелі құқыққа ие болады. Олардың мүліктерін олжалауға, болмаса басқадай қысастық талаптар қоюға тиым салынады;
- Ислам дінінің негізгі жаулары кітап иелері (яһудилер мен христиандар) емес, мүшіріктер екені басты назарда тұрады;
- сондай-ақ мұсылмандар басқа дін өкілдеріне аса төзімділікпен, шыдамдылықпен қарады. Бұл туралы А.Мец "Мусульманский Ренессанс" (М., 1973. 39-б.) деген кітабында егежей-тегежей айтып, дәлелдер келтіреді.

Біртәңірлік түркілердің басқа тайпалары да Исламды соғыссыз тез қабылдауына бір жағы бұл мәселе ерекше ықпал етті. Соның анық дәлелі қожалардың Нысаб-намасында өздері соғысқан халықтар арасында түркі тайпаларының бірде-бірінің аты аталмайды. Қарсыластарын "тарсалар (қытайлар немесе христиандар), мұғтар (отқа табынушылар)" деп көрсетеді.

Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетінің түп-тамырына тереңдеп үңілетін болсақ, көшпелі Шумерлердің ізін көреміз. Бұдан әрі көз жіберсек, Тәураттан Адамның (ғ.с.) екі ұлының біріншісі – Әбіл малшы, яғни көшпелі шаруа, екіншісі – Қабыл диқан, яғни отырықшы болған. Алла Әбілдің құрбандығын қабыл етеді де, Қабылдың құрбандығын қабыл етпейді. Демек, Тәуратпен түскен аяттарда да мал шаруашылығы үстем тайпаларға Аллаһтың рахымы берілгенін байқау қиын емес. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде де мал бағудың аса ірі иллаһи кәсіп екендігі, пайғамбарлардың барлығы да мал баққандығы туралы айтылғаны осыған айғақ.

Соңғы Пайғамбар (с.ғ.с.) семиттердің 2-нші буыны Ибраһимның (ғ.с.) Ажардан туған ұлы Исмайылдың (ғ.с.) ұрпағы. Сарадан туған ұлы Исқақтан бүгінгі израилдықтар, яғни еврейлер тараса, Исмайыл ұрпағынан тікелей Құрайыштар өсіп-өнеді. Мұны А.Жолдасұлы өзінің "Мәулід шариф" деген кітабында:

"Ибраһим алейһис салам түп атасы,
Ұмытпа құлағыңа алтын сырға.
Себебі Адnанға ешкім таласпайды,
Тұқымы тұтасады деп Исмайылға.
Бабасы бәрі маңғаз, сүйегі асыл,
Ақыры, асқар шыңы Расулалла",

– деп жазып, бұдан әрі Пайғамбар (с.ғ.с.) Шежіресін береді.

Шежіре бойынша (1) Аднан, одан (2) Мағад, одан (3) Низар, одан (4) Музар, одан (5) Ілияс, одан (6) Мудрика, одан (7) Хузайма, одан (8) Хинана, одан (9) Малик, одан (10) Нузар, одан (11) Фихр (лақабы Құрайыш), одан (12) Ғалиб, одан (13) Луай, одан (14) Қағб, одан (15) Мурра, одан (16) Хаким (лақаб аты Килаб), одан (17) Мужжамиғ (лақаб аты Қосай), одан (18) Муғира (лақаб аты Абд әл-Манап), одан (19) Амр (лақаб аты Хашим), одан (20) Шайиба (лақаб аты Абд әл-Мүтәліп), одан (21) Абдолла, одан (22) Мұхаммед (с.ғ.с.).

Ал, У.М.Уотттың "Мухаммед в Мекке" деген кітабында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тегі тайпалық негізде тереңірек зерттеліп, мұнда да Ибраһимға (ғ.с.) жеткізіледі. Бұдан әрі Шумерлер заманынан келе жатқан көшпелі мал шаруашылығы мен дәстүрлер ұқсастығы таяқ тастам жерде тұр. Осы ұқсастық көшпелі түркі тайпалары мен арабтардың дін мәселесінде де тез тіл табуына басты негіз болған секілді. Бірақ біз үшін бұл орайда аңыздар сабақтастығы мен Каспий жағалауын мекендеген Хазар түркілерінің өздері тұтынды делінетін иудаизм дінін төтеннен тастап, кенеттен Исламды қабылдағанынан басқа нақты дәлел жоқ.

Менің қолыма түскен дін Исламның баршаға ортақ тарихи кітаптарында Хазіреті Әли (р.а.) бабамыздың тұсындағы Мұхаммед ибн әл-Ханафия бабамыз туралы деректер тым жұтаң. Бірінші дерек, Хазіреті Оспанды (р.а.) көтерілісшілер өлтіргеннен соң Хазіреті Әлиді (р.а.) іздегендер оны Ханафия анамыздың үйінде Мұхаммед ибн әл-Ханафиямен бірге отырған

жерінде табады. Екінші рет, оның аты “Түйелер соғысы” кезінде әкесінің оң қатпалында болғаны туралы айтылады. Үшінші деректен қаныққанымыз әкесі оны Хазіреті Оспанның (р.а.) қызы Бибі Шамшияға үйлендіреді. Төртінші деректе, ол Хазіреті Мағауия халифтығы тұсындағы Хазіреті Әли (р.а.) мен Хашим әулетінің өкілі ретінде Бағдадта аманатта болады. Оған Бағдад, Шам, Шамат, Йемен уәлаяттарының әмірлік қызметтері беріледі. Бесінші деректе, ол Хазіреті Әли (р.а.) өлтірілгенде қасында, жаназасында болмайды.

Шындығында бұл кісі өз заманында қалың қол бастап, орасан зор ерліктер жасаған да шығар, бірақ оның ақиқаты жалдап тарихтың қатпарында қалып қойғанына қаншама замандар өтті.

Олай дейтінім тұрмысынан есте сақтау қабілеттері зор, жақсы мен жаманды жырға қосып, қаншама аумалы-төкпелі замандар өтсе де, ұлықтарының есімдерін шынайы сүйішпеншілікпен сақтап қала білген қазақ дастандарында Мұхаммед ибн әл-Ханафия бабамыз дін Исламдағы аса ірі батыр, қайраткер! Ол туралы дастандарда қазақ жырларына тән кейіпкерді сомдау талаптары қатаң сақталып отырады. Мысалы:

- Кейіпкердің ғажайып жаратылысы.
- Батырға тән балалық шағы.
- Алғашқы ерлігінде-ақ сансыз көп жау әскерін жер жастандыруы.
- Қалыңдық таңдау мен оған қосылу жолындағы күрес.
- Қалыңдығын жаудың алып кетуі және қайта тартып алуы.
- Оған қиындықтарда әкесінің көмекке келуі.
- Мұрат-мақсатына жетуі.

Бірақ бұлардың қай жерде орын алғанын дөп басып айту да, дәлелдеу де оңай емес. Сондықтан, бұл тақырыпта біз аңыздар мен дастандардан аса алмаймыз. Аңыздардың пайда болуы не бұл кісінің шын мәнінде де аса ірі тұлға екенін, не одан тараған ұрпақтардың ерекше мәртебелі болғанының бұлтартпас дәлелін көрсетеді.

Біздің қолымыздағы Мұхаммед ибн әл-Ханафия ұрпақтарына тән барлық Шежіреде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) салауат айтудан, Хазіреті Әлиге (р.а.), Хазіреті Фатимаға (р.а.), жаннаттың сұлтандары Хасан (р.а.) мен Хусейінге (р.а.) дұға бағыштаудан

басталады, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) отбасына қатысты хадистер айтылады. Құран Кәрімнен: "Әлбетте Аллаһ тағала сіздердің көңілдеріңіздегі кірлерді кетіруді қалайды, пәк етуді қалайды" деген аят келтіріледі.

Мен бұл орайда, Стамбулдан 2006 жылы орыс тілінде жарық көрген "Жизнь пророка Мухаммеда" деген кітаптың 3-інші басылымынан үзінділер келтіуді жөн санадым. Оған себеп, бұл туынды дүниежүзі ғалымдарының арасында ақиқат ретінде орнын тапқан. Басқа дереккөздер оқырмандарға күмән туғызуы мүмкін.

Мысалы, кітаптың 303-бетінде: "***Всю семью и род Посланника Аллаһа называют Ахли Бэйт (Люди Дома). Благословлнные жены, дети, святой Али и его сыновья, все потомки и даже Саламан Фарси из Асхаба, все входят в Ахли Бэйт. Их иногда называли Аль-и Аба или Аль-и Расулем. Каждый мусульманин должен любить и уважвть их.***

**В книге хадисов Термизи, Расулуллах говорит:** "***Оставляю вам две вещи, если ухватитесь за них, то после моего ухода в мир иной вы останетнсь на верном пути. Первое важнее второго. Первое – это книга Аллаһу Теала, второе – моя семья и они неразлучены, пока вы не придете ко мне на край озера Кафсар***". **Тот, кто следует Корану должен также любить семью Пророка, ибо к поколениям, как и следованию Корану, можно относить и любовь к семье Пророка. В одном почитаемом хадисе говорится:** "***Мой Ахли бэйт, похож на корабль Пророка Ноя (мир ему). И те, кто будет держаться за них, будут счастливыми, а не следовавшие за ними, подвергнутся наказанию***". **Мусульманин, верующий Пророку и соподвижникам его, должен любить семью и общину Пророка.**

В одном хадисе говорится: "***Аллаһ Всевышний пошлет мучительные страдания тем, кто будет осквернять меня, детей моих и род мой***". **В следующем хадисе говорится:** "***Те, лушие из вас, кто поможет делами семье моей***". **В хадисе указанном святым Али, говорится:** "***В Судный День будут ниспосланы муки, обидевшим семью мою***". **Следующий хадис святого Али гласит:** "***Через мост Сырат легче всего пройдут те, кто любит семью мою и общину мою***".

**Их невозможно описать, восхвалить, потому что для этого не хватить слов, их величие и достоинства можно увидеть только через аяты. Посланник Аллаһа из всего**

**своего ахли бәйта** **<u>больше всего</u>** **любил своих внуков, благословнных Хасана и Хусейіна.** ”

Одан ары Жаннаттың екі Сұлтаны туралы дара хадистер айтылып, былай қорытындыланады: “**Про то, что каждый мусульманин должен любить Ахли бәйт, то есть семью Пророка, говорится в хадисах:** “***За то, я вам передал исламскую религию, ничего взамен не прошу, только хочу, чтобы вы любили и уважали моих близких – Ахли бәйт***”. “***Буду заступником тех, кто любит Ахли бәйт***”**.**

Осы жерде Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетіне бүкіл сахабалар мен асхабтардың ішінен жеке дара Саламан Фарсиды қосу арқылы басқаларды қанша жақын, бауыр, туыс болса да Әһлі бәйт* қатарынан шығарып тастап отыр. Ал Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) асырап алған ұлы Зейд бин Харис (р.а.) Алла тағала тарапынан түскен аятпен Әһлі бәйттен аластатылады. Бұл аластатуға күмән тудырмау үшін “Ахзаб” сүресінің 33-аяты түсіп, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Зейд бин Харистың бұрынғы әйелі Зейнеп бин Джахшпен некелесу халал етілді.

Осы арқылы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әулетінің бір тармағы ұлы анамыз Ханафиядан тарайды. Бұл әулет Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) “Әһлі бәйтінің” толыққанды мүшесі болып саналады. Бірақ олардың Шежіресінде ең алдымен Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамызға салауат айтудан кейін міндетті түрде Хазіреті Әли (р.а.) мен Фатима (р.а.) анамызға, Хазіреті Хасан (р.а.) мен Хусейінге (р.а.) дұға бағыштаумен басталады. Ханафия анамыз туралы бір ауыз сөз жоқ.

Мен жоғарыда айтылған Мұхаммед ибн әл-Ханафияның 7-нші ұрпағы Әбд әл-Хасан Қарахани туралы хадиси саналатын хикаяның сахихтығы мен ақиқатына жауап бере алмаймын. Бірақ соңғы әһлі бәйт туралы хадистерді еш пенде жоққа шығара алмасы анық. ***Бұл да қазақ халқының ұлы бабаларының аса ірі данышпандар болғандықтары мен Алладан шын мәнінде де қорқып, шынайы иман келтіргені үшін Жаратушы Иеміздің оларға “Әнфал” сүресінің 28-аятында айтқанындай*** **<u>“жақсы мен жаманды айыратын ҚАБІЛЕТ”</u>** ***бергенін көрсетеді.***

Оған дәлел ретінде мен мына мәселелерді айтар едім:

**Әһлі бәйт–Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) отбасының мүшелері*

Оған дәлеле ретінде мен мына мәселелерді айтар едім:

- Алла Елшісі (с.ғ.с.) өзіне түсірілген Құранды Иллаһи ілімхат деді. Өйткені, Алла сұхбаналлаһ “Таһа” сүресінің 114-аятында: “Шынайы меңгеруші Алла әр нәрседен жоғары. (Мұхаммед (с.ғ.с.) саған уахи бітуден бұрын Құранды оқуға асықпа да: “Раббым, білімімді арттыр!” де”. “Зүмәр” сүресінің 9-аятында: “(Мұхаммед (с.ғ.с.) оларға: “Білгендер мен білмегендер тең бола ма” де. Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт алады”, “Мүжадәле” сүресінің 11-аятында: “Алла сендерден сондай иман келтіргендердің, ғылым білгендердің дәрежесін көтереді. Істегендеріңді толық біледі” дейді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтады: “Мен – ілімнің қаласымын, Әли – оның қақпасы. Ілім үйренгісі келгендер сол есіктен енсін (Тирмизи, Манақиб, 20)”. Қақпа дегеннің арабшасы – баб. Түркі халқы дінге Хазіреті Әлидің (р.а.) ұрпағы ашқан осы бабтан – қақпадан кірді.

- Мешіт Алланың үйі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): “Әбу Бәкір үшін ашылған есіктен өзге мешіттегі барлық есіктер жабылсын” - деп айтады. Түркі халқы мешіттердің есігін Әбу Бәкір (р.а.) үшін ашты. Бірде-бір мешітте “сил-силасы” (ілімі бастауы) Әбу Бәкірге (р.а.) барып тірелмейтін ишандар мен ұстаздарға имамдық орны берілмеді. Оның тариқаты қатаң ұсталды.

- Түркі халқы дін Исламда Құран мен сүннетті және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) “Әһлі бәйтін” қатар қабыл етті. Олар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): “Менің отбасым Нұх (ғ.с.) пайғамбардың кемесіне ұқсайды. Кім оларды ұстанса ақыретте бақытты болады, кім оларды тәрк етсе жазаға ұшырап, қайғыға кенеледі” деген хадисіне күні кешеге дейін бекем болды.

Біз келтірген аятта айтылғанындай оларға Алла тағала “жақсы мен жаманды айыратын қабілет” беріп, “жамандықтарын жойып, жарылқады”. Алла зор кеңшілік иесі! Міне, осы жарылқаудың басында Мұхаммед ибн әл-Ханафияның ұрпақтары тұрып, бұл қызмет соларға да бұйырды.

Сонымен, Исламның ресми тарихында Хасан (р.а.) мен Хусейін (р.а.) шахид болған соң бүкіл әһлі бәйтқа Хазірет Әлидің (р.а.) Ханафиядан туған ұлы Мұхаммедтің ие болғаны, олардың қорғағаны болып, қысастық жасатпағаны баяндалады. Шын мәнінде де Хазіреті Хасан (р.а.) мен Хазіреті Хусейін (р.а.) ұрпағын сақтап қалуды Алла тағала Мұхаммед ибн әл-Ханафияға (р.а.) несіп еткен. Бізге жеткен рауаяттарда Хазіреті

Хусейіннің (р.а.) Кербала сапарына шығар тұсында Мұхаммед ибн әл-Ханафияға жылап тұрып ұрпағын аманаттағаны да баяндалған. Мен соны балалықпен жазып алмаппын. Тіпті соның қажеті де болмаған шығар. Өйткені, "паһ, шіркін!" деп тамсанып жатқан қарияларға әкелеріміз: "Мұхаммед ибн әл-Ханафия бабамыз бұл жерде ешқандай ерлік жасаған жоқ, Алла алдындағы, Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз алдындағы, әулет алдындағы өз парызын ғана адал орындады", – дейтін.

Хазіреті Әли (р.а.) мен Фатима (р.а.) анамыздан туған Хасан (р.а.) мен Хусейін (р.а.) өлген соң Мұхаммед ибн әл-Ханафия аспаннан түскен Зұлыпқар мен Хайбар соғысында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хазіреті Әлиге (р.а.) берген Жеңіс Туының мұрагері болып қала берді. Біз осы оқиғаларға қарап, бұл кісінің анасы, түпкі тамырымыздың бастауы Ханафияны Хайбар патшасының қызы болғанын түсінумен ғана шектелеміз. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, Хайбар соғысынан соң Хазіреті Әлиге (р.а.) "Шаһ Хайбар" (Хайбар патшасы) деген лақаб беріледі. Осы соғыста мұсылмандар – шексіз олжаға, жеңілген жау шексіз жеңілдіктерге ие болады. Бұл хижраның 7-нші жылы, яғни 628–629 жылдар шамасында болған оқиға. Мұхаммед Ханафияның дүниеге келген уақыты да осы жылдардан кейін, шамамен 630–631 жылдар аралығы. Мен орысша мысал келтірген "Жизнь пророка Мухаммеда" деген кітаптың авторы Рамазан Айваллының көрсетуінше Фатима анамыз 608 жылы туған, 15 жасында 623 жылы Хазіреті Әли (р.а.) бабамызға қосылып, 633 жылы 24–25 жасында өмірден озады. Олар бар болғаны 9 жыл отасқан. Ұлы анамыз бес рет құрсақ көтеріп, 3 ұл баланы және 2 қыз баланы дүниеге әкелген (Мухсин жастай шетінеген. Умм-и Гүлсім Хазіреті Омарға, Зейнеп деген қызы Абдулла ибн Жағыфар Таярға тұрмысқа шығып, кейінгісінен Әли, Умму Гүлсім деген екі ұрпақ қалады). Қазақ дастандарында да Хазіреті Хасан (р.а.), Хазіреті Хусейін (р.а.) және Мұхаммед ибн әл-Ханафия (р.а.) арасында айтарлықтай жас айырмашылығы жоқ екені көрсетіледі. Бұл осы есеппен де шындыққа сай келеді. Тек менің түсінбейтінім, Хазіреті Хасан (р.а.) мен Хусейіннің (р.а.) өз аналарынан қанша жастарында жетім қалғандықтары және қайсы аналарының тәрбиесінде болғандықтары. Хазіреті Хасан (р.а.) 669 жылы, Хазіреті Хусейін 680 жылы 10-қазанда опат болғанын білеміз.

Жастарының қаншада болғандары туралы тек болжамдар ғана бар.

Хазіреті Хусейінді (р.а.) өлтіруші залым Язид осыдан соң 3 жыл ғана халиф болады. Тарихтан да, қазақ дастандарынан да білетініміз, Залым Язид Хазіреті Хусейіннің (р.а.) ұлы Зейнәл-аб-динді тұтқыннан құтқару үшін жасалған хашымдықтар көтерілісі кезінде қашып бара жатып, жабайы шошқаларды тастауға арналған құдыққа түсіп мерт болады. Одан соң Омеядтықтар өкілі Мәруән халиф болды. Ол кім? Не себепті осы тұста Әбу Бәкір ас-Сыддықтың (р.а.) жиені Абдуллаһ Зүбәйірұлы Меккеде "өзін-өзі" халиф деп жариялады? Бұл шындық па? Біздің білетініміз осы желеумен халиф бола салысымен Мәруәннің ұлы Әбдімәліктің 692 жылдар шамасында Меккені қанға бояғаны. Бұл кезде біздің бабамыз Мұхаммед ибн әл-Ханафия қандай саясат ұстанды? Не себепті Залым Язид өлтірілген соң Хазіреті Хусейіннің (р.а.) ұлы Зәйнәл-әб-дин халифтыққа сайланбады?

"Қисса-и уақиға Кербала" дастаны бойынша Хазіреті Хусейіннің (р.а.) ұрпағы мен отбасының азат етілуі былайша көрсетіледі:

Бар еді бір саудегер **Қожа заты,**
Сол күні бұл шаһарға қонып жатты.
Бай еді дәулеті асқан бұл жаһанда.
Хусейінды естіп көп жылапты.

**Бұл дағы шөбере еді Әли Шерге,**
Саудамен барып кепті талай жерге.
Жабағат деген ұғыл немересі,
Бір Алла әбүйір берсін, ошал ерге.

**Төрт жүз құлы бар еді, бәрі балуан,**
**Ат-түйесі, мал-мүлкі дүниені алған.**
Хусейіннің өлгенін естіген соң,
Бір уақта жылап жатып ұйқтап қалған.*

Бұдан әрі:

Түсінде Пайғамбарға келді жақын:
"Иә, Расул, қылды дейді шапағатың

Мен ғаріп үмбетің", – деп жыласады,

Асылы бір естімеді мінәжатын.

Бұл байғұс онан жаман жылады көп,
Шапағатты не пиғылмен қылмадың деп.
Хақ Расул қарамады зарланса да,
Қожа жылап сөйлейді, уайым жеп.

“Сөзімді менің айтқан білмедіңіз,
Көзіңе мен ғаріпті ілмедіңіз.
Күнәма тәубе қылсам болар ма екен,
Шапағат не себептен қылмадыңыз.

Білмеген ісім болса, еске салсаң,
Күнәмді кешірер ме тәубе қылсам.
Жарамайтын пиғылымды айтып маған,
Болмаса, шапағат қып, қолымды алсаң”.

Қожаның сонда естіді айтқан сөзін,
Жауап қылып, Қожаға бұрды жүзін.
**“Сол себепті сөзіңді тыңдамадым,**
**Өлгенін Хусейіннің көзің көрді.**

**Хусейін – көзім нұры, жігер, күшім,**
**Перзентім, артымдағы сүйенішім.**
**Үмбетпін* деп сұрайсың шапағатты,**
**Лайық па, үмбеттікке қылған ісің?**

**Қасыңда төрт жүз балуан құлдарың бар,**
**Мешітте Зейнелғабиден жылап тұрар.**
**Йазид алдап, бейпайда, ғаріп боп жүр.**
**Бар дағы ол залымнан оны құтқар.**

**Үмбет болсаң басыңды көтер”, – дейді,**
**“Қызметіңді маған қылсаң жетер”, – дейді.**
**Құтқармай перзентімді ол залымнан,**
**Шапағат сұрағаның бекер,** – дейді.

**Үмбет – сенім білдіріп, соңынан еруші*

Бұдан әрі Йазид пен оның уәзірі жас баланы алдап, мешітке құтпа оқуға жібереді. Олардың ойы өздерінің залым ісін осы әрекеттерімен бүркемелеу еді. Жас бала олардың дегеніне бағынудың орнына:

“Әкемнің ғаріп болып шықты жаны,
Далада, жапан түзде қалды тәні.
Мүмін болсаң біреуің ойлар едің,
Сіздерде мұсылмандық дейді қані?

Ішімде толып жатыр, от пен жалын,
Әкемнің естідіңдер жайы-халін.
Әкемді өлтіргеннің басын кесіп,
Неғып тұрсыз, үлесіп, алмай малын”,

– деп (3040-ыншы жолдар) халықты оларға қарсы үндейді. Сол кезде (3050, 3060-ыншы жолдарда):

**Бұл сөзді естіп мұсылман тұрды сонда,**
**Мешітте үлкен майдан құрды сонда.**
**“Ой, бауырым” деп зар жылап Қожа пақыр,**
**Талқан қып хауарыжды қырды сонда.**

**Сонда Йазид мешіттен қаша шықты,**
**Адасып, ақылынан жаман састы.**
**Төрт жүз балуан жабылып қуып еді,**
**Жығылып бір құдыққа қара басты.**

**Ол құдықтың суы жоқ, іші жаман,**
**Ішінде толып жатыр боқ пен сабан.**
**Йазидпенен Маруанның басын кесті,**
**Хауарыж ақымақтарға бермей аман,** – дейді.

Мұның бәрі біздің Шежіремен толық сай келетін баяндар. Тек бұл дастанды жырлаушы “Бұлдағы шөбере еді Әли ерге” дегенді, сірә, қате көрсетеді. Өйткені, оның Әли ерге шөбере болуы мүмкін емес, жылдары сәйкес келмейді. Сондай-ақ арабтарда “қожа” деген ұғым атымен жоқ. Оларда Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетін тұтасымен “саидтар” дейді. Оған бола авторды да кіналауға болмас. Оның өзі:

Бұл сөзді кітабынан өлең қылдым,
Ыстамбул тілінше екен әрең білдім.

Сөйлей берсем аяғы ұзап кетер,
Аяғын осы жерде тәмәм қылдым,

–деп бұл кемшілікті өзі де мойындайды. Оның үстіне "Нәсілі едім, Хусейіннің менің өзім" дегеніне қарап, оның не себепті Мұхаммед ибн әл-Ханафияның да, оның ұрпақтарының да аттарын атамай, "Қожа, саудагер" деуін түсінуге болады. Бізді ол да ешқашан қызықтырған емес. Біз өзіміздің Хазіреті Бибі Фатима (р.а.) анамыздан тарамайтынымызды жақсы білеміз. Оған таласатын да ештеңесі жоқ. Араб, түрік тарихшыларының ішінде осындай қателіктерге жол беріп Мұхаммед ибн әл-Ханафияны "Мұхаммеди Ханафия, Мұхсин, Маһди" деп Фатима (р.а.) анамыздың үшінші ұлы, кейбіреулері тіпті оны Хазіреті Хасанның (р.а.) баласы деп жазып жіберетіндері де бар.

Ең бастысы, осының бәрінде де Ұлы бабамыз Хазіреті Мұхаммед ибн әл-Ханафияның да, оның ұрпақтарының да Пайғамбар (с.ғ.с.) әулеті тарихындағы ерекше орнын жоққа шығарылмайды. Бірақ сонша тарихтың ішінде оның билікке таласы туралы бірде-бір мәлімет жоқ.

Хазіреті Хусейіннің (р.а.) қазасынан соң ол біржолата билік ісінен өзін шектеп, бұл міндетті Бибі Шәмшиядан туған балалары Абд әл-Фаттах пен Абд әл-Маннан атқарды.

Мен жоғарыда Рум қызы Зупунун туралы да аңызға тоқталып өттім. Бұл хикаятты бала күннен көп естігендіктен бертінге дейін біздің түп анамыз осы кісі деп ойлайтынмын. Бірақ ресми Шежіреде Хазіреті Оспанның (р.а.) қызы Бибі Шамшия айтылады. Одан туатын "Абд әл-Маннанның ұлы Шаһ Сайд Баттал Ғазы Рум империясымен соғыста шахид болып, нәсілдері үзілді" делінеді.

Бізге етене жақын туысымыз Өтепхан аға бір баласына Сейіт Баттал Ғазы деген ат қойған еді. Сол кісі бірде балаларына қойылған есімдердің сырларын тілге тиек етіп, сөз қозғады. Сонда мен осы есімнің қойылу себебін сұрадым. Сонда ағам: "Шырағым, бұл бабамыз нәсілсіз (ұрпақсыз) қалған. Аттары ұмыт болмас үшін біз оны жаңартып отыруымыз керек", – деген еді.

Ал, Абд әл-Фаттах нәсілінен тарайтын Хазіреті Мұхаммед ибн әл-Ханафия ұрпақтары Аббасидтер билікке келгенге дейін ресми түрде Йемен, Шам, Шамат уәлаяттарының әмірлері болды.

Сонымен, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Хазіреті Әлидің (р.а.) Ханафия анамыз арқылы тарайтын Әнгі бәйтінің бастауы:

**1. Хазіреті Әли Қарамолдах пен Ханафия анамыздан;**

**2. Мұхаммед ибн әл-Ханафия, одан –**

**3. Шах Абд әл-Фаттах мен Шаһ Абд әл-Маннан;**
**Шах Абд әл-Фаттахтан:**

**4. Шах Абд әл-Жафар, одан –**

**5. Шах Абд әл- Қаһар, одан –**

**6. Шах Абд ар-Рахман және Шах Абд әл-Рахим;**

**7. Шах Абд ар-Рахманнан – Ысқақ бап және Абд әл-Жалил бап.**

**Шах Абд ар Рахимнан құлағымызға сіңісті болған шежірелерде: "Үш бала болды" делініп, екеуінің аттары аталады. Бірі – Абд әл-Кәрім, екіншісі – Абд әл-Хасан.** Хазіреті Әлидің (р.а.) Ханафия анамыздан тарайтын ұрпақтарының Орталық Азия жеріне, Ұлы Түркі ғаламына **хижрасы** осы кісілерден басталады. **Қайталап айтатын нәрсе, бұл оқиға арабтардың Түркі ғаламын жаулап алушылық жиһангерлігі, ғазауаты, жихады емес, Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетінің Орталық Азияға ХИЖРА жасауы еді.**

## *ТӨРТІНШІ ТАРАУ*

# ХИЖРА ХИКАЯСЫ

*"Сопылық ілім үшін мәселе қай қалада, қай жерде, қашан екендігінде емес, оқиғаның болғандығында".*

***Құрбанәлі ишан.***

Түркі әлеміне дін Исламның келуі туралы не көп – Кеңестік дәуірде шыққан әдебиеттер мен тарихи зерттеулер көп. Кейбір оқиғалардың зерттелуін "мазақнама" деуден ары айтарға аузың бармайды.

Қадірменді қаламгер Аян Нысаналин бүгінгі тарихшысымақтардың және бұрынғы шежірешілердің шатты-бұтты пікірлері мен тұжырымдарына қатты көңілі қалып: "Біздің қазіргі тарихшыларымызға қанша қыспаққа түссе де Е.Бекмахановтың турашыл, қайсар ерлігі неге жете бермейді. Бір талқылау үстінде оның қасқайып тұрып* ***Украинадан шақырылып әкелінген бір оқымыстысымаққа бетің бар, жүзің бар демей:*** "...Сіз Қазақстан тарихы жайында не білесіз? Демек Сіздің сөзіңізге қарағанда, Сіздің "Қазақстан тарихын" ақтарыстырғаныңыз да неғайбыл. ***Ғылым көлденең көк аттылардың бас сұғатын ауласы емес.*** Сіз жалған ғалымның тонын жамылып жүрсіз" дегені үлкен тәлім түйгізсе керек еді" дейді. Бұл өте әділ сөз, әділ пікір.

Әлбетте Мильтон да өз кезегінде: "***Мы оскорбляем истину, когда сомневаясь в ее силе, разрешаем или запрещаем выражение тех или других мыслей. Пусть истина и ложь вступают врукопащную: истина непобедима в свободной и равной борьбе. Опреверженим лжи она уничтожает ее лучше всяких запрещений"*** деп дұрыс айтады. Бірақ осылай дегеннің өзінде тарихты қасақана бұрмалаушылық пен жалдамалы шежірешілдіктің кеселі де аз болып жатқан жоқ. Біздің бүгінгі жағдайымызда ауызға келгенді құсып, кез келген сандырақты да ойланбай айта беруге болады. Тек қалыптасқан дәстүрді бұзбай, иман мен шындыққа емес, ғылыми атақ пен даңққа сілтеме жасап, табынып отырсаң жетіп жатыр. Оның шынын, өтірігін байыптап жатқан жан жоқ.

Мысалы, Мұртаза Бұлытайдың “Ата-Баба діні. Түркілер неге мұсылман болды?” деген кітабын бәріміз де үлкен үмітпен қолға алған едік. “Бұл кісі біз секілді “қызыл империяның” атеистік білім-тәрбие мектебінен емес, мұсылман Түрік мемлекетінің еркін ислами ілімінен сусындап өскен кісі ғой, көп сұрағымызға жауап табылар” деген ой жетегінде болдық. Өкінішке орай, ол да “еуроцентристер мен орыс шовонистерінің, славянофилдердің, коммунистік утопиямен уланған, арабтық-халифаттық шырмауыққа шырмалған ғұламалардың бұрмаланған бұлақтарынан бастау алып, “әсіре ғылыми” кеселге шалдығыпты.

Оған қарағанда, Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди” кітабын қазақшалаған, Ираннан келген бауырымыз Ислам Жеменейге шын көңілден риза болдық. Ол, әрине, Мұхаммед Хайдар Дулати заманындағы ұғымдардан бейхабар кісі. Бірақ кітап сөзін тіпті де бұрмаламай, өз түсінігіне бейімдемей таза, шынайы күйінде беруге тырысады. Аудармашы өзі білмейтін мәселеге тіпті араласпай, кітаби күйін сақтаған.

Кітаптың 111-бетінде: “***Қазақтар Бұйдаш хан кезінде жиырма мың болып қалған еді. 940 жылдан (1533–1534 жж.) соң Бұйдаш хан да о дүниелік болып (бұл жерде) қазақтар қалмады десе де болады***” деген Мұхаммед Хайдар Дулатидың пікірі өзгеріссіз беріледі. Бұл жолдар 1983 жылы шыққан “Қазақ ССР тарихының” 5 томдығында Мұхаммед Хайдар Дулатиге сілтеме жасалғанымен, бірден бұлыңғырланып, не мәні жоқ, не мағынасы жоқ бос сөз бен сілтемелерге ауып кетеді. Бұдан әрі қалмады десе де болады деген қазақтарға хан боған Хақназардың жеңімпаз жетістіктері мен қазақтардың өсіп-өркендеуіне көшеді. Аз ғана жылда “жоқ боп кеткен” қазақ бас-аяғы бір-екі жылда іргелі елге айналғанын айтады. Шындығында қазақтар жоқ болып кеткен жоқ, біршама жылдар бойы бет-бетімен бытырап тарап кетті. Бұған Бұйдаш ханның әлсіздігі де, табиғи жұт та себеп болуы мүмкін. Аудармашы Ислам Жеменей оған өзінше талдау жасап, әуре болмай, кітаптан не көрсе соны аударумен шектеледі. Бұл құптарлық ұстаным. Бұдан арғысы аудармашының да, дерек берушінің де міндеті емес, тарихшылардың жұмысы.

Бұл жерде екеуін салыстыру арқылы Мұртаза Бұлытайға күйе жағудан аулақпын. Мәселе тарихшы болу үшін ұнасын,

ұнамасын бар оқиғаны әділ жеткізу мен бірнеше пікірлерді салыстыра отырып, оқиғаның нәтижесіне қарай пікір түйіндеуде болып отыр.

Исламды халифаттан тыс қабылдаған, оған ешбір жағдайда бағынышты болмаған, тәуелсіз мұсылман мемлекеттерінің тарихын, оның идеологиясына айналған суфизм сүлігін білмей тұрып тану, олардың әрекеттеріне әділ баға беру мүмкін емес. Осыдан келіп, Мұртаза Бұлытай шатаса бастайды. Ол кейінгі ұлыарабтық және еуроцентристік тарихшылардың қытай жазбаларына жасаған сілтемелеріне сүйене отырып, Талас ғазауатын "751 жылдың шілдесінде болған" деп кесіп көрсетеді. "**Әбу Мүслім қолбасы Зияд Салыхұлының** жетекшілігіндегі **ордасын** қытайларға қарсы аттандырды" деп "Қазақстан тарихына" сілтеме жасайды. Олар мұны қайдан алған, қытайлар тарихты кім үшін жазды? Жауапсыз сұрақ, әрине.

Ал шынайы тарихта Әбу Мүслім дәл осы кезде ешқайда, ешқандай ордасын аттандыра алмайтын жағдайда еді. Оған түркі-қытай соғыспақ түгілі түгелімен жер ауып кетсе де бәрібір болатын. Ол бұл кезде халифатта төңкеріс жасап, өзі және серіктері үшін аса маңызды үлкен саясаттың басында жүрді. Мұртаза Бұлытайдың жазып отырғанындай: "Шиға Әбу Мүслім 747 жылы жасақтарымен бүлік шығарып, Әмәуи билігіне қарсы көтеріліс бастайды. Әбу Мүслім (727–755 жж.) 750 жылы Солтүстік Ирактағы Зап өзені жағасында болған соғыста ең соңғы Әмәуи* билеушісі Мәруән II-ні жеңеді. Сөйтіп, Әмәуи ханаданы тарихпен қош айтысады". Осы адам енді ұшып жетпесе, мұздай қаруланған, тың атты 150 мың адамды қолдан жасап, әскерге айналдырмаса 751 жылы "**қолбасы Зияд Салыхұлының** жетекшілігіндегі ордасын" Ұлы Қытай империясының 100 мың әскерін топалаңға түсіріп, түгелдей өлтіріп, қытай тарихшыларының өздері жазып кеткеніндей оларды "Батыстан үмітін біржола үздіре" ала ма?

Кейбір орыстілді әдебиеттерде жазылғанына қарап, Мұртаза Бұлытай "Шиға Әбу Мүслім" дейді. Демек, оның қолбасшысы

Зияд Салыхұлы да, оның ордасы да шиға болуға тиіс.

Қазақстанда "шиғалар" Сталиндік жер аудару, қуғын-сүргіннен соң ғана пайда болғанына неге назар аудармайды?

**Әмәуи –Омеядтық әулет*

Оған дейін қазақ "шиғалар" туралы білсе де бірде-бірі ол ағымға кірген емес. Әлбетте, түркілер Исламды қабылдаған алғашқы кезең мәзһабсыздық дәуірі болған. Бұл кезеңде "әр сахабаның жолы бір мәзһаб болып еді" делінеді. Осыдан келіп Исламда шиға, муетазила, харижирлер секілді түрлі теріс пиғылды ағымдар пайда болды. Олардың ең көп топтасқан жері Хазіреті Әлидің (р.а.) шахид болған мекені - Куфа қаласы еді. Ұлы мәзһаб иесі, күмәнсыз ұстаз – Имам Ағзам Әбу Ханифа (р.а.) да осы қалада туып, ер жетті. Оған алғаш Ислам есігін ашып, бағыт-бағдар, тәрбие берген атасы Зута да, әкесі Сәбит те Хазіреті Әлидің (р.а.) сұхбаттарына қатысып, оған сүтке пісірілген күріш көже берген, батасын алған адамдар. Суфалық ұлы пір Хазіреті Шағби (р.а.) оны ілім жолына бұрады. Оған Хазіреті Әлидің (р.а.) немересі Хазіреті Мұхаммед Бәкір: "Дініміздің шариғатын бұзатындар көбейген уақытта сен оны жандандырасың, сен қорыққандарды – құтқарушы, жаңылысқандарды да тура жолға салушы боласың, осы жолда Алла сенің жәрдемшің болады" деп батасын береді. Имам Ағзам Әбу Ханифа (р.а.) Тасаввуф ілімінің ең үлкен мәртебесіне жетті. Оның бұл ілімдегі ұстазы Имам Жағыфар Садықтың (р.а.) өзі болды.

Омеядтықтар әулетінің төртінші халифы Әбдімәлік ибн Мәруән шамасы 697 жылдар шамасында Халифаттың ресми тілін араб тілі деп жариялады. Осыдан соң-ақ Халифтар қазынасын кеңейтіп, байыту үшін ешнәрседен тайынбады. "Араб тілін білмегендер тілін кәлима-шаһадатқа келтіріп, иман айтса да, Құранды оқып, араб тілінде түсінісе алмағандары үшін мұсылман емес" дегенге келтіріп, парсылық және түркілік мұсылмандарды жат дінділермен қатар қойды. Исламды қабылдауды қасақана қиындатты. Оларға жат дінділерге салынатын "жизия" салығын төлеуді міндеттеді. Бұл ұлты араб емес халықтарды қорлау еді. Исламды қабылдағанда Әбу Суфиянның әйелі Хинда да, Хазіреті Икриме де бір ауыз аят білмейтін. Алайда иман келтірген соң Пайғамбар (с.ғ.с.) олардың баятын қабыл еткен. Самарқандтық мұсылмандар бұдан хабардар еді. Олар Халифаға наразылық білдірді. Бірақ наразылықтарын шариғатпен дәлелдеп шыға алмады. Осы тұста

қажылыққа барған самарқандтықтар Имам Ағзамның (р.а.) атын естіп, Куфаға арнайы барып, дәріс алды.

Дәріс алғандардың алғашқылары, әрі аса ірі ғұламасы Абд ар-Раззақ Самарқанди болды. Осы кісілер арқылы бүкіл Шығыс халықтары Имам Ағзамның (р.а.) көзі тірісінде-ақ оның мәзһабына өтті. Бағалы кітаптарда Имам Ағзамның (р.а.) 500 мыңнан астам фикх мәселесін шешіп кеткені айтылады. Одан арғысын шешуде Самарқандтық ғұлама ахлақ иесі, Шейх Әбу-л-Мансүр Матуридидың еңбегі зор болды. Қазіргі күнге дейін барша түркі парсы ұлтынан Ахл-ас-сунна мәзһабының өкілдері осы кісінің ақидасын басшылыққа алып келеді. Самарқандтан, Бұхарадан, Тараздан шыққан осындай ғұламаларды құрметтеп, діннің тұтқасы санаған Рудаки: "Михрабқа жүзді бұрып не керек, Бұхара мен Тараздың арулары тұрғанда" деп жазады. Мағынасы: "Бұхаралық (парсылық) және тараздық (түркілік) ару (таза, пәк) Ислами ілімді үйренбеген соң, құр намаз оқығаннан не пайда" дегенді білдіреді. Олай дейтініміз әйел затын осылай ардақтайтындай, тумысында зағип Рудаки үшін адамның сырт келбеті – түсініксіз, құнсыз болса, іш келбеті ерекше ару және маңызды болған.

Мұртаза Бұлытай еуропалық ғалымдар ізімен осының бәрінен секіріп өтіп, Омеядтық халифатты теріс пиғылды бағыттағы шиғалар көсемінің қолымен құлатады. Өйткені, ол Әбу Мүслімнің Хашимидтік Хазіреті Хамза* (р.а.) ұрпағынан екенін, оның атасы Кербала шөлінде Хазіреті Хусейінмен (р.а.) иық тірестіріп тұрып, ең соңғылардың қатарында шахид болғанын білмесе керек. Ал, "Қиса-и уақиға Кербала" деген дастанда: "Атасы Мүслім ердің Ғақыл екен, Әлимен ағайынды жақын екен. "Бұған мен барайын" деп Мүслім айтты. "Бұл ісің мен баруға мақұл екен" деп көрсетіледі. Мұндағы Әбу Мүслімнің әкесі деп көрсетілген Ғақыл Хазіреті Әлидің (р.а.) бір туған інісі Ахл болып шығады. Шындығы бірінші мағлұмат сияқты.

Жоғарыда айтқанымыздай залым Язидтың халифаттығы бар-жоғы 3 жылға ғана созылды. Бірақ одан соңғы халифалар тұсында да Хазіреті Фатима (р.а.) ұрпағын заңнан тыс санау

**Хамза (-р.а)– Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) әкесінің бауыры*

дәстүр болып қала берді. Омеядтықтар оларды саяси мүдделерін терең бүркей отырып, "шиғалық имамдықтары" үшін айыптады. Мұртаза Бұлытайдың қателігі де осында – тарихқа дін Исламға жат қоғам мен қауымның көзімен қарап, ата-баба риуаяттарын ескермейді.

Осындай қайшылықтар мен таластардың арасында ер жеткен Әбу Мүслім ішкі тартыстардан аулақ кетіп, Ислам үшін қылыш ұруға қол жиып, Кавказ тауын асып, Ғазылық жасайды. Ол Хазіреті Хусейіннің (р.а.) Кербала шөлінде жан серігі болған Ұлы бабасының есімін өзіне Ту етіп, титулына айналдырады. Оның әскерінің де, қолбасыларының да негізі хашымдықтар мен оларды жақтаушылар, сопылар болды. Оны "шиға" деп айыптау "Мың бір түн" хикаяларында жиі айтылатындай Аббасидтер дәуірінде басталды. Қазіргі ғалымдардың бұлай жорамал жасауына себеп, күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан Әбу Мүслімнің шапанының етегіндегі Хазіреті Әлиді (р.а.) мәртебелеген "Уа, Аллаһ! Уа, Мұхаммед! Уа, Әли!" деген жазулар болды. Ол шын мәнінде де әһлі бәйттің бастауы, шерлердің шері, Зұлыпқардың иесі, Даңқын Алла көтерген Хазіреті Әлиді (р.а.) пір тұтты. Оның барша ұрпақтарына, әсіресе Фатимидтерге (ұстанымына қарамастан) пана болды. Ол Пайғамбардың (с.ғ.с.) өз отбасы туралы айтқан хадистеріне сай, Хазіреті Әлидің (р.а.) ұрпақтарын "Нұх пайғамбардың кемесіне", "діннің қақпасына" балады. Осындай сөздерді шапанына жазғызып қойды. Бұл шиғалықтың белгісі емес, сүннетке беріктігі еді. Жауға "Уа, Аллаһ! Уа, Аруақ! Уа, Абылай!" деп шапқан Абылай ханды ешбір пенде шиға деген емес. Мұндай мысалдар қазақтың ғасырлар бойы айтылып келе жатқан дастандарының бәрінде кездеседі. Ендеше, біз неге Исламның аса ірі қайраткері Әбу Мүслімді (р.а.) дәл осындай әрекеттері үшін "шиға" деп айыптауға тиіспіз!

Оған қосымша, "Әбу Мүслімді (р.а.) немесе оның қолбасшысы Зайд ибн Салыхты (р.а.) бүгінгі қазақ топырағында болды" деп айтатындай жерімізде бірде-бір белгі, жер-су атаулары қалмаған. Ал, Мұртаза Бұлытай тәрк еткен "Қожалар шежіресінде" мұғтар мен тарсаларды жапыра жеңді деп жарыса жазатын Ысқақ баптың, Абд әл-Жалил баптың, Қарахан бабалардың кесенелерінен бастап, түрлі жер-су атаулары тарихтың талай ғасырғы салмағына жаншылып қалмай, әлі

күнге түркілік Исламның куәсі болып көз алдымызда тұр. Абд ар-Рахим (р.а.) бап туралы әңгіме тіптен бөлек. Біз болсақ оларға емес, топырағымызға табаны тимеген кісілер туралы, саясат үшін жазылған тарихқа сенеміз!

Тасаввуфты, сопылық ілімді қабылдамауға, жек көруге болады. Оған ешкім тиым сала алмайды. Кезінде Қожа Ахмет Ясауи секілді Ұлы ұстаздардың қарғысына іліккен надан адамдар Мансур Халладжды сопылығы, "Анал һам хақ, Ман һам хақ" дегені үшін аяқ-қолын біртіндеп шауып өлтірген. Хазіреті Жағыфар Сыддық туралы өсектер таратқан. Имам Ағзамды (р.а.) дүрелеп, аузына зорлап улы су құйып, қорлап өлтірген. Жаннаттың сұлтаны, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүйікті немересі Хазіреті Хусейіннің (р.а.) басын кесіп алып, балаларға доп қылып тепкізген. Мен мұндай мысалдарды көптеп келтірер едім. Біз үшін бұл да маңызды емес, жанға бататыны – Исламның ақиқи тарихын қасақана бұрмалаушылық себептері мен нәтижесі.

Сонымен, Әбу Мүслім секілді ірі әскербасылар мен дін қайраткерлері Омеядтықтар әулетін тақтан тайдырады. Оның орнына жаңа халифа табу оңайға соқпады. Әбу Мүслім де, басқа көтерілісшілердің көсемдері де халифаның Фатима (р.а.) анамыздан болуын талап етті. Ал, бұл әулеттен сол заманда Ахл-ас-сунна жолындағы адамды табу шынында да мүмкін емес еді. Мұхаммед ибн әл-Ханафия (р.а.) ұрпағының халифаттығына Хазіреті Әлидің (р.а.) басқа әйелдерінен тарайтындар келіспеді. Бұл туралы Кеңес дәуірінде жарық көрген атеистік "Ислам: қысқаша анықтама"* деген кітапта "басшылықтың өз ішіндегі қайшылық пен бақталастық күшейе түсті. Әсіресе әл-Мустансир халифа өлгенен кейін исмайылшылар арасындағы жіктелу мүлдем күшейді. Олар екі лагерге; низареттер мен мусталиттерге бөлінді. Мусталиттерді кейбір елдерде Бохра деп атайды" деп жазылған. Уақытында үлкен қателік бар. Өйткені, бұл кітап та атеист пе, яһуди ма Л.И.Климович дегеннің "Құран туралы кітап"** деп аталатын жалғаннамасымен қатар шыққан дүние. Бар мақсат – Исламды, оның өкілдерін "тисе – терекке, тимесе – бұтаққа" деген қағидамен сынауға арналған. Мысалы, Кеңестік атеист-лекторларға көсем болған Л.И.Климович осы кітабында: "Мұсылмандық мистикалық (сопылық) Нақышбанди ұйымының шейхы Әбу Язид Бистами (878 ж. өлген) туралы сөз

қозғамақпыз" деп жазады. Автор Хазіреті Әбу Язид Бистами (р.а.) піріміздің өлген жылын шамада дұрыс көрсетіп тұр. Бірақ ол өзі өлгеннен соң IV ғасырдан кейін, шамамен 1318–1389 жылдарда өмір сүрген Хазіреті Қожа Бахауддин Нақышбанди негізін салған "Нақышбандия тариқатына" қалай мүрид болады?

Мұндай қателік мұсылман авторларында да жиі кездеседі. Мысалы, доктор Хасан Камил Йылмыз "Тасаввуф және Тариқаттар" деген кітабында "Сұлтан Махмуд Газневи Рей қаласындағы Абул Хасан Хараканидың ханакасын зиярат етті" деп, "Тазкиратул аулия" кітабына сілтеме жасайды. Рей қаласы түгілі айналасын жүздеген шақырымдармен жүз рет айналып шықсаң да ол жерден Абдул Хасан Хараканидің қабірін таппайсың. Өйткені мұндағы ұғымда "ханака" қабір мағынасын берсе, ол заманда өз мағынасын жоғалтпаған, яғни *бөлмесі, қабылдау орны* дегенді білдірген. Ислам тарихында мұндай сәйкессіздіктерді теолог-ғалым Құрбанәлі Ахметов: "Сопылық ілім үшін мәселе қай қалада, қай жерде екендігінде емес, оқиғаның болғандығында" деп түсіндірді.

Болмаса X ғасырда өмір сүрген Әл-Мустансир халифа өлген заманда Аббасидтердің теперішінде жүрген Хазіреті Әли (р.а.) ұрпақтары біріккен исмайылшылдар арасында қандай баққа талас тууы мүмкін. Бүкіл тарихқа аян ақиқат: халифатта X ғасырда таққа таласпақ түгілі исмайылшылдардың ізі де қалмаған еді. Аталған оқиға – Әбу Мүслімнің, Омеядтықтар әулетінің биліктен құлатылған заманы болатын. Қайшылық пен бақталастықтың басты себебі Хазіреті Фатима (р.а.) әулетінен халиф болатын Ахл-ас-сунналық өкіл болмаған соң бұл мәртебеге Мұхаммед ибн әл-Ханафия ұрпақтары ұсынылды. Хазіреті Әлидің (р.а.) басқа әйелдерінен тарайтын ұрпақтары оған келіспеді. Содан келіп, біз келтірген деректерде айтылғанындай Хазіреті Әли (р.а.) ұрпақтары Фатима (р.а.) анамыз бен Ханафия анамыздан тарайтындары бір топ, басқа әйелдерінен тарайтындары бір топ болып, екі жікке бөлінді. Нәтижесінде Хазіреті Фатима (р.а.) ұрпақтарынан Ахл-ас-сунналық халиф шыққанша билікті уақытша Аббасидтерге беруге уағдаласады. Таңдау солардың ішіндегі аса тақуа, мүмін, жасы келген қария кісі Әбу Аббас әс-Саффаға түседі. Ол кісі бұл шақта дімкәс, аурушаң болған. Сондықтан, бар-жоғы 3–4 жыл

ғана халиф болады. Көп ұзамай дүние салып, билікті Әбу Аббастың інісі Әбу Жағыфар әл-Мансур басып алады.

Мұртаза Бұлытай мырзаның кітабында ол туралы: "Шиға Әбу Мүслімді о дүниеге аттандырды"; "757–758 жылдары фитнашыларды басып, бұзақылықты тоқтатты"; "762 жылы халифаттықтың жаңа бәйттағы Бағдад қаласы бой көтерді" деген деректер келтіріледі.

Бұл бағалаулар мен мадақтаулар, әрине, Аббасидтік халифат тұсындағы тарихшылар үшін дәстүрлі марапат болған. Бірақ біз тараптан бұл Халиф-әл Мансур залымдар қатарына жатқызылады. Себебі, 762 жылы (хижраша 145 ж.) Аббаси халифасы Әбу Жағыфар әл-Мансур астанасын Бағдадқа көшіріп алғаннан кейін бәріміз пір тұтып, мәзһабына бас иген Имам Ағзам Әбу Ханифаны (р.а.) Бағдадқа шақыртып алып: "Мансур әділетті болған халифа!" деп халыққа жарияла, – дейді. Хазіреті Имам Ағзам Әбу Ханифа (р.а.) оны қабыл етпейді. Ол аса әділетті, тақуа мұсылман еді.

Әл-Мансур оны зынданға салып, күніне 30 дүреден соққызып отырады. Имам Ағзамның (р.а.) қасиетті аяқтарынан аққан қып-қызыл қаннан зындан ішінде басар жер қалмайды. Бағдадтық мұсылмандардың наласынан қорқып, оны босатып, ұялғансып 30 мың ақша жібергенімен бұл сыйды Хазіретіміз Әбу Ханифа қабыл етпейді. Халифа Мансур оны қайтадан зынданға жауып, әр күні он дүре артығымен соққызады. Он бірінші күн дегенде халық қайта көтеріледі. Амалы қалмаған халиф елдің қаһарынан сескеніп, Имам Ағзам пірімізді күшпен шалқалатып жатқызып, аузына у қосылған шырын құйдырады. Ол 767 жылы (хижраша 150) шейіт болды. Бұл туралы "Басын сәждеге қойған күйі көз жұмды" деп жазылады ақиқи деректерде. М.Бұлытай бірақ аталған халифтың қанықпезерлігі мен мұнафықтығы туралы бір ауыз жақ ашпайды*. Егер біз М.Бұлытай келтірген мағлұматтарға сенсек "бұзық, фитнашы" біздің мәзһаб иеміз Имам Ағзам (р.а.) болып шығады.

Бұл кісі халифаны жалған айтып, мақтаудан бас тартып, одан өлімді абзал санаса, Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әулеті, Фатима (р.а.) анамыздан тарайтын Сейіт Мұхаммед Бәкірдің:

– Сен атам Расулуллаһтың дінін салыстырумен ауыстырып жүр екенсің, – деген айыптауына:

– Алла сақтасын, мұндай нәрсе қалай мүмкін болады. Лайық болған жерге отырыңыз, менің Сізге құрметім бар, – дейді. Мұхаммед Бәкір қалаған орнына жайғасқан соң, Хазіреті Имам Ағзам Әбу Ханифа оның алдына тізе бүгіп, былай дейді:

– Сізге үш сауалым бар, әйел әлсіз бе, ер кісі әлсіз бе?

– Әрине, әйел, – дейді Мұхаммед Бәкір.

– Әйелдің мұрада қанша үлесі бар?

– Ер адам екі бөлігін, әйел бір бөлігіен алады.

– Бұл амал Расулуллаһтың (с.ғ.с.) сөзі емес пе? Егер мен бұзған болсам, ер кісінің үлесін бір, әйелдікін екеу жасар едім. Алайда, мен аяттан және хадистен амал жасадым. Екінші сұрағым, намаз қасиетті ме, ораза қасиетті ме?

– Намаз әлдеқайда қасиетті.

– Егер мен атаңның дінін салыстырумен өзгерткен болсам, “әйел етек кірінен тазарған соң намазын қаза ету керек” дер едім. Оразаны қаза еттірмес едім. Үшіншісі, кіші дәрет лас па, әлде шахуат па?

– Кіші дәрет әлдеқайда лас.

– Егер мен атаңның дінін салыстырумен өзгерткен болсам, кіші дәреттен соң – ғұсыл, ер адамның шахуаты келсе дәрет алуды айтар едім. Алайда, мен хадиске қарсы ой қолданып, Расулуллаһтың (с.ғ.с.) дінін өзгертуден Алла тағалаға сиынамын, – дейді. Аят пен сүннет болған жерде салыстыру жасалмағанын, дәлелі табылмаған нәрселерді дәлелі табылған нәрселерге ұқсатып салыстырғанын айтты. Мұхаммед Бәкір орнынан тұрып, оны құшақтап, маңдайынан сүйеді*.

Мұртаза Бұлытай мырза дәріптеп көрсететін Әл-Мансұрдың астанасын өзгертуі де ел қамы, мұсылмандар мүддесі болмаған. Ол бұрынғы астанадағы Омеядтықтар ықпалынан және өзінің Әбу Мүслім секілді күллі мұсылман әлеміне танымал тұлғаларды өлтіргеннен кейінгі халықтың наразылығынан қорықты. Бағдадқа келгеннен соң да оның бірінші қысастығы Хазіреті Әли (р.а.) ұрпағына бағытталды. Хазіреті Әлидің (р.а.) Мұхаммед ибн әл-Ханафиядан тарайтын ұрпақтары – Абд ар-Рахим, Ысқақ, Абд әл-Жалил баптардан берілген мерзім ішінде Бағдад, Йемен, Шам, Шамат уәлаяттарынан әскерлері мен соңдарынан ерген жамағатын ертіп, шығып кетуді талап етті.

Олар Мұртаза Бұлытай мырза дәріптеп көрсеткен Әл-Мансұр халифтың қысымымен, мұсылмандар арасына фитна түсіп,

соғысқа ұласып кетпеуі үшін өздеріне қарасты серіктерін (әскерін) алып Бағдад, Шам, Шамат уәлаяттарынан үдере көтеріліп, Орталық Азияға хижрат жасайды.

Шын мәнінде де барлық шежірелердегі бірдей айтылатын хижраның 150 жылы аталған әулет Отанынан безіп, Имам Ағзамның (р.а.) шәкіртері – Әбд ар-Раззақ Самарқанды секілді Ұлы түркі ғаламына соғыс аңсап сапарға шыққан жоқ.

Бұл олар самарқандық түркі мұсылмандарының шақыруымен, мәзһабымыздың иесі Хазіреті Имам Ағзам пірімiздің насихатымен (кеңесімен) хижрат жасаған қазалы да қасіретті жылдар еді. Шежірелердің бәрінде де олардың жолдары Самарқандқа дейін шырғалаң болғаны көрініс табады. **Алдымен Шамнан Шаматқа, одан Исфаханға, одан Табризге (Табарнар), одан Мазандаранға, одан Сарахсқа (Шархс), одан Балхқа (Хорасан уа Наймондарға), одан Хорасанға (Балхқа), одан Термезге, одан Бұхараға, одан Самарқандқа келеді**. Мен жақшаның сыртында – Орын Қойлақидың, ішінде Қарахандық әулеттің деректерін көрсеттім. Оларда алып бара жатқандай айырма да жоқ. Екеуінде де мұғтармен, тарсалармен соғыстары Самарқандтан басталады. Солай бола тұрып бірде-бір жерде өздері соғысқан тайпалардың аттары аталмайды. Қарахандық қожалар шежіресінде: “Самарқанд халқы мұсылмандар еді” деп ерекше атап көрсетіледі. Орын Қойлақида аудармашы бұл жолдарды алып тастаған болуы мүмкін. Ал, оның мәні ерекше. Олар осы жерден өздеріне қолайлы орын тапты. Өйткені, бұл қала Бағдадқа қарағанда Имам Ағзам мәзһабы берік қалыптасқан мұсылмандар ордасы болатын.

Содан соң Өзгент, Ферғанаға келді. Одан әрі Қашғарға сапар басталады. Неге? Өйткені олар Самарқандқа келіп атбасын тірегенде түркі дін алымдары олардан “Пайғамбар бабаларының антын беруді талап етті”. Олар антты **“отырған орным – Отаным, қоршаған халқым – туысым, байлығым – шариғат”** деген түрде берді. Бұл ант оларды түркі тайпаларымен бірге Қытай басқыншыларына қарсы соғысуға мәжбүрледі.

Осы жерде айта кететін мәселе, бірде мен әкеміздің мүридтерінің арасына түсіп қалдым. Сонда олар менен: “Қашан аталарыңның антын орындап, ортамызға келесіз?” – деп сұрады. Мен, әрине, “қандай ант” екенін сұрадым. Сонда олар да осы

антты есіме салды. Айырмасы олар маған «елім-жұртым туысым деп айт» - десті.

Егер ең соңғы ірі соғыстарды талдап қарайтын болсақ, Наполеонның да, Гитлердің де Мәскеу түбінде қирауының бірінші себебі "әскерінің тылы қамтамасыз етілмеді" дейміз. Артында не азық-түлігі, не адам күштері болмаса араб әскері Атлах түгілі шағын шайқастардың өзіне төтеп бере алмас еді. Арабтар үшін аумалы-төкпелі қарлұқ тайпаларының кенеттен келіп қосылуынан гөрі тұрақты тылдың маңызы зор. Мен ерінбей-жалықпай үш бапқа еріп келген араб әскерінің шығынын есептеп көрдім. Бұл шығын көлемі бойынша Абд ар-Рахим (р.а.) бап Таразға жеткенде соңында шолғыншы жасақ қана қалуы керек. Сонда оның қалың қосынын толықтырып, ат-көлікпен, аспап-киіммен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырғандар кімдер?

Осылардың бәрі бүгінгі тарих аталған шетелдіктердің шатпағының емес, шежіре шерткен сырлардың ақиқатқа жақын екенін көрсетеді.

## II БӨЛІМ

# ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

*Хазіреті Әли (р.а.) ұрпағының бір тармағы Қарахандық қожаларды індетіп жүріп биліктен кетірген, қырып-жойған Ақсақ Темірге өз тегін Шыңғысханға қосып, бұдан әрі Хазіреті Әлиге (р.а.) апарып тіркеудің не қажеттілігі болды?*

*БІРІНШІ ТАРАУ*

# ШАХЗАДА ШЕРЛЕР

*Жалпы, Хазіреті Әли (р.а.) бабамыздан бастап бұл әулетте жастары 63-ке толысымен "дүние ісін тәрк ету" дәстүр болған.*

Шежіреде **Шаһ Абд ар-Рахим бап** Испиджаптан (Пиром немесе Сайрам) шығып (ұрғу Қатлаш) Жеті кент елдеріне Ислам аша барады. **Таразды алған соң "Құл Қадар Сыддық Бохра Қарахан" деген лақабқа ие болады**. Бұл деректі ғұлама тарихшы Ә.Марғұлан да қолдайды. **Мұндағы "Құл"** деген атау Құран аяттарындағы **"Ол*",** одан да анығы – **"Ақиқаты осы"** деген мағынаны білдіреді. Исі мұсылманға аян, Алланың 99 есімі "исми ағзам" деп аталады. Солардың ең көркемі Рахман және Рахим деген есімдер. Біз тіпті, барлық игі істерді де және сөз басын да Аллаһтың осы есімдерін ауызға алып бастаймыз. Алаһтың одан кейінгі бір есімі – **Қадар, яғни Жазмыштың жіберген сыйы** деген сөз. **Сыддық – шыншыл, турашыл, әділетті** дегенді білдіреді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хазіреті Әбу Бәкірдің (р.а.) ең ұлық қасиетін ерекшелеп көрсету үшін оны "Ас-Сыддық" деп атаған. **Бохра – біз жоғарыда көрсеткендей** ("Ислам: қысқаша анықтама") **Фатимашыл Әли ұрпағы**, **Қарахан – ұлық патша деген сөз. Хазіреті Әлиді Қарамолдах, яғни Ұлы ұстаз деп те атаған.** Бұл сөздердің бірде бірінің олар талқандаған қашғарлық екі патшаның бірі Мыңкөзлі Боғраханға қатысы жоқ.

Бұл кісілер хижраның 150 жылы (767 ж.) Шамнан шығып, Жеті кент елдеріне жеткенше кемі бір жыл қажет. Сонда Атлах соғысы (Талас ғазауаты) 768 жылдар шамасында болған. Шежірелерде: "Осы соғыста 60 мың мұғ өліп, 12 мың мұсылман шахид болды" делінеді. Абд ар-Рахим баптың бұл жеңісі егер олар Шежіреде баяндалатынындай бірігіп, Өзгенд, Ферғанадағы қытай әскерлерін (Шежіреде 40 мың мұғ өліп, 8 мың мұсылман шахид болады) күл-талқан етпесе, Талас ғазауаты кезінде Ысқақ бап Сайрамнан шығып Қарғалық-Чулжан бағытында 260 мың әскері бар, қытайлардың одақтасы Бәйтулдар патшаға соққы

жасамаса, Абд әл-Жалил бап Өзгент бағытында Батыр Шамуд пен оның ұлы Сары тонды Утимишті ұстап тұрмаса баянды болмас еді.

Бұл соғыста Ысқақ бап жеңіске жетіп, Қарғалықта тарсалардың 20 мың әскерін жояды. Ұзын саны 5 мың мұсылман шахид болады. Бәйтулдарды қуып Чулджанға дейін барады. Мұнда да 3 күн бойы дамылсыз соғысып, 30 мың тарса мен хандары Бәйтулдардың өзі өліп, 7 мың мұсылман шахид болады. Өзгент бағытында мұсылмандар қатты қарсылыққа, кескілескен шайқасқа тап келеді. Бұл жерде 100 мың мұсылман, соның ішінде Сары тонды Утимиштің қолынан Абд әл-Жалил баптың өзі шахид болады. Тарсалардан 50 мың адам өледі. Тірі қалған 105 мың мұсылман Ысқақ бапқа хабар беріп, ол келгенше кейін шегінеді. Көп ұзамай 30 мың әскермен Ысқақ бап Баршынға келіп, мұсылман әскеріне қосылады. Олар Сары тонды Утимишке қайта соғыс ашып, оны тұткынға алады. Қарғалыққа апарып, бір жыл зынданда ұстайды. Исламға шақырады. Ол иман келтірмеген соң өлтіреді. Баптар арасындағы осындай бірлікпен тізе қосқан іс-қимылдары ғана түркілер мен арабтардың Талас ғазауатындағы қытайлармен соғыстағы жеңісін баянды етті. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Хазіреті Әли (р.а.) бабамызға Хайбар соғысында берген Мұхаммед ибн әл-Ханафия (р.а.) Қараханның Туы Тараздың төрінде желбіреді. Тараз түркі мұсылмандарының жаңа астанасына айналды.

Мұсылмандар қатарының, әскерінің жергілікті түркі тайпалары есебінен толығуына, жаңа одақтастарға ие болуына **Хазіреті Ысқақ (р.а.) бапқа ілесіп келген таба-табғиндардың үгіт-насихаты, ел алдындағы бедел-абыройы** айрықша сүйеніш болды. Ерекше айта кететін жайт, таба-табғиндар дегеніміз табғиндардың көзін көріп, олардан ілім алғандар. Ал, табғиндар – сахабалардың көзін көріп, олардан ілім алғандар. Сахабалар – Пайғамбардың (с.ғ.с.) үзеңгілес серіктері.

Қарахандық қожалар Шежіресінде солардың ішіндегі **Шейх Бахраддин Каффалдың, Абдул Әзиздің, Инарлық шейхтың, Чин Уасил Баннахтың, Жүніс Луғат Жуастың** есімдері ерекше құрметпен аталады.

Осы жерде: "Басқа-басқа араб тарихшылары Ислам ашу жолындағы, әсіресе **Атлах ғазауаты** сияқты аса ауқымды іс-қимылды неге көрмеді? Неге одан аттап өтіп кетіп отырды?"

деген заңды сұрақ туады. Оған себеп біреу ғана, олар тарихты халифалар үшін халифат аясында ғана жазды. Тарихта Ислам әлемін шармықшылардан қорғап қалуда түбі түркілік мұсылмандардың ерен ерліктер жасағаны, тіпті Бейбарыстың халифаға қорған болғаны шындық. Бірақ түркілерді қорғау мен оларға көмек көрсетуде халифаттың ең болмаса бір рет шырпы ұшын сындырғанын тарих білмейді. Арабтардың ең көрнекі тарихшыларының өзі түркі мұсылмандарының шынайы тарихын жазуға халифалардың қаһарынан аса алмаған, қасақана бұрмалап жазған. Халифалардың басқаға қабілеті жетпесе де адамдарды жазалауда, жандарына азар беруде олардан өткен шебер болмаған ("Мың бір түнді" қараңыз).

Ата-бабаларымыз біздің ауызша Шежіреде Абд ар-Рахим баптың Тараздан әрі аспағанын, Қашғарға үлкен ұлы Абд әл-Кәрімді* аттандырғаны айтылған. Ол кісі Таразда қалып, Қашғарды иманға келтіруге аттанған әскердің тылын қамтамасыз етіп отырған. Бұл жорықтарда ішкі Ислам аймағында – Самарқанд, түркілер арасында Тараз аса маңызды стратегиялық орталыққа айналады.

Пайғамбар (с.ғ.с.) жасына жеткенде Абд ар-Рахим бап Тараздан Самарқандқа кері қайтады. Мүмкін одан ары Меккеге оралғысы келген, қажылыққа баруға ниеттенген шығар? Бірақ Самарқандтан аса алмай, осы жерде бақилық болады. Жалпы, Хазіреті Әли (р.а.) бабамыздан бастап бұл әулетте жастары 63-ке толысымен "дүние ісін тәрк ету" дәстүр болған. Бәлкім, бұл соның бір көрінісі шығар? Ол кісінің қанша жыл өмір сүргені еш жерде айтылмайды. Тек өлген соң Самарқандтағы Құсам ибн Аббаспен қатар жерлеуді өсиет етеді. Кейбір деректерде: "Бұл кісі Самарқандқа сүйегі Құсам ибн Аббаспен қатар жатуы үшін арнайы барды" деп те айтылады. Шын мәнінде Құсам ибн Аббастың басына кесене көтеріп, өзіне орын әзірлеген де осы кісі болған.

Мен "Шаһ-и-зиндо" деген атпен белгілі қабірстанның неге бұлай аталғанын білу үшін көп іздендім. Құлаққа қонымды жауап таппадым. Құсам ибн Аббастың Шежіресінде: "Шаһ Мардан Шеризаван уа-Хазіреті имам Әли Қарамоллахтың заманында осы өлкеге Ислам аша келіп, жараланып, шахид

**Қылышты–Абә әл–Карим Сыздық Бохра Қарахан*

болды" делінеді. Ол Шаһ емес, қатардағы жауынгер еді. Ендеше мұндағы жатқан алғашқы "шаһ" дегені кім? Біздің Шежіреде ол "Шаһ Абд ар-Рахим Қарахани" делінген. Тарихшылар мұнда екі нәрсені, біріншісі, Самарқанд Қарахандықтарға тиесілі екі астананың бірі болғанын, екіншісі, осы дәуірде "Шаһ-и-зиндо" Қарахан әулетінің ортақ қабірханасы болғанын ғана мойындайды. Одан арғысы жоқ. Ақсақ Темірден бір-ақ шығады. Оған дейін бүкіл Самарқанд қаңырап бос тұрған сияқты әсер қалдырады.

Біздің қолымызға түскен Махмудовтар Шежіресінде және шыназдық Қарахандықтар құрастырған жинақта "Абд ар-Рахим бап Қашғарда 30 жыл патша болды. Оны бұл жерде Бұхра хан деп атады. Алмалық (Алматы) және Қиялық (Фаналық) жерлерін иманға дауғат етті. Одан соң Құзбалыхты алып, Қылышты Қарахан атанды. Осында опат болды" деп жазылған. Бұдан әрі түсініксіз, бұлыңғыр мәтіндермен жалғасады.

Мен Махмудовтар Шежіресін Құранға жетік, өзбек, шағатай, қазақ тілдерінде іс қағаздарын жүргізе алатын Зиятхан Бөрібеков деген бауырымызға аударттым. Менің де әріптерді ажыратып оқитындай көне түркіше сауатым бар, бірақ оным жетімсіз болды. Шежіренің басы арабша басталып, салауаттар айтылған соң түркі әріптермен жартылай оғыздық стилде, жартылай шағатайша аралас тілде жазылған. Әріп таңбаларын ол маған да көрсетіп отырды. "Осында опат болды" дегеннен кейін: "Абд ар-Рахимнің бір ұлы болды. Биярлық, Балық және Қарахан атанды. Оның (осы тұсын оқи алмадық) Отырарға келіп, ишан болып Қарахан атанды. Оның ұлы Пиромға келіп, ишан Мансур атанды. 43 жыл патшалық құрды. Оның ұлы ("Дуа-и-тон шығар" деп топшылағанымызбен нақтылай алмадық) 35 жыл патша болды. Оның ұлы Қылышлық Арсланхан атанды. Отырарға келіп 40 жыл патшалық қылды. Оның ұлы Ілияс хан, оның ұлы (жазу көмескі), оның ұлы Истиджан хан", т.б. болып тізбектеледі. "Қасақана алып тасталған тұстарда не нәрсе болды екен?" деген сұрақ көкейден кетпей қойды. Ол сұрақтарға біздің әкемізден ағаларымыз іліп алып бізге жеткізген Шежіреде ғана жауап бар сияқты.

Шежіре бойынша Қашғарда Қылышты Абд әл-Кәрім Бохра Қарахан бабамыз опат болған. Одан тарайтын ұрпақтар сол заманнан бері Қылышты қожалар деп атанады. Оның қабірі

бүгінге дейін сақталған – Атуш қаласында. Ол кісінің діни лауазымы туралы ешбір деректерде айтылмайды. Тек қана дін Ислам үшін қылыш ұрған Ғазы деп білеміз. Қабірханасының сән-салтанаты да соны көрсетіп, батырлық пен патшалық рухты паш етіп тұрғандай. Осы тұрғыда, Ақсақ Темір Сахибқыран өз кесенесінің ("Гөр Әмір" мазараты) қабырғасына* жазғызып кеткен Шежіресі қызық жағдайға сілтеме жасайды. Мұнда: "Повелел построить этот шерифский сад великий повелитель над всеми народов, избранный помощью царя милостивого, амир Тимур Гурган, сын амира Тарагая, сына амира Беркеля, сына амира Айлангира, сына амира Иджиля, сына амира Караджара. Да увоковечит Аллах всевышний царство его и власть". Интересно, что в эпитафии намогильного камня Тимура из мовзолея Гур-и Эмир в Самарканде Караджар назван не амиром, а нойоном. Там же, помимо перечисленных пяти колен, после Караджара указаны... амир Сугуджиджин сын амира Ирдамчи барласа, сына амира Качулая, сына Туманай хана ...Так, указано, что Туманай хан "сын амира Байсунгура, сына Кайду хана, сына амира Тутумтина, сына амира Буки, сына амира Бузанджира. И не был известен отец у него благородного, исключая того, что его мать (была) Аланкува" *(автор мұны Темірланның сейіттерге құрметінен деп түсініктеме беріп, бұдан әрі жалғастырады)*. ***"Сообщается что она (Аланкува) была по своей природе правдивою и целомудренною и не была прелюбодейкою; она зачала от света, (который) проник к ней через горнюю дверь и предстал перед нею в образе совершенного человека. Он сказал, что он – из сыновей повелителя правоверных Алия, сына Абу Талиба"*** (35-бет).

Осыны растағандай ***Сулайман шаһ Шараф ад-Даула Қарахандықтартар мемлекетін 92 өз, яғни дербес бектіктерге бөлгенде бір өз бектік – Қияттарға Аланқо анадан тарайтын Бұзынжардың ұрпағы Туманай ханды бек қылып қояды.*** Осыдан бастап олар көршілес жатқан түркі тайпалары ішінде **ақсүйек**** болып табылады. Өздері тектес тайпадан шыққан Қият нояндарының бұл дәрежесі меркіттердің де, татарлардың да ызасына тиеді. ***Егер бұл шындық болса Аланкуваның шаңырағынан түскен Әли ұрпағы кім?***

Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарихи Рашиди" кітабының*** 44-бетінде: "***Тоғлық Темір хан Есенбұғаның ұлы, ал Есенбұғаның атaтегі былайша жүйеленеді. Есенбұға хан ибн Даваж***

***хан ибн Барақ хан ибн Қара Исун (Қарасу) ибн Мамкан ибн Шағатай ибн Шыңғысхан ибн Йусуқай ибн Биртан ибн Қабал ибн Кумше ибн Тумана хан ибн Байсұңқар ибн Қайду ибн Думанин ибн Бұқа ибн Бузанжир хан (Нұрбаһрхан) – Аланкуа Көріктің (Курлук) ұлы. Аланкуа Көрік пәк әйел еді. “Зафар-намада” ол жайында былай жазылған: “Оның ішіне нұр сәулесі еніп, жүкті болады. Дәл осылай Жебірейілдің дәнекерлігімен Имранқызы Мәриям да күйеусіз жүкті болған еді. Екі оқиға да Алланың құдіретімен болған жәй”. Өлең:***

***О, Мәриям, өзіңнің тағдырыңды беріпті:***
***Тағдырына сенесің Аланкуа Көріктің”, –***

деп Аланкуа Көріктің ататегі туралы тарихта бүге-шігесіне дейін жазылғаны айтылып, “Арғы тегі Яфет бин Нұх пайғамбарға барып қосылады” деп тоқталады. “Бүге-шіге” деп салмақтап отырғаны бізге Әбілғазы сұлтан қалдырып кеткен шежіре болса шекеміздің шылқи қоймасы анық. Ол: “450 жылғы кісілерді тарихтан таппадық” деген соң біз осы жылдарды биологиялық тәртіпке салып 30 жасқа бөлдік, яғни бұл 15 ұрпақ. Оған сенсек, Шыңғысхан Адам ата Сафиуллаһтың 63-інші ұрпағы. Барлық тізімді жиып алып 30 жасқа көбейтсек, Адам ата біздің жыл санауымызға дейінгі 700-інші жылдары жаратылған болып шыға келеді. Сонда бірінен соң бірі жалғасып келетін 124 мың пайғамбарларымыз қайда?

Мұндай оқиғаларға баға беру тәртібі туралы ***Хазіреті Әбу Язид Бистами (р.а.) піріміз: – “Ауада малдас құрып отырған біреуді көрсеңдер, оның Иллаһи әмір мен тиымдарды орындағанына, сүннетке мойынсұнғанына және Хақ тағаланың құқығын қорғағанына көз жеткізбейінше мұнысының керемет екеніне сенбеңдер”*** дейді.

Бұл орайда, Ақсақ Темірдің жазғаны Иллаһи талаптарға анағұрлым жақын секілді. Өйткені, ол ешкімге (соның ішінде Сайд Қожалар әулетіне де) де, ешнәрсеге де (толық дәрежедегі әмір ретінде) тәуелді болмаған. Бұл оның жазғызған мәтінін одан сайын растай түседі. Қалай болғанда да бұл жайт бірнеше түрлі сұрақтарды алдымызға көлденең тартады.

Атап айтқанда:

1. Шаңырақтан түскен тірі адам? Егер керемет болса, оған сол тұста-ақ ***Иллаһи*** дәлел керек. Қытай тарихшыларының айтуынша Аланқо Көрік те, оның Жошыға дейінгі ұрпақтары да пұтқа табынушы болған. Демек, Иллаһи дәлел жоқ болып шығады. Онда Алан Көріктен туған баланың аты қалайша

**НҰРБАҺАРХАН** (Бужанжир – Бужинжар дегеннің өзі де көне түркіде Жардың (Жаратушының) қалыптасқан табиғатты **бұзып** берген сыйы болып шығады) **болып жазылған?**

2. Екі мәтінде де авторлар оқиғаға “Әһлі кітап”, яғни Кітап иелері тұрғысынан баға береді. Біріншісі, таза Ислами болса, екіншісі, Ислам мен христиандарға ортақ ұстаным. Демек, бұл оқиғада пұтпарасаттықтың исі де жоқ. Егер біз оған Ислам қағидатына сай баға берсек “Соңғы Пайғамбардың (с.ғ.с.) келуімен, Құранның түсуімен кереметтің есігі жабылды (“Саффат” сүресі, 8-9 аяттар)” деп түсінеміз. Демек бұл оқиға адамның араласуымен болған. Ал егер оны тірі адам, шын мәнінде де Хазіреті Әлидің (р.а.) ұрпағы дегенге мойынсұнсақ бұл өңірге сол заманда аяқ басқан Қылышты Абд әл-Кәрім Сатуқ Бохра Қараханнан басқа ешкім жоқ! Бұған Иллаһи дәлел Қарахан мемлекеті әлсіреп, 92 бауылы **өзбектіктерге** бөлінгенде Қият тайпасының бір әулетіне бектік дәреже берілгені. Қаншама мықты тайпалардың соларға бағындырылуы.

3. Сол кезде Алан Көрік ананың басына түскен үлкен айыптан құтылуы үшін оның сөзіне дәлел, өзіне күшті қорған керек болды. Бұл жағдайда да, ата санын қатар таратсақ ол тұлға Қылышты Абд әл-Кәрім Сатуқ Бохра Қарахан болып шығады.

4. Біздің Шежіреде де: “Кәрілік түскенде Абд ар-Рахим (р.а.) Тараздан Самарқандқа кеткен соң оның орнына екінші ұлы Абд әл-Хасан Қарахани* отырды” деп жазылған. Демек шаңырақтан түскен Хазіреті Әли (р.а.) ұрпағы – тек қана Қашғар асып кеткен, сүйегі де сонда қалған Қылышты Абд әл-Кәрім Бохра Қарахан болуы ғана мүмкін.

5. Мен қытайлықтардың “Шыңғысхан” деген көп сериялы киносын кемі 10 рет көрдім. Қытайлар оған “ұзын сақал” деген монахты зорлап әкеліп танғанына дейін оның әрекеттерінен не буддизмнің, не христиандықтың, не пұтпарасаттықтың исін де сезе алмадым. Оның орнына Шыңғысхан соғыс даласынан тауып алған татар баласын үйіне әкеліп, анасына тапсырғанында: “Біздің ата салтымыз бойынша бұл баланы сіз бауырыңызға басуға тиіссіз” дейді. Бұл не мұңғұлда, не көне түркіде, не қытайда жоқ үрдіс. Бұл біздің әулетте Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз Өзін (р.а.) өлтіруші Абдрахман ибн Мулджамды бауырына басуынан бері қалыптасқан дәстүр. Екінші, олардың

дәстүрлеріндегі сопылық дәстүр. Соның бірі – Шыңғысханның ұлық істер алдындағы оңашалануы...

Бұл әлбетте мен дәлелдейтін немесе ақ-қарасын ажырататын іс емес. Мен сөз орайына қарай тілге тиек еттім. Бәлкім, бұл тарихшылар үшін болашақта зерттеу нысанына айналар, ақиқатқа жол ашылар! Біздің Шежіреде бұл мәселе нысанаға алынбайды. Бар айтылатыны, **Қылышты Абд ал-Кәрім Бохра Қараханнан Қылышты қожалар әулетінің тарайтындығы.**

Бұл кісінің бір ұлының, немесе мирасқорының аты Әбу Бәкір Сыддық болса керек. Одан Қожа Ауппақ әулеті деген тармақ таратылады. Анығы бір Аллаға аян.

## *ЕКІНШІ ТАРАУ*

# ӘЛҚИССА, ӘУЛИЕ ҚАРАХАН!

*“Мың бір түн” қиссасында Әбілхасан Таразидың аты-жөні баспаның қателігінен араб қарпіндегі ұқсас келетін “Т” мен “Д”, “З” мен “Ж” шатастырылып, ашық түрде “Даражи” деп жазылады.*

Менің қолыма Махмуд ишанның ұрпағынанда сақталған Қарахандық қожалар Шежіресі тиген соң Абд әл-Хасан Қараханидың Абд ар-Рахимның (р.а.) екінші ұлы екеніне ешбір күмәнім қалмады. Осы сенімімді пысықтай түсу үшін “Нұр әл-Улумның” орысша мәтінін қайта қарап шықтым. Кітаптың 272-бетінде оның есімі “Абд әл-Хасан Әли Ахмад Харакани” деп жазылыпты. Әли деген сөздің алдынан үстінгі жағында үтір қойылған. Бұл (Әбу – әкесі) Әли Ахмадтың әкесі Әбд әл-Хасан дегенді білдіреді. Осы кітапта бұдан әрі: “Абу Сайд ибн Абу-л-Хайр... поехал через Харакан. ...шейх Абу-л-Хасан ... послал навстречу своего сына Ахмада и нескольких муридов” деп жазылады (273-бет). Осылайша автор біздің пікірімізді барынша нықтылай түседі.

Абд әл-Хасан Қараханидың болмысына орыс зерттеушілерінің қызығушылық танытуы да көңіл аударарлық. Шығыс әдебиетінің білгірі, белгілі ғалым В.А.Жуковский Әбу Сайд ибн Абул Хайырдың еңбектерін зертеп жүріп, оны Абд Аллаһ Ансарисыз түсіне алмайтынына көзі жетеді. Бұл жөнінде аталмыш кітапта: “Издание избранных стихотворений Ансари, как явствует из собственных слов В.А.Жуковского (“Песни”, стр. 113) было как бы предварительным сообщением, за которым должна была последовать более обширная работа на ту же тему. Работа эта выполнена не была. ...Жуковский установил, что Ансари в сильнейшей степени зависел от своего муршида... Абу-л-Хасана Харакани...” делінеді. Содан Британия музейінен “Нұр әл-Улумның” фотокөшірмесін алады. Бұл өте қарапайым, ауызекі тілмен құрастырылып, шет-шеттеріне Фарид-ад-дин Аттардың (1119–1220 жж.) “Тазкиратул аулийасынан” сілтемелер жазылған дүние болып шығады. Кітапты (235-бет) зерттеушілер Абд әл-Хасан жазбаған, ол “1299 жылдары

құрастырылған, көшірме" деп табады. Осы жерде еш дерекке сүйенбестен, Абд әл-Хасан Хараканидың өлген уақытын неге екені белгісіз 1033–1034 жылдар деп көрсетеді. Бұдан әрі Абд әл-Хасан Харакани: "Жағыфар Сыддықтың (765 ж.ө.) шәкірті Әбу Язид Бистамидан (р.а.) (878 ж.ө.) увайсия жолымен рухани ілім алды" дегенді қайталайды. Кітаптың баяндауынша "Шейх Абд әл-Хасан 12 жасында, біреулер 18 жасында дейді, Әбу Язид Бистамидің қабіріне зиярат етіп барады. Қабірден Ұлы ұстаздың: "Саған отырықшы өмірге көшетін уақыт жетті" деген даусы естіледі. Абд әл-Хасан: "Уа, Шейх, менің ісіме қамқор болғын, мен сауатсыз адаммын, шариғатты да білмеймін, Құранды да зерттегенім жоқ" дейді. Қабірден сонда: "Бізде болғанның бәрі бізге берілген, соның бәрі сенің шарапатыңнан болған" деген дауыс естіледі. Ол: "Уа, Шейх, сен менен 200 жыл бұрын өмір сүрдің ғой" дейді. Оған сонда мынадай жауап берілді: "Бірде мен Карахан арқылы өттім, сонда жерден Аспанға көтеріліп, бұлттарды жарып өткен Нұрды көрдім. Отыз жыл бойы мен өз тілегіме жете алмаған едім. Сонда Аспаннан хабар жетті: "Сен мына Нұрдан дәнекерлік сұра, сонда сенің тілегің орындалады". Мен: "Бұл қандай нұр?" деп сұрадым. Аспаннан: "Бұл шын берілген құлдардың ішіндегі ең жақын болған құлдың Нұры. Оның аты – Әли, лақабы – Абд әл-Хасан" деген жауап алдым. Менің тілегім қабыл болды". Содан соң: "О, Абд әл-Хасан, "мен Аллаһқа жүгінемін" деп айт" деген дауыс шықты. Абд әл-Хасан ханакасына оралғанда Құранды толық жатқа білетін болып шықты. Бұған сенсек, Абд әл-Хасан бабамыздың туған уақыты 1078 жылы болуы керек.

Кітапта сондай-ақ, Махмуд Газнауидың (1030 ж.ө.), Әбу Әли ибн Синаның Абд әл-Хасан Қараханиды іздеп барғандары, оның Әбу Бәкір Шиблимен таныстығы (945 ж.ө.) секілді оқиғалар жиі айтылады. Мұның бәрі Абд әл-Хасан Қараханидың өмір сүрген уақытының қолданыстағы әдебиеттердегі дерегі сан қилы екендігі мен олардың бірде-бірі шындыққа жанаспайтынын көрсетеді. Өйткені, 1111 жылы өлді деп есептелетін имам Ғазали біз айтып отырған Қарахан бабаның шәкірті Шейх Әбу-л-Қасым Гураганидың (Қожа Ахмет Ясауидің силсиласында Әбіл Қасым Қарахани. Біз М.Х.Дулати нұсқасына жүгіндік) шәкірті Қожа Абу-л Әли Фармиди Тусидің шәкіртіне шәкірт болған. Шәкірттік мерзім қашықтығы 50-ден басталып 70-жасқа дейін

жалғаса береді. Одан ерте емес. Оған себеп, тариқат тәртібі бойынша ұстаздық дәреже (пірлік, мүршидтік) "шалдыққа" жетпеген, яғни 40-тан аспаған адамға берілмейді. Осылай есептегенде 1111-ден кемі 200 жылды алып тастау керек. Сонда 900-жылдарға дейінгі уақыт шығады.

Бірақ не Шейх Әбу-л Қасым Гургани, не Қожа Юсуб Фармиди туралы "Нұр әл-Улумда" да, орыс зерттеушілерінің түсінктемелерінде де бір ауыз айтылмайды. Оған керісінше, басқа әдебиеттерде (М.Х.Дулати) "Үндістан жорықтарының алдында Махмуд Газневидің (1030 ж.ө.) Қарахан бабаның өзін емес, ханакасын зиярат еткені" айтылады.

"Нұр әл-Улумға" сенсек, олар кездесіп, сұхбаттасқан. Бұл деректер бойынша Абд әл-Хасан Қарахани бабамыз 95 жыл өмір сүрген дегеннің өзінде оны 800-жылдардағы оқиғаға жалғастыра алмаймыз. Кітаптың түпнұсқа болмауы, оған Фарид ад-дин Аттардың кітабынан үзінділер жазылуы орыс зерттеушілері пікірлерінің де сын көтермейтінін көрсетеді. Ал, "Мың бір түн" қиссасында Әбілхасан Таразидың аты-жөні баспашының қателігінен араб қарпіндегі ұқсас келетін "Т" мен "Д", "З" мен "Ж" шатастырылып, ашық түрде "Даражи" деп жазылады.

Тағы бір ескеретін жайт, "Мың бір түннің" Қалмахан Әбдіқадыров аудармасынан басқа нұсқаларынан бұл хикаяны таппадым. Жұрттың айтуынша, бұл кітаптың аударылуында біздің әкеміз Әбдіқайым ишанның ықпалы күшті болған. Меккеде ұстазы Әбу Язид Бистамимен, имам Шағбимен сұхбаттасқанын, солардың сілтеуімен ұзақ жылдар бойы ізденіп жүріп, имам Жағыфар Сыддықтан увайсия жолымен уәзипа* алғанын баяндайды. Осы уәзипаға сай Абд әл-Хасан Қарахани бабамыз ұрпақтарына: "Біріншісі, алдарыңа бір нәрсені мақсат етіп қойсаңдар, соның жолында тарықпаңдар, зерікпеңдер, шағылмаңдар, мойымаңдар (Алла рухы осал пенделердің тілегін бермейді). Екіншісі, адамды сыртқы келбетімен, киімімен танымаңдар, кебенек (киім) ішінде, жүрегінен таныңдар ("адам аласы ішінде, мал аласы сыртында"). Түнді түгел ұйықтамаңдар. Алла түнді түгел ұйықтау үшін бермеген. Ойланыңдар, оқыңдар, ізденіңдер, өздеріңе-өздерің есеп беріңдер, Аллаға зікір етіңдер" деген үш өсиет қалдырып кетеді.

**Уәзипа - тапсырма*

Сонымен, жазбаша шежірелерде көрсетілгеніндей, Абд ар-Рахим бап Қашғарда 30 жыл патшалық құрса, орташа өмірі 70 жыл болғанның өзінде Талас ғазауаты кезінде кемі 30 жастан асуы керек. Демек ол 800-інші жылдың ар жақ, бер жағында дүниеден өткен. Оның “Биярлық пен Балхтың Қылышты Қарахан” атанған ұлы Абд әл-Хасан емес, Абд әл-Кәрім Сыддық Бохра Қарахан. Өйткені, біз сөз етіп отырған Ұлы Шейх Абд әл-Хасан Қараханидың жаулап алушылық соғыстарға қатысқандығы туралы ешбір әдебиетте, аңызда бірде-бір дерек кездеспейді. Ал Шежіреде оның “жиһангерлік пен батырлық тарихы” қозғалмайды.

Қазіргі “данышпан тарихшылардың” Айша бибі анамызға байланысты айтып жүрген аңыздарының да бәрін де негізсіз етіп шығарады. Ол Қарахан бабамыздың некелескен әйелі, Сайд әулетінен (яғни қазіргі қожалардан) шыққан Ысқақ (р.а.) баптың қызы. Қарахандықтардың бүкіл ауызша Шежіресінде олардың көбіне-көп Ысқақ (р.а.) бап әулетімен құдандалы, барыс-келіс болғандарына, қыз берісіп, қыз алысқандарына ерекше мән беріледі. Бұған тағы бір дәлел, “бибі” деген сөз араптарда да, түріктер де “немере қарындас” дегенді білдіретіндігі. Тіпті бертінге дейін қожалар қожадан алған әйелін “бибі” деп, басқасын жергілікті халыққа тән атаулармен атаған. Айша бибі анамыздың жанындағы кесенесі қатар бой түзеп тұрған Баб Аджа Хатун анамыз оның қызметші емес, Түркі дәстүрінде Хакан (Қағанның) әйелдерін құрметтеп Хатун (бидің әйелін – бикеш, бектің әйелін – бегім, байдың әйелін – бай бише, ханның әйелін – ханым, сұлтанның әйелін – сұлтан бегім, т.т.) деген. Қазір қазақтар әкесінің анасын “әже” дейді. Ал бұрын Абай Құнанбаевтың тілімен айтқанда “кемел адам”, сопылық тілмен айтқанда “кәміл инсан” (аджа) дәрежесіне жеткен, бүкіл әйелдер қауымына Пір болған аналарды ғана “аджа, ажа” деген. Қазақта сол заманнан қалған: “Әй дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ” деген фразалогияны бүгінге дейін тұтынып келеміз. Ал, “баб” деп бір емес, бірнеше тайпаны Исламға баят еткізген, Ислам үшін қылыш ұрған Ұлы тұлғаларды, дін қаласының жамағат кірген қақпасын ғана айтамыз. Бұл Баб Аджа Хатунның ары кеткенде Абд әл-Хасан бабамыздың түркі тайпасынан алған әйелі, болмаса Исламды қабылдаған Түркі қағандарының бірінің әйелі екенін көрсетеді.  Қазақша аударғанда «Ханым әже баб»

болып шығады. Аталған кесенелердің екеуінің де шатыр тектес салынғанына қарағанда бұл олардың көзі тірісінде өздері тұрған, әйелдерге арналған ханакасы, алқаптың мұсылман әйелдерінің тұрағы, сондай-ақ медресесі болғанын көрсетеді. Ал біз өреміздің тайыздығынан әркімнің сөзіне еріп, Ұлы аналарымыздың биік рухын, дін Исламға қызметін аяқасты етумен келеміз. Бұл мәселеге сол себепті де алдағы кезде бір емес, бірнеше мәрте, қайта-қайта тоқталып отыратын боламыз. Өйткені оған біз мұқтажбыз.

*ҮШІНШІ ТАРАУ*

# ТӘЛІП ИШАН ШЕЖІРЕСІ

*Дәстүр бойынша Шежіре тек 40 адамнан тұратын куәгердің көзінше ашылады екен. Тәліп ишан 40 куәнің ортасында, жан басын өзі санап отырып, шежірелердің орауын жазды. Мен 40 адамның көз алдында әкеміз жазып қалдырған 11 атамызға дейінгі тізілімді қойдым.*

Тәліп ишанның арғы тегі – Бақшайыс қожа. Мекен-жайы – Самарқанд уәлаяты, Жамбай тұманы (ауданы). Қызметі – осындағы "Әулие Қарахан" мешітінің имамы. Онымен екі рет кездесудің сәті түсті.

Бұл кісіде тек Қарахандықтардың ғана емес, барша Пайғамбар (с.ғ.с.) әулеттерінің шежіресі сақталыпты. Айтушылардың дерегіне қарағанда, оның атасы Қызыләскер қатарында Бұхара әмірін тақтан тайдырып, ордасын ойрандауға қатысады. Сол кезде барлығы ордадағы алтын-күміс, бағалы заттарға жармасып жатқанда оның көзі алаңға шығарылып, өртеліп жатқан кітаптар мен елік терісіне жазылған орамаларға түседі. Арабша сауатты болғандықтан, орамалардың Шежіре екенін көрісімен жинап алып, тығып тастайды. Бұл кісі Кеңес кезінде заң аясынан шықпай, жасырын ишандық та етеді. Баласы колхозда есепші болып жұмыс істейді. Ол бар білгенін баласына емес, немересі Тәліпке үйретеді. Шежіре орамаларын соған мирас етіп қалдырады.

Дәстүр бойынша Шежіре тек 40 адамнан тұратын куәгердің көзінше ашылады екен. Мен мұндай жағдаймен Өзбександағы үлкен анамыздың қазасында бетпе-бет келдім. Самарқанттық ағамыз мені сол жерде таныстырып, бұйымтайымды айтты. Олардың салты бойынша молдалар 3 күннен кейін келіп, беліміздегі "қайғы белбеуін" шешеді екен. Сол кезде көрші үйге куәларды жию жөнінде ескертілді. Бұл 1993 жылғы күздігүні болатын.

Айтылған уақытта Тәліп ишан 40 куәнің ортасында, жан басын өзі санап отырып, шежірелердің орауын жазды (Самарқанд уәлаяты, Бұлынғыр қаласы, Инқлоб көшесі, 83-үй. Отағасы – Қорасандық қожа Таубай). Мен сол жерде, әкеміз

жазып қалдырған 11 атамызға дейінгі тізілімді қойдым. Ол кісілердің аттары бірде-бір тізімнен шықпады. Менің туыстарым қобалжи бастады. Өйткені, аталарымыз бұл тізімдерден шықпаса "қара көтен" болады екенбіз. Әлі есімде, үй иесі Таубай қария: "Бәріміз де Қожа Ахмет Ясауиден басталамыз" деп қыбыжықтап отырды. Сол кезде Тәліп ишан: "Енді Хан әулеті Шежіресін қарап көреміз. Бұл Шаһ Мұхаммеди хан Шежіресі", – деп басқа орамдарын тарқата бастады. Осы тізімде біздің бабаларымыздың есімдері соңғы 4 атамызға дейін толық жазылыпты. Тәліп ишан: "Мінә, бу – сизлар Хан әвләтидан болдингизләр",– деді жадырап. Бәрінің үстінен тонналаған жүк түскендей қауқылдасып қалды.

Ол бұл Шежірені: "Абд ар-Рахимнан Мұхаммеди Шейх Абд әл-Хасан хан, одан Шаһ Мансур хан", – деп бастап еді. Мұхаммедидің Абд әл-Хасан Қарахани бабамыздың діни атағы, титулы екенін білетінмін. Өйткені, менің әкем ғана емес, мен сөйлескен, тәрбиесінде өскен барлық көнекөз ағаларым Өтепхан да, Зәйін де, Мүсірепхан да: "Біздің түбіміз Абд әл-Хасан Қараханидан басталады. Оның қабірі Таразда", – дейтін. Оны Самарқандқа барған соңғы сапарымда Сопы Айдар ишанның баласы Сайдулла қарт та айтты, сөздерін бейнетаспаға түсіріп алдық. Осыдан соң, қанша күмәншіл адам болсам да "Нұр әл-Улумдағы" Абд әл-Хасан бабамыз бен Тараздағы Әулие ата Қараханның бір адам екеніне сенбеске амалым қалмады. Кітапта оның аты "Әли, лақабы – Абд әл-Хасан" делінеді. Біздің Шежіреде Қарахандықтар мемлекетінің ұлы ханы Махрам Әли хан бұл кісінің шөбересі болып келеді. Сірә, аталған кітап осы кісінің заманында жазылуы, кейін оның аты өзгерістерге ұшырап Ұлы бабамызға тіркелуі де мүмкін. Байырғы тарихта мұндай оқиғалар жиі кездескенін "Мың бір түн" қиссасындағы Һарон Рашид туралы хикаялардан анық көруге болады.

Бұдан соң қолыма аталған Жамбай тұманының тұрғыны Махмуд ишан немересінің қолындағы Шежіре тап болды. Бірақ бұл Шежіре мен естіп өскен Шежіреге де, Тәліп ишаннан алған Шежіреге де сәйкес келмейді. **Сонда Махмуд ишан немересінен алған Шежіренің көмескі жазылған тұстарындағы кейбір адам аттары кімдікі?** Мен оны басқа шежірелерде кездесетін Азбур, Дуа-и-тон, Ербозай, Шаһ Қасым, т.б. түрінде қалдырып, өз білгенімді әрі қарай жалғастыруды

жөн көрдім. Өйткені, біз бұл тақырыпқа қайта ораламыз, сол кезде айта жатармыз.

Сонымен, барлық шежірелерде Абд ар-Рахим (р.а.) бабтың немересі, Абд әл-Хасан Қарахани бабамыздың баласы **Шаһ Мансур Хумар хан** екені оның Сайрамда (Пиром) 43 жыл патшалық құрғаны бірауыздан айтылады. Қархан мемлектінің билеушілерінде ұлы бабамыз Мұхаммед ибн әл-Ханафиядан (р.а.) жалғасып келе жатқан дәстүр бойынша олардың бірде-бірі билік басында Пайғамбар (с.ғ.с.) жасынан ары бір сәт те отырмаған. Бұл дәстүрді Абд ар-Рахим (р.а.) бап та, Ысқақ (р.а.) бап та сақтаған.

Абд ар-Рахим (р.а.) бап туралы біз жоғарыда айтып өттік. Ал, Ысқақ (р.а.) бапқа қатысты деректердің бәрінде де оның кәрілікке жетіп, Баб ата кентін салдырып, осында өз ханакасында өмірден өткені жазылған. Осы дәстүрмен бабамыз Шаһ Мансур де Таразға қайта оралып, әкесінің ханакасында біржола дінге қызмет етіп, ишандық жасайды. Өмірден озған соң мәйіті Қарахан бабаның жанынан салынған өз ханакасына қойылады. Қазір осындағы Дәуітбек бабаның кесенесі сол кісіге телінеді. Олай болуы да мүмкін, одан өзге қирап кеткен кесенелердің бірінде жатуы да мүмкін. Сүйегінің Сайрамда қалмағаны анық жайт.

Оның ұлы **Ғазиз Мұса хан**. Тарих: “Мұса ханның патшалығы кезінде Қарахандықтар мемлекетінің ресми діні Ислам болып жарияланды” дейді. Бұл туралы басқа шежірелерде сөз қозғалмайды. Тек Ж.Дәдебаев бұл кісіні Абдол Әзиз, лақаб аты Ербозай хан деп көрсетеді. Махмуд ишан Шежіресінде бұл бабамыздың аты көмескі тартқан, тек “35 жыл патша болды” дегенге ғана қанықтық.

Бұл кісінің Исламды мемлекеттік дін деп жариялауына байланысты біз мына жағдайларға назар аударуымыз керек. “Мың бір түн” хикаяларында Ұлы піріміз Әбу Баязид Бистамидің (р.а.) Меккеге бара жатып, намаз оқу үшін Несториандық христиандар шіркеуіне тоқтап, олармен сұхбат өткізгені, сұхбат үстінде абайламай алдына қойған шарапты ішіп жібергені туралы айтылған. Христиандар: “Сіз шарап ішіп қойдыңыз, күнәға батып қалдыңыз”, – дегенде, ол: “Мынадай сұхбат үстінде ішкен шарапта күнә жоқ”, – дейді.

Бұл жерде біз назар аударатын нәрсе: біріншісі, бұл дәуірде мұсылмандар, христиандар және яхудилер қатар өмір сүріп, еркін араласқан. Дін үшін қуғын-сүргін болмаған. Тіпті Хазіреті Омардың (р.а.) өзі Иерусалим алынғанда жолдан үсті-басын шаң басып жетеді. Киімі тазаланғанша поптың киімін киіп отырады. Омеядтықтар кезінде христиандардан қудалау көрген яхудилер халифатқа келіп, осында қорған, пана табады. Бұл оқиға сол дәуірдегі діни төзімділікті, тағаттылықты көрсетеді. Екіншісі, Несториан христиандары Исаны (ғ.с.) Құдай деп емес, пайғамбар деп таныған. Шіркеулеріне суреттер жапсырмаған. Мойындарына өлім құралы – шармық тақпаған. Исламның діни төзімділігінің бір белгісі – Ауғанстанда Кәпірстан деген уәлаят (провинция) бар. Мұнда Ислам ашылғаннан бастап күні бүгінге дейін пұтқа табынушылар мекен етіп келді. Әлемдегі ең үлкен пұт мүсіндерін уахабилық Усама бин Хаттаб пен молла Омар жарып жібергенше сақталып тұрды. Бұл Қарахан мемлекетінің тұла бойында сақталған дәстүр еді. Мұса ханның кезінде де сақталды, бірақ басты тайпалар мен орталық билік құрамы толық Исламға өтті. Мемлекеттік басқару жүйесі Ислам тәртібі мен шариғатқа бағындырылды.

**Ғазиз Мұса** ханның ұлы – **Әзиз Махрам Әли хан**. Мен осы күнге дейін қанша ізденсем де "**Махрам"** деген сөздің ұшығына жете алмай-ақ қойдым. "Бахрам" деп те оқып көрдім. Бірақ неге бахрам? Жауапсыз сұрақ. Сонымен, "Махрам" дегеннің не мағына беретіні белгісіз, ал, "әзиз" деген сөз "әулие, құрметті, қасиетті, мәртебелі" деген сөздердің баламасы.

Бұл жолы да шежірелерде алшақтық бар. Мысалы, Ж.Дәдебаевта бұл кісіні "Шаһ Махмуд, лақаб аты Сатұқ Боғра Әулие Қарахан" деп көрсетеді. Осы жерде оның пікірі мен "Нұр әл-Улум" кітабындағы деректе ұқсастық бар. Аталмыш кітап бойынша Махрам Әли ханның куньясы, яғни лақабы Абд ал Хасан деп көрсетілген. Онда Тараздағы Әулие ата Қарахан дегеніміз – Махрам Әли хан болып шығуға тиіс. Ұрпақ арасын орташа 30 жылдан есептесек, бұл кісі 860 – 880 жылдар шамасында туған. Бұл жағдайда кітапта айтылғанындай Махрам Әли хан ұлы ұстаз Әбу Язид Бистами (р.а.) пірімізді көрмей-ақ, увайсия жолымен бата алған, Махмуд Газнави мен Ибн Сина іздеп келіп кездескен кісі болып шығады.

Бірақ біз осы тұста Софы Аллаяр арқылы жеткен бірқатар мәліметтерге де назар аударуымыз керек. Оның айтуынша, Хазіреті Әбу Язид Бистами (р.а.) тумысынан аса қабілетті болып өседі. Жасы 15-ке толғанда ұстаздан барша ғылымхатты оқып, игеріп алады. Оған қасындағылардың бірі: "Сіз ұстаздан барша ілімді алып болдыңыз. Ендігі жүрісіңіз бекершілік. Құранда ысыраптың ысырабы өлшеп берілген уақыт ысырабы екені айтылған. Ал ысырапшылар шайтанның туысы. Уақытты бекер өлтіргенше еліңізге барып, Ислам есігін ашпайсыз ба?" – дейді. Осы сөздерден соң ұстаздан бата сұрау үшін алдына барады. Ұстазы оған: "Сені іздеп отыр едім, жақсы келдің. Менің саған бір өтінішім бар. Дүниедегі ең жаман, қажетсіз бір затты тауып әкелші", – дейді.

Әбу Язид піріміз ұстазының тапсырмасын тез арада орындау үшін асығып сыртқа шықса көзі жарға жабысып тұрған жапалаққа түседі. Сол сәтте-ақ жапалаққа тіл бітіп: "Ей, Алланың дәрменсіз пендесі. Менен не жамандық көріп тұрсың. Үстімдегі қауырсын да, жүн де өзімдікі. Қиянат жасап алған еш затым жоқ. Не ішсем де, не жесем де Алланың бұйыртқаны, біреуді өлтіріп алған дәнеңем жоқ. Сен өзіңе қара, үстіңдегі – ненікі, жегенің – ненікі. Бірінің етін бірі жеп күн көретін адамзаттан менің қай жерім жаман!" дейді. Піріміз: "Астапыралла! Астапыралла!" деп одан әрі жүреді.

Желдің өтінде бір әжетхана тұр екен. Одан шыққан сасық иіс қолқаны қауып, тыныс алу мүмкін болмай кетеді. Піріміз шапанының жағасымен мұрнын тұмшалайды. Сонда әжетханаға тіл бітіп: "Ей, Әбу Язид. Менен жиіркеніп қалдың ба! Мен ұшып жүрген құс, жайылып жүрген мал, жайқалған жеміс, сабағы майысқан дән едім. Сен секілді пенделердің құлқынына кіріп, қарнынан осылай болып шықтым. Сен менен жиіркенсең өзің арқалап жүрген қарныңда тұрмын. Жарып таста онда!" дейді. Піріміз: "Астапыралла! Астапыралла!" деп одан әрі жүреді.

Кездескен қалың шеңгелге кіреді. Шеңгел бұтасының ұшындағы бір шөңгеге иттің қыл аралас қиы ілініп қалыпты. Піріміз шапанын ластап алмау үшін етегін түріп, секіріп өте бергенінде жауырынынан тиген қатты соққыдан етбетінен түседі. Қараса жарылардай боп ашуланған бір әйелді көреді. Әйел дереу қалтасынан жібек орамалын алып: "Он жыл іздеп, әзер тапқанымда сені бір оңбаған бүлдіріп тастай жаздады-ау" деп,

қиды орамалына түйіп алады. Піріміз: "Астапыралла! Астапыралла!" деп, отырған жерінде ойға қалады. Сосын: "Мен – менмін деп жүрсем, біреулер үшін ит екеш иттің қиынан да кейін тұр екенмін ғой. Басқадан жаман нәрсе іздеп әуре болғанша ұстазға өзімді апарайын" деп ұстазының алдына қайта келеді. "Тақсыр бұл әлемнен өзімнен жаманды таппадым," – дейді. Сонда Ұлы ұстаз: "Өмірдің мәнін енді түсіндің", – деп батасын беріп, ишандыққа (иршод) рұқсат етеді.

Қазақтың Аяз би қиссасына прототип болған Әбу Язид Бистами (р.а.) піріміздің ұстазы, оған 16-ға толғанда бата берген суфизм силсиласы бойынша Хазіреті Әли (р.а.) бабамыздың Фатима (р.а.) анамыздан тарайтын немересі имам Жағыфар Сыддық (р.а.) еді. Оның ұстазы – Хазіреті Оспанды (р.а.) өлтіруге қатысушы, "Түйелер соғысынан" кейін Хазіреті Айша (р.а.) анамызды алып Мединеге келген, Суфада біржолата қалып қойған, Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддықтың (р.а.) туған, Хазіреті Әлидің (р.а.) өгей баласы Мұхаммед ибн Әбу Бәкір ас-Сыддықтың ұлы Қасым ибн Мұхамед болатын. Имам Жағыфар Сыддық осы кісінің әрі шәкірті, әрі күйеу баласы болған. Бұл жерде жоғарыдағы келтірілген дәлелдерден көрініп тұрғанындай ешқандай увайсиялық тізбек жоқ. Бәрі бірінің алдында бірі тізе бүгіп жүрелеп отырып ілім алғандар. Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.) 574 жылы туып, 634 жылы өмірден өткен. Хазіреті Оспан (р.а.) 656 жылы өлтіріледі. "Түйелер соғысы" 656–657 жылдардағы оқиға. Демек, Мұхаммед ибн Әбу Бәкір 630 жыл шамасында туған. Оның ұлы Қасым 660 жылы тууы мүмкін. Имам Жағыфар Сыддық (р.а.) осы кісінің күйеу баласы. Оның туған уақыты шамамен 680–690 жылдар болады. Әбу Язид (р.а.) піріміз бұл кісінің (оның өмірден қарілікке жетпей өткенін дәлелдейтін деректер аз емес, дегенмен) қартайғандағы шәкірті дегеннің өзінде ең берісі 740 жылдар шамасында туған. Бұл есептеулер "Нұр әл-Улумды" зертеушілерге қарағанда Әбу Язид (р.а.) піріміз бен Абд әл-Хасан (р.а.) бабамызды кездестіретін "Мың бір түн" хикаялары шындыққа неғұрлым жақын екенін көрсетеді.

Зерттеушілерді шатастыратын тағы бір жағдай, біз айтып отырған Абд әл-Хасан, Шаһ Мансур, Мұса, Әли бабаларымыздың бәрі де әулиелер (Аллаһтың досы) қатарында болып, мойындалған кісілер. Олардың төртеуіне де тайпа-тайпа

елдер келіп, баят етіп Исламды қабылдаған. “Аллаһтың досы” деп тірісінде-ақ құрмет көрсетілген. Бәрі де Таразда туып, билік құрып, осында өмірден өткен Қарахандықтар болған. Бірақ Тараздағы Әулие ата Махрам Әли хан бабамыз болуы мүмкін емес. Біріншіден, оның есімі Хазіреті Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздан басталатын силсилада жоқ. Екіншіден, Тараздың Әулие ата атануы Әбд ал-Хасан Қарахани бабамыздың күллі исі түркі әулиелерінің атасы болуына байланысты. Тіпті бұл туралы Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) қалған хадис түрінде айтылатын қағидат та бар. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): “Менің үмметімнен шыққан Аллаһ достарының (әулие) дәрежесі Исрайыл (с.ғ.) әулетінен шыққан пайғамбарлармен тең болады”, – деп айтады.

Бұдан әрі Махрам Әли ханның ұлы – **Ядгар хан**. Басқа шежірелерде – Жұхра хан, Жуграх хан, ал Ж.Дәдебаевта – Абдол Фаттах, лақабы – Мансур хан.

Оның ұлы бізде де, Тәліп ишанда да **Насыролла хан**. Басқа екі деректе – Исмайыл хан. Ал, Ж.Дәдебаевта Арыстан ханға дейін сәйкестік жоқ.

Насыролла ханның ұлы **Исмайыл хан**, басқаларда – Ілияс хан.

Исмайыл ханның ұлы **Ілияс Тамғаш хан**, Махмуд ишанда Сайд Хасан хан және Сайд Хусейін хан, басқаларында – Ахмад хан. Ата-бабамыздың баян етуінше бұл бабамыз қара құрымдай қаптаған қытай атауылының бәрін бас идіріпті. **Тамғаш хан** деген титулы соны, қытайларды билегенін көрсетеді екен. Осы кісіге дейінгі ата-бабаларымыздың барлығының да мекені, Туын тіккен жері Тараз болған. Бірақ біз бұларды әулиелер деп емес, Ұлы Хақандар, ел билеушілер, ғазылар деп білеміз.

Біздің нұсқада Ілияс ханның екі ұлы болады: **Сайд Хасан хан** және **Сайд Хусейін хан**. Бұл Махмуд ишан Шежіресінде – Ишан Истиджод хан, басқаларында Санжар хан, Арыстан хан болып келеді.

Ілияс Тамғаш хан бабамыз өлген соң билік тұқымның басқа тармағына өтеді. Бұл бүгінгі тарихи деректерде жиі айтылатын, билікте Шараф ад-Даула – Сүлейман шахтың тарих сахнасына шығар сәтіне сай келеді. Бір кісі маған: “Қарахандық қожалардың Шежіресін оқысам, қып-қызыл қан ғой!” деп еді. Бұл – сол заман. Қарахан әулеті билікке таласып қырық пышақ болып, бірін-бірі қырып жатқан кезең.

Амалы біткен Шараф ад-Даула әрқайсысы көкжал қасқырдай тақтың айналасында тарпа бас салуға дайын тұрған туыстарын тыныштандыру, олардан құтылу үшін осы тұста 92 тайпалы мемлекетті өз бектікке (дербес бектік, автономия) бөліп, әрқайсысына әулеттің бір-бір өкілін ишан (Ұлы хан атынан билеуші) етеді. Осы бөлісте біздің бабамыз Сайд Хусейінге Отырар алқабы тиеді. Екі ағайынды бөлініп, Сайд Хасаннан ішінен кейіннен өздерін Фатимидтерге теліп жүргендері де бар басқа әулеттер тарайды.

Оған себеп, Сайд Хасанға тиісті бектікті Қарақытайлар қаптағанда ақырзаман басып, ту-талапай етеді. Бұл қырғыннан аман қалғандары некен-саяқ. Қарақытайлар қаптағанда өзен болып ағып, көл болып жиналған қаннан кейін бұл әулеттің билікке деген құлшыныстары да біржола жоғалады. Бұл біздің Шежіреде бір ата ұрпағының жол айрығы ретінде ғана айтылады. Ілияс ханның қос бірдей ұлының Шежіреде қатар аталуын да олардан екі әулет таралатынынан деп түсіндіріледі.

Осы заманда 92 бектікке жеке-жеке ие болған Қарахандық билеушілердің арасында "сырты – бүтін, іші – түтін" дейтіндей бақталастық өрши түседі. Әрқайсысы өз бектіктерін нығайту, сол арқылы Ұлы хан дәрежесіне көтерілу үшін жанталасады. Сайд Хусейін бабамыз да осындай әрекеттердің соңында өмірден өтеді.

Отырардың гүлденуі Сайд Хусейіннің ұлы **Муса ханның** кезінде басталады. Басқа шежірелерде бұл кісінің орнына – Хасан хан, Ядак хан деген кісілердің аттары жазылады. Махмуд ишан Шежіресінде бұл кісіні бір ұрпақ шегіндіріп, "Әзиз Мұса хан, лақабы – Қожа ата" десе, ендігі бір шежірелерде "Мұхаммед хан (Білге хан), Абду Халық хан" делінген. Бұл кісінің тұсында Отырардың ықпалында Ясы, Сауран, Өзгент, Созақ, Сығанақ сияқты қалалар болған. Бірақ ол дербестікке қол жеткізе алмайды. Оның есімі де ерекшеленіп аталмайды. Ал, Отырардың аты бұл кезде Фараб алқабымен шектесіп жатқан ең қиырдағы, көшпелі тайпалардың отырықшы мемлекеттермен шекаралық қаласы болуы арқылы ғана белгілі еді.

Отырар тарих сахнасына Қарақытайлар Қарахан әулетінің бас қаласы Таразды, Сайрамды басып алып, Қарахан әулетін тақтан түсіріп, Исламға қарсы жойқын соққы бергеннен кейін ғана шыға бастады. Ата-бабамыздан қалған аңыздарға қарағанда

Қарақытайлар Тараздан Сайрамға дейінгі әр ағаштың басына бір-бір ишан мен пірлердің бастарын іліп, қақтап қойған екен. Олардың қолына Қарахандықтар әулеті түссе бесіктегі баласына дейін бауыздап, өлтіріп отырған. Бұл туралы барлық тарихта, тіпті қытайлар түсірген «Шыңғысхан» киносында да жан–жақты айтылады.

Мұсылмандарды мың-мыңдап қайта пұтқа табындырып, сәлделерімен боқ тазартқан. Сол заманнан бізге жеткені: “Қарақытай қаптағанда ақырзаман болады” деген бір ауыз сөз ғана. Хазіреті Ысқақ бап салдырған Қараасманды суға алдырған. Олардан қашқан мұсылмандар мен Қарахан әулетінің қалдықтары топ-тобымен Отырарға келіп бой тасалайды. Көкіректерін ашу-ыза мен кек кернеген қашқындар есебінен Отырардың халқы да, әскері де еселене түседі.

Бұл Мұса ханның ұлы – **Арыстан ханның** (Арыстан бап) заманы еді. Жалпы Мұса ханның бір ұл, бір қызы болған делінеді. Ұлы – Арыстан бап, қызы – Қарашаш ана. Мұса хан бабамыз қызын Ысқақ (р.а.) бап бабамыздың ұрпағы Ибрагим әзизге ұзатады. Олардан атағы күллі әлемге мәшһүр Құл Қожа Ахмет Ясауи бабамыз туады. Арыстан бап – Арыслан хан бабамыз туралы ақын Әбдіраш Жәмішев өзі құрастырған Қожа Ахмет Ясауидің хикметтер жинағының кіріспесі мен қорытынды сөзінде ойға оралымды, көкейге қонымды етіп жазған. Мен бұдан аталарымыздан естіген аңыздың толық болмаса да кітап бетіндегі нұсқасын тұңғыш рет көрдім.

Біз жоғарыда Қарақытайлардың қырғынын айттық. Көз жастары қан болып аққан бауырларының көрген азабына қабырғалары қайысқан отырарлықтар Арыстан бап бабамыздан жорыққа шығуды талап етеді. Оған туыстас Селжұқтар сұлтаны Санжар хан да қосылды. Селжұқтар мен отырарлықтардың біріккен әскері Таразға жорық ашып, Қарақытайлардың күл-талқанын шығарады. Бірақ бұл жеңіс олар үшін баянды болған жоқ, уақытша ғана жетістік еді. Осы жорықтан оралған соң Санжар сұлтан мен Арыстан хан Ясы қаласының іргесіндегі жазықта жеңіс құрметіне ұлан-асыр той береді. Осы тойда Қожа Ахмет Ясауи (нағашы) бабасын іздеп келіп, бабасы оны 40 балаға бас етіп, 50 мың алтын ақшамен Самарқандтағы Қожа Юсуб Хамаданиге оқуға жібереді.

Арыстан баптың бұдан басқа жорықтары туралы мәлімет бізде жоқ. Біздің білетініміз Қарақытайлар соққысынан шаңырағы шайқалып, 92-ге бөлініп тоз-тозы шыққан Қарахан мемлекетін кім ерінбесе сол жаулап алған заман басталады. Мұндай тегін несібеден Үргеніш (Хорезм) патшасы да құр қалмауға тырысты. Ол 40 молдаға Арыстан бапты дінсіз, Тасаввуфты (сопылық ілімін) Ислам емес деген пәтуа жасатып, Ұлы бабамыз ұйқтап жатқанда 40 жерінен пышақ ұрғызып өлтіртеді. Қалада алдын-ала келіп жасырынып жатқан Үргеніш ханының жансыздары бүлік шығарады. Арыстан баптың туыстары Сарайды жаулап алған бүлікшілерден қорқып бабамыздың жаназасын жасырын шығарып, Сарай дуалының ортасына түн қатып жерлейді. Өздері бір сәт те аялдамай қаладан қашып шығады. Бұл туралы Қожа Ахмет Ясауидің "Арыстан бабама" деген хикметінде кеңірек айтылып, Қорқыт баба қобызымен зарланған.

Шежіре мен тарихты біріктіретін бұдан басқа да деректер көп-ақ. Біздің Ислам тарихшысы М.Бұлытай да бұл заманды бір адамның зобалаңы ретінде атап өтіп, "Жамиғ ат-Таурихқа" (I том, 2-ші кітабы) сілтеме жасап, Қарақытайлар Лиау патшалығы кезінде "іслам діні бойынша киінген адамдарды шөл далаға қуғындады", бұл аймақта "кәпірлер іслам діниндегілерге қаратқан зорлық-зомбылық әрекетін әшкерелеуді (жария) күшейте түсті" деп жазады. Бұл шындығында бер жағы, осыдан көп ұзамай-ақ Кучлук хан Сұлтан Мұхаммед Хорезмшахпен одақтасып, Қарақытай билеушісі Гурханнан билікті тартып алған соң бұдан да масқарасын жасайды. Ол өзі жеңіп алған жерлерде М.Х.Дулатидың "Тарих-и жаһангушайдан" алып баяндауынша: "Мұхаммед дінінен шығуды бұйырды. Не христиан, не пұтқа табынушылықты – екеуінің бірін қабылдасын немесе нәсари (христиан) қытай киімін кисін деді" дейді. Осы баяндауда Кучлуктің Хотанда аса даңқты имам Ала-ад-дин Мұхаммед әл-Хотаниды өз медресесінің есігіне дарға асқанын келтіріп: "Осыдан соң мұсылмандық жұмыстар күрт тоқтап, бірден жойылды" деп (319-б), зұлымдық пен бұзақылыққа жол ашылғанын айтады. Ұлы имамға кітабының тұтас тарауын арнайды (мұсылмандарды мұндай азаптан құтқару үшін Алла Шыңғысханды жіберді. Мұсылмандар үшін азаттық таңы қайта атты, Ислам нұры қайта шуақ шашты).

Тарихи деректерде Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы Қожа Юсуб Хамаданидің 1140 жылдары өмірден өткенін баяндайды. З.Жандарбеков оның шәкірті "Қожа Ахмет Ясауиді 1200 жылдары" қайтыс болған деп шамалайды. Бұған З.Жандарбеков келтірген Ясауидің шәкірті Мұхаммед Данышманд Зернукидің Зернук қаласын Шыңғысхан әскерінен соғыссыз алып қалғаны туралы дәлел келтіреді. Ал, "Қожа Ахмет Ясауиді 120 жыл өмір сүрді" дейді. Онысы енді ақылға сыймайды. Біз үшін қазіргі мәселе онда емес, Арыстан баптың тұлғасы мен тарихтағы орнында жатыр.

Тарихи деректерде Арыстан хан мен Селжұқ Санжар ханның біз айтып өткендей, 1110 жыл шамасында бірігіп, Таразға Қарақытайларға қарсы жорық жасағаны айтылады. Бұл оның билікке енді келген кезі болса керек. Оның осы кезде жасы мықтағанда 30-дың төңірегінде болуы мүмкін. Шындығында Ясауидің емес, Арыстан баптың туған жылы 1080 жылдар шамасы. Біздің қолданыстағы ресми тарихта осы оқиғалар ескерілмей, Арыстан бапты Балхыда опат болған онымен аттас Арыстан ханмен шатастыру арқылы "1130 жылы ауыр науқастан қайтыс болды" деп жазып жүр. Соны негіз етіп, "Қазақ ССР тарихының" II томының 22-бетінде "XII ғасырдың бірінші жартысында Қарахан мемлекеті іс жүзінде тарихи сахнадан шықты" деп қорытынды жасайды. Шындыққа келмейді.

Өйткені, Отырарда одан кейін де, 1165–1177 жылдары Арыстан бап – Білге хан атынан шақалар соғылған*. Қарахандықтар ықпалы Түркістаннан арғы Сауран, Зернұх, Сығанақ сияқты қалаларда сақталып тұр. Қожа Ахмет Ясауи өмірден өткен соң оның ханакасын Қарахандықтар әулеті үстінен көтеріп, қайта кеңейткені де тарихта дәлелденген оқиға. Бүгінгі күмбезді Әмір Темір соның үстінен кигізіп жасатқан.

Арыстан хан бабамыз барлық суфилер сияқты парыз сүннет амалдарына аса берік болған. Ол өзінің әр ісін шариғатқа салып, Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздың сүннетімен таразылап отырған. Сыйға алған, есігінің алдындағы қара күңіне некелесіп, қосылған. Оның артында 40 баласы қалған десе, солардың бірі осы қара күңінен туған Зәңгі баба. Ал тағы бір ұрпағы – біздің тамырымыздың бастауы – **Барат хан.**

**Шақа–мыс теңгелер*

**Барат ханның хандық дәрежесі қандай болған? Қай жерді мекендеген?** Бұл жағы бізге беймәлім. Махмуд ишан Шежіресінде де, басқа шежірелерде оған қатысты деректер ашықтан-ашық бұрмаланған.

Біздің нұсқа бойынша **Барат ханның** ұлы **Қара хан** деген бабамыз болады. Ол Хореезм шахтан Отырарды қайтаруға түрлі әрекеттер жасайды. Өздігінен амалы жетпеген соң Шыңғысханға барып қосылады. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы ханмен достасып, Исламға кіруіне ықпал жасайды. Солардың көмегімен Отырарды азат етеді. Шыңғысхан өз әмірімен оны Отырар алқабына Мәлік шах етіп тағайындайды.

Қытайдың "Шыңғыс хан" деп аталатын көп бөлімді телефильмінде Жошы ханды Бұхарада төсек үстінде қайтыс болды деп көрсетеді. Оны Меркіттен туған деп Шағатаймен шатастырып қояды. Біздің шежіреде оның бәрі жалған, Шыңғыс хан жазмыштан жіберілген Иллаһи тұлға. Ар мен ожданның адамы. Ол дініне, тіліне қарамай барша көшпелі халықтарды бір Орданың астына біріктіре білді. Мен осыған орай бірқатар қарапайым сұрақтар қойып, бірде-бір тарихшыдан оңды жауап ала алмай келемін. Мысалы:

- Этнограф Ә.Диваев өз зерттеулерінде Шыңғысхан шыққан Қият тайпасын да, Қоңырат тайпасын да 92 бауылы өзбектің бір-бір бектігі ретінде көрсетеді. Ендеше неге оларды "көк қандылар, ақсүйек" дейді?
- Олардың бабасын Алтын хан деп неге атаған? Қытай Боғдыханы не үшін оны ағаш атқа шегелеп өлтіреді?
- Қоңыраттар Исламды ерте қабылдаған түркі тайпасы. Олар неге өздері мұсылман бола тұрып Қияттар түркілік болмаса олармен құда-құдандалы болған?
- Шыңғысхан мұңғұл болса үйленгеннен кейін түркілік әйелімен қай тілде түсініскен?
- Хазіреті Әли (р.а.) ұрпағының бір тармағы Қарахандық қожаларды індетіп жүріп биліктен кетірген, қырып-жойған Ақсақ Темірге өз тегін Шыңғысханға қосып, бұдан әрі Хазіреті Әлиге (р.а.) апарып тіркеудің не қажеттілігі болды?

Ғылым мен ресми тарих жауап бермейтін осы сұрақтардың бәріне Қазақ даласын аралап, аңыз-әпсаналарын тыңдаған кез-келген адам жауап табар еді.

Жошы ханның Қарахандықтар үлгісімен салынған мазары Сарыарқаның төрінде күні бүгінге дейін қасқайып тұр.

Жошы ханға шығарылған жоқтау – "Ақсақ құланды" қазақ күйшілері бүгінгі күні де зарлата тартып келеді.

Осы жерде Қарахандықтар үлгісімен салынған "Алаша хан" атты тағы бір мазарат бар. Қаншама ғалым, қаншама білгіш зерттесе де оның иесін бірде-бірі Шыңғысхан әулетінене жақындастыра алмай дал болып келеді. Ол кімдікі, неге Қарахандықтар үлгісімен салынған? Атының тегі "Аланча", яғни жиһангер, жеңімпаз, алушы деген сөзден шыққан Алаша хан мазарын Жошымен дос болған кейінгі Қарахан бабамыз емес па? Әлбетте оны бір Алла біледі.

Менің білетінім "Алаш" деген сөз еденге төселетін, қабырғаға ілінетін алаша бұйымынан емес, керісінше, қазақ рухын білдіретін "Алаш" деген сөзден шыққан. Алаша өрнегіне зер салып қараған кез-келген адам одан басы Тараз, Атуштағы Қарахан бабалар мазарынан басталытын Қарахандық безендіру үлгісін көреді. Бұлардың барлығы да парасаттап, пайымдап қараған адамға бізге жеткен Шежіренің шындығын ғана көрсетеді.

Махмуд ишан Шежіресінде мұның бәрі көмескіленіп кеткен. Ондағы – Хусейін хан, басқаларда Абдал Халық хан (Білге хан), Ахмад хан болып жалғасады.

Біздің Шежіреде бұл **Қара ханның** ұлы **Абд әл-Жалил хан** деп аталса, Махмуд ишанда – Хамид хан, өзге шежерелерде – Көк бөрі хан, Ақ Арыстан хан.

Бұдан әрі **Абд әл-Жалил ханның** ұлы – **Баба хан.**

Байқап отырғандар үшін шежірелер арасындағы жеті атаға дейінгі нағыз алшақтық **Арыстан баптан кейін басталады.**

**Өзге шежірелердің бірде-бірінде Барат ханның, оның ұлы Қара ханның, оның ұлы Абд әл-Жалил ханның, оның ұлы Баба ханның, оның ұлы Қара ханның (лақабы – Оғыз хан), оның араб (қожа) әйелінен туған ұлдары Күн ханның, Ай ханның, Жұлдыз ханның және ажам (түркі) әйелінен туған Көк ханның, Тәңір ханның, Тоқ ханның, Айханның ұлы Халдар ханның аттары тіпті де айтылмайды.**

**Баба ханның** ұлы **Қара ханның (Оғызхан)** орнына 1– Махмуд ишанда Көк Бөрі хан, 2 – Обид Суфиханда Білге хан, 3 – үшінші нұсқада Сайд хан деп жазылады.

Біздің Шежіреде **Қараханнан Айхан** болса, басқаларында 1 – Хусейін хан, 2 – Көк Бурут хан, 3 – Шаһ Һидоят Панох карамат, Садыр-ад-дин хан Баба Туклас Шашти Әзиз болып жалғасады.

Біздің Шежіреде **Айханнан - Халдар хан болса,** басқаларында 1 – Рашид хан, 2 – Хасан хан, 3 – Махмуд хан.

Махмуд ишан Шежіресінде: "Шаһ Һидоят ханның лақап аты Хазіреті Шейх Садр-ад-дин баба еді" (Баба Туклас Шашти Әзиз) деп оған мынадай мадақ айтылады: "Ол – Достың (Алланың) досы, үмматтың нұры, Хақ жолына халықты бастаушы мүршид, діннің, ұлыстың, ақиқаттың жұлдызы, құтыбтардың құтыбы еді". Тарихта болмаған адамға мұндай мадақ айтылмаса керек!

Егер шынымен ондай адам өткен болса ол кім, қайда жатыр, қандай деректер қалған? Бұл сұрақтардың бәрі аталған шежіреде жауапсыз қалған. Керісінше қазақтың "Болат–Жанат" дастаны мен "Саудагер ишан" хикаясында біздің Шежіредегі Халдар ханның аты сақталған. Мысалы "Болат–Жанат"* дастанынада:

Бір падиша бар еді,
Ақылы диқан, дана еді.
Жас өспірім бала еді,
Өзінің аты Халдар хан,
Әкесі Жұлдыз хан еді, –

делінеді. Оқиға бүгінгі Созақ жерінде өтіп жатады. Қала аттары, табиғаты дәл сақталған. Барлық оқиғаларға қарағанда бұл кісі Шаһ Һидоят хан Баба Туклас Шашты Әзиз Садр-ад-дин шейхқа келіп тұр...

**Халадар ханнан Махмуд хан болса,** басқаларында 1 – Шаһ Хидоят хан (лақабы – Садр-ад-дин баба) 2 – Рашид хан, 3 – Садыр хан.

**Махмуд ханнан Ибрагим хан,** басқаларында 1 – Махмуд хан, 2 – Шаһ Хидоят хан, 3 – Абдуллах хан. Бұдан әрі Махмуд ишан мен біздегі нұсқада айырмашылық жоқ. Қалған **үш шежіреде де Шаһ Һидоят ханның лақап аты Садр-ад-дин баба** (Шаһ Хидоят, Шаһ Һидоят Панох карамат) **ханның, Көк бөрі** (Көк Бурат, Көк Барат) **ханның** аттары әртүрлы диалектіде қайталанады. Тек реттері, орындары сақталмаған. Екі шежіреде

**Бабалар сөзі, 6–том, 30–бет Астана -2004.*

де Шаһ Һидоят ханның әкесі **Рашид хан.** Үш шежіреде де Шаһ Һидоят хан **Махмуд ханның** әкесі ретінде көрсетіледі.

Екі шежіре де **Махмуд ханнан:**

**Ибрагим хан;**

**одан** – **Шайиф хан;**

**одан** – **Яхия хан;**

**одан** – **Исмайыл хан;**

**одан** – **Ысхақ хан;**

**одан** – **Баба хан;**

**одан** – **Юсуб хан;**

**одан** – **Салых хан;**

**одан** – **Шайим хан;**

**одан** – **Молла Ибрахим азиз;**

**одан** – **Қара ишан;**

**одан** – **Ханқожа азиз;**

**одан** – **Қарақожа азиз;**

**одан** – **Әзиз Абзалхан ишан;**

**одан** – **Әулие Қарахан әзиз;**

**одан** – **1) Аралхан; 2) Мұсахан (Бурахан) және 3) Төрехан.**

**1) Аралханнан – Махмуд ишан;**

**одан** – **Әбдікәрім ишан;**

**одан** – **Сыздыққожа, Сәйидқожа ишан, Исанқожа, Пердебай қожа (одан – Уәли (Өзбекстанда тұрады).**

**Сыздыққожадан – Зәйін қожа;**

**одан** – **Әбілқасым (одан – Айбек, одан Абылай), Жолдас (одан Жәнібек, Әділбек. Жәнібектен–Бекет, Бекзат), Бекбай, Қазыбек (одан Азамат), Мәдіхан (одан Медет).**

**2) Мұсаханнан – Мағруфхан;**

**одан – Әшілді құндыз;**

**одан** – **Омархан ишан (бұл кісінің бір туған бауырларынан Нияз, Намаз деген кісілер бар (Өзбекстанда тұрады);**

**одан** – **Өтепхан, Мүсірепхан.**

**Өтепханнан – Айдархан (одан Алмас) (одан Құлмұхамед), Нұрлан, Абзал, Қанат. Шайзатхан (одан Рашид), (одан Қадыр Қарахан), Жандос, Шыңғысхан, Жұмахан (Мұрат, Абдолла, Мақсат), Сұлтанхан (одан Нұрсұлтан, Нұрдәулет, Нұрмұхамедәлі), Сайд Батталғазы (Айдос, Нұрхан),**

**Сайпырхан (одан – Ғафур). Мүсірепханнан – Ағзам (одан <u>Нұрмұхамед</u>, Асыл, Тимур, Болат)**

**3) Төреханнан – Тайыр Халпе;**

**одан – Есібек (ұрпақ жоқ), Орал (одан – Абдолла (Сары ишан, одан – Жалал-ад-дин, одан – Әбд ар-Рахман, Әбд ас-Салам, Үсенхан (бәрі де Өзбекстанда тұрады) және Әбдімомын;**

**Әбдімомыннан – Әбдіқайым;**

**одан – Хамидолла (одан – Арыпхан, Бахтияр), Мақсұт (одан – Жомарт, одан – Фархад), Орынбайқожа (одан – Шыңғыс, Мұхамбетқали, Нұрқожа, Бахр-ад-дин), Әбдікәрім (куньясы – Икрам-ад-дин, одан – Әбд әл-Хасан).**

Осылайша, бүгінгі күнге жетеді.

Соңғы Әулие Қараханның үш ұлының ұрпақтарының бір бөлігі – Самарқандта, бір бөлігі Шиеліде тұрады. Осы кітапта мен жақын туыстарым қатарында аттарын атаған және ылғи да ауыздан тастамай айтып жүретін Сайпырхан ишан, Мәмбет ишан, Омархан ишан, Сейіт ишан, сондай-ақ Өтепхан, Мүсірепхан және Зәйін ағаларымыз осы үш атадан тарайтын әулеті болып табылады.

**Қалған екі Шежіреде Махмуд ханнан Садыр хан мен Сабыр ханның аттары аталып, бұдан әрі екеуінен де бірдей Абдуллах хан, одан – Халил хан, одан – Хасан хан, одан – Баба хан, одан – Абдоллах (Ғайбдулла) хан, одан Абд әл-Малик хан болып жалғасыды. Бұдан әрі тағы да екі тармаққа бөлініп кетеді *(бұл деректердің біз білмейтін басқа да аталастарымыз үшін жазылғанын қаперге алған жөн)*.**

Мен өз Шежіремізді тағы бір сұрыптап, тексеріп алу үшін Әулие Қарахан мешітіндегі Тәліп ишанға Шежірені қайта ақтарттым. Ол бұл жолы өткендегідей орама шежірелерді емес, өзінің солардан жазып алған көшірмелерін әкеліпті. Қарахандықтар Шежіресін қайта оқытып, бейне-таспаға жазып алдық. Бұл жолы ол Ханқожа әзиз бабамыздың бауырлары мен екінші ұлы Аққожа ишаннан тарайтын ұрпағының Шежіресін айтып кетті. Бәрі сол қалпында қайталанып отырды. Тағы да Қара хан (Оғыз хан) оқиғасы айтылды. Өзі өкілі болып табылатын Бақшайыс қожаларын әкеліп Абд ар-Рахим бап әулетіне тіркеді (толығырақ кейін тоқталамыз). Тәліп ишанның

жазбаларын Бақшайыс қожалар әулетін зерттеп жүрген Сейіт Омар ағамызға бердім.

Бұрын аңыздарға, қолда бар деректерге, Шежіреге арқа сүйеп Қарахан әулетін зерттеуде жалғыз шауып жүрсем, енді соның бәрін қайта қарауға мәжбүр болдым.

## *ТӨРТІНШІ ТАРАУ*

# ӨЗГЕШЕ ӨРІЛГЕН ӨРІМДЕР

*Барша мұсылман жамағаты намазда: “Аллаһума салли ъәлә Мухаммадин уәә ъала әәәли Мухаммадин кәмаа солайта ъәлә Ибраһимма уәә әәәли Ибраһимма иннәка хамиидун мәджид. Аллаһумма бәәрик ъалә Мухаммадин уәә ъала Мухаммадин кәмаа бәрәктә ъалә Ибраһимма уәә әәәли Ибраһимма иннакә хамиидун мәджид” деп дұға оқиды. Сөйте тұра, Омеядтық халифалар Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетін аяусыз қуғын-сүргінге, қырып-жоюға ұшыратты.*

Бұл тақырыптың біршама жеріне дейін қайталаулар болып жатады. Өйткені, ендігі келтіргелі отырған Шежіре желісін жеткізуде баяндалу тәртібін сақтамасқа болмай отыр. Ол үшін сіздерден алдын ала кешірім сұраймын.

Біз жоғарыда айтып өткендей, Хазіреті Мағауияның билікке келуімен Ислам мемлекеттерінің әулеттік (атадан балаға мирасқорлық) билік жүйесіне өткенін, әулет билігін, қазынасын сақтау, молайту үшін шариғаттың бұрмаланғанын атап өттік. Пайғамбар (с.ғ.с.) заманынан бері барша мұсылман жамағаты намазда: “Аллаһума салли ъәлә Мухаммадин уәә ъала әәәли Мухаммадин кәмаа солайта ъәлә Ибраһимма уәә әәәли Ибраһимма иннәка хамиидун мәджид. Аллаһумма бәәрик ъалә Мухаммадин уәә ъала Мухаммадин кәмаа бәрәктә ъалә Ибраһимма уәә әәәли Ибраһимма иннакә хамиидун мәджид” деп дұға оқиды. Сөйте тұра, Омеядтық халифалар Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетін аяусыз қуғын-сүргінге, қырып-жоюға ұшыратты. Оларға сөз жүзінде саламаттық пен береке тілесе де іс жүзінде өлім зәрін төкті.

Пайда табу – “жзия” салығы үшін өзге ұлт өкілдерін Исламнан бездіріп, имандарына шүбә келтіртті. Бұған төзбеген мұсылмандар 750 жылы Омеядтық соңғы халифа Марван ІІ Әл-Химарды биліктен тайдырды. Көтерілісшілердің басында біз жоғарыда айтқан Әбу Мүслім де болды. Олар: “Халифа Пайғамбар (с.ғ.с.) әулеті – Фатимидтерден болуға тиіс” дегенді алға тартты. Бірақ бұл әулеттен Әһлі-ас-сунна мәзһабындағы бірде-бір өкіл шықпады. Хазіреті Әлидің (р.а.) Мұхаммед ибн

әл-Ханафиядан тарайтын ұрпақтарынан халифа тағайындауға басқа Әлиидтер келіспеді. "Бұл ұрпақтан сайланған халифа қайтадан әулеттік басқару орнатады, Фатимидтер ғана емес, барша Әлиидтер одан сайын қудалауға ұшырайды" деген қауіп айлады.

Уақытша халифа ретінде Аббасидтер өкілінен ала тақуа, момын қарт кісі – Әбу әл-Аббас ас-Саффа Мұхаммедұлы бекітілді. Ол 4 жыл халифа болып, кеселден көз жұмды. Билікті 754 жылы оның інісі Әбу Жағыфар әл-Мансур Мұхаммедұлы тартып алды. Бұл кісі өз билігін күшейту үшін Омеядтықтармен қатар Фатимидтерді, жалпы Хазіреті Әли (р.а.) әулетін бұрынғыдан бетер қудалауға ұшыратты. Аббасидтердің алғашқы билікке келуі біздің тарихта: "Талас ғазауатында араб-түркі әскерлері қытайларды күл-талқан етіп жеңді. 100 мыңнан астам қытай әскері опат болды" делінетін 751 жылдарға сай келеді. Бұл кезде Талас ғазауатында араб қолбасшысы ретінде айтылатын Әбу Мүслім халифат сарайы маңындағы тартыстың бел ортасында жүрген еді. Мүмін, кеселден көз ашпайтын, таққа енді ғана отырған алғашқы Аббасидтік халифаның да, атақты Ислам әскербасы Әбу Мүслімнің де қызу тартыс кезінде Орталық Азияға әскер аттандыруы ешбір қисынға келмейді. Талас-тартыс қызған 755 жылы Халифа әл-Мансур Хазіреті Әли (р.а.) ұрпақтарының жақтаушысы Әбу Мүслімді өлтіреді. Демек біз арқа сүйеп жүрген тарихымыз да, деректеріміз де шіли жалған. Өйткені, сарай төңкерісі секілді аумалы-төкпелі тұста қандай құдіретті болмасын, әлі буыны қатпаған, беделі қалыптасып үлгермеген Аббасидтік халифта, одан соң билікті арамзалықпен басып қалып, оны заңдастыру үшін жанталасқан Әл-Мансур да Орталық Азияға Исламды тарату үшін 150 мың әскер аттандыра алмасы анық жайт.

Оған тағы бір дәлел, Басырада Омеядтықтардың күшінен және Әбу Мүслімді жақтаушылардың қаһарынан қорыққан Халифа Әбу Жағыфар түркілердің мүддесін қорғамақ түгілі 762 жылы астанасын Хашимидтердің ықпалы басым, Омеядтықтардың әсері әлсіз Бағдадқа көшіреді. Бұл жағдай, Аббасидтік халифа үшін Қытай-түркі қатынасы емес, әулет билігін нығайтудың неғұрлым маңызды болғанын көрсетеді.

Осы тұста Хазіреті Мағауия кезінен бері (Қожалар шежіресінде айтылатынындай) орталығы Бағдад саналатын

Йемен, Шам, Шамат елдерін Хазіреті Әлінің (р.а.) Мұхаммед ибн әл-Ханафиядан тарайтын әулеті билеп тұрған болатын. Аббасидтік халифа Бағдадқа келісімен олардан шұғыл түрде өлкеден күллі жақтастары мен жамағатын алып, шығып кетуді талап етті. Осының нәтижесінде мұсылмандар арасында фитна туғызғысы келмеген Мұхаммед ибн әл-Ханафия ұрпағының Орталық Азияға хижрасы басталады.

Бұл туралы Қарахандық қожалардың ауызша Шежіресі: "Хазіреті Әли (р.а.) Хайбар патшасының қызы Ханафиядан туған ұлы Мұхаммед ибн әл-Ханафияға Хазіреті Оспанның (р.а.) қызы бибі Шәмшияны қосады" деп басталады. Шежіре бойынша олардың екі ұлы болған. Бірі – Шах Абд әл-Фаттах, екіншісі – Шах Абд әл-Манаф. Шах Абд әл-Манафтың бір ұлы болды. Оның есімі Әли Баттал ғази еді. Ол Румда ғазауат жүргізіп, шахид болды. Шах Абд әл-Фаттахтың ұлы Шах Абд әл-Жафар, оның ұлы Шах Абд әл-Қаһар. Оның екі ұлы бар еді. Бірі – Шах Абд ар-Рахман, екіншісі – Шах Абд ар-Рахим. Абд ар-Рахман өлгеннен соң оның бір ұлы Ысқақ бап атасының орнына – Шамға, екінші ұлы Абд әл-Жалил бап Йеменге патша болды. Шах Абд ар-Рахим Шамат патшасы еді. Шах Абд ар-Рахим ағасының баласы Ысқақ бапқа келіп, Абд әл-Жалилді алдырып мәслихат құрады. Олар ақылдаса келіп, бабалары Хазіреті Әли (р.а.) бет бұрған Самарқандқа хижра жасауға, жол бойы Ислам үшін қылыштасуға уағдаласады.

**Махмұд ишандағы Шежіре көшірмесі** бойынша да сөз бастаушы Шах Абд ар-Рахим бап. Одан әрі Шежіре бойынша: *"Оның қарулы 70 мың, Хазіреті Ысқақ баптың 50 мың, Хазіреті Абд әл-Жалил баптың 30 мың – барлығы 150 мың әскерлері болады. (Бұл арабтардың дәстүрі бойынша тек әскер емес, олардың үй іші, бала-шағасы, қызметшілері, тағысын тағыларымен қоса есептегендегі адам саны.). Олар Шамнан – Шаматқа, одан – Исфаханға, одан – Табарнарға, одан – Мазандаранға, одан – Шархқа, одан – Хорасанға, одан – Балхқа, одан – Термезге, одан – Бұхараға, одан Самарқандқа келеді. Самарқанд халқы мұсылмандар еді. Одан – Өзгентке, одан – Ферғанаға, одан Хазанға аттанады.*

*Өзгент пен Ферғанада екі патша болады. Бірі – Ахсаб, екіншісі – Каруан. Соларға қарсы бірігіп соғысқа шығып, 40 мың муғ* билеуші әмірлерімен қоса жер жастанды. Мұсылмандардың 8 мыңы шахид*

*Муғ–отқа, пұтқа табынушы

*болады. Одан белшеден батып Шаш пен Испиджапқа келді. Ысқақ баппен бірге бірнеше табаһа табғиндер бар еді. Хазіреті Ысқақ бап солардың бірі Шейх Бахраддин Қапалды Шашқа халифа етеді. Ол Шаш халқына ілім-хикмет үйретеді. Халық бас иеді.*

*Бабтар үшке бөлінеді. Шах Абд ар-Рахим бап Урғу-Қатлаш елдеріне Исламды таратуға шықты. Ысқақ бап Пиром (Сайрам), Қоғалық, Чолджан елдеріне аттанды. Абд әл-Жалил бап Баршын елдеріне барды. Бұл жижраша 150-і жыл, қазіргі жыл санау бойынша 768 жыл шамасы болатын.*

*Абд ар-Рахим бап жолын кәпірлерден аша отырып, Қашғарияға дейін жетеді. Мұнда 2 тарса (қытай) патшасы бар еді. Біріншісі – Мыңкөзді Бохрахан, екіншісі Уай (Лай) хан еді. Олар иманға келмейді. Қанды соғыс басталып, 60 мың тарса ажал құшады, 12 мың мұсылман шахид болады. (Бұл жерде Қашғар деп Қашғарияның қақпа қаласы Тараздың айтылуы әбден мүмкін. Өйткені, бұл аймақта 60 мың тарса мерт болған бұдан өзге алапат соғысты тарих білмейді). Бұдан соң Қашғар–Жаркент елдерінде Ислам ашылады.*

*Абд ар-Рахим бап Қашғарияда 30 жыл патшалық етеді. Алмалық, Фаналық елдеріне иман дауғат болады. Осында ол Құзбалық және Қылышты Қарахан атанады. Оның бір ұлы бар еді. Ол Биярлық, Балх, Дуа-и-тон Қарахан атанады"* делінеді. Бұл кісі бүгінгі Таразда жатқан Суфалық силсилада Ба-Хазарати, Уа әз ишан Яс-Сұлтан Шейх Абд әл-Хасан Қарахани деп аталатын Әулие ата бабамыз еді ("Мың бір түн" қисасындағы Әбді Хасан Тарази). Оның атындағы "Дуа-и-тон" деген лақабы осыған меңзеп отыр. Бұл кісінің бұдан өзге Шах Мұхаммеди қаһан, Қарахан баба, Әбу Әли (Әлидің әкесі) деген секілді сан қырлы лақабтары да болған. *"Оның ұлы Отырарға келіп ишан болып, Қарахан атанды. Оның ұлы Пиронға (Пірдің отаны – Тараз) ишан болып, Мансур хан атанды. Табан аудармай 43 жыл патшалық құрды. Оның ұлы Жухрахан Пиромда 35 жыл патша болды. Оның ұлы Қылышты Арысланхан атанып, Отырарда 40 жыл патшалық қылды".* Біз осы тұста "ишан болып" деген сөздерді өз мағынасы бойынша "дербес билеуші емес, Ұлы билеушінің атынан хандық құрды" деген мағынада түсінуге тиіспіз.

Бұдан әрі, *"оның ұлы ишан Исмайылхан, оның ұлы ишан Илиясхан, оның ұлы ишан Сайд Хусейін хан, оның ұлы ишан Истиджанхан, оның ұлы ишан Арсланхан, оның ұлы ишан әзиз Мұсахан (лақабы – Қожа ата), оның ұлы ишан Насыроллахан, оның ұлы Хусейін хан, оның ұлы ишан Халидхан, оның ұлы ишан Ақ Арысланхан (лақабы – ишан Мұхаммед Білге хан). Оны Үргеніш ханы өлтіріп, Отырар жеріне бейнәсіл Иналшық атты патша келеді. Оның ұлы ишан Көк Бурат хан,*

*оның ұлы ишан Хусейін хан, оның ұлы Рашид хан, оның ұлы Шах Хидаятхан (лақабы – Садраддин баба). Ол “Үмметтің нұры, ұлыстың тірегі, Достың (Алланың) досы, халықты Хақ жолға бастаушы мүршид, діннің, ұлттың, ақиқаттың жұлдызы, шейхтардың шейхы, құтыптардың құтыбы еді”* делінеді.

Бұдан әрі Шежіре төмендегідей тарамдалады.

# ШИЕЛІЛІК ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Шах Хидаятханың ұлы – ишан Махмуд хан;
оның ұлы – ишан Ибрагим хан;
оның ұлы – ишан Шайф хан;
оның ұлы – ишан Яхия хан;
оның ұлы – ишан Исмайыл хан;
оның ұлы – ишан Ысқақ хан;
оның ұлы – ишан Бабахан;
оның ұлы – ишан Юсуб хан;
оның ұлы – ишан Салих хан;
оның ұлы – ишан Шайим хан;
оның ұлы – молда Ибрагим қожа әзиз ишан;
оның ұлы – Қара ишан қожа;
оның ұлы – Ханқожа әзиз.

Оның Қарақожа әзиз ишан және Аққожа әзиз ишан деген екі ұлы болған. Саураннан су тартылып, Қарақожа әзиз ишан ұрпағымен – Самарқандқа, Аққожа әзиз ишан Сырдың төменгі сағасына қоныс аударады. Қарақожа әзиз әулеті осыдан бастап Самарқандты қыстап, Шиелі өңірін жайлау етеді. Төрт түлік малын Қызылқұмның қойнауында ұстайды.

Сонымен:
оның ұлы – Абзал хан ходжа әзиз;
оның ұлы – Әулие Қарахан;
оның ұлдары – **Аралхан, Мұсахан, Төрехан.**

**Аралханнан** – Махмуд ишан;
одан – Әбдікәрім ишан;
одан – Сыздық, Сейіт, Исан және Пердебай қожалар.

Сыздық қожадан – Зәйін қожа;
одан – Әбдіқасым (Бекқожа), Жолдас, Бекбай, Қазыбек, Мәделқожа.

**Мұсаханнан** – Мағруфхан;
одан – Әшілді Құндыз,
одан – Омархан;
одан – Өтепхан мен Мүсірепхан.

Өтепханнан – Айдархан, Шайзатхан, Жұмахан, Сұлтан, Батталғазы, Сайпырхан.

Мүсірепханнан – Ағзамхан, Темір, Болат.

**Төреханнан** – Тайыр қалпе;

одан – Есібек (ұрпақ қалмаған), Орал, Әбдімомын;

Әбдімомыннан – Әбдіқайым ишан;

одан – Хамидолла, Мақсұт (Мұхаммед), Орынбайқожа және Әбдікәрім болып тараймыз.

Бұл Шежіре жоғарыда айтқандай, Жамбай ауданындағы Қожақышлақтың (Ақ алтын) тұрғыны, бізге 6 атадан қосылатын, Мұсаханнан тарайтын Мұсахан Махмудов деген кісінің қолындағы нұсқа бойынша таратылып отыр. Тәліп ишанның маған 1995 жылғы қарашаның 13-інде берген Шежіресіне көп тұстары сәйкес келмейді. Ол кезде Тәліп ишанның жасы 30-дың үстінде болса, бүгінде 50-дің шамасындағы жігіт ағасы. Оның Шежіресінде түпнұсқа толық сақталған еді, ал мына Шежіренің Кеңес дәуірінде көшірілгені көрініп тұр. Оның анықтығын, түпнұсқамен сәйкестігін растайтын ешбір белгі соғылмаған.

Осы жолы қаншама әрекеттенсем де Тәліп ишан бұрынғы Шежірені қайталауға пейіл танытпады. Мен одан Бақшайыстық қожалар Шежіресін сұрай бастадым. Әр сөзін бейнетаспаға түсіріп алдым. Өйткені, біз оны тек осындай амал арқылы ғана Қарахандықтар әулетінің бұрынғы Шежіресін қайталата алдық. Сол себепті мен екі Шежірені салыстырып бергенді жөн көрдім.

# САУРАНДЫҚ ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

| № | Тәліп ишан нұсқасы | Мұсахан Махмудов нұсқасы |
|---|---|---|
| 1. | **Хазіреті Әли Қарамолдах** | ------------------------------------------ |
| 2. | **Мұхаммед ибн әл-Ханафия** | ------------------------------------------ |
| 3 | **Шах Абдул Фаттах** | ------------------------------------------ |
| 4. | **Шах Абд әл-Жафар** | ------------------------------------------ |
| 5. | **Шах Абд әл-Қаһар** | ------------------------------------------ |
| 6. | **Шах Абд әл-Рахим** | ------------------------------------------ |
| 7. | **Абд әл-Хасан Қарахани** | **(Дуа-и-тон) Мухаммад Ертуз хан** |
| 8. | **Мансур хан** | Отырарлық Қарахан |
| 9. | Ғәзиз Мұса хан | **Пиромдық Мансур хан** |
| 10. | Махрам Әли хан | Жугра хан Отырари |
| 11. | Ядгар хан | Қылышты Арыслан хан |
| 12. | Насыролла хан | Исмайыл хан |
| 13. | **Исмайыл хан** | |
| 14. | **Ілияс хан** | **Ілияс хан** |
| 15. | **Сайд Хусейін хан** | **Сайд Хусейін хан (**екі ағайынды, үлкені – Сайд Хасан хан – одан басқа әулет тарайды) |
| 16. | Мұса хан | Истиджан хан |
| 17. | **Арыстан хан** | **Арыслан хан** (Тәліп ишан шежіресіндегі Үргеніш патшасының қолынан өлген Білгехан осы кісі. Ол тарихта сондай-ақ, Арыстанбап деген атпен қалған. Қожа Ахмет Ясауидің туған нағашысы) |
| 18. | Барат хан | Әзиз Мұса хан (лақабы – Қожа ата) |
| 19. | Қара хан | Насыролла хан |
| 20. | Абд әл-Жалил хан | Хусейін хан |
| 21. | Баба хан | Халид хан |
| 22. | Қарахан (Оғызхан) | Ақ Арыстан хан |
| 23. | Күнхан, Айхан, Жұлдызхан | Мұхаммед хан |
| 24. | Айханнан – Халдархан | Көк Бөрі хан |
| 25. | **Махмуд хан** | Хусейін хан |
| 26. | **Ибрагим хан** | Рашид хан |
| 27. | **Шайф хан** | Шах Хидаят хан (Садраддин ата) |
| 28. | **Яхия қожахан** | **Махмуд хан** |
| 29. | **Исмайыл хан** | **Ибрагим хан** |
| 30. | **Ысқақ хан** | **Шаһиф хан** |
| 31. | **Баба хан** | **Яхия қожа хан** |
| 32. | **Юсуб хан** | **Исмайыл хан** |

| | | |
|---|---|---|
| 33. | **Салық хан** | **Ысқақ хан** |
| 34. | **Шайим хан** | **Баба хан** |
| 35. | **Молда Ибрагим әзиз** | **Юсуб хан** |
| 36. | **Қара ишан** | **Салых хан** |
| 37. | **Ханқожа әзиз** | **Шайим хан** |
| 38. | **Қарақожа** | **Молда Ибрагим қожа әзиз ишан** |
| 39. | **Абзалхан ишан** | **Ханқожа әзиз** |
| 40. | **Әулие Қарахан** | **Қарақожа әзиз** |
| 41. | Төрехан | **Абзалқожа ишан** |
| 42. | Тайыр қалпе | **Әулие Қарахан** |
| 43. | Әбдімүмін | Төрехан, Аралхан, Мұсахан |
| 44. | Әбдіқайым | Тайыр қалпе |
| 45. | Әбдікәрім | Әбдімомын |
| 46. | Әбр әл-Хасан | Әбдіқайым |

**Махмуд ханнан** әрі қарай екі Шежіреде айырмашылық жоқ. Бірінші нұсқада – Махмудхан Халдарханның ұлы, екінші нұсқада – Шах Хидаят, яғни Садр ад-дин Шейхтың ұлы.

Ұрпақтың орташа табиғи өсіп-өнуі 30-33 жыл болып есептеледі. Осы қағиданы басшылыққа ала отырып 43 деген санды 33 деген санға көбейтсек 1419 деген сан, яғни 1419 жыл шығады. Оны 2000 жылдан алып тастасақ, шамамен Хазіреті Әли (р.а.) бабамыздың 581 жылдан кейін туғанына көз жеткіземіз. Екі Шежіре арасындағы 3 ұрпақтың аса үлкен айырмасы жоқ. Екеуі де сан жағынан көкейге қонымды, шындыққа сай келеді. Солай бола тұра мен барлық Қарахандықтар әулетінің қолда бар Шежірелерін де жеке-жеке көрсеткенді жөн санадым.

# ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ*

1. Абдрахым (арада 16 ұрпақ қалып қойған секілді);
2. Көк Бурут хан (оның ұлы Хусейін хан туралы дерек жоқ);
3. Рашид хан;
4. Садраддин хан;
5. Райс Баба хан;
6. Фат Куллик хан;
7. Шейх Фазли хан;
8. Досты хан;
9. Айса хан;
10. Мырза хан;
11. Әзиз хан;
12. Шах Әбді Мәлік хан;
13. Зихтат хан;
14. Атахан;
15. Тата хан;
16. Баба хан;
17. Нұх хан;
18. Кучук хан;
19. Мирза хан;
20. Яғыз хан;
21. Ғарар хан (Наурыз хан);
22. Хашим хан;
23. Мансур хан, одан – Батыр хан және Мнал хан;
24. Хасан хан, одан – Юнус хан және Мир Сайд хан;
24. Мналханнан 4 ұл – Бахадур хан, Асан хан, Исмайыл хан, Тахир хан.

# ҚОЙЛАҚИЛЫҚ ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ*

- Абд ар-Рахим Бұғыра хан (Жеті кент, Қашғар, Алмалық, Қайалық елдерін 30 жыл билеген);
- Қылыш Қара хан (Бозбалыхты билеген);
- Мансур Хумар хан (Сайрамда 43 жыл билік құрған);
- Чағри тегин (Сайрамда 33 жыл билік құрған);
- Қылыш Арыслан хан (Отырарда 40 жыл патша болған);
- Исмайыл хан;
- Ілияс хан;
- Ахмад хан;
- Санжар хан;

10. Хасан хан;
11. Мухаммад хан (лақабы – Білге хан) ;
12. Дадабек хан;
13. Абд әл-Халық хан.

Бәрі Отырарда тұрған. Үргеніштің ханы Мұхаммед сұлтан келіп, Білге ханды өлтірді. Одан кейін Отырарға Қайырхан хан болады. Білге ханның нәсілі кесілді. Отырар қазынасына иелік еткендер залымдардан болды.

# ОБИД СУФИХОННЫҢ ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ**

1. Абд ар-Рахим бап (Қашғарда 30 жыл патшалық құрды. Арзиқтық Бұғрақарахан атанды. Бузбалихта қалаштық атанды);
2. Уттыз (Азбур) Қарахан (Отырарға келіп Әулие Қарахан атанды);
3. Мансур Қарахан (Сайрамда 43 жыл патшалық құрды);
4. Жафар Тегин хан (Сайрамда 35 жыл патша болды);
5. Қылышты Арслан хан (Отырарда 40 жыл патша болды);
6. Исмайыл хан;
7. Ілияс хан;
8. Ахмад хан;
9. Исхақ хан;
10. Арслан хан;
11. Ядак хан;
12. Абдухалық хан;
13. Хасан хан;
14. Ахмад хан;
15. Ақ Арыслан хан;
16. Мухаммад хан;
17. Білге хан (Үргеніш ханының қолынан мерт болды. Одан соң Отырарға Қайырхан келді);
18. Көк Бурат хан;
19. Хасан хан;
20. Рашид хан;
21. Шах Хидаят хан;
22. Махмуд хан;
23. Сабыр хан;
24. Абдулла хан;
25. Халил хан;
26. Хасан хан;
27. Баба хан;
28. Ғайбулла хан;
29. Абду Малик хан (оның екі ұлы болған – Нематулла хан және Сайдулла хан);
30. Сайдулла хан (оның 4 ұлы болған – Имам хан, Файзулла хан, Сайфулла хан, Баба хан);
31. Баба хан;

32. Махмуд хан (лақабы – Алакөз хан);

33. Қасым хан;

34. Суфи хан;

35. Жиян хан (оның екі ұлы болған – Рахим хан және Құрбан қожа);

36. Рахим хан;

37. Ханқожа (оның 4 ұлы болған – Бабахан қожа және Мырзахан қожа, Артық қожа, Төлекхан қожа);

38. Мырзахан қожа (оның 4 ұлы болған – Әділхан, Мұратхан, Ғазихан, Қожахан).

Бұдан әрі, Обид ақсақал Өзбекстанның Ташкент облысы Төменгі Шыршық ауданындағы Майдантал қыстағына қарасты "Қыз ана" ауылында тұратын 100-ден астам Қарахандық қожалар осы атадан тарағанын тілге тиек етті. Сонымен қатар, Бабахан әулетінің дерегі белгісіз екенін, Төлекхан қожа әулетінің Өзгентте қалғанын және Артыққожа әулетінің Шыназда тұратынын құлағдар етті.

# ЖОҒАРЫШЫРШЫҚТЫҚ ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Біз жоғарыда қате деп күмән келтірген Шежіренің Тәжібай Нұрматов нұсқасы бұдан әрі былайша жалғасыды:

- Хазіреті Әли Мұртаза;
- Мұхаммед ибн әл-Ханафия;
- Абд әл-Фаттах және Абд әл-Маннан;
- Абд әл-Фаттахтан Абд әл-Жаббар, Абд әл-Маннаннан (Сайд) Баттал Ғазы;
- Абд әл-Қаһар;
- Абд ар-Рахман және Абд ар-Рахим;
- Абд ар-Рахманнан Ысқақ бап, Абд әл-Жалил бап. Абд ар-Рахимнан Қылыш Қарахан. Қылыш Қараханнан:
- Азбур Қарахан;
- Аулия Қарахан;
- Мансур Хумар хан;
- Жуғра Қарахан;
- Қылыш Арыстан хан;
- Исмайыл хан;
- Иляс хан;
- Ахмад хан;
- Санжар хан;
- Хасан хан;
- Мұхаммед хан, лақабы – Білге хан;
- Дадабек хан;
- Абд әл-Халық хан, лақабы – Білге хан;
- Көк бөрі хан;
- Хасан хан;
- Сайд хан;
- Шаһ Хидоят Панох Карамат хан;
- Махмуд хан;
- Садыр хан;
- Абдуллах хан;
- Халил хан;
- Хасан хан;
- Бабахан;

- Абдуллах хан;
- Абд Малик хан. Одан – Қозы қожа мен Тоқты қожа.
- Қозы қожадан – Әшім; Тоқты қожадан – Сарықожа.
- Әшімнен – имам Жағыппар; Сарықожадан – Мұхаммед, Хамид, Үмбет, Үркін. Имам Жағыппардан – Шаюсуф. Мұхаммедтан – Рүстем, Хамит, Тайыр. Үмбеттен – Бекқожа, Халилқожа, Тұрсынқожа және Сапарқожа. Үркіннен – Жәлілқожа, Әділқожа, Ғұламқожа. Шаюсуфтен – Пәтилла, Саламхан, Төреқожа, Ешанқожа. Бекқожадан – Құрбан, Нарқожа. Халилқожадан – Әшір, Мамыт. Тұрсынқожадан – Исаққожа. Пәтилладан – Рахметолла. Салламханнан – Омархан. Төреқожадан – Құрбан, Қасым, Икрам, Әшрап. Ешанқожадан – Ташқара. Нарқожадан – Тұран. Әшірден – Анарбай. Мамыттан – Қалжан, Артық, Нұрқожа. Исаққожадан – Төлекқожа, Дәрқожа, Алтайқожа, Салқожа, Ханқожа, Рәсіл. Рахметолладан – Мәді. Ташқарадан – Пазыл. Тұраннан – Зайыт. Қалжаннан – Садық, Әріп, Айдар. Артықтан – Сайіт, Маккам. Нұрқожадан – Пәйзі, Жолдас. Төлекқожадан – Қалтай, Нұрмат, Садық, Жүсіп, Әлім, Артық. Дәрқожадан – Аман, Олжа. Алтайқожадан – Жиен, Сман, Әбдіраман, Адақым. Ханқожадан – Әбілда, Тешебай. Қалтайдан – Махамат. Нұрматтан – Тәжібай. Сыдықтан – Орын. Жүсіптен – Артық.

Мен сызбаны дұрыс оқи алмай қателесуім де мүмкін. Мұндай жағдайда ағайын кешіріммен қарайды деп ойлаймын. Барынша дұрыс жазуға тырыстым. Бұлай етуге мені итермелеген адам аттарының қайталануы мен өзара ұқсастығына оқырман назарын аудару болды. Соңғы Шежіреде адам аттарын қасақана тарихи деректерге қарай бұрмалау байқалады. Мұның кімнің қателігі екенін айту мүмкін емес, әрине. Онсыз да қиянаттан көз ашпаған Шежіремізді заманға, басқалар жазып беріп кеткен тарих пен жалған саясатқа қарай бұрмалаудың кімге керек болғанын бір Алла ғана біледі.

# ШЫНАЗДЫҚ ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Бұларда да адам аттары жиі қайталанып отырады, жүйелілік жоқ. Мұндай шатасудың басты себептері, біз жоғарыда айтқандай, көшірмешілерді әркімнің өз бетінше жазуы және лақап аттарға байланысты жаңсақтықтар деп негіздеуге болады.

Мысалы, әкеміздің бізге жазып берген Шежіресінде: “Ибрагим әзизден кейін Қара ишан, одан – Ханқожа, одан – Қарақожа ишан” деп жалғаса береді. Ал, осы әулеттің өкілі, өзімізге бір туған Махмуд ишанның нұсқасында **қайталанған** Қара ишанның аты алып тасталған. Өйткені, Махмуд ишандағы Шежіре кейінгі көшірме. Бірде-бір жеріне куәландырылып мөр соғылмаған, қағазы да тым жаңа.

Шежірелердің барлығынан Оғыздық кезең қасақана алып тасталғанымен кісі есімдерінің баламасы сол заманға сілтеп тұрады. Мысалы, Көк бөрі хан, Рашид хан, Шаһ Хидаят хан.

Қарахандық қожалар шежірелерінің бәрінде де Шаһ Хидаят ханның ұлы Махмуд ханның есімі аталады. Бірінші нұсқада ол Халдар ханның ұлы. Халдар хан есімі Тәліп ишан нұсқасынан басқа бірде-бір шежіреде кездеспесе де “Болат–Жанат” дастанында басты кейіпкер ретінде көрініс тапқан. Жырда:

Бір падиша бар еді,
Ақылы асқан дана еді.
Өзінің аты – **Халдар хан,**
Әкесі оның **Жұлдыз хан,** –

делінеді. Біз көрсеткен Шежіреде бұл кісі Айханның ұлы. Ал, дастанда ол туралы: “Әкесі оның Жұлдыз хан” дейді. Бұл оның әкесінің емес, әкесінің інісі Жұлдызханның тәрбиесінде болғанын көрсетсе керек.

Махмуд ханнан кейін Шежіре екіге бөлінеді. Адам аттары тек кездейсоқ қана қайталанып отырады. Бұл біздердің бабаларымыздың алғашқы бөліну кезеңіне, тарихи деректер бойынша Ішкі Оғыздар (Қоңырат, Мунрат, Рамадан, Қыпшақ, Найман, т.б.) мен Сыртқы Оғыздардың (Ұлы жүз тайпалары) өзара соғысына және Қыр Оғыздарының (қырғыз) біржола бөлініп, іргесін бөлек салған заманға сай келеді. Бұдан соң тарих сахнасына Ақсақ Темір шығады. Ол қырық ру болып қырқысып жатқан елге ие болу үшін Қарахандықтар әулетін қырып-жою

мен қудалау науқанын бастайды. Бұл туралы біз жеке баяндайтын боламыз.

Шыршықтық Қарахандық Шежіре де осы заманға сілтейді. Ол тізім былайша жалғасады:

Белкайханның ұлы – Көкбурутхан (Көк бөрі хан),

оның ұлы – Хасан хан,

оның ұлы – Рашид хан,

оның ұлы – Шаһ Хидоят хан,

оның ұлы – Махмуд хан,

оның ұлы – Сабыр хан,

оның ұлы – Абдулла хан,

оның ұлы – Халил хан,

оның ұлы – Хасан хан,

оның ұлы – Баба хан,

оның ұлы – Ғайбулла хан,

оның ұлы – Әбдімәлікхан. Оның екі ұлы бар еді. Бірінің аты – Нематуллахан, екіншісінің – аты Сайдуллахан.

Сайдуллаханның төрт ұлы бар еді. Олардың аттары – Имамхан, Файзуллахан, Сайфуллахан, Бабахан. Бабаханның ұлы Махмудхан (лақабы – Алакөзхан), оның ұлы Қасымхан, оның ұлы Суфихан, оның ұлы Жиянхан. Жиянханның екі ұлы бар еді – Рахимхан және Құрбанқожа. Рахимханның ұлы Ханқожа. Оның төрт ұлы бар еді – Бабаханқожа, Мырзаханқожа, Артыққожа ишан хулафа және Төлекханқожа. Мырзаханқожаның төрт ұлы бар еді – Әділхан, Мұратхан, Ғазихан және Хажыхан. Мұратханның алты ұлы бар еді, – деп бұдан әрі талдап кете береді.

Олардың бұл жерге қоныстануын Обид бауырымыз: *“Ханқожа бабамыздың төрт ұлы бар еді... Солардан Мырзахан бабамыз Шыназ бегінің әскербасы еді. Бір ұрыста бабамыз үлкен ерлік пен ептілік көрсетіп, дұшпандарға жойқын соққы береді. Сол ерлігі үшін Шыназ бегі қалаған жерін таңдап алуға рұқсат береді. Мырзахан баба қазіргі Төменгі Шыршық ауданының Майдантал қышлақтар бірлестігіндегі Сырдарияның сағасын сұрайды. Бұл жерлер жылқы бағуға қолайлы, балығы да мол болған”* деп көрсетеді. Бұдан әрі ата-бабалар тарихына байланысты бірқатар естеліктер айтады. Олардың бәрінде де ишандық пен ерлік істерді, батырлық пен атбегілікті баян етілген.

# САРЫАҒАШТЫҚ ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Мен Сарыағашта Қарахандықтар бар деп ойлаған емеспін. Үш ұйықтасам түсіме кірген нәрсе емес еді. Әбд әл-Жалил бап Шежіресін жазған Сейіт Омар аға ол туралы маған айтқан жоқ. Кездейсоқ кездестік.

Ашығын айту керек, бұл кісілер өз шежірелерін барша қазақтарға тән дәстүрмен 7, ары кетсе 9 атаға дейін ғана біледі екен. Не дейміз, тағдырдың басқа салғаны дегеннен басқа! Олар өздерінің Қожа, оның ішіндегі Қарахандық екенін ғана білген де, алаңсыз еңбектерін жасап жүре берген. Кеңес дәуірінде одан басқа жол да болмады. Еліміз Тәуелсіздік алып, дін орнына келген соң, тектерін түгендейтін ортада көнекөз қариялар да қалмаған.

Мұндай ахуалды, тіпті бұдан да масқарасын мен Самарқандтағы ең соңғы Әулие Қарахан бабамызды зиярат етіп барғанда жақын туыстарымыздың арасынан өз көзіммен көрдім.

Қариялардан көзі тірі адам қалмаған. Ең үлкендері біздің әкеміздің мүриді Софы Айдар ишанның баласы Сейдулла ағамыз екен. Мен берген асқа тек Төрехан мен Аралханнан тараған ұлы бар, қызы бар жетпісшақты адам жиналды. Астан соң осындағы бабамыздың атындағы мешіттің имамы, жоғарыда сан мәрте айтқан Бақшайыстық Тәліп ишанды ортаға алып, біраз отырдық. Сонда Сейдулла ағамыздың “қуып” отырғанын көріп таң болдым.

Соның алдында ғана Кеңес үкіметі кезінде Самарқанттық бір ағамыздың Өзбекстанның орталық телеарнасының “Ахборот” бөлімінде жұмыс істейтін баласы әкесінің қызметтестері арасында “біз тегінде қазақпыз, төңкеріс (революция) кезінде біздерді зорлап өзбек деп жазғызған” дегені үшін әкесіне ренжіп, қайта айналып келместен кетіп қалғанын сол баланың өз аузынан естіген едім. Сейдулла ағамыз: “Біздің тегіміз, әкеміздің айтуынша, негізінде Таразилар. Әбд ар-Рахим бабамыз сонда жатса керек. Тараздың қайда екенін білмедім” дегеннен аса алмады. Оған да шүкіршілік етесің. Басқалары “бу нима кирак” деп қабақтарын қыржитты. Сарағаштық бауырларымыз олармен салыстырғанда тың екен.

**Бірінші тізім бойынша:**

1.Жүсіп қожа.
2.Ақ қожа.
3.Хан қожа.
4.Мұртаза.
5.Омар, одан:
6.Ысқақ және Дәнібек.
7.Ысқақтан екі ұл – Зәйір және Сыдық; ал, Дәнібектен екі ұл – **Боранбай** және Құлабай.
8.Боранбайдан төрт ұл – Егемберген, Қалдыбай, Қойбағар, Бауыржан
9.Егембергеннен үш ұл – Бекжан, Жеңіс, Жарас. 10. Бекжаннан – Бексұлтан.

9. Қалдыбайдан бір ұл – 10. Дәурен;
9. Қойбағардан бір ұл – 10. Нұрсұлтан;
9.Бауыржаннан бір ұл – 10. Сержан;
9. Құлабайдан бір ұл – 10. Ербол. Одан 11. Қыдырәлі және Арман.

**Екінші тізім бойынша:**

1.Салых қожа.
2.Сүлеймен қожа.
3.Сұлтан қожа.
4.Мәдәлі қожа және Хамид қожа.
5.Мәдәлі қожадан – Балтақожа (1902 ж.) және Атақожа (1904 ж.).
6.Балтақожадан – Адасқожа (1937 ж.) және Амангелді (1947 ж.).
7.Адасқожадан – Асқар, Манас, Жарас, Қыдырқожа, Әділқожа. Амангелдіден – Батырхан, Қамбар, Муелім.
8.Асқардан – Қыдырқожа-Әлішер; Манастан – Азамат, Икрам, Сұлтан. Жарастан – Бақытжан; Қадырқожадан – Айбек; Әділқожадан – Иззат, Елібек; Батырханнан – Хамза, Бекзат.

**Үшінші тізім бойынша:**

1. Жүсіп қожа.
2. Ақ қожа.
3. Хан қожа.
4. Мұртаза.

5. Ахмет.

6. Сүлеймен.

7. Мұсабай.

8. Әбу Бәкір.

9. Одан екі ұл – Әліхан және Уалихан.

10. Әліханнан – Ыбырайымхан және Төрехан. Уалиханнан 6 ұл – Жорахан, Мырзахан, Мансурхан, Мақсұтхан, Фазыл және Әділ.

11. Ыбырайымханнан – Бұрхан; Төреханнан – Айыпхан, Әлімхан, Талғат; Жораханнан – Әуез, одан – Қасым; Мырзаханнан – Шерхан, одан – Нұрхан.

6. Сүлейменнің екінші ұлы – Араб.

7. Арабтан екі ұл – Искандар және Рүстем.

8. Искандардан – Қуаныш және Марат. Рүстемнен – Бақтыбек.

9. Қуаныштан – Мақсат және Нүркен; Мараттан – Қожа Ахмет; Бақтыбектен – Әбдірахман.

5. Ахметтен – Махамбет.

6. Махамбеттен үш ұл – Әлқожа, Окан, Садық.

7. Әлқожадан екі ұл – Ордабек және Құттыбай; Оканнан екі ұл – Олжабек және Ермек; Садықтан бір ұл – Жасұлан.

8. Ордабектен – Батырхан және Темірхан. Олжабектен – Ерлан, Шерхан және Руслан; Ермектен – Бейбарыс және Бекарыс.

**Төртінші тізім бойынша:**

1.Күндарәлі.

2.Одан – Ерімбет, Пірімбет, Жүнісқожа.

3.Ерімбеттен – Құдайберген.

4.Құдайбергеннен – Рахманберді, Серікбай, Омархан.

5.Рахманбердіден – Әмірхан, Әсілхан, Әзизхан, Әзімхан. Омарханнан – Исламбек, Әбсаттар.

3. Пірімбеттен – Әмірхан және Үрімхан.

4. Әмірханнан – Сейдғазы.

5. Сейдғазыдан 6 ұл – Сейдахмет, Ермаханбет, Мырзахмет, Алтай, Елтай, Ұлықбек.

6. Сейдахметтен – Ырысбек, Мейрамбек. Мырзахметтен – Мейіржан, Аян; Алтайдан – Мейірбек, Өмірбек, Нұрахмет; Елтайдан – Мұхаммеддин, Исламхан; Ұлықбектен – Бақытжан.

3. Үрімханнан – Әбдікерім.

4. Әбдікерімнен – Әбсейіт және Ерсейіт.

5. Әбсейіттен – Шерполат, Ерболат, Нұрболат; Ерсейіттен – Қуаныш, Нұрболат, Өмірзақ.

6. Қуаныштан – Нұрасыл.

2. Жүнісқожадан – Тұрсынқожа және Ыдырыс қожа.

3. Тұрсынқожадан – Мәмбет және Сатпай.

4. Мәмбеттен – Ермек; Сатпайдан – Жарылқасын, Ақберді, Темірхан.

5. Ермектен – Рамазан, Бекзат. Жарылқасыннан – Дәурен. Темірханнан – Бейбарыс.

4. Ыдырыс қожадан – Оразбек.

5. Оразбектен – Әлібек, Қаныбек, Әділбек, Өмірбек, Әсілбек, Ержан, Нұржан.

6. Әлібектен – Нұрлыбек, Алтынбек, Таубек, Жақсыбек; Қаныбектен – Нұрғали, Ерғали; Әділбектен – Бағдад, Бақдәулет; Өмірбектен – Есбол, Диас; Ержаннан – Нұржан.

7. Нұрлыбектен – Бегжан, Бекнұр; Алтынбектен – Бегзат, Бексұлтан; Таубектен – Әшірбай; Жақсыбектен Жәнібек.

**Бесінші тізім бойынша:**

1.Төрехан.

2.Төреханнан – Асан және Орынхан.

3.Асаннан – Нәби; Орынханан – Сейдалыхан, Убайдоллаһ, Төленді.

4.Нәбиден – Үсен, Жолдас, Ергеш, Еркін; Сейдалыханнан – Зейдуллахан, Тохтархан, Нұржан; Убайдоллаһтан – Ханқожа, Халқожа, Ержан, Бекжан, Досжан; Төлендіден – Сайфуддин, Уалихан, Сейітхан, Марат, Жеңісхан.

5.Үсенен – Камалхан; Жолдастан – Мақсат; Ергештен – Нұрсұлтан; Зейдуллаханнан – Асылхан; Тохтарханнан – Хантөре; Нұржаннан – Ғалымжан, Мейіржан, Нұрлан, Мұхамеджан; Ханқожадан – Ербол мен Нұрбол; Халқожадан – Төлеген, Бағдад, Бекзат; Ержаннан – Қуаныш; Бекжаннан –

Бағдәулет; Сайфуддиннен – Ыбырахым; Уалиханнан – Бауыржан мен Батырхан; Сейітханнан – Қайрат.

Осы кітапты шығару туралы кеңесу үшін Сарыағаштағы туыстар бас қосты.

Осы жерде Сарыағаш маңын мекендеген өздерін Қарахан әулеті санайтын барлық туыстар жиналған екен.

Ташкенттік туыстар шекарадан өте алмай қалыпты. Ендігі тізім сол жерде арамызға келген ағайындар турасында.

1.Әбдіәкімхан

2.(молда) Ақынхан

3.Мазамхан

4.Мазамханнан–Марупхан, Абытхан, Арыпхан, Төрехан.

5.Марупханнан–Өлмесхан, Яхияхан, Алымхан, Зікірия, Апихан, Сәпихан.

6.Өлмесханнан–Абдуллахан, Аюпхан, Акрамхан, Әкімхан.

7.Абдуллаханнан–Рахымхан, Ибрахимхан, Бекзатхан, Шерзатхан.

7.Аюпханнан–Ділмұратхан, Ділшатхан,

7.Әкімханнан–Бердіхан, Диясхан.

6.Яхияханнан–Асқар (одан Жаркен), Рүстем.

6.Алымхан–Сәбит (одан Асылхан), Алмасхан

5.Абытханнан–Мұхаммедіхан, Нурридинхан, Артықхан, Арыпхан

6.Мұхаммедіханнан–Алишерхан.

5.Тореханнан–Сейітхан, Тәжібай, Яқылхан, Қасымхан, Нұрманхан,Сарманхан, Әділхан.

6.Сейітханнан–Сейдуәлі (одан Мұқағали) Сейтмұрат, Сеитнәби, Сеитәли.

6.Тәжібайдан–Исахан (одан Думан), Исламхан (одан Нұрасыл)

5.Яқылханнан–Мусахан (одан Мейірхан, Уәлихан) Мырзахан (одан–Тілектес), Асанхан, Махмудхан, Махсутхан, Мұратхан.

6.Нұмаханан–Мұстафахан (одан–Нұрлыхан) Нұртазахан, Нұраулетхан

6.Сармаиханнан–Досымхан, Есімхан

6.Аділханнан–Әмірхан, Жахангер, Құрбанәлі, Абылайхан.

Тағы бір кісі келген еді. Ол бірақ өз әулеттері туралы мәлімет берген жоқ.

# ДӘДЕБАЕВ ДӘЙЕКТЕГЕН ШЕЖІРЕ

Профессор Жанғара Дәдебаевтың зерттеулеріне әлі талай тоқталатын боламыз. Оның шынайы тарихқа деген ұмтылысы мен парасат-пайымы біз үшін көп мәселені түсінуге жол ашары анық.

**Қазақтың белгілі қаламгерлерінің бірі Аян Нысаналин** “Жамбыл” журналының 2004 жылғы №3 және №4 сандарындағы “Тарих аңызбен жазылмайды” деген мақаласында: *“Жақында жаңа шыға бастаған “Айқын” үнпарағында Айша бибі кесенесінің құлағалы тұрғанын айтып... әзіргі аса мүшкіл жайын сүмірейтіп суреттейді де: “...Айша өлер алдында тіл қатып, Қараханға “мен сенің бұл дүниелік жарың емеспін, мен ана дүниелік жарыңмын”, – деп айтқан екен. Сонда Қарахан ешкімге үйленбеуге серт беріпті. Сөзінде тұрып 97 жасында дүниеден өтіпті”, – дегенге оқырманды ұйытқысы келеді. Адамның жыны келіп, зығырдан қалай қайнамайды.*

*...Егер Шаһкәрім қоңыраттарды Ұлы жүзге, С.Толыбеков шежіресінде сүлгетайларды сіргеліге жатқызып; Ә.Байбатша әкесі мен баласының арасына 1000 жыл салып (оның жазуынша, Қараша біздің дәуірімізге дейін туып, бел баласы Бәйдібек дүниеге 900 жылдан кейін келеді); Қ.Салғарин ұлы мен шешесін үйлендіріп (кітапта Домалақ ене (Нұрила) Жарықшаққа қосылады); Тарих ғылымының докторы И.Шәмшат үш хан Жәнібекті бір-бірімен бытыстырып-шатастырып жүрсе дәт қалай шыдайды? ...Біздің қазіргі тарихшыларымызға қанша қыспаққа түссе де Е.Бекмахановтың турашыл қайсар ерлігі неге жете бермейді. ...Мысалы, Левшиндер, Бичуриндер мыңдаған қытай томдарын түгел қарады дейсің бе? Олар өздеріне керегін ғана алды. Олардың бәрінде еуроцентризм – “жақсылықтың кіндігі Еуропа болды” және орыс шовинизмі – “өзге халықтар орыс халқының панасында ғана көгере алады” деген ой-тұжырымдар насихатталды”, – деп қатты қынжылады. Одан әрі “Тараз төңірегіндегі түгел тарихқа жиі қалам тартатын Бақтияр Әбілдаұлының ұстанымына” да таңғалады. Автор оның жалған тарихты атақты ақадемик В.В.Бартольдтің атымен бүркемелегісі келгенін “1893-1894 жылдары екі мәрте экспедиция басқарған В.В.Бартольд Шымкент пен Әулие ата топырағын басып тұрып, Айша бибі мен Бабажа қатын кесенелері туралы ләм-мим демегені қайран қалдырады”* деп әшекере етеді.

А.Нысаналин көрсетіп берген осындай авторлар “өтірікті – шындай, шынды құдай ұрғандай” етіп жазып жатқанда, Ж.Дәдебаев әр сөзіне салмақ салып, аса жауаптылықпен қарайды.

Ол: *“Қазақ ғұламасы Әлкей Марғұланның болжауына бақсақ, осы үш хазіреттің бірі Әбді-Рахым бабаның жазба еңбектердегі аты-жөні Сатұқ Бұғра Қарахан”* деп қазақ тарихының кемеңгері Ә.Марғұланның Р.Бердібаев құрастырған “Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар” деген кітабының 90-бетіне сілтеме жасайды. Бұдан әрі аталмыш кітапта “Әулие ата Қараханның шежіресі мынадай жүйеде беріледі” дейді:

- Әбді Рахым баба;
- **Ша-Хасан, лақап аты Қылыш Қарахан;**
- Абдол Әзиз, лақап аты аты Ербозай Қарахан;
- Ша-Махмуд, лақап аты Әулие ата Қарахан;
- Абдол Фаттах, лақап аты Мансур Хамар хан;
- Абдол Манап, лақап аты Машхат ата;
- Әбді Рахман, Қылыш Арыстан Қарахан;
- Ша-Қасым, лақап аты Санжар хан;
- Ша-Абдолла, лақап аты Арыстан хан;
- Ша-Мұхаммед хан, лақап аты Тәтіке хан;
- Абдол Халық хан.

«Шежіреде Әулие ата Қараханның Қасым хан атты екінші ұлы болғаны айтылады» деп барып, қолда бар аңыздар мен түрлі зерттеулердің нұсқаларына көшеді.

# СЕЙІТОМАР СЫЗБАСЫНДАҒЫ ШЕЖІРЕ**

- Абд ар-Рахим баб;
- Азбур Қара хан;
- **Әулие Қарахан;**
- Мансур Хумар хан;
- Жугра хан;
- Қылыш Арыслан хан;
- Илияс хан (одан – Құланбастық қожалар әулеті);
- Ахмет хан;
- Санжар хан;
- Хасан хан;
- Мұхаммед хан (Білге хан);
- Дадабек хан;
- Абдыхалық хан;
- Көкбөрі хан;
- Хасан хан;
- Сайд хан;
- Шахадия хан;
- Махмуд хан;
- Садыр хан;
- Абдулла хан;
- Халил хан;
- Хасан хан;
- Баба хан;
- Абдуллах хан (одан – Қарахандық және Аққөлдік қожалар тарайды).

Бұл кісі өзінің "Абд ул-Жалил баб (Хорасан ата)" деген кітабында Қарахан әулетіне тұтас тарау ретінде тоқталып өтеді. Кітаптың 435-бетінде "Қарахандық қожалар жайлы бір шежіре Ташкент облысындағы Сексен ата ауылының тұрғыны Нұрматов Тәжібайдың қолында бар. Бұл жайлы ғалым Зікірия Жандарбековтың "Нысаб-нама нұсқалары және түркі тарихы" атты кітабында кеңінен баяндалған. Қолжазбаның қатар саны 136. Талих үлгісімен ұзын орама қағазға жазылған. Қолжазбаға соғылған мөрдің тек екеуін ғана оқу мүмкін болды.

Қалғандарының ешқайсысы оқылмайды. Соғылған мөрлер саны жетеу. Ол екі мөр де Ташкентті 1858 жылы билеген Қоқан ханы Малла ханның мөрі. Екінші мөрде Сайд Мухаммад ибн Абд әл-Хаий қожа Қази. Қолжазбаның қашан көшірілгені, кім көшіргені белгісіз. Абд ар-Рахим бабтан тарайтын шежіре Садр-ад-дин Шейхқа келіп тіреледі. Бұл Садр-ад-дин Шейх “Нысаб-намадағы” дерек бойынша Үргеніш Сұлтаны Мұхаммед сұлтан өлтірген Отырар билеушісі Білге ханның төртінші ұрпағы», –деп баяндайды.

# АҚМЕШІТТІК ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Менің бала күнімнен Таразға деген ынтықтығым, махаббатым айрықша болды. Оның сол кезде Жамбыл деп аталатынын кейіннен білдім. Тараз деген атау тым ерте құлағыма сіңісті болды. Әкеміздің таңғажайып өлке Тараз туралы айтқан әңгімелеріне анамыздың айтуымен қанықтым.

**Тараз – Қарахан бабамыздың Ту тіккен ордасы.** Мектеп бітірген соң Тараз деген өлкені бір көру арманыма айналды. Арманымның артығымен орындалғаны ғой, қазір осы киелі қаланың тұрғынымын. Ұлым осында туды. Өзім де еш жатырқамай сіңісіп кеттім. Тараз қаласының 2000 жылдығына орай Қарахан баба туралы пікірталастарға қатысып, баспасөзге мақалалар жаздым.

Жастайымнан тарикат тәртібімен тәрбиеленгендіктен, қашан да тәндік туыстықтан рухани туыстықты жоғары қоятыным да рас. Қожалар әулетіне байланысты бір тамшы қан туралы теорияны да теріске шығарған емеспін. Қожалар имам Махдидің қанын тасушылар. Ақырзаман болғанда Шығыстан имам Махди туады, Батыстан Иса (ғ.с.) жерге түседі. Екеуі екі жақтан қылыш ұрып, әлемге ақиқат дінін орнатады. Бұл хабар Құран Кәрімде бар ма, жоқ па, оны білмеймін, бірақ біздің санамызға әбден сіңісіп, жүрегіміздің төрінен берік орын алған жайт.

**Сол секілді, өз тегіміздің Тараздағы Әулие Қарахан бабамыздан басталатынына да еш күмәнім жоқ.** Бұл маған бабалар еңбегіне мастанып, мақтан қуу үшін қажет емес. Тереңге кеткен тамырымнан өзім нәр ала алмасам да, ұрпақтарымыздың бірі мақсатқа жетер деп үміттенем. Менің міндетім – осы тамырларды неғұрлым қолжетімді ету, жақындастыра түсу. Осы бір ізгі ой мені Таразға жіпсіз байлап тастағандай болды.

Қарбалас жұмыс күндерінің бірі болатын. Хатшы қыз:

– Қызылордадан бір туысыңыз іздеп келіп, күтіп отыр, – деп хабарлады. Аздан соң әлігі туысым ішке кірді. Қаншама зер қойып қарасам да шырамыта алмадым. Сыпайылық сақтап хал-ахуал сұрап жатырмын. Менің жарияланған кейбір мақалаларымнан хабардар екен:

– Сіз де қожасыз ба, оның қайсысы боласыз? – деді аса бір жылылықпен. Мен:

– Қарахандық қожамыз, – дедім. Оның жүзі от тигендей лап етіп шырайланды да, көзі жайнап кетті. Бұл кісі ақмешіттік Қарахандық қожа болып шықты. Аты-жөні – Арысбек Оразов.

Дереу үйге телефон шалып, қыздарға: "Аталарың барады, күтіп, сыйлаңдар, түсте өзім де жетем", – дедім. Қыздар ол кісіні Самарқандтағы аға екен деп ойлапты. Түсте асықпай сөйлестік. Таразға елдің атынан келіп отырған жөні бар екен. Бүкіл ақмешіттіктер автобус дайындап, Қарахан бабамызға зиярат ету үшін жолға шығуға буынып-түйініп дайын отырған көрінеді. Ағамыздың мақсаты – алдын-ала көріп, мән-жайға қанығу.

Аға екеуміз тиісті іс-шаралар жүргізіп, бәрін дайындап, елге хабарладық. Араға екі күн салып, ақмешіттік Қарахандықтар әулетін қасиетті Тараздың табалдырығында күтіп алдық. Ол кезде менің досым Қадырхан қажы салдырып жатқан Қарахан баба кесенесінің жанындағы асхана, қонақүй, демалыс орны, т.б. әлі толықтай аяқталмаған еді. Солай болса да, досымның көмегімен дастархан жайып, қазан көтердік. Мал сойып, Құран оқыттық. Бір таңғаларлығы кесене жанынан зияратшылар мен қонақтарға арнап салынған асханадан алғаш дәм татқан осы кісілер – ақмешіттік Қарахандықтар әулеті болды.

Біз бұл әулетті Саураннан су кеткен соң Ақмешіт асып кеткен Ақ қожа ишан ұрпақтары деп білетінбіз. Ал, Арысбек Оразов аға жазған "Қарахан бап" деген кітапта бұл оқиға өзгеше өрнектеледі. Ол кісі өз Шежіресін: "Қазіргі Қызылорда облысында тұратын Қарахан қожалар бұдан жеті ата бұрын Сарықұл, лақап аты Алтын қожа бабамнан тарайды... Біздің Қызылорда қаласына Жамбыл облысынан шамасы 1780 жылдары Сарықұл деген бір кісі келеді... Осы жерде Отан құрып, екі балалы болады. Райым және Сатыпалды. Райымнан Данияр және Қарт деген екі бала туылады да, Сатыпалдыдан Қара қожа, Мүмін қожа, Жиен қожа деген үш бала болады. Сонда бұл жердегі Қарахан қожалар осы аты аталған бес қожадан таралған", – деп бастайды. Содан бастап әр атадан тараған ұрпақты Арысбек ағамыз өз кітабында тізіп көрсетеді. Олардың бәрі негізінен Қызылорда маңын мекендеп, сонда тұрып жатыр.

Арысбек ағаның “Қарахан бап” деген кітабында бабаларының палуандық өнерлері мен аңғал мінездеріне кеңінен тоқталып отырады. Дәл осындай жағдай сарыағаштық Қарахандықтармен кездескенде де анық байқалды. Шыназдық Обид Абдулхамидұлы Суфихановтың “Қарахандық қожалар шежіресі” деген кітабында да осы сарын басым. Біздің әулет үлкендері де мұндай жайттарды мақтан ететін. Өтепхан аға мен Мүсірепхан ағалар білекті, сіңірлі, тепсе темір үзетін қайратты кісілер еді. Әкеміз де шалқақ кеуделі, екі иығына екі адам мінгізгендей палуан тұлғалы кісі екен. Тіпті жасы 70-тен асқанда да бойын тік ұстап, бірлі-жарым қап-қоржынға салынған анау-мынау нәрсені қолтығына қыстырып кете беретін болыпты. Ал әкеміздің жақын туысы, ізбасары Софы Айдар жолға шыққанда кассада билет кезегінде тұрғандардың шетіне келіп сәл қисайса, кезекте тұрған бүкіл адам қоғадай жапырылып құлап, ол кісі кезексіз билетін алып кете береді екен.

Ақмешіттік Қарахандықтар арасында ишандық еткендері болғанымен олар есте қалмаған көрінеді. Арысбек ағамыздың Шежіресі Сарықұл бабамызбен шектелгендіктен кітабында оны Өзбекстандағы Тамды ауданының тұрғыны Сыздық Пірманов деген кісінің Шежіресімен ұштастырады. Ол:

- Әбдірахим бап;
- Қылыш Қарахан;
- Азбур Қарахан;
- Әулие Қарахан;
- Жұғыра тегін;
- Мансур Құмар хан;
- Қылыш Арыстан хан;
- Исмайыл хан;
- Ильяс хан;
- Ахмад хан;
- Санжар хан;
- Хасан хан;
- Мұхаммед хан;
- Дадабек хан;
- Абд ал Халық хан;
- Рашид хан;
- Әли Жанид хан;

- Бабахан;
- Райыс хан;
- Фатихулла хан;
- Шейх хан;
- Сали хан;
- Даншманд;
- Дусти хан;
- Мираз хан;
- Әзиз хан;
- Шаһ Азбур мулық хан;
- Раптау хан;
- Атахан;
- Махаш хан;
- Ыстамқұл;
- Ханим;
- Алим;
- Ділла хан.*

Ағаның кітабындағы Шежіренің грамматикалық қателерін өзгертпестен сол күйі беріп отырмын. Кітапта сонымен қатар мен Тәліп ишаннан жазып алған Шежіре де бірқатар әріп қателерімен берілген.

Бізбен аталас Мүсірепхан аға бұл туыстармен бұрыннан аралас-құралас болған екен. Мен ол кісінің бұл туыстарымызға Қарақожа және Аққожа бабаларымыз туралы аңыздарды біле тұрып неге айтпағанын түсінбедім.

Арысбек ағамызбен байланысым әзірге үзіліп тұр. Оған себеп, сол жолыққаннан кейін бұл ағамыз ескі Сауран маңынан Әулие Қарахан бабаларымыздың бірінің мазар орнын тауыпты. Соның басына кесене көтеру үшін кеңесуге мені іздеп, екі өкпесін қолына алып Таразға келді. Екі күн жатып, мені сарғая күтеді. Ақыры кездестіре алмай, ренжіп кетті. Содан бері хабарсызбыз.

Шынымды айтсам, мен ол кісіні ренжіткім келген жоқ. “Мұсылман баласының қираған моланы қайта көтермейтінін қалайша қаперге алмайды” деп ойлағанмын. Егер Алланың қалауы болса табылып отырған Қарахан бабамыздың да кесенесі бүгінгі күнге дейін кірпіші қисаймай жетер еді ғой... Мәселе қасқиған кесенеде емес, қалдырған рухани қазынасында. Біз

алдымен сондай байлықтарға ие болуымыз керек. Оның үстіне табылған мола орнының шындығына қандай уәж, қандай дәлел бар? Егер барлық адам өмірден өткен ата-бабасын тауып, моладан қалашық сала берсе, жер беті қабірстанға айналып, аяқ басар қуыс қалмас еді! Тараздың іргесіндегі Тектұрмас баба кесенесіне көтерілген сайын мола үстіне салынған күмбездерді аяусыз сынап жүрген мен өз ұстанымымнан бас тартсам, кім болғаным?

Бұлардың бәрі менің тап сол сәттегі пенделік іш пікірлерім болатын. Шындығында маған Арысбек ағаны түсіну үшін уақыт керек болды. Адуын мінезді Арысбек ағаға мұны жеткізер менде ахуал да болмады, тап сол сәттерде мұны түсіндіру мүмкін емес те еді.

Сонымен, бұл әулет өз Шежіресі бойынша төмендегіше тарайды. (Арысбек Оразовтың "Қарахан бап" деген кітабынан алынды). Шежіре Тараз жақтан келген Сарықұл, лақаб аты Алтынқожадан басталады. Осы кітаптың 116-бетінде Арысбек ағамыз: "Біздің Қызылорда қаласына Жамбыл облысынан шамасы 1780 жылдары Сарықұл деген бір кісі келеді. Ол кісі өзін Әзірет Әлидің Әнәфия деген әйелінен туған Мұхамбет Әнәфия ұрпағымын деп таныстырған. Осы жерде отан құрып, екі балалы болады. Райым және Сатыпалды. Райымнан Даняр және Қарт деген екі бала туады да, Сатыпалдыдан Қарақожа, Момынқожа, Жиенқожа деген бала болады" деп жазылған. Сол себепті мен бұл тізімде 137-беттегі кестеден ауытқып, мәтіндік негізін басшылыққа алдым.

**Мәтіндік негіз бойынша:**

**Сарықұл** (Алтынқожа);

Одан – **Сатыпалды, Райым;**

**Сатыпалды ұрпақтары:**

Сатыпалдыдан – ***1. Қарақожа,*** ***2. Момынқожа,*** ***3. Жиенқожа.***

**I**

***1. Қарақожадан*** – Жауқашты, Ізбасты, Базарбай, **Құлтабай, Асан.**

**Асаннан** – 1. Ибадулла, 2. Әбдіқалық.

1. Ибадулладан – Үсен;

одан – Қуандық;

одан – Қуанышбек (одан – Қайрат, Бекзат), Бақтыбек, Қанат.

2. Әбдіқалықтан – Садық;

одан – Әбілдә (одан – Олжас), Әбибулла (одан – Әнуар, Абзал, Асылхан), Ғалым.

**II**

***1. Қарақожадан– Құлтабай;***

одан – 1. Ораз; 2. Есім; 3. Жауқара; 4. Жүсіп; 5. Бекпембет (одан – Қали).

- Ораздан – Балықбай;

одан – Арысбек, Қабыланбек, Анарбек, Сұлтанбек, Раушанбек, Марат.

Арысбектен – Зарапшан (одан – Қуаныш), Талғат.

Анарбектен – Қайрат, Сәбит, Ғабит.

Сұлтанбектен – Қанат, Мұрат, Ертөре.

Раушанбектен – Бағдад.

- Есімнен – Шадыхан;

одан – Балтабай, Арапшан (одан – Шыңғыс, Ислам, Алмас), Бақытжан (одан – Олжас, Әлихан, Жарас), Бауыржан.

- Жауқарадан – Сыздық, Дүйсен, Омар, Бәріқұл;

Сыздықтан – Әбіл;

одан – Асқар, Алмат, Мейірбек, Ақыл, Сәрсен.

Дүйсеннен – Әптай (одан – Бақыт, Мейірбек, Болат), Серік (одан – Ғабит, Сәбит).

Омардан – Қалтай;

одан – Ерлан, Нұрлан, Қуаныш, Дастан, олардан – Рүстем, Қанағат.

- Жүсіптен – Ерсары (Мырзахмет, Камал, Камалдан – Әуен, Айбек), Серәлі, Тәжі (одан – Нақыш, Мырза, Ахан).

***2. Момынқожадан*** – Күделі, Қарымсақ, Қызылқожа, Арық.

**I**

Момынқожадан – Күделі;

одан – Төленқұт;

одан – Бабақожа (одан – Мұрат, Бақыт, Болат, Яхан), Айтбай (одан – Баба қожа, Ермекбай).

**II**

Момынқожадан – Қарымсақ;

одан – 1. Өтеген, 2. Дайрабай, 3. Жүсіп, 4. Ахмет.

- Өтегеннен – Ораз;

одан – Дүйсенбай (одан – Оспан, Шатай).

2. Дайрабайдан – Қадір, Қойшыбай.

Қойшыбайдан – Миранбек;
одан – Қайрат.

**III**

Момынқожадан – Қызылқожа;
одан – Жүсіп, Орынбек, Зайыт.
Зайыттын – Бодан;
одан – Дәрихан,
одан – Жолдас (одан – Жалғас, Руслан), Оразбек (одан – Айбек), Раушанбек (одан – Рүстем), Исламбек (одан – Нұрсұлтан), Қабланбек, Нұрлыбек (одан – Ерсұлтан).

**IV**

Момынқожадан – Арық;
одан – Досжан;
одан – Әлтай;
одан – Файзолла (одан – Хамит, Сәбит, Айбек; Хамиттан – Арыстан), Зейнолла (одан – Сейдолла; одан – Талғат), Дүйсен, Мажит (одан – Нұрбек, Қазбек).

***3. Жиенқожадан*** **–** 1. Құдайберген, 2. Балғабай, 3. Алдаберген.

**I**

- Құдайбергеннен – Нұржан, Бижан.

Бижаннан – Жұмаш, Омар, Әбутәліп.
Жұмаштан – Шәкентай (одан – Әділ, Омар, Айхан, Алмат), Сунақ (одан – Байнияз, Мүслім, Мүсіреп).
Омардан – Рысбай;
одан – Руслан, Мырзатай, Нұрлан).
Әбутәліптен – Асқар.

**II**

- Балғабайдан – Ибрагим;

одан – Жаманбала;
одан – Балта;
одан – Махамадияр, Алиакбар, Ғалым.

**Райым ұрпақтары:**

Райымнан – Даняр, Қарт;
олардан – Қарабас;
Қарабастан – **1. Ыбырахым, 2. Рахым, 3. Құтқожа, 4. Сүтқожа.**

- **Ыбырахымнан –** Айдос;

одан – Жандос;
одан – Оралбай;

одан – Қалмағанбет;

одан – Әжікен, Жақан (одан – Әуесбек (одан – Мейірхан), Әлібек), Қуан (Қанат, Ақыл, Рүстем, Ислам).

- **Рахымнан –** Әли;

одан – Қарабас (лақаб аты);

одан – Ермағамбет, Құлмағанбет, Пірмағанбет.

Ермағамбеттен – Сағынтай;

одан – Алтынбек, Жарқынбек (одан – Рүстем, Еркін), Бақтыбек (одан – Ерлан), Күмісбек (одан – Ержан).

Құлмағанбеттен – Жақсылық (одан – Рысбек, Әділбек, Еділбек, Жәнібек), Өзбекбай (одан – Батырбек, Қалдыбек, Нұрлыбек, Шыңғысхан, Ғалымжан, Мирамбек, Нұрбол), Кенжебек.

Рысбектен – Әлібек, Төребек, Ақылбек.

Еділбектен – Ниязбек, Пәзілбек.

Батырбектен – Айбек, Айдос, Жандос, Асқар.

Нұрлыбектен – Санжар.

Шыңғысханнан – Бақтияр, Әлішер, Нариман.

Ғалымжаннан – Ербол.

Мирамбектен – Сырым.

Пірмағанбеттен – Алпысбай;

одан – Қайрат.

- **Құтқожадан – <u>Тайқожа, Беккожа.</u>**

**<u>Тайқожадан</u>** – ***Есжан, Досжан, Қосжан, Піржан, Дана, Кәрібай.***

***Есжаннан –*** Ермахан (одан – Әбіш), Насыр, Рахмет.

Насырдан – Рысбек, Ахметбек.

Рысбектен – Дәулетбек (одан – Ғабиден, Талғар, Мұқтар), Ақылбек (одан – Тұрар, Талғат), Мұрат (одан – Ғани, Нұрбек), Болатбек (одан – Бағдад, Данияр), Сәбитбек (одан – Нұрсұлтан, Смат), Бақытжан (одан – Рүстем, Дастан, Асқат).

Ахметбектен – Пірман.

Пірманнан – **Мәдірайым, Садық, Әбдірайым, Салқожа.**

**Мәдірайымнан** – Пернебай, Сыдық, Нағашыбай, Шектібай, Әбубәкір.

Пернебайдан – Оспан (одан – Нұркен), Мұхамеджан (одан – Нұрқанат), Жандос.

Сыдықтан – Әлімжан, Серік.

**Садықтан –** Ғани (одан – Бауыржан).

**Салқожадан –** Мейірман, Бодыбай.

***Досжаннан –*** Шакизада;

одан – Мырзахан, Жүсіпхан;

Мырзаханнан – Балхан.

Жүсіпханнан – Алдияр (одан – Бақтияр, Бақытжан), Дәултияр (одан – Алмас, Алмат).

Текзададан – Жұманазар.

Әкімқожадан – Жұмаш.

**Стамқұлдан –** Махаш, Орынбай.

Махаштан – Темір (одан – Айбол, Нұрбол, Мадияр).

Орынбайдан – Аманкелді (одан – Сағат), Абай, Бақытжан, Есенкелді.

Байжаннан – Мәлік (одан – Махамбет, Құлжан, Махажан, Пірзада), Құлбай, Шериазар.

Ержаннан – Байман (одан – Ибрагим), Әлімназар, Жәлел (одан – Алдан, Мағауия, Мақат).

Үбіден – Әбу;

одан – Нәнсі, Шәнжібай, Асқар, Әмір.

Нәнсіден – Ерәлі (одан – Ерлан, Ержан, Нұржан).

Әмірден – Серік, Абдолла, Нұрлан, Бекзат, Талғат.

**Бекқожадан** – Ұлан;

одан – Шәймен;

одан – **Әбзи, Жалмағамбет.**

**Әбзиден –** Махмуд, Өтеген.

Махмудтан – Кеңесбай;

одан – Бауыржан (одан – Досымжан), Қадіржан, Ғалымжан.

Өтегеннен – Жұмабек (одан – Дінмұхаммед, Бекзат, Ислам), Асан (одан – Асылжан, Бексұлтан), Үсен (Нұрлыбек, Алмат, Нұрсұлтан), Әділ (Ақжол), Сәкен (одан – Досымжан).

**Жалмағамбеттен –** Шертай;

одан – Молдабай, Серік, Мұрат, Мирамбек.

Шынымды айтсам, аталған кітаптағы кестені түсіну тым ауырға соқты. Бірақ шамам келгенінше қатеге жол бермеуге тырыстым. Ағайындар маған берген Арысбек ағаның телефон нөмірі қате болып шықты.

# ҚАЗАЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДЫҚ ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Менің бұл Шежірені қолға алуыма шын мәнінде Әбілқасым ағам мен Сәния жеңешеміз себеп болған еді. Одан да нақтылап айтсам, жеңгеміздің тапсырмасымен қолыма қалам алдым. Кітаптың бұған дейінгі нұсқасы ағамның ойынан шықпады. Олай болуы заңды да еді. Мен оны бір деммен, аруақ үстінде отырып, 196 беттік жазбаны үш тәулікте қағазға түсіріп бітірдім десем біреу сенер, біреу сенбес. Иә, бүгінде жұрт шошынатын аруақ қолдамаса олай жасаудың да мүмкін еместігі бір Аллға аян. Сондықтан, алғашқы нұсқаны қабылдау тым қиынға соқты.

Содан болар, қолжазбаны баспаға беру мәселесі созыла берді. Осы тұста ағам мені Асылбек деген туысымызбен таныстырды. Оның Шежіресін түптеп жүріп мен қазалылық туыстарға шықтым. Олармен кездесудің сәті 2011 жылғы маусымның 25-іне түсті. Сарыағаштық бауырларымыз жылдағы дәстүрмен Қарахан бабаға зияраттап келетін болып, маған ыңғайына орай Арысбек ағалармен байланысуды, келе алса оларды да шақыруымды тапсырды. Менің ол әрекетімнен еш нәтиже шықпады. Маған Арысбек ағаның телефоны деп берген нөмір қате болып, байланыса алмадым. Есесіне қазалылық бауырларыммен хабарласудың сәті түсті. Өкінішке орай, мен оларды маусымның 25-іне айтсам, сарыағаштық бауырлар маусымның 26-сында келді. Кездесуіміз асығыс-үсігіс, атүсті болды. Басқосуда мен сарыағаштық ағаларымыздан кітапқа осы күнге дейін жинақталған мәліметтерді енгізіп, жарыққа шығара беруге тапсырма алдым.

Осы тұста менің қолыма қазалылық Қарахан әулетінің де Шежіресі тиді. Олардың Шежіресі “арғы аталарымыз Бақы қожа Қазалыға Тараз жақтан келіп қоныстанған” деп басталады. Ол кісіні жергілікті Кіші жүздің Әлім руының бір тайпасы Қарасақалдар кереметтеріне тәнті болып, өз орталарына алып, пір тұтады. Өзін Бабақожа деп атап кетеді.

**1. Бабақожаға дейінгі деректер:***

Хазіреті Әли (р.а.);

одан – Мұхаммед ибн әл-Ханафия;

одан – Әбд әл-Фаттах;
одан – Әбд әл-Жафар;
одан – Әбд әл-Қаппар;
одан – Әбд ар-Рахман, Әбд ар-Рахим.
Әбд ар-Рахимнан – Қиым хан;
одан – Уыз хан;
одан – Қияс хан;
одан – Әбд ал-Хасан Қарахан;
одан – Азир Құрбан;
одан – Бақықожа;
одан – Бабақожа.

**2. Қарасақал Ерімбет нұсқасы:**

Әбд ар-Рахимнан –
Ербозыхан,
Абуласан,
Мансұр,
Ысмайыл,
Бақсыз және Рүстем.
Рүстемнен –
Біләлхан,
Жәдікхан,
Икітамитхан,
Арыстан,
Төкел әзиз,
Құттықыз,
Қамал қожа,
Муһамат,
Мәуленберді және Рамберді.
Мәуленбердіден – Тауқожа;
Рамбердіден – Әуезхан,
Қайымхан,
Күржік,
Ысыламқожа,
Әзиз қожа және Бақықожа.
Әзизқожадан – Құманәлі және Ибрагимқожа.
Бақықожадан – Баба қожа;
Бабақожадан – **Құрталы, Төлек, Қожамет.**

**1. Құрталы ұрпақтары:**

Пәтек,

Досымбет,

Қыпшақбай,

Жұмабай қожа;

одан – Балғабай, Балтабай, Болатбай, Бекболат.

Балғабайдан – Руслан, Рустам, Роман, Ринат, Нұрдәулет.

Балтабайдан – Бауыржан.

Бекболаттан – Рысдәулет.

**2. Төлек ұрпақтары:**

Құлқожа, одан (Тәжібай мен Қожамұрат қожа ұрпақтары);

Баймағамбет, Тұрмағамбет.

Баймағамбеттен – Жәдігер;

Одан – Әлжан, Шәтек.

Әлжаннан – Есіркеп, Бөкеш.

Есіркептен – Елубай.

Бөкештен – **Тәжібай, Қожамұрат.**

**Тәжібайдан** – Мырзамұрат, Жақсымұрат, Жұмамұрат.

Мырзамұраттан – Алтынбек, Өтемұрат, Ербол.

Жақсымұраттан – Серік, Киікбай.

Жұмамұраттан – Күмісбек, Қожабек, Мирамбек, Жаңаберген, Жеңісбек, Асылбек.

Жеңісбектен – Санжар.

**Қожамұраттан** – Төреш, Төребек, Алтынбек.

Төрештен – Айдынбек.

Төребектен – Ақылбек, Дінахмет.

Алтынбектен – Қожахмет, Нұртілек.

**3. Қожамет ұрпақтары:**

Қожаметтен – Пірман, Қожахан.

**Пірман ұрпақтары:**

**Тоғым;**

одан – Ақпамбет (Ақ ишан), Өтембет, Қуаңбай, Жұматай (ұрпақ жоқ), Кенже.

**1.** Ақпамбеттен (Ақ ишан) – **Якуда (ұрпақ жоқ), Ысқақ мақсым, Әбдіжәмел.**

**Ысқақ мақсымнан – Ілияс, Үсен мақсым, Нұрқожа, Хайраддин.**

**Ілиястан** – Абат;

одан – Жүсіпбек, Исабек, Еркін.

Жүсіпбектен – Мақсат (одан – Рамазан), Мұрат, Әлішер (одан – Хансұлтан), Нұрсұлтан.

Исабектен – Бақытжан (одан – Қанат), Байғанин.
Еркіннен – Әлихан, Әділхан.
**Үсен мақсымнан** – Керімберді, Тәжіқал, Халила.
Керімбердіден – Рахметолла;
одан – Айбек.
Тәжіқалдан – Жамбыл, Абай.
Халиладан – Бауыржан, Махмуд, Ленин.
**Нұрқожадан (Нұрқат)** – Жанқожа;
одан – Серік, Мұрат, Хамит.
**Хайраддиннен (Қайыр) –** Қадірберген, Алдаберген (одан – Мұхит), Тәңірберген, Жаңаберген, Қуандық, Қуаныш, Әбдірахим.
**Әбдіжәмелден** – Әбдіжәлел, Әбдікамал, Әбдіжәмел (барлығы да Қарақалпақстанда).
**2**. Өтембет (Қатира есімді қыз бала қалған).
**3.** Қуаңбайдан – Нұрым;
одан – **Шайым, Әріпбай, Іскендір.**
**Шайымнан** – Өмірзақ;
одан – Тұрғанбай, Тұрмағанбет, Алдоңғар, Алдабай, Бермағанбет, Ақансері, Естай.
Тұрғанбайдан – Ғалымжан, Мұхамбетнұр.
Тұрмағамбеттен – Нартай, Ертай, Ерлан.
Алдоңғардан – Ғалымжан.
Алдабайдан – Өркен, Нұркен.
Бермағанбеттен –
Ақансеріден – Дінмұхамбет, Руслан, Ибрагим.
Естайдан – Жасұлан.
**Әріпбайдан** – Хорезм, Шалабай, Тәңірберген.
**Іскендірден** – Көбейсін, Көптілеу, Көпжасар, Қабыл, Қартқожа.
**4.** Кенжеден – Қабылбай;
одан – Камаладдин, Рамаддин, Камараддин.
**Камаладдиннен** – Жамаладдин, Ғабиден, Азат.
Жамаладдиннен – Әділбек, Асылбек, Азамат–
Ғабиденнен – Диас.
Азаттан – Бақытжан, Бекарыс.
**Рамаддиннен –** Мақсет (одан – Нұрсұлтан), Махмут.
**Камараддиннен –** Әлибек.
**Қожахан ұрпақтары:**

Қожаханнан – Сұлтан, Шыныбек.

***Сұлтаннан*** – **<u>Махамбет,</u> <u>Күлімбет,</u> <u>Әйімбет.</u>**

**<u>Махамбеттен</u>** – Жәлімбет, Естай.

Жәлімбеттен – Бердалы, Дербіс, Лайық, Нұрке.

**<u>Күлімбеттен</u>** – Асқар, Назар.

Асқардан – Қарабала;

одан – Хайролла, Нұрылдә.

Назардан – Жақсылық;

одан – Болатбек, Алтынбек, Алмасбек, Тоқтар.

Болатбектен – Нұрбек, Айбек, Мүтәліп.

Алтынбектен – Әзиз.

Тоқтардан – Жандос, Нұрислам.

**<u>Әйімбеттен</u>** – Тұрымбет, Жолтай.

Тұрымбеттен – Сердалы;

одан – Шындалы, Самырат, Итжемес.

**Шындалыдан** – Алмат (одан – Бектас, Шыңғыс), Самалбек (Жасұлан, Ертас), Нұрмұханбет (одан – Ғалымжан), Әлмағанбет (одан – Нұрдәулет, Әкім).

**Самыраттан** – Төребек, Оңталап (одан – Жәнібек, Данияр, Бекзат), Әділбек (одан – Мәлік, Сұлтан), Ақылбек, Кенжебек.

**Итжеместен –** Әмірбек (одан – Жаңабек), Бақытбек (одан – Бағлан, Бағдәулет), Данабек.

***<u>Шыныбектен</u>* –** <u>Жолқожа,</u> <u>Көшекбай.</u>

<u>Жолқожадан</u> – Тасажан, Есжан.

Есжаннан – Мақаш, Игембай.

Мақаштан – Қылышбай, Найзабай.

Қылышбайдан – Нұрлан (одан – Қуаныш, Нұрқожа), Ерлан (одан – Санжар, Мейіржан), Бауыржан.

Найзабайдан – Ғалымжан (одан – Алихан, Бекхан), Досымжан (одан – Мұстафа).

<u>Көшекбайдан</u> – Ахмет, Самалық.

Ахметтен – Сыдық, Сыпан (одан – Мырзалы, одан – Тұрар, Талғат), Мырзатай (одан – Әнес, Әуес. Әнестен – Изатулла, Ғибадулла, Сабидулла, Ақжол, Абылайхан. Әуестен – Мұстафа, Ринат, Әділет).

**Жолтай қожа әулеті:**

Жолтайдан – Ердалы қожа, Мерек қожа, Муафих (Мопық) қожа.

Ердалы қожадан – Серік (одан – Нұрғалым, Нұралы, Нұрман), Шаки (одан – Қазанғап, Ерболат).

Мерек қожадан – Әбдіжәли, Шектібай (одан – Бауыржан, Әлімжан), Құрманай (одан – Асхат, Азамат), Ерғали (одан – Әкім, Бақытжан, Еркебұлан, Аслан, Ернұр, Асан), Жанғали (одан – Сағитжан), Мирамбек (одан – Аралбек), Кенжебек.

Муафих (Мопық) қожадан – Әбдіқадыр; одан – Болат (одан – Нұрислам), Марат (одан – Рахметолла, Дінислам), Мұрат (одан – Нұрмұхаммед), Мұхтар (одан – Дінислам), Нұрлан.

Қазір ойлап қарасам бұл кісілердің де алғашқы қоныс аударушы бабаларды «Тараз жақтан» – деп Ұлы бабамыздың ту тіккен мекенін меңзеген сияқты. Содан болар бұл бауырлар да бала күннен Таразға телміріп өскені көрініп-ақ тұр.

# АСЫЛБЕК ҚОЖА АЙҚЫНДАҒАН ҚАРАХАНДЫҚ ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Мен бұл бөлімге қолға түскен соңғы шежіре-деректерге дейін қостым. Байқап отырсаңыздар, соңғы Шежіре бойынша қазалылық Қарахан әулетінің қарақалпақстандық әулетке жақындығы тым басым.

Осы кітапты жазуға түрткі болған Әбілқасым аға соңғы сәттерде мені Қарақалпақстаннан көшіп келген бауырымыз Асылбекпен кездестірген. Бұл кісілер де әкелерінен ерте қалып, тағдырдың тылсымымен туыстарынан бөлініп кеткен әулет өкілі екен. Соған қарамастан, дәстүр бойынша 7 атадан арғы тізбекті де жадтарында сақтап қалған.

**Асылбек бауырымыз ұсынған тізім бойынша:**

- Есжан қожа;
- одан – Қосжан қожа;
- одан – Мәтжан қожа;
- одан – Нұрман қожа және Құтты қожа;
- Нұрман қожадан – Құрбан қожа, Әзберген қожа, Бейсен қожа;
- Құтты қожадан – Әжібай қожа, Қалбай қожа, Жұмабай қожа, Жолдас қожа;
- Әжібай қожадан – Дәрібай қожа, Сабыр қожа;
- Қалыбай қожадан – Дәулет қожа, Тоқтарбай қожа;
- Жұмабай қожадан – Нұраддин;
- Жолдас қожадан – Елеусін қожа;
- Дәрібай қожадан – Кеңес, Марат, Болат, Хамит қожалар;
- Дәулет қожадан – Мейірбек, Меңдібек, Асылбек қожалар;
- Тоқтарбай қожадан – Болат қожа;
- Кеңес қожадан – Әлімжан, Айбек;
- Марат қожадан – Нарбай, Азамат;
- Болат қожадан – Бақтияр, Мұхтар, Шарбар, Хайрулла;
- Хамит қожадан – Дінмұхаммед;
- Мейірбек қожадан – Әлібек;
- Меңдібек қожадан – Темірбек.

Мен жинақтаған шежірелер нұсқасы әзірге осымен түгесілді. Өкінішке орай, Қырғыздардың (Қыр Оғыздарының) Ош, Жалалабад облыстарына барып, сондағы Қарахан әулетінің Шежіресін жинауға уақыт та болмады, сәті де түспеді. Мүмкін, болашақта ол жақтағы бауырларымыздан дерек болып жатса өрісіміз кеңейіп, кітабымыз толықтырылып қайта басылып та қалар деген үміт жібін үзбейміз.

Ендігі кезекте:

## *БЕСІНШІ ТАРАУ*

# АҢЫЗДЫҢ БАСЫ

*Қарахандық қожалар әулетінде қалыптасқан дәстүр бар. Мен оны ауызға алмақ түгілі ойлауға да қорқатынмын. Бұл әулеттің бастары бір қазанға сыймаған. Себебін сұрасаң, ақсақалдарымыз "біз күлің күліңе қосылмағыр" деген қарғыс арқалаған халықпыз" дейтін. Мұны соңғы рет Мүсірепхан Омарханұлы ағамыз жылап отырып айтып еді.*

Егер оқырман осы шежірелердегі адам аттарына зер салып, зейін қойып қарайтын болса, ұқсастықтардың көп екендігіне көз жеткізеді. Ең үлкен ұқсастық адам аттарының соңына "хан" деген тіркестің қосылып жазылуы болса, екіншісі – есімдердің түбірі мен адам аттарының бірнеше ұрпақтан соң бұрмаланған түрде болса да қайталанып отыруы. Бұл негізінде, Оғыздық дәстүр болып саналады. "Оғызнаманы" оқығандар мұндағы адам аттарының үш буыннан тұратынын байқамауы мүмкін емес. Мысалы, Ішкі Оғыз тайпаларындағы Қоңырат руының ең танымал адамы Байбөрі бек. Яғни, Бай – Бөрі – Бек. Сыртқы Оғыз тайпаларындағы Үйсін тайпасының танымал тұлғасы Бәйдібек. Яғни, Бай – Ду (құс) – Бек. Бірінші буында – ахуалы, екінші буында – тотемдік аң мен құс, үшінші буында – қоғамдық дәрежесі орын алған. Қарахандықтар Шежіресінде бірінші буында – "Әзиз", екінші буында – "есімі", үшінші буында "хан" деген тіркес орын алған. Мені тек бұл жайт қана емес, олардың арасындағы атадан балаға мирас болып жеткен аңыздар да бей-жай қалдырмады.

Қарахандық қожалар әулетінде қалыптасқан дәстүр бар. Мен оны айтпақ түгілі ойлауға да қорқатынмын. Бұл әулеттің бастары бір қазанға сыймаған. Себебін сұрасаң, ақсақалдарымыз "біз күлің күліңе қосылмағыр" деген қарғыс арқалаған халықпыз" дейтін. Мұны соңғы рет Мүсірепхан Омарханұлы ағамыз жылап отырып айтып еді.

Бірде мен ағаға сәлем беруге бардым. Біз өзіміз Шиеліде үш-ақ әулет тұрдық. Аға солардың хал-жағдайларын, бала-шағаларын сұрастырып отырды. Мен айтып отырдым. Сөздің шыны керек, мен олардың бәрімен араласушы едім және бала-

шағаларын түгел танитынмын. Сөз арасында, бір туысымыздың үлкен төбеті барын, оның атын, мінездерін айтып кетіппін. Үнсіз қалған соң қарасам, ағам басын салбыратып жылап отыр екен. Сосын: “Сенің анаңа рахмет. Сен ғой туыстарыңның иті екеш, итіне дейін танып отырсың. Мен тіпті бала-шағаларын да танымаймын. Ей, Аллаһым! Сенімен қарғыс бітсе екен, осы!” – деп күрсінді. Мен сол сәтте ағаға жүз рет естіп, құлағыма әбден сіңісті болған осы аңызды қайта айтқызып, бастан аяқ мұқият тыңдадым. Біз оны алда да айтатын болармыз, бірақ бөлімнің соңында бір рет ауызға алмасқа амал жоқ.

Біздер өзімізді аталарымыздың үйретуі бойынша “Саурандық Қарахандықтармыз” дейміз. Сауран біздерге Шыңғысхан заманынан бастап астана ретінде нәсіп болған екен. Қарахан бабамыздан бастап Ақ қожа ишан, Қара қожа ишан бабамызға дейін біздің әулет Сауранды мекендепті. Сол кісілердің тұсында Сырдария арнасынан ауып, Сауранда су тартылып, өңір шөлге айналады. Ақ қожа ишан ұрпақтары Сырдың төменгі бетіне, Қара қожа ишан ұрпақтары сағасына қарай қоныс аударады. Оған себеп, бұл кісілердің аталары Қара ишан өмірден ерте озады. Балалары жастай қалып бара жатқан соң әйеліне: “Егер жау шапса менің моламды “жау шапты, жау шапты, жау шапты” деп үш рет айналып өтсең, жауға өзім шығамын” дейді. Бірақ жау шаппайды, тыныштықта өмір сүреді. Балалары жастайынан осы сөзге әбден қанық болғандықтан, өскен соң аналарын, әкелерін бір көру үшін қабірден шығаруға үгіттейді. Сонда қара атқа мініп, қара киім киініп, қара қылыш ұстанып, қабірден ат ойнатып шыққан бабамыз жау таппайды. Оған қатты налыған ол ұрпақтарын: “А-а, дейін бастарың – бастарыңа, күлдерің күлдеріңе қосылмағырлар-ай! – деп қарғап, көрге қайта кіріп кетіпті. Осыдан соң-ақ апатты жұт басталады.

Ағайынды Ақ қожа ишан мен Қара қожа ишан қоштасып тұрғандарында: “Не жетінші, не тоғызыншы ұрпағымыз осында келгенде су қайта көтеріледі. Сауран жер жаннатына айналады. Бірінші келген ұрпағымыздың босағасы – болаттан, керегесі – күмістен, шаңырағы – алтыннан болар”, деген екен.

Осы аңыз мен түгілі менің әкем көріп, білмеген сарыағаштық, қазалылық, қызылордалық, қарақалпақстандық, жалпы барша исі Қарахан әулетіне ортақ екенін көргенде «тегіміз 7-9 атадан аспайды екен-ау» деп еріксіз таңғалдым.

Оның үстіне, бұлардың бәрінің де шежірелері: “Аталарымыз Тараз жақтан келген екен” деп басталады. Олардың бәрі мен сияқты арғы замандарды көрген ишанның баласы, шежіреші шалдардың інісі емес қой! Сондықтан, бұларда ата-бабаларызмызға тән “тараздық синдром” түпкі мәнін жоғалтып, ата мекен ретінде айтылып кеткен сияқты. Демек, біздің тегіміз тек Таразда емес, тіпті беріде жатыр.

Мен осында қолыма түскен шежірелерді талғамай тізіп шықтым. Соның ішіндегі түпнұсқа Бақшайыс қожа Тәліп ишанда сақталған “Шаһ Мұхаммед Абд әл-Хасан Қарахан әулетінің” шежіресі. Бұл Шежіре, біріншіден, Бұхара әмірінің кітапханасынан алынған болса, екіншіден, біздің әкелеріміз айтатынындай, Қарахан деген есім бірнеше рет қайталанып отырады. Біз осыны негізге алуға тиіспіз, яғни толық нұсқасы менің нұсқам бойынша мынадай:

- **Хазіреті Әли Қарамоллаһ ибн Әбу тәліп;**
- **Хазіреті Мұхаммед ибн әл-Ханафия;**
- **Шах Абдул Фаттах;**
- **Шах Абд әл-Жафар;**
- **Шах Абд әл-Қаһар;**
- **Шах Абд әл-Рахим;**
- **Абд әл-Хасан Қарахани;**
- **Мансур хан;**
- **Ғазиз Мұса хан;**
- **Махрам Әли хан;**
- **Насыролла хан;**
- **Исмайыл хан;**
- **Ілияс Тамғаш хан;**
- **Сайд Хасан хан(басқа әулет) және Сайд Хусейін хан. Сайд Хусейін ханнан;**
- **Мұса хан (қызы Қарашаш анадан – Қожа Ахмет Ясауи);**
- **Арыстан хан;**
- **Барат хан;**
- **Қара хан (Оғыз мемлекетінің негізін қалуашы, қабірі Сауранда);**
- **Абд әл-Жалил хан;**
- **Баба хан;**
- **Қарахан (Оғызхан);**
- **(Күнхан, Айхан, Жұлдызхан) Айхан;**
- **Халдархан (Шаһ Һидоят Садр-ад-дин Көк бөрі баба, яғни Баба Туклас Шашты Әзіз осы кісі) ;**
- **Махмуд хан;**

- **Ибрагим хан;**
- **Шайф хан;**
- **Яхияқожа хан;**
- **Исмайыл хан;**
- **Ысқақ хан;**
- **Баба хан;**
- **Юсуб хан;**
- **Салық хан;**
- **Шайим хан;**
- **Молла Ибрагим әзиз;**
- **Қара ишан (жастай қайтыс болып, ұрпағына налыған бабамыз осы кісі);**
- **Ханқожа әзиз (оның Аманқожа Заманқожа деген басқа да бауырлары болған);**
- **Қарақожа әзиз және Аққожа әзиз (біздің Шежіреде ақмешіттік Карахандықтар әулеті осы кісіден таратылады);**
- **Абзалхан ишан;**
- **Әулие Қарахан;**
- **Аралхан, Мұсахан(Бурахан), Төрехан.**
- **Төреханнан – Тайыр қалпе;**
- **Әбдімомын;**
- **Әбдіқайым ишан;**
- **Біздер...**

Осы нұсқа бойынша біз ұрпағына налыған Қара ишан бабамыздың 9-шы, Сауранды тастап шығып, "ұрпағымыз қайта оралар ма?" деп ағасымен арманда ажырасқан Қара қожа әзиздің 7-ші ұрпағы екенбіз. Дәл осындай сәйкестік бұл аңызды айтушы ұрпақтың басым көпшілігіне ортақ.

**Мұның өзі "ұлтымыз қазақ" деп білетін барша Қарахан әулетінің бөлінетін тұсы Қара ишан бабамыздан басталатынын көрсетеді.**

## III БӨЛІМ

# АТАЛАР АМАНАТЫНА АДАЛДЫҚ

*Балалары анасына: “Әкемізді біз көрмей өстік. Өзің кеткен соң арманда қалмайық. Айтқаның Айдай анық болса, тым құрымаса бір көрсетіп кет әкемізді”, – деп қылқылдап қоймайды. Балаларының сөзін қимаған анамыз баба моласын өсиет бойынша 3 рет айналады. Сонда мазардан қара ат мінген, қара сәлде тағынған, қара қылышы жарқыраған бабамыз атып шығып, 4 тарапты ойқастап шауып өтеді. Әйеліне қарап: “Әй! Жау қайда?” – дейді. Ол жағдайды айтады. Бабамыз балаларына қарап: “Әй, бастарың – бастарыңа, күлдерің күлдеріңе қосылмағырлар-ай!” – деген бойда көрге кіріп кетеді. Содан бастап Сырдың суы Саураннан сырт айналыпты.*

## *БІРІНШІ ТАРАУ*

# ШЕЖІРЕЛЕУДЕГІ ШЕГІНІС

*Бабамыз бір түнде түйемен шауып барып, осы Шежірені Бұхара әмірінің қолынан алып, қазыларға мөрлетіп, таңертең Ташкентке қайтып оралыпты. Мөр соғылған осы Шежіре содан бері біздің әулетке әкеден балаға мирас болып қалыпты.*

Әкеміз дүниеден өткенде мен 7 жасар ойын баласы едім. Белгілі жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Оразбек Сәрсенбайұлы "Менің мекенім" деген кітабында біздің әкеміз туралы: "...біздің әкеміз жасы елуге жетпей-ақ сопылық жолына түсе бастады. Осы жолға әкеліп түсірген кісінің аты-жөні Әбдіқайым ишан Әбдімомынұлы. Сталин дәуірінде талай қуғын-сүргінге ұшырап, талай тауқыметті басынан өткерген, соғыс уақытында тағы да кезекті жазасын өтеп шығып, Өзбекстан жағында жүрген бұл кісіні дәм-тұз айдап, ақыр соңында, қырықыншы жылдардың соңында біздің Шиелі жеріне келіп тұрақтап қалды. Мен мектепте, университетте оқып жүрген жылдарымда осы Әбдіқайым ишанмен өте жиі сұхбаттастым десем болады. Ол кісі неге екенін қайдам, менімен дін Ислам жөнінде тереңдеп тартып сөйлескен емес. Көбіне көп Шығыстың ежелгі ақындарының өмірбаяндары мен шығармаларын мазмұндап, қызық хикая етіп айтып отырар еді...

Әкем сопылық мәслихаттарға кейде мені де қатыстырып отырушы еді. Сондағы байқағаным: Әбдіқайымның соңынан ерген сопылар бұл дүниенің күнделікті тұрмыстық қам-қаракеттерін сөз етпейді, саясатпен шаруасы жоқ, бір кісінің сыртынан ғайбат сөйлемес еді. Сұбхаттарының негізгі тақырыптары: Ислам діні... Көбінесе ишанның өзі сөйлеп отырады. Қалғандары бастарын шұлғып, үнсіз тыңдайды. Анда-санда сұрақ-сауалдар да қойылады. Бір қызығы, ол сұрақ-сауалдарға білімді ұстаз (Әбдіқайымның діни сауаттылығы мен екі дүние амалынан толық хабардар білімпаз екеніне өзімнің де талай көзім жеткен) бірден Құраннан немесе Хадистен мысал келтіріп, келте жауап қайтармас еді. Әдетте алыстан орағытып, ескі риуаят, аңыз-хикаяларды мысалға келтіре отырып, өте

ұғынықты қарапайым тілмен ұзақ түсіндіре бастайтын. Қазақы жалпақ тілмен кейде шешен, бейнелі сөйлейтін ұстаздың ондайда екі көзі жарқырап, екі беті нұрланып шыға келетін. Жалпы ишанның сырты сұлу, сымбатты кісі болатын".

Оразбек аға айтқан осы кісінің алдында мен де еркелеп отырып, небір аңыз-әңгімелерге жастайымнан қанықтым. Ол кісі Қарахандықтар әулеті Шежіресінің де нағыз майталманы еді. Қолында әр беті мөрленген, патша маркалары жапсырылған бүкіл әулеттің төл Шежіресі болды. Оңашада оқып, ата-бабалар аруағына дұға бағыштап қоятын. Кейіннен Мүсірепхан ағам: "Осындайда "Ясин" сүресінен өзінің сүйікті аяттарын оқитын еді" дейтін. Сосын әкемнің мақамына салып сол аяттарды оқып, ол кісі де бабалар аруағына дұға жасайтын.

Бұл Шежіре түпнұсқа болмаған. Біздің ертедегі бабаларымыздың бірі Сыр бойындағы мүридтеріне келіп, осында үйленіп, әйелін Самарқандқа алып бара жатады. Жолда Ташкент әмірі тоқтатып, көркем келіншекке көзі түседі. Бабамыздың "саид-ағзам" яғни "қожа" әулетінен екеніне күмән келтіріп, әйелімен қосып, бар дүниесін тартып алады. "Қожа болсаң шежіреңді көрсет, бір күн ішінде үлгерсең бәрін қайтарып берем" дейді. Сонда бабамыз бір түнде түйемен шауып барып, осы Шежірені Бұхара әмірінің қолынан алып, қазыларға мөрлетіп, таңертең Ташкентке қайтып оралыпты. Мөр соғылған осы Шежіре содан бері біздің әулетке әкеден балаға мирас болып қалған екен.

Оның түпнұсқасы алтын әріптермен жазылып, Бұхара әмірінің қазынасында сақталған дейтін. Көшірмесі күміс әріптермен жазылып, Бұхараның бас қазысында тұрған. Қола әріптермен жазылған данасы әулеттің қарашаңырағында ұсталған. Шежіреге жауапты кісілер белгілі бір мерзімде Бұхараға барып – қазының Шежіресін, қазы патша Шежіресін толықтырып отырған.

**Бұған себеп бір заманда қасиетті Бұхара шарифта қожа емес адам қалмапты. Пайғамбар (с.ғ.с.) әулеті барлық салықтардан, азаматтық міндеттерден босатылған** соң, қазына қаңырап бос қалыпты. Шарасы біткен Бұхара әмірі уәзірінен кеңес сұрайды. Уәзірі: "Бүкіл қожаларды амалмен шақырып, қамалға кіргізейік. Сосын жағдайды түсіндіріп, бастарын алып, санын сапаға түсірейік", – дейді.

Бүкіл қожалар Сарайға сый-құрмет, арнайы марапат үшін шақырылады. Біреуі уәжіп көріп, біреуі сый дәметіп түгел жиналады. Тек қожа болып жүрген бір ақсақ кісі: "Жұрт менен бұрын барып, сыйдың басын алып қояды", – деп жұрттан пайданы қазғанып, әркіммен жағаласып жүріп Сарайға жете алмай қалады. Басқасы түгел жиналады. Уәзір патшаның әмірін жария етеді. Сонда қамалға сыймай тұрған қожалар зарлап қоя береді. Бәрі тегінен бас тартады. Бірі қожаның қызметшісі, бірі күзетшісі, бірі бағбаны, т.б. болып шығады. Ең соңында үш әулет қана қалады. Олардың ең үлкені патшаға келіп "дат" сұрап: "Үлкендеріміз жастардан бұрын кетейік", – деп өмірлерін жастарына қарай кезекпен алуын сұрайды. Уәзір олардың датын қабыл етпейді. "Өздерің көрдіңдер, қамал толы адамнан тек сендер қалдыңдар. Басқасы "саид-ағзам" болмай шықты. Сендер өздеріңнің Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетінен екендеріңді дәлелдеңдер, сонда ғана бастарыңды аламыз", – дейді. Сонда біздің бабаларымыз Хазіреті Әли (р.а.) бабамыздың шапанының етегіне жазылған Шежіредегі тізімді дәлел етіпті. Қалған екі әулетте де осындай дәлел болады. Мұны көрген патша қасиетті Хазіреттің тәні тиген шапан етегіне тәуеп етіп, олардың үш дана көшірмесін үш түрлі әріппен жаздырып, үш жерде сақтауға әмір береді. Барлығына сый-сияпат беріп, кері қайтарады.

Әкеміз: "Басында жете алмаған, кейін уақиғаны естіп жасырынып қалған ақсақ қожаның тұқымдары да қалып қойды. Шежіресі жоқ олар бүгінде де арамызда жүр. Ал, мынау сондағы жасалған ақиқат Шежіренің көшірмесі", – деп мөрін көрсетіп отырушы еді.

Әкеміз өлген соң оның кітаптары мүридтеріне бұйырды. Анамыз "Шежіре" деп төрт бүктелген, мөрге толы, матаға жапсырылған "Насаб-наманы" жасырып алып қалады. Сол үшін қайындарынан (Өтепхан, Мүсірепхан, Зәйін ағалардан) естімеген сөздерді естіді. Олар алдап та, айғайлап та, саудаласып та көрді. Анамыз бермеді. Бірақ бұл біздің әулеттің Шежіресі емес, әкемізге баят алуға, пірлік қызмет атқаруға берілген иршаднама – рұқсатнама еді. Яғни Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) басталатын Ұлы пірлеріміздің "Насаб-намасы", силсиласы болатын. Бұл біздің әкемізге Ұлы ұстаздар жолын жалғастырушы куәлік, басқа ишандармен салыстырғанда аса үлкен мәртебе ретінде берілсе керек. Ол бүгінде де бар, үлкен

шаңырақта сақтауылы тұр. Ал, Шежіре ізім-қайым жоқ. Оны бір білушілер, соңғы рет Шиелі ауданындағы Ортақшыл ауылында тұратын әкеміздің досы Жүніс молданың қолынан көргендерін айтады. Бізге бұйырғаны әкеміздің қағазға жазып, Мүсірепхан ағама берген “Молда Ибрагим әзиз ишаннан” басталатын 10 атаның тізімі ғана болатын.

Әкеміздің айтуынша біздің арғы тегіміз Сауранның соңғы Ұлы билеуші осы – Молла Ибрагим әзиз ишан бабамыз болған. Одан соң Саураннан су қашып, әулет ақ ордасынан безген. Осыған имандай сеніп өскен мен І.Есенберлиннің “Көшпенділер” деп аталатын шығармасының Сауранға қатысты тарауларын жалықпай, бірнеше жүз рет қайталап оқумен болдым.

Әкеміз марқұм өмірінде басына ажал қатері төніп тұрса да өтірік айтқан кісі емес еді. Сол себепті де оның бір мекені түрме болды. Оның айтуынша, Ханқожа әзиз ишанның екі баласы Аққожа ишан мен Қарақожа ишан Саураннан су біржола тартылып, екі тарапқа бөлініп қоныс аударғанға дейін бұл қала біздің әулет билігінде болған.

Мұндай апатқа душар болу себептері, бабаларымыздың бірі – Қара ишан әзиз оқиғасында айтып өттік.

Қаланы мекен еткен соңғы бабамыз молда Ибрагим әзиз ишан еді. Оның немересі Қара ишаннан туған Ханқожа әзиз оқымаған, сауаты жоқ, ауан кісі болыпты. Оның кәсібі жиһангерлік, аңшылық болады. Атасы оған шиелілік Аққорғадық қожа Оқшы атаның қызы Қарашаш анамызды атастырады. Қарашаш анамыз әкесінен терең ілім алған көзі ашық, әдебі мол, аса көркем, келбетті кісі екен.

Аңыз бойынша бірде Оқшы ата шатырының алдында сексеуіл жағып, сұхбат құрып отырса, мүридтері оны “қызға обал болады” деп Ханқожадан айныта бастайды. Сонда Оқшы ата сексеуіл шырпысының бір бұтағын Сауранға қарай атып жібереді. Қасындағылар сөзіміз өтті екен деп одан әрі масайрайды. Оқшы ата сексеуіл шырпысының тұтас бір бұтағын атып жібереді. Қыздан дәмелі қауым сөзді одан әрі өршітеді. Оқшы ата енді жуан томарды атып жібереді. Аздан соң орнынан атып тұрып: “Астапыралла! Астапыралла! Астапыралла!” – деп шатырына кіріп кетеді. Не болғанын түсінбеген мүридтері біраз күтіп отырып, кетіп қалады. Ертеңіне келіп мән-жайды сұрайды.

Сонда Оқшы ата: "Мен бірінші бұтақты лақтырғанда Ханқожа саятта жүр еді. Ол шоқты қағып жіберді. Ибрагим әзиз оянып, орнынан тұрды. Мен екінші бұтақты атқанда Ханқожа қағып алып, қарап тұрды да тастай салды. Ибрагим әзиз атқа қонып жолға шықты. Мен томарды атқанда Ханқожа қағып алып өзіме ұмтылды. Ибрагим әзиз жетіп келіп, қолын қағып үлгерді: "Таста қолыңдағыны, ол ақыретке дейін көрің қатар жататын атаң емес пе!" – деді. Мен сол сөзді естіп, тәубе жасап, ұялғаннан жүзімді тасаладым", – деген екен.

Қалай болғаны бір Аллаға аян, бұл сөздің шындығы біреу ғана – Оқшы атадан қалған ұрпақ аз емес. Бірақ Оқшы ата өзінің күйеу баласымен, біздің ұлы бабамыз Ханқожа әзизбен екеуі Шиелі ауданындағы Бәйгеқұм деген жерде қатар жатыр.

Одан тараған екі ұл Сырды бойлап, бірі – жоғары, бірі төмен жағына кетті. «Сонда Қарақожа әзиз ишан бабамыз: "Жетінші, не тоғызыншы ұрпағым Сауранға қайта оралар. Сонда оның босағасы болаттан, керегесі күмістен, шаңырағы алтыннан болады", – депті. Ол – кім? Бір Аллаға ғана аян! Соған дейін Сауранды қорғау көк аспанында қалықтаған қыранның ғана еншісінде", – деуші еді әкеміз.

Аңыздың да алуан-түрлісі бар. Мысалы, біз жоғарыда атап өткен мақаласында А.Нысаналин: "Қашаннан бері тарих аңыздардан түзіліп еді", – деп түңіледі. Мені де кейбір "аңыздар" барша әлемнен түңілдіріп, жер-көкке сыйдырмай тентіретіп жібере жаздайды. Шынында да біздің тарихымызда орынсыз, ойдан-қырдан құралған, жамау-жасқау аңыздардан туған келеңсіздіктер аз емес.

Жанғара Дәдебаев бұл туралы өз кітабында: "1864 жылғы маусымда Әулие ата шаһарын қарудың күшімен өзіне қаратқан орыс армиясының полковнигі Черняев Әулие атаға қатысты ел арасында айтылып жүрген аңызға назар аударады. "Әулие ата қамалы туралы жазбаларында" (06.1864) ол былай дейді: "Әулие атаның батысына қарай 400 сажындай жерде зират бар. Зират ортасында жартылай қираған, аумақты мазар асқақтап көрінеді. Мазар Әулие ата Қараханның атымен аталады. Қамалдың Әулие ата аталуының себебі осында. Аңызға қарағанда, Әулие ата Қарахан осы маңда 700 жылдай бұрын көшіп-қонып жүрген мұсылмандардың ханы болған екен. Дәл қай халықтың ханы болғаны белгісіз", – деп жазады.

Черняевтың осы хабары сөзбе-сөз артиллерия подпоручигі Мединскийдің бұрынғы Кеңестер одағының Әскери-тарихи архивінде сақталған қолжазба дерегінде баяндалады. Бірақ ол да Әулие ата Қарахан туралы тұщымды ештеңе айта алмаған.

Әулие атаның ата-тегі туралы бір деректі С.М.Абрамзон Шолпан атада тұратын молданың айтуымен жазып алған. Бұл аңыз бойынша ол "Арыстан бабаның жеті ұлы болыпты. Олар: 1) Ойсыл қара, 2) Қарақол ата, 3) Шың ата, 4) Манджылы ата, 5) Шолпан ата, 6) Қошқар ата, 7) Әулие ата" деп жазады.

Орыс ғалымдары империялық саясатқа бейімделіп берілген бұл аңызды бірден қолданысқа жібереді. Сөйтіп, 1864 жылдан 700 жылды алып тастау арқылы Әулие атаны 1164 жылдары, яғни XII ғасырға сүйреп әкеледі. Тұтас уәлаятқа, қалаға аты берілген Ұлы тұлға осылай Қожа Ахмет Ясауидің замандасы, Арыстан бабтың баласы болып шыға келеді. Осыған елігіп, кесел болған, марқұм Б.Әбілдаұлы (Алла алдынан жарылқасын, бұл кітап ол кісінің көзі тірісінде жазылған еді. Сол себепті сол күнінде қалды)Қарахан бабаға тұқым-тұяғы олатын "Сүлеймен Бақырғанидың қызын" әкеліп қоса салады. Баб Аджа Хатун анамыз Айша (р.а.) бибінің қызметші күңіне айналады. Қазақтың тарихында жергілікті ұлт өкілінен болған және әйел затынан шыққан жалғыз баб әжені осыншама қорлау кімге керек болды? Не себепті бірде-бір қазақ тарихшысы: "Баб – мың-сан адамды, тайпа-тайпа елді Исламға кіргізген діннің қақпасы, аджа – әйел затынан шыққан кемел адам (кәміл инсан), хатун – түркілердің Хканының әйеліне берілетін титулы, атақ-дәрежесі", – деп айтып, Ұлы Анаға араша түспейді? Қасиет қайда? Бұл сұраққа жауапты азат ойлы болашақ ұрпақ беретін болар!

Осындай парықсыздықтан, 1890 жылдары қайта қалпына келтірілген мазар алдындағы тақтайшадағы жазуда «Әулие ата кесенесі XII ғасырдың ескерткіші» болып әлі тұр. Бір ғана шаласауатты аңызшының күлдібадам сөзі осылайша Қазақ халқының тарихына айналып кете барды.

Неше түрлі аңыздар мен әпсаналар, рауаяттар біздің әулетте де бар. Ол біз үшін атадан балаға жалғасып, бізге жеткен асыл сөз. Арасында небір түрлі кереметтер де, Сафи ад-дин Орын Қойлақи жазатын Қызыр (ғ.с.) да бар. Қазақ кие тұтатын Аруақ та бар. Бірақ біз көрген, естіген кереметтердің бәріне бірдей иман келтіре бермейміз. Өйткені, Ұлы піріміз Абу Язид Бистами

(р.а.) бізге: “Ауада малдас құрып отырған біреуді көрсеңдер оның Иллаһи әмір мен тиымдарды орындағанына, сүннетке мойынсұнғанына және Хақ тағаланың құқығын қорғағанына көз жеткізбейінше мұнысының керемет екеніне сенбеңдер!” деген. Осы сыннан өткені – біздікі, өтпегені – өзгенікі. Ал, ақиқатты бір Алла біледі.

Сондықтан тура жолдан адаспас үшін біздерге жеткен риуаяттарда мыңдаған ізгі мысалдар келтіріледі. Солардың ішінде Құран аяттары мен Пайғамбар (с.ғ.с.) хадистеріне, Тасаввуф кітаптарына сүйене отырып айтылатын аңыз-әңгімелер, кереметтер де көп. Солардың бірі, Хазіреті Әлиден (р.а.) бір бәдеуи садақа сұрайды. Хазіреті Әли (р.а.) беретін түгі жоқ болғандықтан бір уыс топырақты алып, күбірлеп бірдеңе оқып бәдеуидің алақанына салады. Қараса уысы толы алтын екен. Бәдеуи Хазіреті Әлиден (р.а.) не оқығанын қоярда-коймай сұрап біліп алады. Оқығаны “Фатиха” сүресі болып шығады. Сол кеткеннен бұл Бәдеуи еліне барып, “Фатиха” сүресін уыс-уыс құмды алақанына салып қанша оқыса да құмның түсі бір өзгермей-ақ қояды. Араға жылдар салып Хазіреті Әлиден (р.а.) мәнісін сұрап келгенде: “Бұл – жүректердің айырмашылығында” деген екен.

Осындай мысал Иса пайғамбарымызда (ғ.с.) да бар. Оған бір жолсерігі: “Исми-ағзамды оқып, өлі мәйітті тірілтуді үйретші”, – деп өтінуін қоймайды. Хазіреті Иса (ғ.с.): “Ол үшін жаңбырдан таза дем, періштелерден де зерек парасат, пәк тіл және таза жүрек керек”, – дейді. Сонда әлі де үйренуден дәмелі мұңлық: “Ендеше өзің тірілтіп көрші”, – деп жалынады. Сонда Иса (ғ.с.): “Уа, Раббым! Өзінің жүрегі өлген, сонда да басқаның тәнін тірілтпек ойы бар. Бұл не деген ғапылдық!” – деп таңғалған екен.

Бұл екеуінің біздің әңгімеге қатысы қандай? Бірінші жағдайда, керемет бар. Оған иман келтіреміз. Екінші жағдайда, “өлі жүрекке басқаның тәнін тірілтудің қаншалықты қажеті бар?” десек, біз ата-бабалар рухын тірілткелі отырмыз. Өлі жүрек басқаның тәні тірілгенімен оны көре алмайтыны сияқты бұл айтылатын сырларды да әркім әрқалай қабылдары анық.

Мен соған қарамастан жазып отырман. Біз ата-бабаларымыздың ел берген дін санатындағы атақ-дәрежелеріне қарап, олардың кереметтеріне сенетініміз рас. Өкінішке орай,

осындай аңыздарға елітіп, оларды теріс ұғынып, теріс насихаттайтындар да арамызда аз емес. Олар әлігі бәдеуи секілді: "Құран мен Хадисті жаттап алып оқи берсек, қара топырақ сары алтынға айналады, біз жаннатық боламыз!" деп жүргендердің де ар жағындағы надандар. Екінші тобы, қазақтың "соқырға естірте қаш, кереңге көрсете қаш", "соқыр көргенінен танбас" дегені секілді, өзгелердің отаршылдық саясатымен сызып берген шеңберінен шыға алмайтын, ақиқатқа емес, атақ-даңққа бас иетін, ойына келген былығын мен білемге салып, оңды-солды елге таңып, атаққа ұмтылатын ғалымсымақтар. Үшінші топтағылар, ата-бабасының сүйегін сатып, атақ-абырой іздейтіндер. Мен осындай жайларға байланысты Шежіре жазып, абырой іздеуден бойымды аулақ ұстаушы едім. Енді жазбасқа амалым қалмады. Сол үшін, сыр түю үшін Самарқандқа қайта бардым. Жоғарыда айтқанымдай, Тәліп ишаннан баяғы Шежіренің түпнұсқасын суретке түсіріп алғым да келген.

Халқымыздың Наурыз мерекесін "Самарқандтың көк тасы еріген күн" дейтіні белгілі. Мен Самарқандта наурыздың 21-і күні болдым. Наурыздың 22-сі күні осындағы Әулие Қарахан бабамыздың басына келдім. Біз етектен бастап Құран бағыштап, бабалар жатқан төбенің биігіне шықтық. Соңғы Әулие Қарахан Туының етегіне байланған шырағдан тұр.

Кең қаланған төртқұлақты қоршаудың ішінде бірнеше құлыптас жатыр. Қайсысы кімдікі екені, оларда не жазылғаны осында жатқан ата-бабаларымыздың рухтарына және бір Аллаға ғана аян! Менің көзіме осы – табиғат төсеген жасыл кілем үстіндегі құлпытастарға шағылысып, көзді қарыған Күн сәулесінен басқа әлем көрінер емес.

Тағы да Құран оқып, дұға жасадық. Таразда жатқан Ұлы бабамыз Шаһ Абд әл-Хасан Қарахани айтқан: "Мен Алладан ешнәрсе сұрамауды сұрар едім", – деген өсиетті есіме алдым. Солай бола тұра Алладан тілек тіледім. Өйткені, сол заманның өзінде-ақ біздің ұлы бабамызға Пірі: "Сен Алладан ешнәрсе сұрамауды сұрау арқылы да Алладан сұрап тұрсың", – деген екен. Өйткені, бәрі Жаратушы бір Алланың қолында.

Мен: "Ей, Аллаһым! Бізге де Ұлық бабаларымызға бергендей, қайыр бере гөр! Ұлы бабаларымызға несіп еткендей несібіңнен бұйырт. Жүрегімізге иман нұрын құй. Мойнымыздан

бабалар наласын алып, ***Топырағымызды – топырағымызға, күлімізді – күлімізге, моламызды моламызға қоса гөр***. Аманат жанымды қашан, қай жерде, қалай алсаң да харам күйінде ала көрме”, – деп тілек тіледім.

Ата-бабаларымыз адам баласын төрт затқа жан беріп, Алла өз демін үрлеп, бір рухани нұрдан жаратқан дейді. Төрт зат – нәпсі деп аталатын – топырақ, су, ауа және от. Нұр – адамның жаны мен тәнге байланған рух. Біздің бабаларымыз «адам баласы туғанда рухы тым әлсіз болады. Ол періштелердің күтуімен, Ібілістің (лағнетуллаһ) аңдуымен тұрады. Бүкіл нәпсі алғашында рухтың өсіп-дамуына қызмет етті. Нәпсінің болу-болмауы рухтың өсу-өспеуіне тікелей байланысты. Сол себепті, нәпсінің Иллаһи міндеті де осы. Алла адам баласының рухына Әл-Мисақтан бастап екі мекен даярлаған. Ол – хайуаннан да төмен бір орын және періштелерден де жоғары бір дәреже»– дейді.

Ата-бабаларымыз нәпсінің құлы болған пенделерді “хайуани рух иесі” деген. Ол бір есек секілді мақұлық. Қаласа жын, шайтан, Ібіліс, пері, т.б. кәпірлік жаратылыстыр кез келген жерде, кез келген уақытта, кез келген жағдайда ұстап мініп кете береді. Харамды ас етіп, паналап, жылынып, өз еркінен өзі тыс өмір кешеді.

Екіншісін “Сұлтани рух иесі” деген. Олардың ұлығын Алла дос көрген. Сол үшін де Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз құлшылығында: “Аллаһым! Нәпсіме тақуалық бере гөр, оны тазарта гөр! Сен оны тазартушылардың ең қайырлысысың. Сен оның қожайынысың әрі жаратушысысың!” – деп дұға еткен. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осылай деген соң, біздің рухта қандай қуат болушы еді, бірақ үміт бар. Үміт – Алланың адамға берген өмірлік серігі. Сол үмітпен мен де құлшылық еттім. Мен міскін, әлжуаз мұсылман болсам да “Бақара” сүресінің 3-аятында айтылғанындай “ғайыпқа иман етушілерденмін” ғой. Ал, мұнда “Алланың достары”, – деп танылған ұлықзадалар жатыр!

Алла Құран Кәрімде: “Әй, иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар, Оған жақындасуды іздеңдер” деген (“Мәида” сүресі, 35-аят). Мың-сан сахабалардың Раббысын табуы үшін Хақ сұбханаһу уә тағала күллі әлемді нұрынан жаратқан Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз уәсила болды. Мысалы, имам Мәлік (р.а): “Тілек тілегенде Расуллұлаһты (с.ғ.с.) дәнекер етіңдер” дейді. Ал, басқа

да көптеген риуаяттарда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі көп дұғаларында "Пайғамбарыңның және менен бұрынғы пайғамбарлардың құрметіне (тілегімді қабыл ал!)" деп айтатындығы келтіріледі (Хәйсәми, IX, 227). Пайғамбар (с.ғ.с.) бір хадисінде өз қателігін түсінген Адам ата (ғ.с.): "Я, Раббым! Мұхаммедтің құрметіне Сенен мені кешіруіңді сұраймын деді" дейді (Хаким, II, 672).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өмірден озған соң Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а.) әрбір ісінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетін берік ұстанды. Ал, Хазіреті Омар (р.а.) қуаңшылық жайлағанда тірі кісіні – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ағасы Хазіреті Аббасты (р.а.) уәсила етіп, Алла тағаладан жаңбыр сұрады. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хазіреті Аббасты (р.а.) әкесін сүйгендей сүйетін, құрметтейтін. Оның антын Өзінің (с.ғ.с.) анты санайтын (Хаким, III. 377). Бұлардан соң Хазіреті Имам Шафий (р.а.) өз заманында: "Бір қажеттілігім болған кезде екі ракағат намаз оқып, Әбу Ханифаның (р.а.) мазарына барып, сол жерде Аллаға дұға етуші едім. Соның берекетімен қажеттілігім дереу орындалатын" деген (Әл-Хайтами, Әл-Харатул-Нисан, 94-б). Әрине, "Жәрдем, Алланың ғана қасында" ("Әнфал", 10-аят). Алла екі дүниеде де өзінің достарына рахметін, не сұраса қалауын берген. Сол үшін мен Ұлы бабаларымыздың бірлігі мен биік рухани белестерін ұрпақтарына да жұғысты, жалғасты етуін сұрап, "Фатиха" және "Ыхлас" сүрелерін оқыдым, дұға жасадым.

Дін қайда болса – шайтан сонда ұмтылады, иман қайда тұрса – шайтан сонда ұмтылады. Алла өзіне дос тұтқан асылзадаларымыздың, барлық әулие-әмбиелеріміздің қабірлері шайтан лағнетуллахтың қоршауға алған майдан алаңы секілді екенін біз ата-бабалар уағыздарынан бала күннен естіп өстік. Олар осындай жерде рухы әлсіз пенделерге елес болып көрініп, жетеке алады. Мен мұндай жағдайды ойымнан бір сәт шығарған емеспін.

Адам баласы айналасына қандай көзбен қараса Алланы да, Оның құдіретін де сондай қалыпта көреді. Дін ғұламалары айтқанындай: "Барлық адамзат баласы дүниеге мұсылман болып туып, шайтани ілімдердің, теріс тәрбиенің және жалған діндердің ықпалынан адасады". Кез келген сәбиден сұраңыз, олардың бірде-бірі: "Адам өлтіремін, жасағаным жаманшылық

болады, ата-анамды ит қорлыққа саламын, елді зар еңіретемін, шайтанды дос тұтамын, дүние-боққа ғашық боламын!" деп айтпайды. Олардың имандары мөп-мөлдір таза, пәк, игілік пен Иллаһи нұрға толы. Олар аса сенімпаз. Осындай сенімпаз, сәби рухы сақталған пенделерді шайтан аруақ болып та азғырады. Иманы әлсіз адамға мазар басы сондықтан да аса қауіпті.

Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздың айтқанындай барша Адам баласында жүрек деген "бір жапырақ ет бар". Ол туралы Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадис шарифінде: "Жүрек жазықта жел ұшырып жүрген құстың қауырсыны сияқты" (Ибн Мәжә, 10, Ахмед б. Ханбәл IV, 408). Сол қандай бізде? Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз анық түрде бұл туралы: "Біліп алыңдар, адамда бір жапырақ ет бар, ол жақсы болса – барлық дене жақсы болады, ол бұзылса – барлық дене бұзылады. Ол – жүрек!" деген (Бухари, Имам, 39). Мен ағайынның артқан осыншама жауапты жұмыстарын, тапсырмаларын орындауда осы – бір жапырақ еттен – Жүректен қорықтым!

Шайтан аспанда нұр бейнесін елестетіп кімдерді кәлимадан шатастырмады, ата-бабасының аруағы болып келіп кімдерге күпірлік істетпеді дейсің! Шайтанға пайғамбарлар бейнесіне кіру ғана бұйырмаған. Егер адам баласы Христиандар мен пұтпарасаттар сияқты пайғамбарлардың суретін шимайлап салып алса шайтан оған да ене алады. Оларды да бетперде етіп түсіңе еніп, құлағыңа сыбырлап адастыру құралына айналдырады. Сөйтіп, Адам атадан келе жатқан халалдан – харам, харамнан халал жасайды. Тек доңыздың ғана емес, бірінің етін біріне жегізеді. Бұл біздің дін Исламда да бар жағдай...

Мұндай адасушылық зардабының салқыны біздің отбасымызға да тие жаздаған. Бірде қызымыздың қолына шыққан сүйелді кетіру үшін бір туысымыз оны бүгінде жағдайы Жаратушының иелігіне өткен, тірісінде өзін-өзі "Құдаймын" деп жариялаған Фархат ата деген кәззаптың шәкіртіне ертіп апарады. Ол қызымыздан (Астапыралла! Астапыралла! Астапыралла!): "Фархат атаны құдай деп айт!" – деп иман келтіруді талап етеді.

Мұндай оқиғалар егемендігіміз қарсаңындағы "жылымық" кезінде қаптап кеткені сонша, талай-талай "әулиелердің" куәсі де болдық. Сондайлардың бірінің Тараз қаласындағы "емшілік

сеансын” бұзғанымызда орын алып еді. Қасымдағылар “әулиенің киесі ұрып кетіп жүрер, абайла бауырым” деп күзгі жапырақтай қалтырап тұрды.

Қаншама мешіттерге телефон шалдық, бірақ халыққа шындықты жеткізіп берер бірде бір адамды таппадық. Бұл сәуірдің 1-і – менің еңбек демалысымның алғашқы күні еді. Түнде басталған жаңбыр ертеңіне “Сары әулие” келгенше толассыз құйып тұрды. Күн салқын, менің иығыма ілгенім мақталы күртеше болатын. Сонда да, Алладан бір-ақ нәрсені – “мына күмәншыларға масқара болып, суық тиіп ауырып қалмауды” ғана сұрадым. Алланың рахымымен ауру-сырқауға да, еш кедергіге де ұшырамадым. Бұл менің керемет атауылыға – қарсылығым, Құранның емдік қасиетіне – күмәнім, жаратылысы ерекше емшілерге сенімсіздігім емес. Бар болғаны “шариғатсыз – тариқат тұл” дегенді білдіру ғана. Сол үшін мен Самарқандтағы бабамыз Әулие Қараханды іздеп бардым. Бабамыздың рухынан “Шежіре жазамын деп жүріп шатаспау” үшін медет тіледім.

Әулие түгілі Пір (ұстаз) болу, елге жөн көрсетіп, ілім айту, сөз сөйлеу үшін үш түрлі қасиетке ие болу керек:

1) Шариғат пен сүннәтті толық ұстану;

2) айтқан сөздері, халдері арқылы Алланы үнемі еске түсіруі. Бұл туралы Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): “Алланың әулие құлдары өздерінің жылы жүздерімен-ақ Алланы еске түсіретіндер” деп айтқан;

3) рухани тамырының терең болуы. Оның ұстазы, тәрбиешісі, кепілшісі кім? Ол ондай кепілдікті қайдан алған? Ұстаздарының ұстазы – Алла жіберген соңғы Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) тікелей келіп тіреле ма? Қай мәзһабта, қай сүлікте?

Ұлық ұстаздарымыздың бірі Абд әл-Қадыр Гейлани (р.а.) туралы мынадай риуаят бар: “Ол кісі аса тақуа және Ислам ілімдерінің барлық салалары бойынша білгір, иманға болаттай берік кісі болыпты. Ол шәкірттерімен бір сапарда келе жатқанда Аспаннан көк жұлдыз пайда болып, жарық нұрға айналады. Күллі әлем шыны ыдыспен қапталып қойғандай көркем нұрға бөленіп, құлпырып кетеді. Сол кезде нұрдан дауыс шығып: “Ей, Абд әл-Қадыр! Сен толдың! Енді саған екі дүниеде де тиым салынған харам жоқ. Барлық харам саған тақуалығың үшін халалға айналды! Сен ақиқатқа жеттің!” дейді. Бұл бір шаттық

секілді хабар жеткізілген көрініс еді. Мұны көрген Ұлы пірдің барлық шәкірттері сол жерде сәждеге жығылып, бас иеді. Ал, Абд әл-Қадыр Гейлани піріміз болса, тікесінен тік тұрған күйі: "Кет, лағнетуллах! Мен сенен безініп, Аллаға иман еттім!" дейді. Сол сәтте-ақ, сыры ашылған Ібіліс-лағнетуллаһ пұшайманға айналады. Көк нұр қара күлге айналып, шыны қоршауы күл-талқан болып ұсақталып жерге түседі. Шәкірттері пірлерінің сонша құдірет пен кереметтің, құрметтің ішінен Ібілісті (лағнетуллаһ) қалай танып қойғанына қайран қалысады. Сонда, Ұлық піріміз: "Ол Алла тиым салғанды халалдап тұрды", – депті.

Осы жағдайлардан хабардар болсам да өзім секілді әлсіз жүрек иесінің осыншама жауапты істе, бабалар рухын қайта сөйлетуде қателеспейтініне күмәнім болды. Осындай себептерден мен ата-бабалар мекенін жиі араласам да кереметтермен қауышудан тайсақтай беруші едім. Сондықтан мені адам деп, арнайы іздеп келген ақмешіттік Қарахандық қожа Арысбек ағамызды Жаңақорған жақтан табылған Қарахан әулие бабамыздың кесенесін қайта көтеру туралы ұсынысынан қашып, қатты ренжіткен де болатынмын. "Тек мен емес, менен басқасы ұшпақшы болсын. Тек мен емес. Ей, Аллаһым! Менің мойныма ондай ауыр жүк пен жауапкершілік арта көрме! Мені соңғылардың соңғысы, міскіндердің міскіні ете гөр!.." деп жалбарынудан ары аспадым.

Мен оларға бардым, жүріп өткен жолдарын араладым, қолдарымен құйған қыштарына отырдым, олар намаз оқыған мешіттердің қираған михрабында құбылаға бет бұрып намаз оқыдым, қабірлерін зиярат етіп дұға жасадым. Биік дөңдердің басына шығып, бабалардың шауып өткен сайын даласынан елестерін іздедім. Жүректегі мен білмес сағыныш пен ата ұрпағымызға деген махаббаттың құлы болдым. Мен сол сәттерде ата-бабаларымыздан адасып, айдалада, жападан жалғыз қалып қойған жетім қозыдай жылар едім. Ия, соның бәрін істедім, соның бәрін істегенмін. Бірақ олардан дәл осылай сұрағаным жоқ.

Біздің әкеміз ата-бабалар Шежіресінде Қарахан деген есімнің бірнеше рет қайталанатынын үнемі айтып отыратын. Олардың бәрі әулие, әрине. Соған қарағанда бұл кісілердің азан шақырып

қойған аттары басқа, ал дәрежелері Әулие Қарахан болуы да мүмкін. Менің бұл келгенім ең соңғы Әулие Қарахан бабамыз!

Сонымен, менің ағайындармен кездесуім сәтті өтті. Біз Әулие Қарахан мешітінің имамы Тәліп ишаннан құдайы тамақ беруге рұқсат алдық. Одан соң ағайындардың үйлеріне бас сұғып, аруақтарға Құран бағыштап, шақыртушыларды, қызмет ететіндерді тағайындадық.

Ертеңіне Ұлы баба мешітінде намазхандар мен ағайындарға сорпа тараттық. Бұл наурыздың 23-і, дүйсенбі күні болатын. Түні бойы шелектеп құйған жауын бұл күні де толастамады. Менің бар мұңым, арманым Тәліп ишан айтқандай: "Біріншіден – жаңбыр, екіншіден – дүйсенбі, сол себепті ең болмаса 30 адамның басы қосылса" деген ой болды.

Сорпа таратушы Раушан ағаның айтуынша, бұл күні келушілердің ұзын саны 150-ден асты. Дастархан 4 жерге молынан жайылып, адамдар соның өзінде симай қалды. Менің өзіме дәм ошақ басынан әзер бұйырды. Астан соң мешітте бесін намазы оқылып, артынан шатыр астында Тәліп ишан Шежіре оқып берді. Біздің осында жатқан бабамызды Тәліп ишан "бесінші Әулие Қарахан" десе, Айдар ишанның ұлы Сәйдулла "жетінші Әулие Қарахан болуы керек" дегенді айтты. Осы жерде Тәліп ишан бұрынғы Шежірені тастап кеткенін сылтауратып, Қожақышлақта тұратын Мұсахан Махмудовта "Қарахандық қожалардың" орама Шежіресінің барын айтқан еді. Біз одан әрі солай қарай тартып кеттік.

Мұндағы көнекөз қариялардан жібі түзу сөз айтар, жөн көрсетер адам қалмапты. Рух – жоғалған, тән – қалған. Мен біздерден де жас, мәселенің мәнісіне терең бойлай білмейтін Мұсахан інімізден Шежірені суретке түсіріп алып, кері қайттым. Өйткені, бұл жерден ұлағатты әңгіме іздеу, бұдан әрі отыру бейпайда болатын.

*ЕКІНШІ ТАРАУ*

# АҢЫЗБЕН АСТАСҚАН АҚИҚАТ

*Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) Хазіреті Әли (р.а.): "Мен қаншалықты биікке көтеріліп, мінәжат етсем, соншалықты Аллаға жақын боламын ба?" – деп сұрапты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): "Жоқ, сен қаншалықты жер астына төмен түссең – Аллаға соншалықты жақындайсың! Қаншалықты өзіңді төмен ұстасаң – Алла соншалықты мәртебеңді жоғары көтереді!" – депті.*

Қазақта "шымшық сойсаң да қасапшыны шақыр" деген нақыл бар. Мен Шежірені қолға алмас бұрын көп ойға баттым.

Бірде әйелім Сәуле екеуміз жолымыз түсіп Қызылордаға бардық. Есен деген досымыз мол дастархан жайып күтіп алды. Іштік, жедік, ойнадық, күлдік дегендей риза көңілмен тарастық. Қайтарда "аруақты аттап өтпейік" деп атбасын Мүсірепхан ағаның үйіне бұрдық. Қақпадан аттап, аулаға аяқ басқаннан-ақ әбден бабына келіп сүрленген еттің исі мұрынды қытықтап ала жөнелді.

Бармағынан бал тамған жеңешеміз шынында да ас даярлаудың майталманы болатын. Біздің әкеміз де осы жеңгеміздің асын мақтап, таза, халал санайды екен. Әкеміз көлденең астан дәм татпайтын кісі болған. Шәйнегін, пияласын, нанын, талқанын, тәтті-пәттісін өзімен бірге алып жүретін. Үлкен отырыстарда алдына тартқан басқа қолының сыртын ғана тигізіп, құрмет көрсетіп қасындағыларға ұсынады екен. Ашытқысыз нанды оған наубайханада істейтін Мария деген орыс әйелі арнайы жауып, шешеміз барып әкеліп тұратын болыпты. Бір кездерде орыстың осы әйелі біздің әкемізге "нан пісірерде толық ғұсылданатын" дегенді естіп, анық-қанығына жету үшін сұрастырған едім, білетіндер (Қыпшақтың Бессарысы Садық нағашым) оны теріске шығармады. Әкеміз осы нанның өзінің қызарып піскен қабығын алып тастап жейді екен. Қай ауылда, кімнің үйіне түсетінін әкқі есегі де жақсы білген, ас мезгілінде тура солай қарай жорғалап ала жөнелетін деседі.

Иә, әкеміз пісірген тамағын сүйсіне жейтін үйдің бірі Мүсірепхан ағамыздың шаңырағы болыпты. Жеңгеміз: "Ол кісі

тек жұмыртқа қайнататын кезде ғана өзі үш рет жуып, үш рет сүртіп бермей қазанға салдырмайтын”, – дейтін.

Мен есікті айқара ашқаннан: “Бар жақсыңды қазанға салғаныңда үстіңнен түстім бе, а-а!” – деп жеңгемізге тиісіп, әзілге бастым. Әншейінде қыршып сөйлеп, отқа май құйып, әзілдің көрігін қыздыра түсетін жеңгеміз байсалды қалыпта: “Өзіңе арнап асылып жатқан ас қой, ағаң жатыр, қасына бара ғой,” – деді ішкі жақты қабағымен меңзеп.

Аға ат шаптырымдай бөлмеде, терезені қабатталған ақ сұрыппен көлеңкелеп қойып, жұмсақ диванда шалқасынан түсіп ұйықтап жатыр екен. Мен тынышын алмайын деп орындықта үнсіз отырдым. Төсек тартқалы бері көңілшек болып кеткен ағамды ойладым. Маған парысша жазылған “Софы Аллаяр”, “Сияри Шариф” деген кітаптарды оқып, аударып беріп отырып еңкілдеп, көз-жасын пора-пора етіп жылап алатын. Ондайда көпке дейін тоқтай алмай, шаршап қалушы еді.

Аздан соң ағам оянып, жағдай сұрасқан соң сөзге көшті. Өтепхан ағама қарағанда бұл кісі біздің шешемізді барынша құрметтеп, қошеметтеп отыратын. “Е-е, сенің шешең Қайым ишанның маңдайына бұйырған бақ қой. Құдая тоба, балаларын қожаларға бейімдеп өсірді. Жаңа бесіннен кейін көзім ілініп кетіпті. Өңімдегідей, құдды өзі деймін. Әкем Омархан, сенің әкең Қайым ишан(біздің әкемізді ел осылай да атайтын), Сары ишан (Абдолла атаны солай айтатын) бәрі халімді сұрап келіпті. Құдай рахмат қылсын, Сары ишанның аузында бір тал тісі жоқ. Күлгенде қызыл иегі көрініп, жас баладай шалықтайды. Дәл сол күйлері деймін. Мен жағдайымды айтып жатырмын. Әйтеуір бірдеңелерді айтып сөйлесіп жатырмыз деймін. Сосын олар: “Ал, біз енді жүрейік,” – деді. Мен: “Ойпырмай, дәм татып, ас жеп кетсеңіздер болар еді”, – деймін қимай. Жеңгең Сапаркүлге: “Дереу қазан көтер!” – дедім дәл осылай жатқан күйі. Сөйтсем, олар қайтуға бет алып, босаға жақта тізіліп тұр екен: “Мейлі, қазан көтере берсін, кәзір біздің сыбағамызды Икрамхан* келіп жеп кетеді,” – деді де, бұрылып кетіп қалды. Тұра салып, жау тигендей шала бүлініп, Сапаркүлге ет астырып жатқаным сол.
Бұл жақсы нышан ғой, тәуір боп кететін шығармын осыдан. Арауақтар бекер келіп, мазаламайды ғой, әйтеуір,” – деді.

**Мені (осы кітаптың авторын) айтып отыр.*

Тумасында аңғал, аққөңіл адам түсінің сырын жақсылыққа жорып, көңілі өсіп отырды. Ас жеп, сорпа ішіп, дастарханға бата жасағаннан кейін ата-бабалар аруағына Құран бағыштадық. Менен жоғарыдағы туыстар жайлы, өздерінің тегі – Мұсахан әулеті туралы, одан соң Зәйін ағаның балалары жөнінде әрқайсысына жеке-жеке тоқталып сұрады. Мен білгенімді тегіс айтып бердім. Жауаптарым ойынан шыққан болуы керек, "тағы не сұрасам екен" дегендей біраз үнсіз отырып қалды.

Аздан соң басын көтеріп:

– Сен бәрін білесің, біледі екенсің. Тегінде Қарахандықтар әулетінің басын сен қосарсың. Саған сол аманат, – деді жай ғана күрсініп.

Мен мұндайды күтпеген едім. Әсіресе "аманат" деген сөздің салмағын да, оның артар жүгін де жақсы білем:

– Ой, аға! О не дегеніңіз! Алдымда анау Айдархан, анау Шайзатхан ағаларым тұрғанда менікі не жөн. Осы аманатыңызды орындайтын бір адам болса, ол Зәйін ағаның үлкен баласы Бекқожа аға. Бұл бір адамның қолынан келетін болса, соның ғана қолынан келетін шығар, – дедім.

Басқа басқа мен білемін ғой, туыстарымыздың сырын. Бас-бастарына бір тау болған, өңшең Көк бөрінің бөрібас балаларының үлкендері тұрмақ бақай-шүкейлерінің өздерінің басын қосып, айтқанға көндіріп болмас. Соның бірі – мына менің өзіммін!

Ағам ойымды бөліп, мен сілтеп отырған ағаның шын атын сұрады.

– Әбілқасым, – дедім.

Ағам тағы да біраз үнсіз отырып:

– Мейлі ғой, бірақ сен тоқтама, тоқтаушы болма, тоқтауды ойлама, – деді маған салмақ салып.

Бұл біздің соңғы кездесуіміз екен, одан кейін Мүсірапхан ағаны көргенім жоқ. Ол бақилық болғанда хабарын тым кеш алдым. Өтепхан ағаның өлетінін білгенімдей қабағым тартып, қайта-қайта есіме түсіп еді. Бұл жолы түкті де сезгенім жоқ.

Иә, Мүсірепхан ағам түсінде сауығып кететінін емес, ишандар қатарына қосылғанын көріп еді. Қазаны естігенде көңіліме сол медет болды. Ишаннан туған соң ишан болып

*Самарқанттағы*

өлгенге не жетсін!

"Сабақты ине сәтімен" дегендей мен әулет басын қосуға тіпті де әрекет еткенім жоқ. Армандаған да емеспін. Мен ол түгілі, қаншама әуере болсам да "Сейіт атаның үйіндегі үлкен әжеміздің көзі тірісінде шешемдей болып кеткен жеңгелеріммен қосып, бір дастарханнан дәм таттырсам, өңкей кемпірлердің басын қоссам" деген арманымды да орындай алмаған адаммын. Сол үшін шешеміздің 80 жылдық мерейтойын атап өтуді ұсындым. Атап өттік. Бірақ басқалар үшін, әрине.

Осылай жүргенде Бекқожа аға шақыртып алды.

– Сен біздің әулет туралы не білесің? – деп сұрады. Мен:

– Толықтай білем десем де болады, – дедім. Жеңгеміз:

– Жазып шыға аласың ба, қайным? Егер ол жай аңыз-әңгіме болмаса, көпшілікке пайдалы болып жатса... – деді өзіне тән ашық көңілмен.

Бұл ұсыныстың қайта-қайта алдымнан шығуы мені ойлантып тастады. Ойлаған сайын тұйыққа тіреле түстім.

Шынымды айтсам, өзіміздің ататектің, яғни сөз басынан сайратып отырған үш әулетті тізбелеп жазып, аңыз-әңгімелермен тұздықтай түсу, Пайғамбар (с.ғ.с.) туралы риуаяттармен толықтырып, басқа сопылық әдебиеттерге жүгіне отырып мазмұнын тереңдетіп құлпырту мен үшін аса ауыр жұмыс емес болмайтын.

Дегенмен, менің көңілімді күпті ететін жайлар да көп еді. Бір жағы Қашғардан бастау алып, Қырғызстанды, Өзбекстанның Бұхара, Хиуа, Самарқанд, Ташкент аймақтарын, еліміздің Сарыағаш, Қызылорда, Алматы аумақтарын жайлап жатқан Қарахандық қожалар ше? Олар кімдер, оларға қай жерден, қалай қосыламыз? Бабаларымызды – бізден, бізді бабаларымыздан бөліп, әркімге бір теліп, оларын заңдастырып тастаған тарихты, ресми құжаттарды не істейміз? Біздің атадан балаға сыр болып жеткен, мұра болып қалған Шежіреде, Абд ар-Рахим бабтан тарайтын қожалар сан тарауға бөлініп, мың-сан атауға ие болған. Қарахандық қожалар тек қана аттары өз тарихымызда жиі қайталанып отыратын Қарахандардың ғана әулеті делінеді. Тіпті кейінгі Қарахандардан тарайтын Абд ар-Рахим бабтың Түркияға ауған ұрпақтарының өздері өздерін танымастай халге жеткізіп отырған жоқ па?

Мысалы, Түркияда “Гюлшания суфилік бауырластығы” деген сүлік бар. Соның негізін қалаушы Ибрахим Гюлшани туралы Н.Э.Алескерова “Суфийское братство Гюлшаний”* деген кітабының 37-38-беттерінде “Родословня Ибрахима Гюлшаний восходит к Огуз ата нижеследующим образом: шейх Ибрахим Гюлшаний ибн Маулана аш-шейх Мухаммад ибн Маулана хаджи Ибрахим ибн аш-шейх Шихаб ад-дин ибн Айтогмуш ибн Гюнтогмуш ибн Гутлуогмуш ибн Огуз, да помилует его Аллах. (Сам он) в своих книгах указывал на свою принадлежность к Огуз ата через седьмое колено” деп, мынадай сілтеме жасайды: “Многие правители тюрко-огузских племенных объединений относили свою родослов Огуз ата”.

Одан әрі быт-шыт пікірлер. Осы деректе Ибрахим Гюлшани Оғыз атаның 7-ші ұрпағымын деп өзі айтады. Бұл кісі 1533 жылы қайтыс болған. 7-ші ұрпақты орташа биологиялық жас 30-ға көбейтсек 210 деген сан шығады. Оны 1533 деген саннан алып тастасақ 1323 деген сан шығады. Сонда 1300 жылдары өмір сүрген Оғыз ата кім? Неге түркі билеушілерінің көбі өздерін осы Оғыз атадан таратады. Біз неге өтіріктің қас дұшпаны, ақиқи мұсылманға, Ұлы пірге сенбей, еуроцентристерге сенуіміз керек? Сұрақ көп, жауап жоқ. Соларды біліп тұрған соң әлбетте, мен бұл сұрақтарды айналып өтіп, тек өзімізге ғана тиісті Қарахандықтар Шежіресімен шектеле алмаймын. Жеме-жемеге келгенде “жауырды жаба тоқу” қолымнан келмейді. Әйтпесе, менің (басқа да қожалардың) Пайғамбарымызға (с.ғ.с.), ата-бабаларымыздың өсиетіне деген адалдығымыз қайсы!

Иә, Шежірені жазу арқылы сандаған сұрақтарға жауап беруге тиіспін. Оған шамам келе ме, әділдігім жете ме?

Мен ең алғаш мемлекеттік қызметке ауысып жатқанда тапырақтап Өтепхан ағама жүгіріп бардым. Аға:

–Әй, шырағым! Біз хан әулетіміз. Бізге мемлекет қызметі халал. Бірақ шерменде болып қалма, – деді.

–Аға, шерменде деген не? – деп сұрадым.

–Шерменде деген ақыретте он адамға әмір болғандар осы он адамның тағдыры үшін бөлек сұралады. Олар екі қолдарын желкесіне байлаған күйде тұрады. Әр адамға жасаған биттің қабығындай қиянты мен әділетсіздігі үшін қолдары тартылып, байлана береді. Алла ол азаптан сақтасын, – деді. Мен:

–Кинодағы Виталий Бонивур сияқты ма? – дедім жеңілтектеніп. "Сенген серкем сен болсаң" дегендей ағам бетіме ажырая қарады, бірақ боқтамады:

–Иә, сол сияқты, бірақ одан миллион есе азапты, – деді.

Мен содан ізін суытпай, өткен күнгі көтеріңкі көңіл-күймен бата сұрап Зәйін ағама бардым. Зәйін ағам:

–Шырағым, Алла саған жар болсын. Ақыретте шерменде етпесін! – деді. Мен бұл жолы да "шерменде деген не?" деп сұрадым. "Шерменде деген ақыретте он адамға әмір болғандардың..." Иә, сол сөз.

Бір күні үйге достарым келді. Жаспын, қызметтің буы бар. Бөсіп отырдым. Бойдақпын. Дәм соңында анамыздан бата сұрадық. Анам:

–Я, Аллаһым! Балаларыма ынсап бер, нығмет бер. Ақыретте шерменде ете көрме! – деп бетін сипады. Мен:

–Апа, шерменде деген не? – дедім. "Шерменде деген..." Тағы да сол сөз.

Он адам деген жай ғана он адам, жөні басқа, бір амалын табармын. Ал Шежіре жазу деген он емес, күллі ата-бабаларымыздың тарихына әмірлік ету, олардың өмірлері мен тағдырларына үкім айту ғой! Аллаһ шерменде болудан сақтасын!

Соңғы рет Өзбекстанда болғанымда Қарахан–Оғызхан мәселесіне байланысты солардың бір ғалымымен ой бөлістім. Ол:

– Сіздің пікіріңіз шындық болуы әбден мүмкін. Дәл осындай, тіпті бұдан да өткір, терең пікірлерді бізде де көтергендер болды. Бірақ ол Өзбекстанның елдігіне, тәуелсіздігіне қайшы. Біздер Әмір Темірдің зұламатын сіздерден артық білетін халықтың ұрпағымыз. Бірақ бізге қазір Қазақ ордасының отауын тіккен Оғыз хан да емес, Әзербайжан, Түрік, Оғыз хан, Ишан Қорқыт ата да емес, Шаман Қорқыт ата, кемеңгер Әмір Темір мен мың адамның басына күмбез тұрғызса да данышпан Бабур, өзбек Алпамыш керек, – деді.

Қазақ тарихшылары мен шежірешілерінің де жетістіріп жатқандары баршамызға аян. Бәрінің сүйенетіні қытай, араб, парсы, одан да арыда Рим саяхатшыларының, саудагерлерінің атын жамылған жансыздардың "ойдан құралған" барлаушылық мәліметтері мен орыс отарлаушыларының, біз келтірген

Черняевтің мысалындағыдай зорлап таңған мағлұматтары. Ол да болса айналайын екен, ендігі шыққан "тәуелсіз" тарихшыларымыздың жетістіргені сол, тіпті, ардақтаған Абылай ханымызды ат қорадағы сарттан туғызып масқарамызды шығарып отыр. Шежіре деген нағыз бизнеске айналды. Ақшасын төлесең төлеңгітті – төре, әңгүдікті әулие қылып шығарады.

Өткенде туыстарымыздың бірі маған соншалықты айқын шежірелер тұрып, Қарахандықтар әулеті Шежіресінің тым кеш "жазылып" жатқынына өкініш білдірді. Менің ойымша бұл – дұрыс, піспеген нәрсенің зардабы жаман. Сондықтан әр нәрсе өз уақытында болуға тиіс.

Бір жиеніміз маған көпшілік ортасында: "Қарахандықтардың Шежіресін жазып, 3 миллион алайын деп жатыр екенсің, құтты болсын!" – деп еді, тағы біреу: "Мен 2 миллионға жазып берейін, сені де құр қалдырмаймын", – деді бүйірлеп. Бұл мені жанымнан шошытты.

2011 жылғы сәуірдің 4-і күні сағат 20.40-та "Отырар" пойызымен Алматыға өтіп бара жатқан шежіреші Сейіт Омар ағаны күтіп алдым. Ол маған Қарахандықтар әулеті Шежіресінің бір тармағын берді. Сол жерде мен Қарахандықтар Шежіресінің басындағы қайшылықтар туралы айта бастадым. Ол кісі:

– Бәрінің астарында саясат жатыр. Қазіргі бар саясат сол кезде одан бетер болған. Сен ондай нәрселерге алаңдамай жаза бер, жаза бер. Бас-аяғын бүтінде, сосын көреміз, – деді. Осы қайраудан кейін барып, мен қолыма қалам алдым.

Сәуірдің 5-і күні Құранға жетік, қазақша, өзбекше, шағатайша сауатты бауырымыз, имам Зиятхан Бөрібеков інімізге Тәліп ишанның бейне-жазбасын қазақшаға аударттым. Бұл баяғы маған берген Шежіренің ауызекі түрі болып шықты. Мұнда ол – 1) Әулие Қараханның 4 ұлы бар еді деп: 1. Мансур ханды, 2. Ядгар ханды, 3. Әзиз Мұса ханды, 4. Махрам Әли ханды атайды. Бұдан әрі сөзбе-сөз келтіргенде: "2) Ядгархан – оның ұлы 3) Насыролла хан – оның ұлы 4) Ілияс хан – оның ұлы 5) Хасан хан – оның ұлы 6) Мұса хан – оның ұлы 7) Барат хан – оның ұлы 8) Қарахан. Оның 4 ұлы болған: 9) Абдужалил қожа, Баба хан, Шадман хан және тағы да Қарахан. Бұл 9) Қараханның 2 қатыны бар еді. Бірі араб, бірі ажам (араб емес) қыздары. Аджамнан 6 ұлы бар еді. Оны біреуі – 10) Әуез (Оғыз) хан.

Оның 2 қатыны бар. Бірінен 3 ұлы бар – 11) Ай хан, Жұлдыз хан, Күн хан. Екінші бір қатынынан 3 ұл – Көк хан, Тәңір хан, Тоқ хан. Айханнан – 12) Халдар – 13) Махмуд – 14) Шайб – 15) Яхия хан – 16) Исмайыл хан – 17) Баба хан – 18) Юсуф – 19) Салих қожа – 20) Шайм – 21) Молда Ибрагим – 22) Қарақожа (оның екі ұлы бар еді) – 23) Хан қожа, Ақкожа. Аққожаның 2 ұлы бар еді – 24) Аманқожа және Заманханқожа, одан 3 ұл... ” деп әры қарай шатасып кетті. Бұл бойынша біз алғашқы Әулие Қараханның 31-інші ұрпағы болып шығамыз. Яғни тізім алғашқы Әулие Қараханға телінетін 4 ұрпаққа кем. Оны Тәліп ишанның өзі де, “есімдегісі бойынша” деп түзетіп отырады. Мәселе онда емес, бұл жолы да, ауызекі сөзде біз келтірген, өзі хаттан оқып берген I нұсқаның жобасы сақталып, адам аттарының қайталануында. Менің бір шатасуым Молла Ибрагимнің ұлы Қара ишан төңірегінде болды. Оқшы ата туралы аңызда: “Ханқожаны молда Ибрагим әзиз ишанның немересі еді” делінген. Махмудовтар Шежіресінде баласы болып жазылған. Ортада Қара ишан қалып қойған. Кімдікі дұрыс? Егер біз бұл кісінің есімін Махмудовтар шежіресіне сүйеніп алып тастасақ, әйеліне берген уәдесі бойынша көрден шығып, ұрпақтары үшін қылыш ұруға ұмтылған бабамыздың ізін таппай қаламыз. Демек, көшірме нұсқада не көшіруші қателескен, не қайталанып келетін екі адамның бірінің аты қасақана алынып тасталған.

Біз мұнымен де келісер едік. Бір адамның арысы-берісі маңызды да болмаса керек?! Бірақ бізге бұл шежіре мақтан мен дарақылық үшін емес, рухани тамыр ретінде қажет. Бұл орайда бір буынның үзілуі тарихымыздың тамырынан толық ажырап қалуына себеп болып табылады.

Қара ишан бабамыз барлық аймақтардағы әулет аңыздары бойынша өмірден тым ерте кеткен. Әкеміз айтатын “екі кем қырық” дегені осы кісіге байланысты болуы да мүмкін. Бәлкім одан да ерте. Мен өзімнің қолымдағы тізім бойынша әрбір атамыз жайлы бір ауыз болса да оқиға естіген едім. Қара ишан бабамызға тән оқиға тек қана оның наласымен, біздің аталарымыздың дәм-тұзы таусылар шақта хабар білдіріп кетуімен және үйлерімізді торып, қарауылдауымен ғана шектеледі. Егер ол жоқ болса онда барша әулет арасындағы байланыс үзіледі. Мен сол себепті Шежіреміз туралы

тақырыптың түйін сөзінде тірелетін тұсымыз ретіндегі маңызды сәтті алға тартқан едім. Ендігі сөз осы және осыған ұқсас басқа да оқиғаларға арналмақ.

## *ҮШІНШІ ТАРАУ*

# ТҰРЛАУСЫЗ ТАРИХ

*Мұхаммед ибн әл-Ханафия анасына: "Мен сені eмбеймін, сен мұсылман емессің!" – деп оны емуден бас тартады. Содан соң Ханафия анамыз тілін кәлимаға келтіріп, Исламды қабылдайды. "Оғызнамадағы" бес жасында анасын Исламға кіргізетін Қарахан оқиғасы – осы оқиға. Біздегі шежірелерде Хазіреті Әли (р.а.) ұрпағындағы алғашқы Қарахандық деп Мұхаммед ибн әл-Ханафия бабамыздың есімі аталады.*

Алдынғы тақырыптарда біз Арыслан хан (бап) бабамызға дейінгі тегіміз туралы айтып та өттік. Ендігі сөзді тарихымыздағы қасиетті тұлға Арыслан хан бабамыздан бастап айтқан лазым болар. Ол кісі шахид болғанда артында 40 баласы қалыпты. Оның қаншасы – өзінікі, қаншасын асырап алғаны бір Аллаға аян. Біздің білетініміз, "Арыслан баб бабамыз өзінің патша көңілін басу үшін, есігінің алдындағы қара күңіне үйленген, Зәңгі баба осы анамыздан тарайды" делінетін аңыз бар. Оған себеп, әкемізден бізге жеткен әпсанаға қарағанда: "Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) Хазіреті Әли (р.а.): "Мен қаншалықты биікке көтеріліп, мінәжат етсем, соншалықты Аллаға жақын боламын ба?" – деп сұрапты. Сонда оған Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): "Жоқ, сен қаншалықты жер астына төмен түссең – Аллаға соншалықты жақындайсың! Қаншалықты өзіңді төмен ұстасаң – Алла соншалықты мәртебеңді жоғары көтереді!" – деген екен. Қазақ сол себепті де "ұлық болсаң – кішік бол" дейді.

Алланы тану үшін өмірге ең кішкентай жәндіктің, құмырсқаның көзімен де қарай білу керек. Тіпті талдың бір жапырағын жұлып алу үшін, өзіңді сол жапырақтың орнына қойып көр. Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз да бірқатар аналарымызға аяушылықпен үйленген. Бұл – сүннет. Міне, Арыстан бап бабамыз осындай сүннеттерге берік болған. Онысы сол заманда тұтас гаремдер ұстаған, әйел баласын көркі үшін қор етіп жинаған "мұсылман патшаларға" ұнамаған. Осындай қайшылықтар оның түбіне жетті.

Аңызда Арыстан баб бабамызды өлтірушілер қатарында ол кісінің балаларының бірі болғаны айтылады. Бірақ қандықол баланың кейінгі тағдыры туралы сөз қозғалмайды. Білетініміз, Үргеніш ханы оның да түбіне жетіп, орнына алдымен Қатын патшаны, кейін бейнәсіл Иланшықты (Қайырханды) отырғызады. Мен Тәліп ишанға кездескенге дейін де біздің бабамыздың Отырардан қашып, Сауранға ауғанын білетінмін. Бірақ жүректі күмәнді ой мазалайтын. Осы күмәнді Мүсірепхан ағаға айтқанымда, ол:

– Біздің аталарымыз Арыслан баб бабамыз өлтірілген соң Үргеніш ханнан қашып Шыңғысханға қосылған, – деп қысқа қайырған. Ол қайсысы, аты кім? Оны мен түгілі аға да білмейтін. Тек Сауранның Отырарды алар алдында Шыңғысханға соғыссыз қосылғанын, содан бастап бұл қалалар біздің ата-бабаларымыздың құтты мекені болғанын ғана білетінбіз. "Олардың ізін табам ба?" деп мыңға жуық кітап ақтардым, бәрінде де салым суға кетті. Сол үшін "Қазақ ССР тарихының" 5 томдығына жазылдым. Оның 2-ші томының 140-бетінде: "**XIV ғасырдың басына дейін Жетісуда Шыңғыс әулеті көшпелілердің басшылары болып қала берді және елдің ішкі басқаруісіне тікелей араласпады. Жекелеген өлкелер мен қалаларда (Бұхара, Отырар, Шаш, Ходжакент, Ферғана, Талас, Алмалық және т.б.) азаматтық басқару билігі моңғолдар жаулап алғанға дейінгі түрік әулетінен шыққан, арабтың "мәлік" деген лауазымымен аталған жергілікті әкімдердің қолында болды"**, деп В.В.Бартольдтің "История культурной жизни Туркестана" деген еңбегінің 262-бетіне сілтеме жасайды. Демек, аталар сөзінде шындықтың лебі бар. Бірақ тарих Шыңғысханның "жаулап алған, қиратып тастаған" қалалары туралы ғана айтып, оған ерікті түрде қосылған Тараз, Сауран секілді қалалар туралы жақ ашпайды, айналып өтіп отырады.

Осы мекендерді қоныстанған Қарахандар әулеті шықты дейтін "шігіл" (чигил) деген сөз көне түркі тілінде "тас", "тастақ" деген мағына беретіні, түркілер Қаратау мен Алатау түйіскен Талас аумағын мекендеген халықты "шігілдіктер" (тастақта тұратындар) деп атағаны баршаға аян. "Яғма" деген сөз де тайпа аты емес, "барымташы, тонаушы" деген парсы сөзі. "Малыңды алар ма едім, яғмалап" делінеді дастандарда. Арабтар

сондай-ақ Сырдарияның жағалауын мекендеген тайпаларды "ғұздықтар" деп атаған. "Ғұз" деген сөз бүгінде де алғашқы мәнінен онша ажырамай "құз" яғни "жар" деген мағнасында қолданылып келеді. Түбі арабтық Қарахандық әулет билікке екінші рет келген соң Сырдың ішкі бетін мекендеген тайпаларды – ішкі ғұздықтар, сыртқы бетін мекендеген тайпаларды – сыртқы Ғұздықтар, Манас мұсылмандыққа кіргізген, сырттан ауып келген, Алатау шатқалдарын қоныстанған түркі тайпаларын "қыр ғұздар" (қырғыздар) деп атады. Сөйтіп, Шыңғысхан арқылы қайта билік құрған Қарахан әулеті Ұлы Оғыз мемлекетінің негізін қалаған еді.

Мен бала кезімде тарихқа деген әуестікпен "Оғыз-наманы" бір рет оқыған болатынмын. Оны баспаға дайындап, алғы сөз жазған Ә.Қоңыратбаевтың кітапты "қожа" деген "діни сарқыншақ тіркеулерден азат еткенін" мақтанышпен айтып, масаттануы менің бала көңіліме ұнамаған. Жүрегіме кірбің ұялап, балғын, бейкүнә рулық намысыма тиген. Содан бұл кітапты қолға алуға күні кешеге дейін өзіме тиым салған болатынмын.

Кейін Түркістанға барған сапарымда "Қорқыт баба" деген шағын кітапша қолыма түсті. **Қорқыт бабаның "Арыстан бап" деген күйі бар екен.** Ендеше қалай ол Исламға дейін өмір сүруі, шаман болуы мүмкін? Исламда, соның ішінде Қазақ даласында не көп – әулиелер мен әмбиелер көп. Неге ол солардың ішінен тек қана **Арыстан бапқа ғана арнап күй шығарған?** "Сайрамда бар сансыз бап, ең үлкені Арыстан бап" дегеннің тегі қайда жатыр? Осындай сұрақтар бірінен соң бірі туындап кетті. Мысалы, Н.Я Бичурин "Оғыз-наманы" Қарахан дәуірімен орайластырса, В.В.Бартольд пен П.Пелло дегендер бұл дастанды бірден қазаққа таңыпты. Соның ішінде ***В.В.Бартольд:*** "***Аңыздың авторы ұйғыр емес,*** **қазақ даласының тұрғындары** ***болса керек"*** депті. Әдебиет зерттеушілері Х.Сүйіншәлиев пен Н.Келімбетовтардың оқулықтарында да осыны меңзейді. Бірақ олардың өздерінен бұрынғылардың Оғыз қағанатын жаһілиет дәуіріне апарып қойған, қалыптасқан қағидаларына қарсы шығуға шамалары жетпейді. Таптауырын жолды таптаудан аса алмайды.

Мен бұл авторларды айыптаудан тіпті аулақпын. Бұлар Кеңес Одағы заманында "социалистік реализм" рухында

“антиисламдық” білім мен тәрбие алған зерттеушілер. Олар кез келген еңбектерінде қисыны келсін-келмесін Ислам діні мен мұсылдықты бір түйреп, сынап өтуге міндетті болатын. Кітапты зерттеудегі пікірлер мен тұжырымдардың қайшылықтары соның нәтижесі. Олар соған қарамастан кітаптардағы уақиғалардың бір ғана заманның немесе ханның тарихи баяны емес, “Мың бір түн” секілді ғасырлар бойы айтылып келген хикаялардың жиынтығы екеніне назар аударады. Оны “Алпамыс”, “Қобыланды” жырларымен салыстырады. Тіпті, “Күлтегінге” дейін барып қайтады. Бұл да дұрыс шығар. Бірақ осындағы бірқатар мәселелерге көзжұмбайлықпен қарайды. Мысалы, мұнда:

**1**. “Тарихи деректер мен халық шежіресі бойынша, **Қорқыт – VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген** батыр, атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері. Қорқыттың анасы – қыпшақ, **әкесі Қарақожа** оғыздарынан екені мәлім, ...өз өмірінде үш хан тұсында уәзірлік қызмет атқарғанын дәлелдейтін тарихи дәлелдер бар” дейді. **“VIII ғасырда Сыр бойында қаңғырып жүрген қандай Қарақожа?”** Оны елең қылмайды.

**2.** “Алып батыр Қазан Қорқыт атаның замандасы. Ол оғыз-қыпшақтардың ұлы қорғанышы Баяндүр ханның күйеу баласы, “тауылы құстың ұрпағы, Түркістанның тірегі, Қарашақ таудың қабыланы, **Қоңыраттың иесі, хан Ораздың атасы..**.” **VIII ғасырда Сыр бойында қандай “Қоңыраттың иесі, хан Ораз?”**

**3. “Әйел төрт түрлі болады, – депті Қорқыт. – ...Үшіншісі – үйдің құты болған әйел... Бұлар Айша мен Фатимадан бата алған әйелдер”. Осы бақсының сөзі ме? Ол жаһілиет дәуірінде өмір сүрген шаман болса Исламдағы қасиетті аналарды қайдан біледі?**

Зерттеулерде мұндай қарама-қайшылықтардан аяқ алып жүру мүмкін емес. Зертеушілер: “**Тегінде “Қорқыт ата кітабындағы” 12 жырдың әрқайсысы кезінде өз алдына дербес жеке-жеке дастандар болса керек**” делінеді. Онысының жөні бар. Олар – “Алпамыс батыр дастаны”, “Оғыз хан хикаясы”, “Хан Шентай”, “Көроғлы”, т.б. болып жалғасып кете береді. Өкіністісі, атеизмнің уымен уланған авторлар аталған жырлардың ішіндегі Исламға дейінгі дәуірді болар-болмас сарқыншақтарын тапқан болып, оқиғаларды бірнеше ғасырға

асырып тастап отырады. Бұл да шындық болуы мүмкін. Сол себепті мен де жұмыр басты пенде ретінде екі кітаптан да ислами түсініктерді алып тастауға тырыстым. Ол мүмкін болмады. Өйткені, бұл дастандар – түркі тайпаларының қанына да, рухына да, тұрмыс-тіршілігіне де Ислам біржолата еніп, қоғам толық мұсылманданған заманда Ислам ақидасынан (идеологиясынан) туған. Түйеден жылқы жасау қалай мүмкін болмаса, бұл дастандарды не бақсыландыру, не христиандандыру, не буддаландыру, т.б. мүмкін емес.

Сірә, бізге жеткен жырым-жырым құрақтар Ұлы дала данышпаны, Түркі тайпалары толық мойындаған атақты ишан – Қорқыт баба жүрегінен туған жырлар болса керек. Сол себепті де әр жыр: **"Қорқыт бабам келді де құтпа оқыды"** деп, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бен төрт шадиярға салауаттар айтып, уағыз жасаумен бітіп отырады.

Оғыз тайпаларының рухани көсемі Қорқыт бабаның бертінде өмір сүргеніне тағы бір дәлел біз жоғарыда айтып кеткен**, суфизмнің Гюлшания сүлігінің негізін қалаған Шейх Ибрахим Гюлшанидің (1533 ж.ө.) ата-тегі Санкт-Петербордан 2002 жылы шыққан Н.Э.Алескерованың "Суфийское братство Гюлшаний" деген кітабынан келтіргендей (37-б): "Родословная Ибрахима Гюлшани восходит к Огуз ата нижеследующим образом: шейх Ибрахим Гюлшани ибн Маулана аш-шейх Мухаммед, ибн Маулана хаджжи Ибрахим, ибн аш-шейх Шихаб ад-дин ибн Айтогмуш, ибн Гюнтогмуш, ибн Гутлуогмуш, ибн Огуз, да помилует его Аллах. (Сам он) в своих книгах указывал на свою принадлежность к Огуз ата через седьмое колено"** дегенді бекер жазбаса керек?! Аллаға құлшылық жолында әлемнің барша байлығы мен атақ-абыройынан бас тартқан, Хақ жолында басын өлімге тіккен мұндай ұлық жанға (Шейх Ибрагимге) жалған ататектің керегі не? Оның да жеке басының абырой-беделі ешбір қияли, немесе қасиетті тұқымға, ата-бабалар беделіне тәуелді емес қой. Соған қарамай осы кітапта автор сілтеме арқылы Фазл Аллаһ Рашид ад-диннің: "Легендарный Огуз ата был первым из тюрок, уверовавшим в единного Бога. Его сыном был Гекхан, который являлся отцом Баяндура" дегенін келтіреді.

Бүкіл тарихты мың мәрте ақтарсаңыз да ең бірінші болып Ислам дінін қабылдаған Оғыз ханды таппайсыз. Баяндүр мұнда адам аты емес, “баяндаушы”, “аян беруші”, “соңғы сөзді айтушы” деген лақап есім. Бұл жағдайға байланысты біз бірнеше рет сілтеме жасаған Мұртаза Бұлытай өзінің “Ата-Баба діні. Түркілер неге мұсылман болды?” деген кітабының 97-бетінде өз руының қызына үйленуге тыйым салу дәстүрі туралы айта келіп, Абу-л-Гази Бахадур ханның Мәскеу–Ленинградтан 1958 жылы жарық көрген “Родословная Туркмен” деген кітабының 41-бетінен үзінді келтіріп, өзінше түсінік береді. Қараңыз: “...Күллі түрік атауылының арғы атасы боп саналатын **Оғыз Хан** туралы аңызда болса, оның әкесі **Қара Ханның** өзінің үш туған інісінің қыздарын Оғызға алып бергені жазылады: “**Когда Огуз стал жигитом, Қара хан дал ему в жены дочь своего младшего брата Гур-хана, ...Қара хан, выслушав эти речи, дал Огузу в жены дочь своего другого младшего брата Гур-хана, ...Среди них было дочь Ур-хана третьего младшего брата его отца...**” **Демек, ежелгі түріктерде басқа рудан үйлену табусы болмаған тәрізді**” дейді. Астапыралла! Мұны естіген, 7 атадан бері қыз бермейтін қазақ жұрты жағасын ұстамаса, не десін! Олардың бәрін “тегіс мұңғұлданып кетті” деуге кімнің аузы барады!

Біз осылайша небір “аса беделді” ғалымдар мен олардан қалған “бұлақтардың” Оғыз хан туралы екі кітаптағы тұжырымдарын оқып отырып-ақ, бірталай сұраққа тап келдік. Енді осы кітаптарда кездесетін адамдар мен жер-су атауларына біраз шолу жасап көрейік.

Оғыз-намада мынадай жолдар бар (Оғыз хан): **“...Бағынбағандар – жауымыз болады. Оларға қарсы қисапсыз көп әскер жіберіп, құртамыз. Біздің ұранымыз, жолбасшымыз – көк қасқыр (көк бөрі) болсын! – дейді қаған.**

**Алтын қаған басқаратын ел Оғыз қағанға елші жіберіп, көптеген алтын мен күміс, қисапсыз қазына әкеліп берді. Ал Үрім қаған басқаратын ел Оғыз қағанның жарлығына құлақ аспапты**” (Х.Сүйіншәлиев, 106-б). Біз осы жер-су, ел атауларын қазақтың басқа дастандарында да кездестіреміз. Бірақ мың рет ақтарып қарасаңыз да тарихта **Алтын хан, Үрім хан** деген ел билеушілерін таппайсыз. Демек, жырдағы **Оғыз хан да**

**адам аты емес, Оғыз тайпаларының ханы**, ал Үрім хан – Үрім (Рум, Рим) елінің қағаны, патшасы, Алтын хан – Алтын Орда қағаны, ханы деген сөз. Бұдан әрі, осы бетте: "Бұдан кейін жырда Оғыз батырмен соғыспақ болған Урус бек (қараңыз, *қаған* емес – *бек!*) (Орыс бек) туралы, оның баласы Саклаб қаланы өз еркімен бергені жайында... айтылады" дейді.

Біз жоғарыда Оғыз жырларындағы 12 дастанның бірі "Хан Шентай" дастанында оқиға бұдан әрі жалғасын табатынын тілге тиек еттік. В.В.Бартольд дұрыс бағдарлап отыр. Оғызнамадағы мұндай тіркестердің тегі қазақтардан басталатынын бүгінгі қазақ мақал-мәтелдерінен де табуға болады. Халқымыз ұрпағы ұрпағына жалғасып, жекжаттары жиылып бір қауым ел болған адамды "ұлын – Үрімге, қызын Қырымға қондырған кісі" дейді. Бұл жерде "Үрім" адам аты емес, ел атауы.

Біз осыған дейін Шыңғысханның көзі тірісінде-ақ оның Бұхара мен Отырардан бастап бірқатар қалаларды, елді мекендерді өздеріне дейін ел билеген әулеттерге бергені туралы айтқан болатынбыз. **Енді Қазақ ССР-і тарихының ІІ-томына қайта оралып, 155-бетке тоқталайық: "Солтүстік Шығыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстанның аумағында XIV ғасырда Ақ Орда Алтын Ордадан біржола оқшауланып шықты" дейді.** Сілтемесінде көрсетуі бойынша: Ақ Орданы Орда Еженнің (Жошы ханның екінші ұлы) ұрпақтары биледі дегенді теріске шығаратын деректерге жүгінеді. Олар Көк Орданы құрған дегенге тоқталады. Бұдан басқа Йуз Орда деген де айтылады. Зерттеушілердің көпшілігі Нантазидың пікірін басшылыққа алып, Ақ Орданы да Бату хан иелігіне жатқызады екен. Сондықтан бұл пікірлерді тарихи негіздеуге "келтірілген анықтамалар көрінеу жеткіліксіз" делінеді.

***Кітаптың 156-бетінде:*** "***Жайық өзенінен оңтүстік-шығысқа қарайғы қырдағы территория*** "***Көк Орда" немесе*** "***Жайық сыртындағы Орда" деген атпен жазылған.*** "***Ақ Орда" ұғымы орыс жылнамаларында қолданылмаған" делінеді***. **Демек, бұл жағдайда Орда Ежен Көк Орда ханы. Оның иелігі Жайықтан шығысқа қарай Аралға дейін, одан әрі Сібірге дейін жалғасып жатыр. Ол әулеттің соңы кете берсе Көшім ханға жетеді.**

***Бізге керегі бұдан әрі***:

**1). "Ақ Орда – моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде Қазақстан территориясындағы жергілікті этникалық негіздегі алғашқы ірі мемлекеттік құрылыс... Мұнда қыпшақтармен бірге наймандар, үйсіндер (ушундер), қарлұқтар, керейттер (керейлер), сондай-ақ қоңыраттар, маңғыттар және басқалар мекендеген.**

**2). Мұсылман әулетінің хронологиялық кестелері Ақ Орда хандарының аттарын мына кезекпен келтіреді:** Орда-Ежен, Сартақ, Қоныша, **Байан,** Сасы-Бұға, Ерзен, **Мүбәрак**, **Шымтай**, Ұрыс хан, Қойыршақ және Барақ".

"Му-ин ад-дин Натанзи Ақ Орда хандарының бірі Ерзеннің Сығанақты көркемдетіп, Отырарда, Сауранда, Женттe, Баршынкентте талай ғимараттар салдырғанын хабарлайды". 158-бетте:

**3).** "*Жергілікті түрік және түріктенген феодал үстем тобының экономикалық және саяси жағдайын нығайтудың негізінде Мүбәрак Қожа ханнан бастап (1320-1344 ж.ж.) Ақ Орда билеушілері Алтын Ордаға тіпті сөз жүзіндегі тәуелділігінен де түпкілікті құтылды. ...Бердібек хан өлген соң Сарай тағына отыруға, мысалы, Ақ Орда ханы Шымтайға (1344-1361 ж.ж.) ресми шақыру жіберілді, бірақ ол мұні қабылдамады,* алайда *оның балалары, әсіресе Ұрұс, Алтын Орда тағы жолындағы күреске белсене қатысты.*"

**4).** Бұдан әрі, "Ұрұс 1361 жылы Ақ Орда ханы болды. ...*1368-жылы "мемлекет тіректері мен сарай әкімдерінің" қолдауымен Ұрұс хан Повольжеге қарай жорыққа аттанды.* 1374-1375 жылдары ол Сарайды алды, Хажы-Тарханды қоршауға алды...

**5).** *Бірақ Ұрұс ханның табысы ұзаққа созылмады..*." деп жалғасып кете береді.

Біз бұдан не білдік:

а) Шыңғысханға дейін Отырарды Қарахан әулеті билеген. Оған Отырардан табылған теңгелер дәлел;

ә) Шыңғысхан Қайырханды азаптап өлтірді. Демек, Отырарды билеуді Қайырханның, қарақытайлар мен Көшімнің, Хорезм шахтың әулетінен шыққан "мәлік-шахтарға" беруі мүмкін емес. Оған дейінгі билеушілер, басқа билеушілер тек қана Арыстан ханның (бап) ұрпағы – Қарахандықтар әулеті. Билік жергілікті Қарахандықтар әулетіне қайта оралады;

б) басым тарихи деректер Ақ Орданы құрушы Орда-Ежен әулеті екенін теріске шығарады, оны Алтын Орданың бір қанаты деп таниды. Орыс жылнамалары Алтын Ордамен дәрежесі тең

әулет иелігі, Жайықтың сыртындағы бөтен орданы – Көк Орда деп атайды. Демек, Ақ Орда олардың иелігі емес, оны құрған басқа әулет;

в) Йуз Орда деген қайдан шыққан? Йуз – Ғуздың этимологиялық баламасы. Мысалы, қазақша – жастық, өзбекше – йашлық, қазақша – жыл, өзбекше – йыл, қазақша – жақсы, өзбекше – йахшы, т.б. Демек, Ақ Орданың бір балама атауы Йуз болса, сөз Ғұз (Оғыз хандығы) орда туралы болып отыр;

г) Орда-Еженнің Көк Ордасы қай дәстүрде болмасын, Алтын Ордаға бағынышты болуға тиіс емес еді. Бұл оған Бату ханнан бастап берілген енші. Енші бөлінбейді, ол – меншік иесінің жеке құзырындағы мүлік. Алтын Орданың кейінгі ұрпақтары оны өздеріне бағындыру үшін, не қайта жаулап алуға, не Орда-Ежен ұрпақтарын түгел қырып салуға, не жеті елден асырып, жердің түбіне тентіретіп жіберуге тиіс. Мұндай соғыс тарихта болмаған. Демек, моңғол шапқыншылығынан кейінгі этникалық негіздегі қазіргі Қазақстанның Оңтүстігіндегі ірі дербес мемлекеттік құрылым Орда-Ежен ұлысы емес;

д) Оғыз-нама, Қорқыт баба кітаптарында Оғыз мемлекетінің басты тайпалары – Қоңырат, Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ руларынан басталып, Мунрат, Маңғыт, Найман, Керей, Қарлұқ (Қарақалпақ), Түркмен, Қыр ғұз, т.б. болып жалғаса береді. Деректерде олар Ақ Орда тайпалары ретінде көрсетіледі;

ж) Ақ Орда хандарының тізімінде Оғыз хандары ішінде екеуінің аты тікелей, біреуінің аты баламалы түрде айтылады. Олар: 1) Байан хан – Баяндүр хан; 2) Мүбәрак (Қасиетті, Әзиз, Аса құрметті, Қастерлі деген мағынада) Қожа хан; 3) Шымтай хан – Хан Шентай. Біздің ресми тарихымыздың 223-бетінде тіпті, Отырардан XIV ғасырдың ортасында Баянкули ханның аты жазылып шығарылған күміс шақаның суреті де берілген. Тек бұл ғана емес, тарихта "Испиджабта Данишменд (1326 – 1334 жж.) тұсындағы соғылған ақшалар да мәлім екен";

з) Шымтай хан Алтын Орда тағынан бас тартады. Ендеше неге балаларын, соның ішінде Ұрұс ханды қырылыстырып қойғанша, өз атынан билеуші етіп жібермейді? Ежелгі дәстүрде, тіпті Русь патшалығында да жиі қайталанған салт бойынша бір елдің тағына екінші елдің ханы шақырылмайды, билікке олардың балалары тартылады. Өйткені, ханның (патшаның) жеке басын тікелей шақыру бір елдің өз егемендігінен бас

тартып, өзге патшаның қоластына кіруі болып табылады. Демек, Ұрұс хан Хан Шымтайдың кіндігінен туған баласы емес. Көк Орданың үлессіз қалған мирасқоры Ұрұс хан өзін арғы бабасы Шыңғысхан секілді (өзін алдымен Керей ханның, кейін Хорезмшахтың баласымын дегендей) Хан Шымтайдың панасына кірген болуы да мүмкін. Егер біздің тарихта жазылғанындай оны Алтын Орданың “мемлекет тіректері мен сарай әкімдері” қолдап, шақырса соғысып не керегі бар? Неге таққа жете алмай Мамайдан жеңіліп, кері қайтты?

и) оның Сығанаққа келгенін “Оғыз-нама” да теріске шығармайды. Бұл туралы “Оғыз-намада” Оғыз ханы (Хан Шентай) Үрімді жеңіп қайтып келгенде Ұрұс бектің Оғыздарға қарсы соғыспақ ниетін көреді. Бірақ “оның (Ұрұс ханның) баласы Сақлаб қаланы (Сығанақ) өз еркімен береді”. Мұның бәрі біздің тарихта 1300–1376 жылдардағы оқиға. Осы жылы Ұрұс хан өледі (173-бет). Бұл заман тарихи деректер бойынша да біздің Шежіреде де Оғыздардың Үрім елін (Византияны) біржолата бағындыру жолында кескілескен соғыс жүргізіп жатқан заман болатын. 1533 жылы туған Шейх Ибрахим Гюлшани Оғыз ханға 7 атадан қосылатын болса біздің Шежіреміз шерткен сыр шындыққа толық сай келеді: 30х7=210; 1533–210=1323. Түптеп келгенде, анығын бір Алла біледі.

**Қожалардың ел билеу ісіне еркін араласқанын дәлелдейтін Ілияс Есенберлиннің “Көшпенділер” трилогиясында да бір қызық жағдай бар.** Шығай сұлтан мен Тәуекел сұлтан Сауранды Баба сұлтаннан тартып алу үшін қоршап жатады. Сонда Баба сұлтан Тәуекелді өлтіруге жансыз жібереді. Ол қолға түсіп қалғанда Тәуекел сұлтанға: “Ей, Шығай сұлтанның асыранды күшігі”, – дейді. Өйткені, **жазушының айтуынша Тәуекел сұлтан созақтық Дайыр қожаның ұлы еді.** Шығай сұлтан Дайыр қожаны өлтіріп, әйелін өзіне алмақ болғанда Тәуекел сұлтан анасына еріп шығады. Жазушы бұдан әрі Қияқ құл айтқан осы сөзден соң Тәуекел сұлтан Шығай сұлтаннан бөлініп, қазақ ханына кетіп қалды дейді.

Неге қазақ ханына кетті? Оған анықтама бермейді. Ресми тарихымыз болса Шығайды – қазақ, Абдолла ханды қазақтың одақтасы ретінде береді. Яғни 288-бетте “Хақназардың мұрагері Жәдіктің баласы және Жәнібек ханның немересі қартайып қалған Шығай (1580–1582 жж.) болды. Ол өзінің баласы

Тәуекелмен (1586–1598 жж.) бірге **Баба сұлтанға** қарсы күресінде өзбек ханы Абдоллахты қолдап отырды" дейді. Баба сұлтан бір деректерде Абдоллахтың таққұмар туысы делінсе, ресми тарих оны Барақ ханның баласы дейді.

Мұның бәрі кейінгі оқиғалар. Кітаптағы кейбір деректер "Таварих-и гузида-йи-нусрат-нама" деген көне деректерге негізделіпті. Кітаптың атауы жеке зерттеуді қажет етеді. Ал, ***ФазлАллаһ ибн Рузбихан Исфаханидің*** "Михман-намайи Бұхара" деген кітабына әсте сенуге болмайды. Ол ***Бұхарадан келген қонақ емес, нағыз арандатушы, арнайы тапсырмаларды орындаған жансыз.*** Оған дәлел ол: "Сенімді адамдардың айтқанындай, олардың (қазақтардың) арасында пұт бейнесі бар, олар басын жерге иіп тағзым етеді. Басын жерге жеткенше иіп, пұтқа табынудың өзі дін мен құдай заңын нағыз келеке еткендік екендігінде күмән жоқ" деп жазады (105-б). Бұлай деу біздің ұлтымызға, дінімізге деген ашық дұшпандық пиғылдың көрінісі. ***Мұсылман елдерін қазақтарға қарсы айдап салу үшін жасалып отырған харам амал. Ол сол үшін де "өзім көргендей" деп емес, "сенімді адамдардың айтқанындай" деп жалтара айтады. Яғни, оның деректері саяси өсек, жазбалары жалдаптық амал.***

Әрине, біздің 1983 жылғы атеистік (кәпірлік) тарихшы-оқымыстыларымыз үшін бұл нағыз көктен тілеген фактілер болып табылды. Болмаса, Жаратушы Аллаһты "Тәңірім" деп табынып, хикметтеріне негіз еткен қазақ жерінде туып, қазақ жерінде өмірден өткен Қожа Ахмет Ясауи емес пе еді! Ол былай тұрсын, Қасиетті Құран Кәрімнің бірде-бір арабша аятында Алла сөзі Құдай деп аталмаған. Бұл сөздің түбірі "Худа" яғни "Жаратушы" деген парсы сөзі. Біздің өзіміз де осы сөзді қазақшалап, әрі-беріден соң: "Оһ, құдая құдауанда! Құдая тоба! Құдай қаласа. Жаратушы жалғыз Құдайым!" деп екі сөздің бірінде ауызға алып отырамыз. Ал, Тәңірі деген түркі тілінде – Жаратушы деген мағынаны береді.

Қайшылыққа толы Қазақ ССР-і тарихан сынау, тырнақ астынан кір іздеу менің міндетім емес. Менің көздегенім, көргенім мен білгенімді айту ғана. Ендігі кезек осы тақырыпта.

# *ТӨРТІНШІ ТАРАУ*

## ҒАСЫРДАН ҒАСЫРҒА СЫР

*“Қазақтың Оғыздық дәуірге жататын діни дастандарында Мұхаммед Ханафияның аты кеңінен кездесіп, ол ерекше дәріптеледі. Соның ішіндегі бірқатары: “Һаза кітап Мұахммед Ханафия”, “Мұхаммед-Ханафи хазірет Әли ұғылының Табут падишамен соғысқаны”, “Мұхаммед-Ханафия” деп аталатын дастандары”.*

Қожалардың болсын, басқа да ру-тайпалардың болсын шежіресін жазғанда ескерілмейтін бір жай бар. Бізге дін Ислам Адам атадан бері жер бетінде 124 мың пайғамбарлар өткен деп оқытады. Тек солардың өзін араларын 30 жыл салып келді деп есептегеннің өзінде адамзат баласының жер бетін мекен еткеніне кем дегенде 3 миллион 720 мың жыл өткен болар еді. Бізге өмір сүрген уақыттары мәлім, кітап түскен пайғамбарларыздың арасын 700 жыл шамасы бөліп тұр. Бұл есеппен адамзат баласының жаратылғаны тіпті де арыға кетері сөзсіз.

Мен қолыма түскен шежірелердегі 30-33 атадан Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамызға барып тіркелушілерді көргенде осы есептерге еріксіз мән беріп, таңғалушы едім. Оны аталған шежіре иелеріне де талай айтып та көрдім: “Оу, бауырлар! Мынаған бірдеңе қылып оншақты адамның аттарын қоссаңдаршы. Мен секілді өңшең шалдың баласы болсаңдар да қисынға келмейді ғой...”

Енді шежіре шертудің кебі өз басыма да келіп отыр. Сол себепті қарапайым есеп амалымен әр атаның арасын 30 жылдан деп есептеп те көрдім. Оны сіздердің де алдарыңызға ұсынып отырмын. Жалпылап алғанда ғылымда адам баласының биологиялық жас мөлшері, ұрпақтар сабақтастығының өлшемі 33 жыл дегенді де талай естіген де, оқыған да болатынмын. Сол үшін ақиқаттан адаспау мақсатында ата-баба Шежіресін тарихтың таразысына да салып, өлшегенде бұл қырынан да қарастыруға тиіспіз. Сонымен:

- Хазіреті Әли Қарамолдах Шаһ Мардан (598–661 жж.);
- Мұхаммед ибн Ханафия (628–701 жж.);
- Шаһ Фаттаһ – 660 ж;

- Шаһ Абд әл-Жаффар – 690;
- Шаһ Абд әл-Қаһар – 720;
- Шаһ Абд ар-Рахим бап – 750 (үлкені Абд ар-Рахим баптан Ысқақ бап, Әбд әл-Жәлил бап әулеттері тарайды);
- Шаһ Абд әл-Хасан **Қарахани** – 780 (ағасы – Қылышты Абд әл-Кәрім Сыддық Бохра Қараханнан басқа әулеттер тарайды. Біз Тараздағы Әулие ата – Қарахан бабаны осы, Әбд әл-Хасан бабамыз деп білеміз. Бұл кісі туралы жоғарыда біршама айтып та өттік. Айтатын оқиға әлі де шексіз.);
- Шаһ Мансур Хумар хан – 810(40 жыл Пиромда патшалық етіп, Таразда қайтыс болған. Қабірі “Дәуітбек ата” деп аталады);
- Ғазиз Мұса хан – 840 (Қарахандықтар әулетіндегі үшінші Ұлы қаған. Исламды мемлекеттік дін дәрежесіне көтерген);

10. Махрам Әли хан – 870 (жоғарыда айтқан Шаһ Хасанмен бұл кісіні шатастырмауымыз керек. Бірақ бұл кісі де тарихта **Әулие Қарахан** деген атпен қалған.);
11. Ядгар (Жуграһ) хан – 900;
12. Насыруллаһ хан – 930;
13. Исмайыл хан – 960;
14. Ілияс Тамғаш Қара хан – 990 (бұл кісі тек Қарахан мемлекетін ғана емес, Қытай, Қашғар елдерін түгел билеген деп айтылады. Осы кісіден соң әулет ішінде тақ таласы басталады.);
15. Сайд Хусейін хан – 1020 (ағасы Сайд Хасан ханнан басқа әулеттер тарайды.);
16. Муса хан (лақабы – Қожа ата әзиз) – 1050 ж. (Отырар ханы. Сүлейман шах кезінде бұл кісіге Отырар, Сауран, Ясы бектіктері тиген. Қызы Қарашаш анадан Қожа Ахмет Ясауи тарайды.);
17. Арыстан хан (бап) – 1080 ж. (бұл кісіні мәйітін бейнәсілдердің қорлауынан қорқып, өз сарайының дуалының арасына қойған. Отырарда жатқан Арыстан баба осы кісі. Лақап аттары – Бап ата, Мұхаммеді Мағзом хан, Білге хан, Хақ (Ақ) Арыстан хан, т.б. Бұл кісіден тек ұлдары арқылы 40 ұрпақ тарайды делінеді. Тарихи дерек бойынша 1130 жылы опат болған. Ол Хореезм шах тарапынан қасастықпен өлтірілген);
18. Барат хан – 1110 ж;

19. **Қара хан** – 1140 ж. (шын аты басқа болуы мүмкін. Қабірі Сауран қаласының қарсы алдында делінеді.);

20. Абд әл-Жалил хан – 1170 ж;

21. Баба хан – 1200 ж;

22. **Қара хан** – 1230 ж. (шын аты басқа болуы мүмкін. Біздің әулет Шежіресі бойынша ең алғашқы Оғыз хандығының негізін қалаушы, оларды дербес Орда ретінде біріктіруші. Лақап аты – Оғыз хан (Көроғлыда – Әуез хан), Ақ Арыстан хан, Аланчы (Алаш) хан (яғни Үрімді, Византияны алушы хан), т.б. Бұл кісі 2 әйелінен 6 ұл көрген: нәсілі қожа әйелінен 3 ұл – Күн хан, Ай хан, Жұлдыз хан тарайды. Солардың ішінде біздерде тек Ай хан ұрпақтары туралы ғана мәлімет бар. Бүгінде Қарахандық қожалар атанып жүргендердің барлығы осы әулеттерден тарайды. Өздерін Күн хан (Ибрахим Гюлшаниден басқа) мен Жұлдыз ханнан тaратқандарын кездестірген емеспіз. Көп жағдайда үш бабамыздың аттары қатар аталғандықтан олардың бірінің баласын екіншісінікі, болмаса аталы-балалылар деп көрсетушілер де бар. Ал, ажам(екінші) әйелінің ұрпақтары туралы бірде-бір дерек жоқ. Бұлардың тұқымын (әсіресе) **түріктер**, **әзербайжандар,** абхаздар, құмықтар, **түркмендер, қарақалпақтар,** тәжіктер, парсылар, **қырғыздар,** өзбектер және ұйғырлар арасынан табуға болса керек. Біздің білуімізше, алты Алаш дегеніміз**: қазақтар, қарақалпақтар, қырғыздар, өзбек тайпалары,** ***түркмендер мен ұйғырлар***. Қазіргі түріктер мен әзербайжандар да осылардың қосындысынан, біріккен Оғыз әскерінің Үрім мен оның жолында қалып қойған жауынгерлерінің ұрпақтарынан тарайды.

**Сонын ішінде,** Қазақ деп Сырдың оң жағалауы мен сол жағалауын мекендеген ерікті Түркі тайпаларының одағы аталған. Бұл жерде біз Сырдария мен Әмударияның ішкі-сыртқы алқаптарын қоныстанған, өзен жағасын мекендеуші тайпаларды арабтар алғашқы кездескеннен бастап-ақ "о-ғуздар" яғни "өзен(ғұз) бойын мекендеушілер" деп атағанын, картаға осылай түсірген. Бір-бірінен барынша еркін өмір сүретін жеке-дара түркі тайпаларын арабтар түстеп, түгендеп отырмай-ақ, жер атымен, табиғат ерекшелігімен таңбалай берген. Осы дәстүрге сай Шыңғысхан жүріп өткеннен соң пайда болған көшпелі Түркі тайпаларының одағы, ордасы да "Оғыздар" деп аталған.

Шыңғысхан жүріп өткен соң мұндағы халық өзара бірігіп, ортақ мемлекет құруға мәжбүр болады. Сырдың сыртқы беті – Қаратау беткейін, Алатау баурайын мекендеуші бүгінгі Қаңлы, Үйсін, Жалайыр секілді барлық Ұлы жүз тайпалары мен Наймандар Сыртқы Оғыз тайпалары, ал Сырдың ішкі алқабын мекендеген Қоңырат, Рамадан, Қарлұқ (Қарақалпақ), бірқатар Қыпшақ тайпалары Ішкі Оғыз тайпалары деп аталады. Осыдан соң ауып келіп, Алатаудың биік шатқалдары мен құздарына қоныс тепкен мұғ түркі тайпалары Манастың ықпалымен Исламға өтіп, Оғыздарға қосалып, Қыр Оғұздар деп аталды.

Астанасы Алтын Орда болған Түркі тайпаларына Қыпшақтың негізгі бөлігі, Арғындар, Керейлер, Уақтар, Найманның екінші тармағы секілді Керей мен Жәнібекке еріп шыққан көшпелі тайпалар жатады. Ноғайлы бүгінгі Кіші жүз рулары. Олардың екінші бөлігін Суворовтың әскері бесіктегі баласына дейін қырып тастағанын бүкіл орыс тарихшылары жазып келеді.

Оғыз хан тарихын зерттеушілерінің басым бөлігі бұл кісіні де Қараханға телиді. Кейбіреуі ғана оны Қараханның ұлы деп көрсетеді. Қараханның Ислам жолындағы жиһадын барлық деректерде: “Бес жасында туған анасын дінге кіргізуден бастады”, – деп жазады. Бұл шындығында әулет тұтқасы болған, алғашқы Қарахандық – Мұхаммед ибн әл-Ханафия бабамыздың іс-әрекеті болатын. Баяндаушылар алғашқы оқиға мен соңғы оқиғаны не білместіктен, не “Мың бір түн” хикаяларындағы секілді баяндаушының айтуымен шатастырып отыр. “Мың бір түн” хикаяларындағы данышпан қыз туралы оқиғада Халифа қыздан: “Пайғамбарымызға Аббас жақын болды ма, Әли жақын болды ма?” деген сұрақ қояды. Қыз Аббасид халифаларының Әлиге деген көзқарастарын білетін. Сол себепті де: “Туыс ретінде – Аббас, бала ретінде Әли жақын болды”, – деп жалтара жауап береді. Ашық түрде осылай ұғым қалыптасады. Қазақтың Оғыздық дәуірге жататын діни дастандарында Мұхаммед ибн әл-Ханафияның аты кеңінен кездесіп, ол ерекше дәріптеледі. Соның ішіндегі бірқатары: “Һаза кітап Мұахммед Ханафия”, “Мұхаммед-Ханафи хазірет Әли ұғылының Табут падишамен соғысқаны”, “Мұхаммед-Ханафия” деп аталатын дастандары. Осы жинақта “Қиса-и Шаһизинда” дастаны да бар. Оның ерекшелігі басты нұсқаларында Шах-и-зинда Хазіреті Әлидің

ұрпағы, баласы ретінде айтылады. Ал, "Қиса-и Кербала" дастанында залым Язидті Пайғамбар с.ғ.с. бабамыздың аянымен Қожа келіп өлтірді деп көрсетеді. Мен тарихи деректерден залым Язидты Мұхаммед ибн әл-Ханафия өлтірді дегенді кездестіргенім жоқ. Бірақ жоғарыда көрсетілген "Қиса-и уақиға Кербала" дастанында сілтеме бар. Бұл әсіреатеизмнен кейін ашылған дастандардың алғашқы беттері ғана. Әлі ашылмай жатқаны қаншама! Соның өзі, бізге Ақсақ Темір келіп Қарахан әулетінің ізін су сеуіп сыпырып, құрдымға жібергенше қазақ дастандарында Мұхаммед ибн әл-Ханафия бабамыздың рухы қаншалықты күшті болғанын көрсетеді.

Біздің пайымдауымызша, дереккөзінің ретіне қарағанда Оғыз хан бабамыз өзінің үлкен үш ұлына үш аумақты билеуге береді. **Бірінші билік аумағы Күн ханға** тиеді. Оның иелігіне жаңа алынған үлкен аумақ – Каспийден **Түркияға** дейінгі аймақ беріледі (оның әулеті сол жақта қалып қойған). **Екінші билік аумағы Ай ханға Сыртқы Ішкі Оғыздар** иелігі тиеді. **Үшінші билік аумағы Жұлдыз ханға Қыр Оғыздары** иелігі тиеді.

Екінші әйелінің балаларына Алты Алашқа толық кірмейтін түркі тайпаларының одақтары қарған. Олар осы тайпаларға сіңісіп кеткен, не бүгінде жойылған немесе басқа Ру атауларына ие болған. Мысалы, Ақсақ Темірдің Есілге дейінгі жорықтарында оның Қаратаудан асып, Жұлдызға түскені айтылады. Бұл сірә, Жұлдыз хан жайлауы, не қыстауы болуы да мүмкін. Өйткені, бүгінгі тарихқа Жұлдыз деп аталатын не жер, не қала атауы, не су, не оның жұрты мәлім емес. Мен "Болат–Жанат" дастанынан алған үзіндіде ғана: "Өзінің аты – Халдаршаһ, Әкесі Жұлдыз хан еді", – деп Жұлдыз хан Халдар ханның әкесі ретінде аталады. Сонымен біздер **Айханнан** тараймыз;

23. Ай хан – 1260 ж. ();

24. Халдар хан – 1290 ж[**].. (Көк бөрі хан, Рашид хан, Шаһ Һидоят Садр-ад-дин Шашты Әзиз Туклас баба, бәрі осы кісіге сай келеді. Аңыздар бойынша бұл кісінің қабірі бүгінгі Түлкібас ауданында. Тіпті бұл жерді бұрын Түркібасы (Ордабасы деген секілді) деп атаған, Шаһ Һидоят Садр-ад-дин баба Туклас Шашты Әзиз дегенді маған бала шағымда әкеміздің бір мүриді (руы Қыпшақтың Шаштысы) – "Алла һидоятының патшасы, дін тірегі, Түркілер басшысы Шаштық (Ташкенттік) әулие" деп

түсіндіріп еді. Бұл кісіні Көк бөрі дейтіні бүгінгі көкпар осы заттан қалған екен);

25. Махмуд хан – 1320 ж;

26. Ибрагим хан – 1350 ж.

Барлық деректер Қазақ тарихын Керей мен Жәнібек хандардың Шу бойына қазақтанып, көшіп келіп қонғанынан бастайды. Бұлар қоныс аударған кезде алдымен "өзбек-қазақтар" деп аталды. Кейіннен Шайбани ұрпақтары бастап, негізгі өзбектер Орталық Азия шекарасынан Ақсақ Темір ұрпақтарын ығыстырып шыққан соң, шайбаниліктер өзбек атанып, көшпелі өзбек-қазақтар біржола қазақтанды. Ал, қалың ноғайлы Русь патшалығының ығыстыруымен тек Хақназар ханның тұсында қазақтанды. Олардың көш аударған орны Қарақалпақтар мен ноғайлы қазақ, ішінара оғыз-түркмендер жері еді. Тарихшылар зер салса сол заманда Ұлы Түркі тайпаларының үшке бөлінуін көрер еді. Ноғай ордасы – ноғайлар, қалалықтар мен отырықшы халық – өзбек, көшпелі бөлігі – қазақтар. Сол себепті де қазақ тарихын түбінен тану үшін аталған ұлт құраушы үш этносты түгел жеке дара қарап, зерттеу қажет, сонда ғана шындыққа қол жеткізе аламыз. Қытайлар ұлттық қалыптасу кезеңдерін белшесінен қан кеше жүріп жүргізген әулет хандарының тарихын ашық көрсетіп, көп сериялы фильм де шығарып отыр. Осы бірігуге қарсы тұрған жеке-дара ұлттардың бәрін орға құлатып, жер бетінен жойып жібергенін де ашық мойындайды. Орыс империясы да бейбіт түрде біріккен емес. Мәскеу князьдары Псковты, Тверді, әсіресе Новогородты қанға бояп біріктірді. Ноғайларды бірде салық төлеп, бірде одақтас тұтып, орайы келгенде Еділ-Жайықтың бойынан бездірді. Кавказға қашқандарды бала-шағасына дейін түйреп өлтірді. Ал, Қазақ хандығы мұндай қан кешуден аулақ, бейбіт түрде бір шаңырақ астына бас қосты. Жер дауы, жесір дауы болып жатса да үш жүздің бір-біріне қарсы қару алып соғысқан оқиғасын тарих білген емес.

Оғыз хандығының нағыз құлдыру кезеңі Үйсін Бәйдібек бидің заманында басталып, Ақсақ Темірдің билікке келер кезеңіне сай келеді. Бұл Оғыз хандығы құлдырап, Қорқыт баба кітабында айтылатынындай Ішкі Оғыздар мен Сыртқы Оғыздар соғысы мемлекеттілікті, бірлікті біржола жойып жіберген кезең болды. Қазіргі тарихшылар Бәйдібек (Бай-ду-бек) бабаны 1270-

1370 жылдар аралығында өмір сүрген деп дұрыс бағалауда. Біз осы заманнан бастап қалай есептесек те бүкіл Дулаттар, Албандар, Суандар бас-аяғы VII ғасырда бір кісінің кіндігінен тарап, осыншама үлкен халық болды дегенге ешкімді де сендіре алмаймыз. Оның үстіне Мұхаммед Хайдар Дулати Дулат руынан болсын-болмасын бірақ тегі осы ру арасынан шыққаны анық. Сол кісі өз еңбегінде қазақтар үшін Ұлы тұлға – Бәйдібек баба туралы бір ауыз сөз айтпайды. Неге? Оның орнына Әмір Темір иелігі мен  Моғолстанды билеуге араласқан Дулат тайпасының ірі өкілдерін жеке-жеке атап көрсетеді. Йаздидың кітабына сілтеме жасап, Дулаттардың Ақсақ Темір әскерінде де жетекші қызметтер атқарғанынан мәлімет береді. Бірақ Бәйдібек би жоқ. Мұхаммед Хайдар Дулати 1499 жылы туып, 1551 жылы күзде шахид болған делінеді. Егер Бәйдібек би бүкіл Дулаттардың түп атасы болса оның ізін ала өмір сүрген Ақсақ Темір туралы қоймай шежірелеген М.Х.Дулатидың өзіне дейінгі небәрі II-III ғасыр ғана бұрын өмір сүрген атасы туралы бір ауыз сөз айтпай кетуі мүмкін емес.

Демек, Бәйдібек би оғыздық заманда, Дулаттар, Ыстылар, Сарыүйсіндер, Ошақтылар, Шапыраштылар, Албандар мен Суандар кең байтақ Сарысу мен Қазығұрт арасын мекендеп тұрғанда түп атасы емес, олардың аса беделді бегі болған тұлға. Аталған рулардың бәрі осы кісінің атынан іс-қимылдар жасап, тамғасын пайдаланған. Кейін Ішкі Оғыздармен қақтығыс, одан қалды өсіп-өну, жаңа қоныстарға деген қажеттілік, басқа тайпаларды ығыстыру салдарынан Қашғарға қарай жайыла қонған.

Бәйдібек биге Домалақ ананы (Нүрила) қосу мен Сары бәйбішенің оған қиянаты туралы хикая да көкейге қонымсыз. Бұл сірә, тарихи оқиғадан гөрі саясаттың жемісі болса керек. Қорқыт баба кітабында айтылатынындай, Оғыздар қырғыны Аруз қожаның Бамсы Бейректі зұлымдықпен өлтіруінен басталады. Ішкі Оғыздар кек алуға бел буады. "Бектердің бегі Қазанның өзі бастаған қалың қол сыртқы Оғыздарға қарсы жорыққа аттанады. Аласапыран, қым-қиғаш шайқас басталады. Осы соғыста екі елдің арасына іріткі салған Аруз қожа өледі". Бұл Оғызнама желісінің соңғы баяндауының сөзі

Қантөгіске ұласқан қырғынды тоқтату оңай емес. Оның жарасын тек ғасырлар ғана жаза алады. Осындай тұста ел

бірлігін сақтап қалу үшін бабаларымыз ынтымақтың барлық әрекетін жасайды. Жасы егеде тартқан Бәйдібек биге 16 жасар, онда да тегі Қожа Ахмет Ясауи секілді ұлықтардың ұлығына тірелетін қожа қызын берудің бір себебі осында болуы мүмкін. Оның ұлының Жарықшақ атануы да, одан туған балаларына Дулат, Албан, Суан деп ат қоюы да ықтимал. Дулаттан тарайтын 4 атаның да оның осы тайпаны билеген балалары болуын да жоққа шығаруға болмайды. Дулаттарды өз көсемдерінің атымен – Сиқымның елі, Жаныстың елі, Ботпайдың елі, Шымырдың елі деп атау ежелден қалыптасқан дәстүрдің жалғасы. Осындай жағдай Бәйдібектің басқа ұрпақтарына да тән. Оған тағы бір дәлел, М.Х.Дулатида Дулаттармен қатар Ұлы жүздің бірқатар рулары туралы дерек бар, ал Бәйдібек бабадан тарайды делінетін рулардың бірде-бірі кездеспейді. Оған керісінше Сиқымнан тарайтын Ақ қойлы, Қара қойлы рулары бүгінгі Түркия тарихында өшпес із қалдырған. Еуропалық Албандар тарихы да ой елегінен өткізуге тұрады.

Екі Оғыз арасына іріткі түсіп, ту-талапай болуы, оларды біріктірудегі билеуші әулеттің дәрменсіздігі Ұлы далада жаңа қорғаушы, біріктіруші тұлғаға деген қажеттілік туғызды. Шараф ад-дин Йаздидың Зафар-намасы: “Атаңа нәлет ит өзбек” деп басталады. Бұл бүгінгі көрші жатқан аталас бауырларымыз емес, Алтын Орда жасақтары. Олар сол замандарда “өзбектер” деп аталған. Олар аңға шығудан жалықса жасақ жиып, иесіз жатқан Қаратау мен Алатаудың баурайын, Сыр бойын жайлаған көшпелі тайпаларға төтеннен қырғидай тиіп, малдарын тонап, өздерін тұтқындап айдап кететін болған. Тұтқындарды теңіз жағасындағы айлақтарда парсыларға сатып пайда көрген.

Осындай бір жорықтарында оларды аңдап қалған көшпелі тайпалар үдере көшіп, ұстатпай кетеді. Олжасыз қалған өзбектер Сыр бойын сағалап отырған қожалар ауылын шауып, 70 адамын тұтқындайды. Мұны естіген жас Ақсақ Темір елді Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетін, яғни қожаларды азат етуге шақырады. “Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетін малша олжалатып отыру арымызға дақ!” – деп үндейді. Өзіне ерген 40 нөкерімен өзбектердің ізіне түседі. Бұрын-соңды қуғын көрмей, бейқам жатқан өзбектерге төтеннен шабул жасап, қожаларды босатады. Сәтті жорықтан соң, көзі ілініп кеткенде, түсіне Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кіріп оған: “Сен менің 70 үйлі әулетімді азат еттің, Алланың

рахымымен сенің 70 әулетің патшалық мәртебеге көтерілді", – дейді. Ол түсін піріне айтады, пірі аққа жорып береді. Міне, осы оқиғадан соң-ақ Темір көзге ілініп, күн санап беделіне бедел қосыла береді. Бұл – Йаздидің баяндауы. Кім біледі, шындық шығар, қазіргі кейбір тарихшылардың есебі бойынша Әмір Темірдің 70 ұрпағы таққа отырыпты деп жүр, бірақ...

Біздің ауызша шежірелерде ата-бабаларымыздан екі кісі қажылықтан қайтып келе жатқанда бір топ түркмен жасақтары қарсы кездеседі. Түркмендер аққа оранған қажыларға бұрылып келіп, сәлем береді. Қажы бабаларымыз ат құйрығына байланған тұтқынды (мүмкін тұтқындарды) көріп, сауға сұрайды. Түркмен жасақтары түрлі сылтауларды және сауға тәртібін алға тартып, тұтқынды бермеуге тырысады. Бабаларымыз Алланың рахымы үшін тұтқынның жанын қиюды өтінеді. Түркмендер қажылықтың, Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетінің, діннің құрметіне тұтқынды босатады. Бұл тұтқын болашақ Әмір, сол кездегі атышулы қарақшы Ақсақ Темір екен. Кейін ол Ұлы әмірші болған кезінде біздің бабаларымызбен қайта кездеседі. Темірлан:

– Мен кіммін? – деп сұрайды. Оған:

– Сен ат құйрығына таңылған қарақшысың! – дейді.

– Ол бұрын солай болған. Қазір мен кіммін? – деп қайыра сұрайды. Сонда:

– Сен ат құйрығынан босатылған қарақшысың! – дейді.

– Қашанға дейін мені қарақшы көресіңдер! – дегенде, олар:

– Біздің басымыз орнында тұрғанда сені басқаша атай алмаймыз, – дейді. Осы сөзден кейін Әмір олардың екеуінің де басын алған екен.

Осыларға қарап ол – қолда бар деректерге сүйене отырып, осының алдында ғана даңқы әлемге тарап, ешбір халифаның, тіпті Ұлы Шыңғысханның шамасы жетпеген Византияның қамалын қиратып, бас шіркеуіне Ислам туын тіккен Оғыз тарихын келмеске жіберуші, Оғыз хан ұрпақтарын індетіп жүріп жоюшы, басқа ұрпақтың жадынан сызып тастаушы Темірлан болған деп айтуға келеді.

Ақсақ Темір Нақышбандия тариқатын ұстанған. Ендеше не үшін Қожа Ахмет Ясауи күмбезін қайта көтерді? Әулие ата жерінің төрінде тұрып, әулиелердің әулиесі, пірлердің пірі Қарахан баба кесенесіне неге назар салмады?

Бүгінде барша зерттеушілер Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қайта көтеріп, ірі діни орталыққа айналдырған Қарахандықтар әулеті екенін жақсы біледі. Әмір Темір сол күмбез үстіне күмбез тұрғызды, бетін жасырды. Егер діни сенімінің күштілігінен десек, Ясауия тариқатын әлемге паш еткен Сұлтан Баязидке соғыс ашып, оны Еуропаға қарсы Ұлы жорық алдында неге шахид етті? Бұл үшін Әмір Темірге түркілердің даңқты Ордасы Самарқандқа емес, Сұлтан Баязидті өлтіргені үшін Ватиканның, Тәуекел ханды өлтіріп, Алтын Орданы қиратқаны үшін Мәскеудің төрінен ескерткіш қоюға болады. Жоқ, бұл жерде оның жиһангерлігі діни мақсаттарда болды деу мүмкін емес.

Ұлы империя құруды көздеді дейтін болсақ, ол не Түркияда, не Алтын Ордада тұрақтап қалған жоқ. Тіпті билеуші етіп балаларына да бермеді. Қиратты, жойды, кетті. Мен бұл жерде ұлы ғалым, философ Қожа Насреддин Туси есекке теңеген Ақсақ Темірді даттап, оған үкім шығарғалы отырғаным жоқ. Ол да Алланың құлы. Тағдырына жазылған амалдарын атқарған ұлық пенделердің бірі. Олардың өз жолдары, ұстанымдары бар. Бірақ амалдарына қарап, оның Орталық Азияны өз ұрпағына, олардың билігіне қарсы тұратын қауіптің бәрінен тазартып кетуге тырысқанын аңғару қиын емес. Сол қауіптің бірі еркіндік сүйгіш көшпелі тайпалардың өткен тарихы еді. Сол үшін ол Оғыз тайпаларын ту-талапай бөлшектеп, бір-біріне үйлеспестей етті. Ата-бабаларының сәйідтік тарихын Алан Көрік анадан бастатып Құл Қожа Ахмет Ясауидің кесенесіне дейін жазғызды. Бірақ оған тағдыр бұйырмады, оның ұрпақтарының соры Шайбанилерден келді. Ұрпақтары ол ойламаған Үнді жеріне барып, пана тапты. Өйткені, бұл дүниеде бәрі өткінші. Басталғанның бітуі шарт. Бұдан әрі біздің әулет төмендегіше жалғасады:

27. ШаҺиф хан – 1380 ж.;
28. Яхия қожа хан – 1410 ж. (Сауран);
29. . Исмайыл хан – 1440 ж. (Сауран);
30. Ысқақ хан – 1470 ж. (Сауран);
31. Баба хан – 1500 ж. (Сауран);
32. Қожа Юсуб хан – 1530 ж. (Сауран);
33. Салих хан – 1560 ж. (Сауран).

Бұдан кейінгі кісілердің аттарына хан және қожа тіркестері қоса жалғанады. Бұл аталған әулеттің шынайы биліктен, ірі

иеліктен біртіндеп айырыла бастағанын көрсетеді. Мен осы кісілердің нақты билік иесі болғанына да күмәнмен қарар едім. Бірақ олардың Сауранға иелігі сақталып қалғаны анық. Мысалы:

34. Шайим хан – 1590 ж. (Сауран). Бұл кісінің тұсында Қарахан әулеті Қоңыраттар мен Ұлы жүз тайпаларының, әсіресе Дулаттардың қолдауымен Шыңғысхан әулетіне қарсы ұдайы күрес жүргізіп келген. Бұл араздықты аз да болса тоқтатып, 3 ұлыстың басын бір шаңырақта қосқан Әз-Тәуке хан болды (1680–1718 жж.). Ол өте ірі саясаткер ретінде Алты Алаштан құралған көшпелі тайпаларды Қазақ атты біртұтас ұлттық құрылымға, мемлекеттілікке біріктіре алды. Қазақтың ұлтшыл азаматтарының бірегейі **Тарақты Ақселеу бұл туралы: "Көшпелілер тарихы" деген кітабында "Әйгілі "Алты алаш" сөзі Тәуке ханның тұсында мемлекеттің ішкі құрылымына байланысты айтылған. Атап айтқанда: 1). Ұлы жүз (Төле би); 2). Орта жүз (Қазыбек би); 3). Кіші жүз (Әйтеке би); 4). Қырғыз (Қоқым би); 5). Қарақалпақ (Сасық би); 6). Қият, Қатаған, Жүз сияқты рулар".**

Құрылтай Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан Бадам ауылының іргесіндегі тарихта "Ордабасы" деген атпен қалған қырда өтті. Оған барлық қазақы тұрмыс кешкен тайпалар мен ру басылары, соның ішінде қожалардың да ірі өкілдері қатысты. Осы жерде биліктен әлі де болса үміттері үзілмеген қожалар "Ұлы бабалары Шыңғысхан берген билікті ұрпақтарына (төрелерге) қайтып берді". Билердің ішіндегі жас жағынан ең кішісі Төле би – Ұлы жүздің атынан жер мен су, ұлт пен ұлыс иесі ретінде "Төбе би", Керей мен Жәнібек хандарға қосылып, қазақы тұрмысқа ауысқан көшпелі өзбектер атынан Қазыбек би – "Орта би", ең соңынан, Хақназар хан тұсында келіп қосылған Ноғайлылар атынан Әйтеке би "Кіші би" атанды. Әз-Тәуке ұсынған "Жеті жарғы" талаптарына сай қожаларға төрелермен бірдей құқықтар берілді. Ұлы жүздің ханы – Қазақ Ордасы ханы, ол биліктен өз еркімен бас тартса, не "ханталапайға" түсіп орнынан алынса, өлсе, басқа да жағдайлармен қызметін тоқтатса оның орнын Орта жүз ханы отырып, Орта жүзге Хан төре тұқымынан шыққан сұлтандардан сайланатын болды. Ноғайлы хандары Кіші жүздегі хандықтарын сақтап қалды. Олардың хандығы әкеден балаға мирас етіледі. Кіші жүз ханының Орта жүзге де, Ұлы жүзге де хан болу мүмкіндігі толық шектелді. Үш

жүздің шекаралары, көші-қон аймақтары анықталып, әр жүздің рулары топтастырылды. Барлық сыртқы Оғыз тайпалары Ұлы жүзді құрады. Ішкі Оғыз Қоңыраттар мен Мұнраттардың аз тобы, Маңғыттар (маңғытай) Найман, Қыпшақ, Арғын, Керей, Уақ секілді көшпелі өзбектердің ірі тайпаларына қосылып, Орта жүзге кірді. Бұл кезде Ішкі Оғыз тайпаларының басым бөлігі (әсіресе Мунраттар, Маңғыттар, жүздер, Барластар, Қырықтар толыққа тән) өзбектеніп, қарақалпақтанып, Қоңыраттар тіпті Хиуа хандығын қолдарына алып үлгерген болатын. Қазақ ішіндегі Түркмен, Қарақалпақ, Рамадан, Керейіттер (түбі Керей) Кіші жүзге қосылды.

Қазіргі зерттеушілер Орта жүздің ішінде қалып қойған бір ата Дулаттар – Орта жүзге, Арғын баласы Қаракесектердің бір бөлігі Кіші жүзге сіңіп кеткенін жиі жазып жүр. Қазақтан тұңғыш рет аға сұлтан сайланған Тобықты Құнанбайдың да түбін Ұлы жүзге – Ыстыларға әкеп тіреушілер де бар. Мұның өзі үш жүзге бөлуде рулардың шекаралық орналасу тәртібінің үлкен мәні болғанын көрсетеді. Әр жүзде аға баласы, ноқта ағасы белгіленіп, міндеттері айқындалды. Көшпелі тайпалардың бірігуінен пайда болған жаңа Қазақ Хандығы шын мәнінде оғыздық үлгіде құрылған, барлық бектер мен бектіктердің, рулар мен тайпалардың құқықтары қорғалған, көшпелі тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері толық сақталған мемлекет болды. Тіпті "Ханталапай" дәстүрі мен оның тәртіп-талаптары да сақталды.

Сырттан келіп қосылып, рулар ішінен орнын таппаған, өз тайпасынан бөлініп шыққан, шеттетілген шағын рулар мен жеке адамдарға Төре, Қожа әулеттерін сағалау құқығы берілді. Осыдан келіп: "Төреде төлеңгіт, қожада ..." деген мақал пайда болды. Басқа руға қосылғандар "кірме" атанса, ақсүйектер ауылын паналағандардың тіпті ұсақ қылмыстарына дейін кешірілді. Бүгінде "төленгіттер" өздерін төреге қатар қойғысы келсе, екінші бөлігі өздеріне "қожа" шежіресін жасап та алды.

Мен бұл арқылы бір рудың бір рудан жоғары, төмендігін дәлелдейін деп отырған жоқпын. Әз-Тәукенің әзіз-әулиелігінің өзі осы теңсіздікті жою мен руаралық қатынастарды қамтамасыз етуінде болды. Алайда, Әз-Тәукеден соң бұл келісім кей жағдайда сақталмай да қалды. Ұлы жүз тайпалары төрелер билігін сөз жүзінде мойындаса да іс жүзінде тәуелсіз саясат

жүргізді. Ірі рубасылары билік пен шешімді тікелей өз қолдарына алды. Тарақты Ақселеу оның себебін "Көшпелілер тарихы" деген кітабында: "Тәуке хан дүние салған соң Болат хан (1718-1726 жж.) таққа отырды. Бұл Тәуке ханның бел баласы еді. "Жақсыдан жаман туар – бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар – адам айтса нанғысыз" дегендей, ханның аты "Болат" болғанымен, заты болжыр болды. Дәл осы Болат ханның тұсында орталық хандық билік әлсіреп, әр жүздің өз ханы дербес билікті күйттеген жаман дәстүр бел алды" деп көрсетеді.

Шындығында да, Болат хан әкесіндей көреген саясаткер болмаған да шығар. Бірақ басты мәселе онда емес, Ұлы жүз тайпаларының төрелер билігін мойындамауында болды. Егер тарихқа тура қарасақ Қалмақтар Ұлы жүзді соғыссыз алды десе де болады. Оған Төле бидің Қалмақ ханының Ташкент қаласындағы әмірі болып тағайындалуын мысал етсек те жетіп жатыр. Нағыз қақтығыс, соғыс Жоңғар-қалмақтар Орта жүз, Кіші жүз жеріне басып кіргенде басталды. "Ақтабан шұбырынды" оқиғасы барша қазақтың намысын жаншып, Ұлы жүз тайпаларының да өре көтерілуіне себеп болды.

Әкеміз әулеттің хандық құрған заманын айтуға әуес емес еді. Бұл заман Қарахандық қожалар үшін қасіретті заман. Менің азды-көпті мемлекеттік қызметіме ешбір туыстарым араласқан емес. Өтепхан ағам қызығып, кейбір мәселені сұрап отыратын. Сосын ата-бабаларымыздың өткен тарихындағы билік үшін күрестегі хикаяларын да баяндап беретін. Біздің әкеміздің алғаш каторгаға айдалуына діндарлығы себеп болмаған. Бар кінасы ұлтын өзбек деп паспортына жазғызбағаны және болыстың інісі болғандығы ғана (әкеміздің немере ағасы Абдолла (Сары ишан) атамыз жас кезінен Жамбай болыстығының болысы болыпты. Оның әкесі Орал ишан да болыс болған. (Орал атамыздың сүйегі Шиелідегі "Дәуіт мазарында" жерлеген). Әкеміз сол кеткеннен 3 жыл каторгада Зарафшан алтын кенішін қазған дейтін. Содан соң ол кісілер мемлекеттік қызметтен біржолата алыс жүрген. Дәреже үшін арын сатпаған. Өтепхан аға осыны айтып отырып:

– Сен сондай болуың керек, сен Қайым ишанның баласысың! – деп құлағыма құя түсетін.

Зәйін ағам асықпай отырып, хәкім Лұқпанның хикаясын айтып берген. Сірә, мен көп сөйлейтін болсам керек. Хәкім

Лұқпанды патша бас уәзір болуға көп үгіттейді. Ол көнбей қояды. Ұлы өскен соң патша ұлын айналдырады. Ұлы келісімін береді. Тек әкесінен рұқсат алу қажеттілігін айтады. Хәкім Лұқпан баласының бет алысын көріп, бір шартын орындап жүрсе келісім беретінін айтады. Баласы "мақұл" дейді. Әкесінің шарты бойынша күн сайын жұмысқа аузын бекітіп кетіп, келген соң күні бойы болған нәрсені, айтқан сөзін толық баяндап беріп, содан кейін ғана аузын ашуға келіседі. Бірінші күні оқиғаны баяндап отырғанда күн шығып кетіп, оразасын бұзбастан жұмысына кетеді. Екінші, үшінші күндері де солай болады. Төртінші күні келе сала ауқаттануға кіріседі. Әкесі:

– Балам шартты бұздың ғой, – дейді. Сонда баласы:

– Бүгін аузымды ашып, бір ауыз да сөз айтқаным жоқ, – дейді. Сонда әкесі:

– Мемлекеттік қызметті енді түсіндің, – деп батасын беріпті. Зәйін аға:

– Басқа бәле тілден, болмаса жұмыстың жақсы-жаманы жоқ қой. Үлкен жердің күндестігі де үлкен, бәле мен жаласы да үлкен болады, абайла шырағым. Біздің ата-бабаларымыздың да қасіреті хандық болыпты, – деді. Бірақ тіліме ие бола алмай-ақ келемін. Соның жарқын көріністерінің бірі – осы кітап!

35. Молла Ибрагим қожа әзиз – 1620 ж. (сүйегі Сауранда делінеді). Әкеміз бізге де, туыс ағаларымызға да осы кісіге дейінгі Шежірені жазып беріп, жаттатып кеткен. Сол деректерде (әсіресе Мүсірепхан, Зәйін ағалар қайталап көп айтатын) Хан қожа бұл кісінің Қара ишаннан тарайтын немересі. Жоғарыда бірнеше рет қайталап айтқандай, біздер естіген аңыздар бойынша Молла Ибрагим қожа әзиз бабамыз ұзақ өмір сүрген. Әулет ішінде Сауран қаласының үстінде жалғыз ұшып, қалықтап жүрген қаршығаны да осы кісіден қалған құс деседі. Молла Ибрагим біздің тек Ұлы бабамыз ғана емес, қияметке дейінгі Піріміз! Ол кісі кереметтердің кереметінің атасы. Сауранның тірегі. Оның ұлы:

36. Қара ишан әзиз – 1650 ж. (сүйегі – Сауранда). Ол кісі өмірден жастай өткен. Балалары да тым жас болады. Әйелі: "Енді қайттім, балаларды қалай өсірем, жау шапса күніміз не болады! деп зарлап жылаудан көз ашпайды. Қара ишан әзиз өлерінде: "Балаларға несіп – Алладан, жау шапса "Жау шапты! Жау шапты! Жау шапты!" деп менің моламды үш рет айналып

өт, мен моладан шығып, жауды өзім қайтарам” деп өсиет еткен осы зат.

Осы кісі балаларына: “Уа, күлдерің күлдеріңе қосылмағырлар-ай!” деп налиды. Ғайып болып бара жатқан әкесінен бір ұлы: “Неше атаға дейін?” дегенде, әкесі: “**Не жеті, не тоғыз ұрпаққа дейін. Келген ұрпағымның босағасы – болаттан, керегесі – күмістен, шаңырағы алтыннан болады!**” деген күйі молаға кіріп жоқ болады.

37. **Хан қожа әзиз** – 1680 ж. Тәліп ишан Ақмешітке ауған Аққожа ишан бабамызды Хан қожа ишан бабамыздың бір туған бауыры дейді. Мүсірепхан аға оны Қара қожа ишанмен бір туған Хан қожа әзиздің ұлы дейтін.

38. **Қара қожа әзиз** – 1710 ж. Ол кісі Сауреннан су тартқызып, Самарқандқа қоныстанған біздің ең ұлы бабамыз. Сол жердің әмірлері оларға Самарқанд уәлаятының ең шұрайлы аймағы, бүгінгі Жамбай ауданы аумағынан ойып тұрып жер береді. Ол жер Кеңес Үкіметіне дейін Қожа қышлақ деп аталған. Бұл кісінің де үш ұлы болады. Үшеуі бірігіп егін салады. Егіндері бітік шығып, үш бөлік етіп үйіп қояды. Кезектесіп күзетке алады. Алдымен қарауылдыққа үлкені түседі. Ол:

– Мен болсам үйлендім, құдайға шүкір, бала-шағам бар. Жағдайым да жаман емес. Кіші інім болса жас. Оған өз несібесі де жетеді. Ортаншымыз енді үйленейін деп жүр. Үй болу оңай емес, қаражат керек. Қой, мен оған өз несібімнен қосып берейін, – деп өз үлесінен інісінің үлесіне шелектеп бидай қосады.

Келесі күні ортаншы ұл кезекке түседі. Ол:

– Үлкен ағам үйлі-жайлы, мен де үйленгелі тұрмын. Кішіміз болса әлі жас. Қыдырғысы, киінгісі келеді. Маған әзірге аз дүние де жетіп жатыр. Кішіініме сеп болсын, – деп өз үлесінен кіші інісіне қосады.

Үшінші түні кенжелері кезекке шығады. Ол:

– Маған мұншама мол азықтың керегі қанша. Жалғыз басыма не жетпей жатыр осы! Тете ағам енді аяқтанады, оған әзірге өз несібесі де жетеді. Үлкен ағамның шиеттей бала-шағасы бар. Бауырларыма кеусен болсын, – деп өз үлесінен үлкен ағасына бидай тасып шығады.

Осындай әрекеттермен олар қырман көтеріліп, бидай кепкенше әуре болады.

Мұны көріп, олардың ақ ниеттеріне Қызыр (ғ.с.) батасын беріпті, – деп Орал атамыздың ұлы Абдолла ишаннан(Сары ишан) қалған жалғыз тұяқ Жалал ағам бұрынғы қырман орны болған үш төбені көрсетіп еді. Осыдан соң олардың өздері де, ұрпақтары да еш таршылық көрмепті. Ол кісінің бір ұлы біздің бабамыз Абзалхан ишан.

39.**Абзалхан ишан** – 1740 ж. Бұл кісі туралы білгенім, естігенім жоқ еді. Қабірі қайда екенінен де хабарсыз болатынмын. Махмуд ишан Шежіресінде бұл кісі тіпті де зор дәріптеледі. Оны: "Құтыбтардың – Құтыбы, ақиқаттың – айнасы, Пірлердің – Пірі, Дін мұсылманның жарық жұлдызы!", – дейді. Қабірі Самарқандтағы Әулие Қарахан мазаратында. Қай тұста екені бір Аллаға аян. Шежіреде ол жағы сөз болмайды. Оның ұлы Әулие Қарахан.

40.**Әулие Қарахан** – 1770 ж. (Оның үш ұлы болады – Төрехан, Оралхан, Мұсахан /Бурахан/)Сүйегі Самарқандтан 20 шақырымдық жердегі Қожақышлақта жатыр. Бұл кісі Тәліп ишанның айтуынша бесінші Әулие Қарахан екен. Бұл кісіден бір деректер төрт ұл таратып, Бураханды жеке ұрпақ ретінде де айтады. Бізге жеткен деректер бойынша оның біз аттарын атаған үш ұлы жауынгер, өжет, ержүрек болып өседі. Қайда соғыс, саятшылық болса ат басын солай бұрып, көбіне сыртта жүреді екен. Егер олар бірігіп Самарқанд базарына шыға қалса, болмашы нәрсе үшін бүкіл базарды топалаң ететін болыпты. Олардан сескенген саудагерлер заттарын тастай қашатын көрінеді. Осындайда зәбір көрген бір мұңлық 30 күн оразасында күні-түні бір тынбай: "Әй, молаң молаңа қосылмағыр Әулие Қараханның ұлдары-ай!" деп зарлаумен болады. Алла осы мұңлықтың зарын қабыл етсе керек, Төрехан бабамыз әкесінің іргесіне жерленеді. Аралхан (Оралхан болуы да мүмкін) сол зираттың сол жақ етегіне қойылады. Кейін жер сілкінгенде зират қақ бөлініп, арасына өзек түсіп кетеді. Өзек бойын ары-бері өткен жұрт жолға айналдырады. Мұсахан (Бурахан) көрші болыстықтағы "Каренет" деген жерге көшіп барып, сонда топырақ бұйырады. Бұлардың үшеуінен де Қызылордада ұрпақ бар, Төрехан әулеті – "Дәуіт" мазаратында, Аралхан әулеті – "Байсын" қабірістанында, Мұсахан әулеті "Оқшы ата" зиратында жерленген. Олардың қабірі бөлек болса да бірліктері, бауырмалдықтары бұзылмаған.

41. Төрехан – 1800 ж. (Мәлімет аз)

42. Тайыр қалпе – 1830 ж. Үш ұлы болған екен: Есібек (ұрпақ қалмаған), Орал, Әбдімомын. Бұл кісілердің бәрі Ясауия тариқатында болған. Соның ішіндегі ең соңғы ұлы Пір Әулие Қарахан бабамыз болса, Хулафасы Тайыр бабамыз. Біздің білетініміз, бұл кісінің алдына кіру үшін керуен-керуен қонақтар жылдап кезек күткен делінеді. Ал одан тарайтын үш ұл ішінде атамыз Әбдімомін тым жуас, момын кісі екен. Дүние ісіне араласпай, өзімен-өзі болып өмір сүріпті. Әжеміз Мектеп деген кісі пысықтығымен, ісімерлігімен танылыпты. Әжеміз жас кезінде бала үстінде қайтыс болыпты дейді. Атамыз да, әкеміз де Орал атаның қазан-ошағына қарап қалады. Сіңірі шыққан кедей болып, ауыр тауқыметпен күн кешеді. Орал атамыз да, оның ұлы Абдолла атамыз да Кеңес дәуіріне дейін, патшалық заманда өз өңірінде болыс болыпты.

43. Әбдімомын – 1860 ж.

44. Әбдіқайым – 1896 ж. – 1967 ж.

45. Біздер төртеуміз – Хамидолла (1950 ж.), Мақсұт (Мұхаммед) (1956 ж.), Орынбайқожа (1957 ж.) және Әбдікәрім (1960 ж.).

Мен барша туыстарымнан мысалға өз әулетімнің тізімін ғана алғаныма тағы да кешірім өтінемін. Бұл бар болғаны мысал, иә, мысал ғана. Мысалы, бір әулеттің ғасырлары осылай сыр шертеді.

*БЕСІНШІ ТАРАУ*

# АШЫҚ КҮНДЕ АДАСПАЙЫҚ!

*Мұхаммедилер бес қат Аспан іліміне көтеріледі.*

**Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисі.**

Түркі тайпалары тарихындағы жоғалған ғасырлар, немесе З.Жандарбековтың "Насаб-нама нұсқалары мен «Түркі тарихы» деген кітабы туралы аз-кем ой қозғағанды жөн көріп отырмын.

Сөз басын мына өлең жолдарын тілге тиек ете отырып әңгімемізді одан ары өрбіткім келіп отыр:

Ырыс болып қазаққа Қожа келген,
Дұрыс болмас сөзді де соза берген.
"Елім, жерім – Төреге", – деген қазақ,
"Тәнім, жаным, иманым – Қожа!" –

деген.

Бұл өлең жолдарының авторы ұлтжанды, рухы еркін, өр көкірегін ешкімге таптатпайтын, Қорқыт баба кітабындағы Әзірейіл (ғ.с.) жекпе-жекке шақыратын Домрул тектес жігіт. Ныспысы – Абдолла Бақбергенұлы. Мен Таразға келіп, мемлекттік қызметке араласа бастағанда облыс орталығындағы "Алаш" партиясындағы аса беделді азаматтардың бірі екен. Біз бір жолдың екі бетінде тұрсақ та тез тіл табысып кеттік. Мүмкін оған ана тілімізге деген махаббатымыз бен ниет-тілегіміздің ортақтығы себеп болған шығар, бірігіп көп шаруаларды атқардық. Айтулы мерекелерде аймақ ақындарын бір ортаға жинап, ашық аспан астында мүшайралар ұйымдастырдық. Бірте-бірте бізге орыстілді ақындар да жақындай бастады. Мұндай іс-шаралар қалалық тіл басқармасы жабылғанға дейін жүріп жатты.

Қазақ болған соң ру сұраспай, жөн сұраспай тұра алмайсың, сондайда Алматыдан келіп жұмыс істеп жүрген, өнерге бір табан жақын бір жігіт:

– Бұрынғы қожалар таза "кожа" болса, бүгінде "кожазаменительдер" де көбейіп кетті ғой. Сіз солардың қайсысына жатасыз? – деп төбеден ұрғандай қойып қалды (менімен әзілдесер жөні бар еді).

Сонда Абдолла Бақбергенұлы ақ алмастай жарқ ете қалып:

– “Ей! Сен! Тыңда! – деп осы өлеңін оқыды. Артынан оның шығу тарихын айтып берді. – Қазір ғой, қазақтың орысқа еріп, адам сыйлау қасиетінен айрылғаны. Әкесі баласымен арақ ішіп, темекі тартып, карта ойнап отырады. “Қой” дейтін қожасы, “ай” дейтін ажасы жоқ. Бұрын бір ауылда бір қожа болмаса қадірі қалмайтын. “Сол да ауыл ма, қожасы жоқ ел – ел ме” деп отырушы еді үлкендер. Ауылда ірілі-ұсақты той-томалақ, өлім-жітім болса, “қожаға бардыңдар ма, қожадан сұрадыңдар ма?” десіп жататын. Біздің қожаны ауылдағы Жаңабай сопы, менің әкем Жұмабек палуан секілді абыройлы ақсақалдар кезекпен алып жүретін. Біздің ауылдың қожасы атақты Қарақожаның ұрпағы Сейдуәлі қожа болатын. Аса тақуа, мүмін, бірізді кісі еді. Баласы Сейдахмет ауылдық кеңесте хатшы болып жүріп, өз қатарындағы жігіттердің бірімен ілінісіп қалады. Кінәлі өзі, әрине. Содан шарт-пұрт болып, ақырында қожамыздың баласының беті көгеріп, дақ түсіріп алады. Баласының түрін көріп, оқиғаның мәніне қаныққан Сейдуәлі қожа: “Енді бізде елге қарайтын бет қалмапты” деп, түн қатып көшіп кетеді. Сонда әкеміз Жұмабек Сейдуәлі қожаның көшіп барған жерін тауып алып, бір апта қасынан шықпай, елге қайтарып әкелген екен. Бұл өлең жолдарының шығуына осы оқиға себеп болып еді. Қазір ол кісілер, ондай оқиғалар, ондай дәстүр қайда, шіркін!

Кейіннен осындай әңгімені менің досым, сол ауылдың жігіті, ақын Болат Бегжанов та айтты. Иманы берік болып, ақыретте Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шапағатына бөленсін, оның анасы қайтыс болғанда мен бара алмай көшеде көңіл айттым. Ол ренжісе де сыр бермей: “Ауылдың қожасы сүйегіне ие болды, құдайға шүкір”, – деді.

Оның қарамағында бір ақын жігіт жұмыс істейтін. Мен: “Уахабилерге қосылып кеткен жоқ па осы?” деп сөз арасында соны сұрадым. “Жоқ! – деді ол. – Мен оған айттым – “қазақ қожасымен мұсылман” деп. Ата-бабаларымыз сол қожалардың етегінен ұстап жүріп-ақ мұсылман болған. Бүгінгі білгіштер діншіл болса, кеше қайда қалған? Қанында жоқтың соңына еріп абырой таппайсың дедім”. Ол бұдан әрі анасын жөнелткендегі ауыл қожасының еңбегін айтып, Абдолла Бақбергенұлының сөзін өзінше қайталап, біраз күліп, жадырап қалдық.

Қазақтың қасиетті абызы Бұқар жырау да:

Он екі айда жаз келер,
Құс алдында қаз келер,
Айтып айтпай немене,
Заманыңыз аз келер.
Ата-бабаң қол берген,
Қожаларды қас көрер,
Ноғайларды ғалым деп,
Әулиедей көрерсің.
Ноғайлардың бойлары болар сазандай,
Сәлдесі болар қазандай,
Ақыретке барғанда
Ақсүйекті қор тұтқан,
Ноғайларды пір тұтқан,
Тартарсың сонда жазаңды-ай!-

дейді.

Бала күнімде өрістен қайтпаған бөрте тоқал шыбышымызды бұта-бұтаны, қора-қораны аралап таппай қойдым. Ауылдың арғы шетінде ешкі ұстайтын бір үй болатын. Солардың малын қарау үшін адам жүре бермейтін екі қауындықтың ортасындағы соқпаққа түсіп, бүйірдегі майтопырағы бұрқылдап жатқан қуыс көшеден қара жолға шыққанымда бір топ ақсақал аталардың келе жатқанын көріп, жолдарын кеспей күтіп тұрдым. Мен сол кезде бірінші сыныпты бітірген, сегіздегі бала едім. Ақсақалдарды бастап келе жатқан “Ақ күріштің атасы” атанған Ыбырай Жақаев екен. Даңқты дала академигі Ыбырай ақсақал жол жиегінде іркіліп тұрып қалған маған қайрылып келіп өзі қолымды алды.

–Кімнің баласысың? – деп сұрады жұмсақ дауыспен, көзін сығырайта қарап. Біз ондайда әкеміздің атын атап жатпайтынбыз, сабаққа дайындалып келген оқушыдай, бірден:

–Қожаның баласымын!–деп тақ ете қалдым. Атеизмнің от болып лаулап жанып жатқан заманы ғой, Ыбырай Жақаев:

–Оу, тақсырымыздың баласы екенсің ғой, жарықтық. Өт, өте бер балам, “қожаның жетпістегісі де бір, жетідегісі де бір” деген! – деп мені өз қолымен жетектеп жолдан өткізіп жіберді.

Даңқы жер жаратын ата бастап бара жатқан ақсақалдардың соңынан қарап тұрдым. Олар менің әкем туралы айтып бара жатыр еді.

Кейін білсем, Ыбырай ақсақал көзі тірісінде біздің әкемізбен бетпе-бет кездеспеген, дастархандас болмаған, жүздеспеген адам екен. Ол кісінің әкемді білмесе де “қожа” дегенді естігеннен “тақсырымыздың баласы екенсің ғой” деп құрмет көрсетуі – ата дәстүрге беріктігін ғана аңғартып тұр.

Біздің үй әкеміз қайтыс болғаннан кейін, 1967 жылы Шиелі қыстағынан іргедегі “Қызылту” колхозына көшіп барды. Сөйтіп, бір ауылда екі қожаның үйі болдық. Екіншісін ел “Аспанкөз қожа” дейтін. Біздің анамызды – бибі, біздерді – қожаның балалары, ал әкеміздің мүридтері біздерді “мақсымдар” дейтін.

Сырттан көшіп келгендерге бойындағы белгілеріне сай жанама ат қоюға ауыл адамдары шебер-ақ қой. Сол бір ауыз сөзге адамның бүкіл болмысы, мінезі, тарихы сиып-ақ тұрады! Сондай тотияйындай ойып түсетін лақап аттарға шыдамай кейін қайта көшіп кеткендер де болды. Ал бізді қызылтулықтар жатсынбай, бірден қабылдады. Дәл солай, Ұлы Тараз да мені бірден қабылдап, ел ішіне етене сіңісіп кеттім. Бұл менің еңбегім емес, елдің әлі де болса Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетіне деген құрметі еді.

Сондай оң пейілдердің бір көрінісін айта кетейін. Бірде Жамбыл облысы үшін үлкен абыройға жеткен, ел басқарып жүрген ағаларымыздың біріне дастархан жаюдың, құрмет көрсетудің сәті түсті. Анамыз “жақсымен жүрсең – жетерсің мұратқа, жаманмен жүрсең – қаларсың ұятқа” дегенді айтып отырушы еді. Құрметті қонағым өз заманында Алланың берекесі қонған, еңбегімен, адамгершілігімен, имандылығымен ел құрметіне бөленіп, Қызыр дарыған адам болатын. Біз қолдан келгенінше қызмет еттік. Арнап сойылған малдың басы тартылғанда ол кісі менің әйелім Сәулені де шақыртып, бастың оң көзін ұсынды.

– Келін шырағым, көзді інімнің басқан ізін қарап, аңдып отырсын деп емес, оң көзімен қарап, қамқор болсын деп беріп отырмын. Ер-азамат әйелінің қамқорлығына зәру болады, – деді байыппен, аз сөзге көп мағына сыйдырып. Сол жерде біреу менің Қожа екенімді, әйелімнің өздеріне туыс Үйсін екенін айтып қалды. Сонда әлігі ағамыз: – Қожаның қай-қайсымызға да бөтендігі жоқ, оларға біз бір туған бауырымыздан да артық қарауымыз керек, – деді. Тоқетері айтылып, осымен бар сөз бітті.

Қожалардың тарихын зерттеуде, олардың қазақ тарихындағы орнын көрсетуде З.Жандарбеков өте үлкен жұмыс атқарып жүргенін тағы қайталап айтқым келеді. Маған ұнасын-ұнамасын оның пікірлері мен зерттеулерін аттап өту мен үшін тіпті мүмкін емес.

***«Никогда не было ни одного серьезного шага в деле усовешенствование человеческого общества без того, чтобы главная причина этого усовершенствования не была бы ВЕРА. И поэтому всякое учение, не основанное на ВЕРЕ, всегда было и будет бессильно улучшить общественный строй. Ему может быть удается создать прекрасные формы, но этим формам будет вечно недоставать той искры, которую Промотей похитил с неба»*** – деген Модзини**.**

Қожалардың әкелгені осы – ДІН, СЕНІМ, ИМАН, ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН! Құран туралы неміс халқының ұлы ойшылы, бүкіл әлем талантына бас иген Гете: "Құран үйреткен негіздерде ешбір кемшілік жоқ. Адамгершіліктің бүкіл қағидаларын Құраннан артық дамытуға, ілгерілетуге болмайды" деп жазады. Бұл жат діннің арам ниеті мен ақшаға сатылған Климович деген екіжүзді ғалымсымақтың емес, Ұлы тұлғаның сөзі. Алланың соңғы кітабы Құран Кәрім – Ғылымхат деп аталады. Оны санасында саңылауы жоқ, түйсіксіздердің түсінуі, ұғынуы, ал сәл парасаты мен пайымы бар адамның ұғынбауы, түсінбеуі мүмкін емес. Ислам барша адамзат баласы үшін барынша жеңілдетілген дін.

Менің ұстаздарымның бірі - Құрбанәлі Ахметов: "Дінді алға жетелеуші діндарлар мен діни қызметкерлері емес, мемлекет басқарушы патшалар мен әмірлер" деп қайталаудан жалыққан емес. Әкеміздің де өзіне түрмені үй қылып берген Сталинді айыптап, лағнет айтқанын естіген емеспіз. Ол өз заманын "Аллаһтан болған нәубет" дейді екен. Енді "білімпаз" болып алдық қой. "Бақара" сүресінің 155-аятында Алла сұбыханаллаһ: "Шынында да Біз сендерді қорқытумен және аштықпен, тағы да малдарыңды, һәм жандарыңды және диқаншылық өнімдеріңді кеміту арқылы сынаймыз. (Ей, Мұхаммед ғ.с.) ал (сондай оқиғаларда) сабыр етушілерге (истидраж айтушыларға) қуанышты хабар жеткіземіз" деп өкім берген. Осы аят туралы Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз: "Кім (басына) мүсибат түскен кезінде истидраж айтса, Алла оның мүсибатын жеңілдетеді және қайғы-қасіретінің артын қайырлы етеді. Тағы да оның

артындағыларды, оны риза ететін салихтардың жолына салады" деп, шырақты өшіріп болған соң: "Ол (истидраж деген) – Инна лиллиһи уә инна илайхи ражиун" деген екен. Одан (с.ғ.с.) сахабалар: "Мүсибат деген не?" деп сұрағандарында: "Момынды қайғы-қасіретке салатын жағдайдың барлығы мүсибат саналады" депті. Бұл сондай бір мүсибат еді.

Осы мүсибат арқылы мұнафықтар дінінен безсе, имандылардың діні шыңдалды. Коммунистер Исламды түбірімен құртып жібере алмады, тек жалған мұсылмандардан тазартып, олардың бет-перделерін жұлып тастады. **Осы тұрғыдан алғанда біздің түпкі бабаларымыз Алланың қалаған пенделерінен болды! Біз дінімізді де, тегімізді де туралап келген мүсибаттың қайғы-қасіретіне қарамастан сақтап қалған әулеттің бірі болдық.** Мен осы шежірені жазу барысында соңғы Қызыл коммунизм мен атеизм дәуірінде біздің Қарахан әулетінен ерекше дәрежедегі бір ұрпақтың болмағанына налып та қалған едім. Басқасын былай қойғанда біз тарайтын "Тайыр халпе бабамыздың ауласында жердің түкпір-түкпірінен келген мүридтер бабамыздың қабылдауын күтіп айлап, апталап жататын" деген де әпсаналар бар. Қарғыс арқалап басымыз-басымызға, тіпті моламыз-моламызға қосылмай кеткені былай тұрсын, бұл не, ұрпақтың алаңсыз азып-тозғаны ма? Бәрі жазып жатыр, бәрі айтып жатыр. Біз айтпаймыз да, жазбаймыз да. Бәрі ата-бабасының ізін таппаса қураған қарағаштың басына жіп тағып, қасынан кесене көтеріп, ағайын-туысын жинап ас беріп, улыған-шулыған болып жатыр. Неге? Бас көтерелері бар. Бізде ше? Қадам бассаң Қарахан бабаларымыздың ізі, көз салсаң қабір-қорғандары. Бас көтерер жоқ... Тіпті мына, З.Жандарбековтың жазып берген жинаған-тергендерін игерер шамамыз көрінбейді.

Осы ойлар өзекке түсіп, ұлымды ертіп Сауранға бардым. Бұрынғы заманнан қалған мұнарасы тербелмелі мешіт орнында отырып, бабалар рухына арнап, екі ракағат намаз оқыдым. "Бұл бабалар мен секілді лай-топыраққа былғанған бейшара ұрпағын қабыл етпесе де, бейкүнә ұрпағы үшін қиялыма ой салар" дедім. Шынында да қиялыма ой келді. Аллаға мың мәрте шүкіршілік айттым. Біздің бабалар мың мәрте мүсибат сынынан сүрінбей өткен екен. Ақсақ Темірдің тоқпағы анау (бас көтерерін өлтіріп, басқасын бет-бетіне бездіріп жібергені былай тұрсын,

Шежіремізге дейін сырап тастаған), төрелердің талабы мынау (дініңе ие бол, билікке араласпа), орыстың текпіні "татар молдалар" болып, елден бездірді. Ол аз болса қызыл коммунизм тағы келді. Бабаларымыз біріне бірін жау еткен билікті тәрк етсе де ділін сақтап қалды. Қазір қайтадан "қожа" болып жүргендердің қаншамасы кезінде руын сатса да бұлар сатпады. Аталарының аруағын сатып бір үзім нан жемеді. Қызыл коммунизм мен атеизмге қызмет жасамады. Алла сұбыханаллаһтың өзі оны жасатпады. "Есектің артын жуса да адал мал тауып" (Абай) күн кешті. Адалдық бар жерде артық мал да, дәреже де, қызмет те болмайды.

Алла қаласа, бүкіл түркі әлеміне біздің қожаларсыз да Ислам есігін ашар еді. Бірақ Алланың нұры жауған Түркі әлемі Исламға Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисіндегі: "Мен ілімнің қаласымын, Әли оның қақпасы. Ілім үйренгісі келгендер сол есіктен енсін" дегеніндей, Хазіреті Әли (р.а.) ұрпақтары ашқан есіктен кірді. Бұл күллі Түркі әулетіне бұйырған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі кепілдік берген тура жол, ақиқат діннің қақпасы! Ол қақпаны Хазіреті Әлидің (р.а.) төл ұрпақтары Абд ар-Рахим (р.а.), Ысқақ (р.а.), Абд әл-Жалил (р.а.) баптар ашты. Бұл Алланың біздерге деген рахымы мен қайыры ғана екен. Шежіремізді де жазуды кеш бастатты. Бұл істің бастаушысы біз болмадық. Біздің ата-бабаларымыздың арғы-бергі жақтарына зер салған, алғаш болып сөз айтқан Әлкей Марғұлан болса, бүгінгі таңда толымды жұмыс жасаған Қазақ тарихшылары мен зерттеушілері ішіндегі бірі мен бірегейі З.Жандарбеков болды. Мен сол кісілер қалаған іргетастың үстіне ғана бұл Шежірені қоюшы екенмін.

Рас, жоғарыда айтқанымыздай оған дейін де бостандықтың буына елітіп, басқа да толып жатқан тарихшы-шежірешілермен қоса шауып, ата шежірелерін жазған, олардың туған жылын думандатып атап өткен бақуатты Қожа азаматтары мен әулеттері де аз болған жоқ. Бірақ бұлардың әрекеттерінің нәтижесі көбіне-көп дін Исламның шариғаты мен тариқатына жат – жансыз кітаптар шығарумен және мағынасыз іс-шаралар өткізумен ғана шектеліп қалған кездері аз емес.

"Керемет" деген қасиетті құбылыс бар. Оған шек келтіруге болмас, болмайды да. Бірақ оның тегі қайдан шығып жатыр, мақсат-мұраты неде, осы жағын пайымдаған абзал екен. Мен

марқұм әкеміздің "кереметшілерді" әжуалап, мазаққа салып, күліп отыратынын көзіммен де көрген едім. Бірақ солай еткен әкеміз өмірден өткен соң ол кісінің кереметтері туралы көзімен көрмей еш нәрсеге сенбейтін, ең скептик адамдардан да талай естідім. Ол мүмкін рас та шығар, бәлкім өтірік те болар, қайсысы болса да Алла тарапынан тек қана әкемізге ғана берілген несіп. Оны бұлдануға, малдануға балаларының хақысы жоқ. Біздің халіміз салыстырып қарасақ Пайғамбардың (с.ғ.с.) жанында тұрып, бірге өмір сүрген Жәһіл замандастарымен бірдей сияқты. Рухы малға, даңқа, мансапқа, менмендікке құл болған Әбу Жаһіл секілділеріміз бойымыздағы ата-бабалар рухын қолдан өлтіріп, дәл жағасында тұрып-ақ Кәусар суынан құр қалып жатырмыз. Біздің басым көпшілігіміз тәндік тегімізді сақтап қалғанымызбен рухани тегімізді жоғалтып та алдық. Бірақ оны шайтанға билетпедік. Сол шайтан араға түсіп кетпеуі үшін мен мұндағы кереметтер туралы хикаяларды алып тастауым керек екен.

Біздің тәндік Шежіреміз туралы мен бар білгенімді айттым. Ал енді рухани тегіміздің ахуалы қандай? Ендігі сөз сол туралы болмақ.

Жоғарыда мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) "Менің әһлі бәйтім – әйелдерім, Әлидің барлық ұрпақтары және Саламан Парсы" деген хадисін келтірген едім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің Хазіреті Аббас секілді әке орнына әке болған туыстарын аттап өтіп не үшін Парсы Саламанды (р.а.) әһлі бәйтіне – өз отбасына қосты? Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) өзіне ашылған ғайыпты білді. Ол өзіне несіп етілмеген көлемдегі ғайыпқа қанық еді. Бірақ ол өзіне рұқсат етілмеген сырды жария етушілерден болмады. Сол ғайыптың бірі жоғарыда баяндағанымыздай қос немересінің ажалы болса, оның кімнен келетінін біле тұрып, Алланың әміріне қарсы келмеді. Ол (с.ғ.с.) Аббас (р.а.) әулетінің ханадалығын да білді. Ол (с.ғ.с.) Алла ілімінің үзілмеген жібі Хазіреті Саламан Парсы (р.а.) арқылы ақыретке жетерін де білді. Сол үшін оны "әһлі бәйтім" деді.

Құрани ілімде Алла адамзат баласының рухын бір мезетте жаратып, олардан уәде алды. Ол күнді біз уәде күні – "Әл-Мисақ" дейміз. Сол күні біздің тағдырымыз жазылып, Лахул-Махфузға қойылды. Содан бастап біз дүние-кезек атадан бала болып өрбіп келеміз. Кімге кімді ата, кімге кімді бала ету

Алланың рахымында. Біз тән тұрғысында доңызбен қатар жаратылған бір мақұлықпыз. Бір келі доңыз еті мен адам етін бірге асса айыру да мүмкін болмас. Ал, рух тұрғысында – періштеміз, азғындасақ – шайтанбыз. Сол себепті Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамызға Әбу Жәһіл түгілі Хазіреті Аббастан (р.а.) да Саламан Парсы (р.а.) жақын болды. Рухани туыстық, рухани бауырластық. Оған дәлел іздесеңіз "Хужурат" сүресінің 10-аятын қараңыз: "Әлбетте момындар (мүміндер бір-бірімен) туысқан, бауыр" делінеді. Кәпірлер дұшпан! Біз риза болып отырған З.Жандарбеков біздің тәндік дүниемізді түгендеуге ұмтылғанымен рухани тегімізді шатастырып та жіберген екен. Мен Сауранда осы кереметті түсіндім!

Рас, Ұлық піріміз Қожа Бахауддин Нақышбанди айтқанындай: "Кереметтің кереметі – қара жер". Жұмыр Жер барлық өзекті пенделерді, халал-харамға бөлмей, "сен кімсің?" демей, соншама күнәкар пенделерді күналарымен, арам ой-пиғылдарымен қоса шыдап, көтеріп тұр. Кезегі келгенде бір сәтке де кешіктірмей жұтып қояды. Сол қара жер бізге күн сайын емес, сәт сайын "топырақ – маған, рух – Аллаға" деп Ақыреттің хабарын береді. Бірақ біз соны түсіне алмай келеміз.

Бізге Алла тәніміз бен рухымызды толық қабыл еткен Түркі әлемінен Отан берді. Өз елінде, туып-өскен Отанында Мансур Халлажды (р.а.) кескілеп, Имам Ағзамды (р.а.) дүрелеп, аузына у құйып өлтіргенде, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мүбәрак немересі, Хазіреті Әли (р.а.) мен Фатима (р.а.) анамыздың сүйікті ұлы Хазіреті Хусейіннің (р.а.) басын жеті атаға жетпейтін туыстарына доп қылып тепкізгенде, әр ауылдағы бір-бір түтін қожалар, осынау халықтың ортасында, кімнің шікәрасы еді, соншама? Біздің ата-бабаларымыздың барлығының әулиелігі мен әмбиелігін жиып-тергенде, Алла көзі тірісінде "Жаннаттың сұлтандары" деп мәртебелеген қасиетті Хасан (р.а.) мен Хусейін (р.а.) бабаларымыздың бір басқан ізіне тұра ма! Дін Исламның қайнаған ортасында өмір сүріп отырған халық залым, қатыгез, надан болған соң, оларға өздеріне лайықты билеуші берді де біздердің бабаларымызды бөліп шығарды. Бабаларымыз өз аталастарынан безіп, хижарат етіп келіп, түркі әлемінің құрметіне ілікті. Олардың ұрпақтары, солардың бірі біздің Ба-хазарати Яс-сұлтан уа әзиз-ишан, Шейх Әбд әл-Хасан Қарахани бабамыз киелі, құнарлы топыраққа түскен қастерлі дәндей

болды! Біз, біздің бүкіл ата-бабаларымыз, Алла адал пейілмен, Исламға, оның Пайғамбары (с.ғ.с.) мен Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетіне деген махаббатпен жарылқаған ұлттың ортасына келіп, бақытқа бөленген ұрпақ екенбіз. Кереметтің кереметі де осы – тәндік туыстықтан рухани туыстықтың биіктігінде!

Ата-бабаларымыз кез-келген "Нысаб-намада" өздері үнемі айтып отыратынындай, бұл елге, даңқ-дәреже, мал-мүлік жиып, үстемдік ету үшін емес, қызмет ету, яғни Хақ діні – Ислам ашу үшін келді! Осыны пайдаланып, өзгеге үстемдік етуді іздеген, немесе олардың билік тарихын ғана зерделеген Шежіреде не құн болмақшы! Сол үшін өтірік аңыздар ойлап табу, оған көзі ашық мұсылмандарды сендірем деп әуере болу аруаққа дақ салудан басқа ешнәрсе бермейді. Бұл орайда, З.Жандарбековтың пайымы шындыққа 100 пайыз сәйкес келмесе де нұсқа болуға жарап жатыр.

Ең бастысы, кейбір шежірелерде айтылатынындай біздің ата-бабаларымыз Ұлы түркі әлеміне бұлтқа мініп, аспанмен ұшып келген жоқ. Көліктісі көліктеріне аяқ артып, әлсіздерін міңгестіріп, көліксіздері екі аяғымен жер басып, талай тауқыметті бастан кешіріп, "темір таяқтары тебендей, темір етіктері теңгедей" болып жаяу-жалпылап келді. Олар жергілікті халық сеніміне кереметтер көрсетіп емес, ерлігімен, еңбегімен, иманымен, адалдығымен, білімімен, рухани байлығымен, тектілігімен, пайым-парасаттымен, боқ дүниеден пәк тазалығымен, жаңа Отанына, қоршаған халқына деген қисапсыз құрметімен, адал қызметімен ие болды. Осы жолда олар жан беріп, жан алысатын тағдырды бастан кешті. Қаншасы шахид болып, қаншасы атаусыз, із-түзсіз жоғалды!

Тәуратта, Зәбүрда және Інжілде адам баласының тегіне терең мән берілетіні рас. Қазақта да "қанына тартпағанның қары сынсын" дейді. Бірақ бір ыдыстың бір ыдыстан артық-кемі жоқ. Мәселе оның затында емес, ішіндегі мәнінде. Заты алтын болса да ішіне жуынды құйсаң, мықтағанда итаяқ болады. Адал ас құйсаң, ағаш кеспектің де құны мен қадірі одан артық болмаса кем емес. Бірақ қанша дегенмен асылдың сыры кетсе де, сыны кетпейді. Темірді тат басар, ағашты балта шабар, шыны сынар, алтынның аты – алтын, күмістің аты – күміс. Шайсаң – жуылады, жусаң – тазарады. Сол себепті де қазақ халқы ата-тегі асылды да, асылдың сынығын да қадірлей білген. Олар еш

уақытта асылдың қасиетін аяқасты етіп, кесірлік жасамаған және кесапаттыққа жол бермеген. Біздің артық-ауысымызды сол үшін де қандай түрде болмасын қабылдап келеді.

Сонымен, Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз Меккеден Мединеге хижра жасағанда мединелік мұнафықтар мен яһудилер күмән шашты. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) адалдығына сенімсіздік танытты, "Өзімен бірге келген меккеліктерге іш тартып, біздің несібемізге қиянат жасар ма екен?" деген күдіктенді. Сонда, ардақты Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз ақ түйесі шөккен жерде, дүйім қауым алдында: "Отырған жерім – Отаным, қоршаған халқым – тайпам (туысым), байлығым Құрани Кәрім!" деп ант берді.

Біздің бабаларымыз Абд ар-Рахим (р.а.) бап, Ысқақ (р.а.) бап және Абд әл-Жалил (р.а.) бап та осы антқа беріктігін таныта отырып, бірі – Самарқанд пен Таразға, екіншісі – Сайрамға, үшіншісі Өзгент пен Баршынға орын тепті. Олардың бірін жоғары, бірін төмен қоюға біздің хақымыз жоқ. Бірақ несіптері бір-бірінен бөлек болды. Үш баптың ең кішісі Абд әл-Жалил (р.а.) бап қоныстанып үлгерместен Сары тонды Өтемістің қолынан шахид болды. Ол Йеменнен шыққанда серіктері 40 мың болса, шахид болғанда артында 105 мың жасақ қалды. Ең басты кереметі де аз ғана уақытта осыншма қауымға Ислам есігін ашып, соңынан ертіп, иман еккендігінде еді. Сол себептен оны Қорасан дағын емдеуші тәуіп ретінде қабылдаудың еш қисыны жоқ. Оның Хорасани деп атануы бүкіл Хорасан елін иманға дауғат еткені үшін берілген атақ. Одан тараған ұрпақты халық әкесінің құрметіне "хорасандық сәйід-ағзамдар" деп атап кетті. Ол Ислам ашқан жер ұрпағына құтты мекенге айналды.

Ысқақ (р.а.) баптың да жихады мен дауғаты өте зор болды. Бұл туралы З.Жандарбеков өз еңбектерінде аса құнды, тың деректер келтірген. Ысқақ (р.а.) баптың әулеті ел ішінде көбіне-көп "Аққорғандық қожалар", "Оқшы ата ұрпақтары" деген атаулармен кең тараған. Алланың разылығына жеткен бұл асыл задалар менің дәріптеуіме еш мұқтаж емес.

Ал, Абд ар-Рахим (р.а.) баптың әулеті туралы әңгімелерге жұртшылық әбден қанық, тарихы бай. Бірақ бұл атамыздан тарайтын қожалар өміріне байланысты жауабын күткен сұрақтар да аз емес. Бүгінде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және тіпті Қашғар аумақтарындағы "Қарахандық қожалар" деген атаумен

белгілі бабамыздың әулеті қожалар арасындағы ең аз тараған бөлігі болып отыр. Біз шамамен есептегенде бұл бабамыздың 40-ыншы ұрпағымыз. Егер әр атадан кемі екі ұлдан қалып, екі ұрпақтан өсіп отырса, бұл кісінің 21 ұрпағының өзі 3 миллион 146 мың 352 адамды құрар еді! Қазір біз Ақмешітте, Сарыағашта, Шыназда, Самарқандтта, Қырғызстанда, т.б. тұратын аталастарымызды жиып-тергеннің өзінде ұзын санын 2000 отбасыға жеткізе алмай отырмыз.

Әрине, жан басының артуын мал тұяғының көбейюі сияқты есептеуге болмайды. Солай дегенмен, бабамыздан V ғасыр кейін өмір сүрген Шыңғысханның кіндігінен тарайтын ұрпақтардың саны 15 миллионнан асқаны туралы дерек жарияланғанда бірде-бір ғылыми, не әлеуметтік орта қарсы уәж танытпады. Біздің бабамыздың әулеті неге соншалықты аз тараған?

Мен жоғарыда Қарахандық қожалар Насаб-намасының бірнеше нұсқаларына тоқталып, тіпті салыстырып өттім. Солардың толық нұсқаларының бәрі де З.Жандарбеков көрсеткен Садр Ата Баба Тукласқа* дейін бірдей болып жалғасыды. Автор: “Ол өзін Жалал-ад-дин Румидің ұлы есебінде көрсететінін жазады” дейді. Тәліп ишанның Шежіресінде Садр-ад-дин баба туралы бір ауыз сөз жоқ. Онысы да дұрыс, өйткені ол сөз басында айтқандай “Хан әулетінің” шежіресі деп аталады. Сол себепті бұл Шежіре олардың тек хандық есімдері, оған шақырып қойылған аттары ғана жазылған құжат.

Әкеміздің шәкірті, мүриді Сәрсенбай ата Қыпшақ ішіндегі Шашты руының Қарахандық қожаларға жақындығын біздің Баба Туклас Шашты Әзиз деген бабамызға байланыстырып айтып отыратын. Оқиғаның қысқаша желісі – Қыпшақ бегінің бір баласы аяқасты жоғалып кетеді. Дымы құрыған ол Баба Туклас Шашты Әзиз бабамызға келеді. Арада бірнеше күн өткен соң бабамыз бұл кісіге: “Балаң табылды, пәлен деген жерге барсаң кездесесің” дейді. Атаның айтуынша іздеп барса шашы өсіп иығына түскен, көздері тұздай көкпеңбек, еңгезердей алып денелі жігітті көреді. Баласы екеніне күмәнданып, көңілі толмай бабамызға қайта келеді. Сонда бабамыз оны жаудың зынданынан арқанмен тартып шығарғанын айтып, дәлел ретінде

**Баба Туклас Шашты Әзизді Баба Түркібасы дегенді де ел аңызында көп кездестіруге болады. Бұл жеке зерттеулер қажет ететін тұлға.*

арқасындағы қап-қара болып, қатып қалған қанды дақты көрсетеді. Сонда әлігі Қыпшақ бегі: "Атыңнан айналайын Қарақаным-ай! Өле-өлгенше өзім де, өлген соң ұрпағым да сіздермен бірге болады" деп тағзым етіпті-міс.

Бұл әңгіменің тағы бір нұсқасын Зәйін ағадан да естігем. Оған Шаштылардың арасында ишандық қылған Сәйіт атамыз айтыпты. Бұл әңгімені Шашты Жүніс молда да айтқан. Ол кісілер де біздің Қарахандық қожа атануымыздың түп-төркінін осыған байланыстырған еді. Әкемізден мұндай оқиға туралы әңгіме қалғанын құлағым шалған жоқ. Ондай әңгіме ауызға алынып жатса алдымен Өтепхан және Мүсірепхан ағаларымнан құлағдар болар едім. Ал, әкеміздің айналасында Шаштылар аз болмаған. Оның Нақышбандия тариқатына түсуіне себепші болған заманында Сыр бойындағы елді дара билеген Шаштылардың көсемі Кембіл қажы деген кісі екен.

З.Жандарбеков өзінің біз айтып отырған "Нысабнама" деген кітабында: "Өтеміс қажының "Шыңғыснама" атты шығармасында Баба Туклас атты кісі серіктерімен келіп, Алтын Орда ханы Өзбек ханды Ислам дініне кіргізгенін айтады. Ал, Д.Дэвистің "Алтын Орданың исламдануы мен діни салты" атты еңбегінің соңында берілген Нұр-ад-дин ибн Убайдоллах ас-Сиддиқ әл-Харазмидің шығармасында*, Өзбек ханды дінге кіргізген Баба Туклас атты лақабы бар – Садр ад дин Ахмет деген кісі еді... Ал, шейх Садр-ад-диннің шыққан тегі жайында: "Садр атаның насабларында ихтилаф дүр. Бағзы айтулар Садр Ата имам Мухаммад Ханафи насли дүр. Уа бағзи айтулар Абу Бакр Сиддиқ рази Аллаһу анху насли дүр" деген аңызды келтіреді. Бұл аталған кісінің шығу тегі жағынан – Мұхаммед Ханафия, рухани силсила жағынан Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) (Саламан Парсы (р.а.) сүлігінен екенін ескерсек қателеспейміз. Мұндағы барлық авторларға тән жаңсақтық – Рухани туыстықты терең түсінбейтіндігі. Рухани силсила – нисабнама мен Тәндік силсила – нисабнаманың жігін ажырата алмайды. Шын мәнінде, З.Жандарбеков көрсеткен Ясауия сүлігінің силсиласы бойынша Садр Атаға қатысты былайша өрбиді:

- Пайғамбарымыз Мухаммеди (с.ғ.с.);
- Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сиддиқ (р.а.);
- Хазіреті Саламан Фарси (р.а.);

- Хазіреті Қасым ибн Мухаммад ибн Әбу Бәкір ас-Сиддиқ (р.а.);
- Хазіреті имам Жағыфар ас-Сиддиқ (р.а.) (Хазіреті Әлидің (р.а.) Фатима (р.а.) анамыздан шөбересі, ұстазының күйеу баласы);
- Яс-султан Шейх Абу Язид Бистами (р.а.);
- Яс-султан Шейх Абд ал Хасан Қарахани (р.а.) (лақабы – Шаһ-Хасан, Әулие ата, Әзиз Қарахан баба, Мухаммади хан; Абд ар-Рахим баптың 2-нші ұлы, 40 әулиенің Пірі);
- Хазіреті Шах Абд әл-Қасым Қарахани (р.а.) (тек Ясауия силсиласында ғана кездеседі);
- Хазіреті Абу Али Фармиди (р.а.);
- Хазіреті Ходжа Абу Юсуб Хаммадани (р.а.) (суфизмдегі "Ходжагония" сүлігінің негізін қалаушы. Осы кісіден бастап Сайд әулетінің ишандары "Ходжа, Қожа" деген атаулармен жазыла бастаған);
- Хазіреті Қожа Ахмет Ясауи (р.а.);
- Хазіреті Хакім ата (р.а.);
- Хазіреті Зәңгі баба (р.а.);
- Оның үшінші хулафасы – Садыр-ад-дин Ата (р.а.) болып, сил-силасы Хазіреті Әбу Бәкір Сыддыққа (р.а.) тіреледі. Тегі жағынан Абд ар-Рахим баптың ұрпағы.

З.Жандарбеков келтірген мәлімет бойынша Түрік ғалымы Ф.Копрулу Садр Атаны "1258–1259 жылдары қайтыс болған" дейді. Мұндай жағдайда ол Өзбек ханды Исламға кіргізе алмайды. Бұл кезде Өзбек хан түгілі оның әкесі әлі жарық дүние есігін ашпаған болатын.

Ал, енді ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жеткен "Оғыз-намаға" тағы бір зер салып өтейік. Онда Оғыз ханы Алтын қаған басқаратын елге әскер шығарады. Олар "Оғыз қағанға елші жіберіп, көптеген алтын мен күміс, қисапсыз қазына әкеліп берді. Ал Үрім қаған басқаратын ел Оғыз қағанның жарлығына құлақ аспапты" (Х.Сүйіншәлиев, 106-б). Біз жоғарыда келтіргеніміздей, мұндағы Алтын қаған да, Үрім қаған да адам аттары емес. "Алтын Орда ханы, Үрім ханы" деген сөздер. Демек, Оғыз қағаны қалай десе де Алтын Орданы бас идірген, салық төлеткен.

Мен мұндай оқиғаның шынайылығына көз жеткізу үшін орыс тарихшысы Н.Н.Костомаровтың “Русская история” деген кітабына жүгіндім. Кітапта тарихи деректерді талдай отырып, Өзбек хан таққа отырған 1313 жылға дейін Алтын Ордадан Ноғай Ордасының бөлініп кеткенін жазады. Өзбек ханның дінге немқұрайлы қарауын да осы кітаптан табамыз. Ол 1315 жылы қолында аманатта отырған орыс князі Юрийге өзінің туған қарындасын қосады. Қыз христиандықты қабылдап, дініне лайықты Агафия деген есім алады.

Бұл дерек, бостандықтары үшін жан салып жатқан Ноғай Ордасына Алтын Ордаға қарсы басқа да Ислам елдерін айдап салуы үшін жеткілікті дәлел. Оның үстіне бейбіт түрде қарындасын өзіне бағынышты христиан өкіліне беріп, дінін ауыстыруға келісіп отырған Өзбек хан оңайлықпен Садыр Атаға бағына қоймасы да анық. Демек, Өзбек ханды дінге бейбіт кіргізген жоқ, тізе бүктіріп, мәжбүр етті. Тізе бүктірген Садр Атаның өзі бір өкілі болып табылатын Оғыз хандары еді.

Х.Сүйіншәлиев: “Бұдан кейін жырда Оғыз батырмен соғыспақ болған Урус бек* туралы, оның баласы Саклаб қаланы өз еркімен бергені жайында... айтылады” дейді. Біз жоғарыда “Хан Шентай” дастаны Оғыз жырларындағы 12 дастанның бірі дегенмен келіссек, Оғыз-наманың түпнұсқасы Қарахан-нама екеніне көзіміз жеткен болар еді.

З.Жандарбековтің бір ерекшелігі қожалар Шежіресін зерттеп отырғанда тарихи және географиялық атаулардың маңызына елдің назарын неғұрлым аударуға талпынады. Пікірлері де парасат-пайымы бар кез-келген адамды елең еткізбей қоймайды. Ол сондай-ақ суфизмді атүсті ғана білетін, тарихи тамырынан ажырап қалған Заки Валиди Тоған деген секілді ғалымдардың “Қарахандық хандар әулеті өкілдерінің саяси биліктен айырылғаннан кейін, олардың көпшілігі Иасауия шайыхтарына айналды” дегеніне имандай ұйиды. Бұл шындық. Бірақ ол “сонда, оған дейін олардың дінге қатысы қандай болған?” деген сұрақ төңірегінде бас қатырмайды.

Біз жоғарыда сөз орайында айтып өттік, Қарахандықтар әулеті билеп тұрған шақта дін мен мемлекеттік билік бір-бірінен

**Орыс хан*

ажырамаған болатын. Биліктің қос бірдей қанаты бір адамның уысында болды. Аймақтар бойынша әмірлер "ишандар" деп аталды. Олар биліктің екі қанатын да өз аттарынан емес, Ұлы Қағанның атынан жүргізді. "Ишан" деген сөздің тікелей қазақша аудармасы "ол кісі" деген сөзді білдіреді. Бұл – ұлы Шейх, Қаған, Ханға деген аса зор, мәртебелі құрмет. Бұдан басқа да Қарахан билеушілерінің бірнеше лақап аттары болған. Барлығының аттарына әзиз (әулие) деген сөз тіркестерінің қосылып айтылуы оларға деген құрмет қана. Мысалы, Пірлер силсиласында Абд әл-Хасан Қарахани бабамызды – "Ба-Хазарати, уа әз (әзиз)-ишан Яс-Султан Шейх Абд әл-Хасан Қарахани" деп, оның ұлы Мансур ханды Шежіреде: "Уа әз (әзиз)-ишан Шаһ Мансур Хумар хан" деп таратады. Басқаларында да осындай жағдай жиі қайталанады. Өйткені, бұлар өз замандарында билеушілер ғана емес, қолданыстағы тариқаттардың ең көрнекті шейхтарынан болды. Соның бірі Қарахандықтар Шежіресіндегі Білге хан деген атпен белгілі Арыстан бап.

Біз бұл кісіні Хорезм ханы 40 молдаға пәтуа шығартып, түн қатып, шабақтап өлтіргенде, жақындары қаскүнемдер мәйітті қорламасын деп жаназасыз, сарай қабырғасының арасына жерлеп, түнде өздері қаланы тастап шыққанын ауызға алдық. Шежіре бойынша билік алдымен қатын патшаның, артынан "бейнәсіл Иналшық – Қайыр ханның қолына көшті" делінеді. Бұл туралы біз Қожа Ахмет Ясауидің "Арслан бабама" деген хикметінен де көретінімізді, Қорқыт бабаның "Арыстан бап" күйінен де еститінімізді тілге тиек еттік. Осыдан соң, Ә.Жәмішевтің деректерін де толық оқып, парасат таразысына салған адам Ясауия тариқатының негізін қалаған, оны қоғамдық-саяси сахнаға шығарған Арыстан бап екенін көрмеуі мүмкін емес. Бірақ оның Пір болмаған. Оның де пірі Қожа Жүсіп Хамадани еді. Бұл Қарахандықтар билігінің әлсіреп, көшпелі түркілер үшін саяси-мемлекеттік дағдарыс басталған, қым-қиғаш соғыстар мен бүліншіліктер заманы еді.

Бұған дейінгі діни идеология ендігі жерде заман талаптарына жауап бере алмай қалды. Қуатына енген Хорезм шахы көшпелі түркілердің мұсылмандық ұстанымы түгілі адами қасиеттерін де тәрік етіп маймыл сияқты мақлұққа теңеуге шықты. Ислам бұл елдерде халыққа қызмет етудің орнына патшалардың

қолжауылығына айналды. Суфалық діни мектептер қудаланып, мемлекеттік істен толықтай аластатылды.

Осы кезде Арыстан бап жеті жасар жиенін 40 балаға қосып, Самарқандтағы Ұлық пір Қожа Юсуб Хамаданиға оқуға аттандырды. Оқуын бітірген соң оны Түркістанға алдырып, мектеп ашып берді. Ең бірінші болып өз балаларын осы мектепте оқытты. "Түркістанда түмен бап, ең үлкені Арыстан бап" деген аталы сөздің әлі күнге ұмытылмай келе жатқаны да осы тұрғыдан көп жайтты аңғартса керек.

"Бап" деген сөз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде айтылатынындай дін қаласына Хазіреті Әли (р.а.) арқылы кіретін қақпасы деген сөз дедік. Одан қалаға керуен-керуен тайпалар лек-легімен өтпесе қақпа бола алмайды. Арыстан бап бұл дәуірдегі дін қаласына кіретін жалғыз ғана қақпаға айналды. Кірген кісіге дін кәусарынан су таратқан Қожа Ахмет Ясауи еді. Оларды бөліп қарау мүмкін емес. Қарахандықтар үшін дін Исламда бұдан басқа жол болмады. Ясауия жолына Қарахандықтар тек мүдделі ғана емес, тәуелді де болды. Қожа Ахмет Ясауи көшпелі тұрмысқа негізделген далалық Исламының негізін қалады. Сол себепті, **Қарахан әулеті биліктен айырылғаннан кейін емес, билікке жету, оны ұстап тұру үшін хандықпен қатар Ясауия шейхтарына (Хазіреті Саламан Парсының (р.а.) рухани ұрпағына) айналды.**

Қарахан әулеті Арыстан (р.а.) бап бабамыз мерт болғаннен кейін де биліктен қол үзген жоқ. Түркістан, Сауран, Созақ сияқты ірі орталықтар бабалар қолында қала берді. Барлық архитектуралық зерттеулерде Қожа Ахмет Ясауи қайтыс болған соң, оны Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздың сүннетіне сай, өз ханакасына жерлеп, Қарахан билеушілері кесенені кеңейтіп қайта салғаны жөнінде айтылып та, жазылып та келеді. Әмір Темір бүгінгі кесенені соның үстінен көтеріп, күмбезін кигізіп қалаған.

Шараф-ад-дин Яздиден бастап барлық тарихшылар Ақсақ Темірдің қожа әулетіне деген құрметі ерекше болғанын сан мың мәрте қайталап жазумен келеді. Жоғарыда айтқанымыздай оның Шыңғысханның жетінші атасы "Аланқо қыздың шаңырағынан Күн сәулесімен қатар енген Хазіреті Әли ұрпағы екені туралы деректі де кесене қабырғасына ойып жазғызғаны сондықтан" деседі.

Қытайдың “Шыңғысхан” деген киносында оның әулетін “көк қандылар” деп атайды. Сол себеппен Қытай патшалары бұл әулетке дұшпан болады дедік. Қарахандықтар билігі әлсірей бастаған тұста әулет билеушілерін ағаш атқа шегелеп өлтіргенін де айттық. Оларға Меркіт те жау, Татар да жау. Соған қарамастан бүгінгі “тарих” ол шыққан Қият тайпасын моңғолдарға қосып, пұтқа, не әлде бір нәрселерге табынушы етіп қояды. Ал, этнограф Ә.Диваев өз зерттеулерінде Қият тайпасын Қарахандық Ұлы хан – Сүлейменшах Шараф-ад-даула бөлшектеген Қарахандықтар мемлекетінің бір “өз бектігі” ретінде көрсетеді. Әр бектікті Қарахандықтар әулетіне бөліп бергенде Қияттардың бегі болып Шыңғысханның ата-бабасы тағайындалады. Біз оған “неге?” деп сұрақ та қойдық.

Біздің тариқат ілімінің баяндауында қалай болмасын, Шыңғысхан тағдырдан келген Қадар – жазмыш! Ондай кереметтердің (Алланың қалауымен) тарихты тағдырдың талабына салып кетуге жаратылған, өз міндеттері бар. Шыңғысхан ғаламға Алланың соңғы Елшісінен (с.ғ.с.) кейін келді. Сол себепті біз оны Іскедір Зұлқарнайын секілді күмәнді болса да пайғамбарлар қатарына жатқызуға хақымыз жоқ. Бірақ оның Иллаhи миссиясын Іскедір Зұлқарнайыннан кем тұта да алмаймыз. Біз сол себепті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) “Менің үмметімнен шыққан әулиелердің (Аллаh достарының) дәрежелері Исрайыл ұрпақтарынан шыққан пайғамбарлардан биік болады” деген хадисіне иман келтіріп, осы жерде де қолданамыз.

Шыңғысхан Исламды өз мүддесіне пайдаланып, дінді қолжауылық еткен Хорезм шах сияқты залымдардан әлемді тазарту үшін туған. Әрине, шайтан сыбырлаған теріс ойлы адамдар оның тұңғышы Жошы ханды Исламды қабылдағаны үшін зәнталақ* етіп көрсетуге барын салудан аянар емес. Ал, шынтуайтында мұндай жымысқы пікір, куәсіз ғайбат Алла тарапынан аят арқылы қарғысталған нәрсе. **Жошы ханның олардың алдындағы бар айыбы – Ислам қағидаларымен өмір сүргендігі, Хазіреті Саламан Парсы (р.а.) піріміздің рухани ұрпағы болғандығы ғана. Ол бұл несіпті Қожа Ахмет Ясауи тариқатынан тапты.**

**Зәнталық–некесіз туған адам*

“Ақсақ құлан” деген күйге бәрімiздiң құлағымыз қанық. Тарихта оны шығарған кiсiнi бiреулерi Кетбұға десе, ендi бiреулерi басқаша дейдi. Анығы бiр Аллаға аян. Бiздiң бiлетiнiмiз, Шыңғысхан iз-түзсiз кеткен Жошының жайсыз хабарын естуге көңiлi дауалмай: “Кiмде-кiм Жошы туралы жаманат хабар жеткiзсе көмейiне балқыған күмiс құйып өлтiремiн” деп жар салады. Сонда күйшi қолына домбырасын алып бiздiң құлағымызға сiңiстi болған осы “Ақсақ құланды” тартады. Домбыраның зарлы даусынан Ұлы хан талып қалады. Есiн жиған соң сертiне сай күйшiнi жазаламақ болады. Күйшiнiң датынан кейiн домбыраның шанағына балқыған күмiс құюға пәрмен берiледi. Домбыраның ортасындағы ойықтың хикметi осылай деседi.

Осыған орай бiзде бiрнеше заңды сұрақ туындайды. Бiрiншiсi, Жошыны Исламға баят еткiзген кiм? Екiншiсi, әдет-ғұрпы, дiнi жат “моңғол” Шыңғысхан домбыра тiлiн қайдан түсiнген? Үшiншiсi, Шыңғысхан Жошының тегiнен күмәнданса оның ажалын ненге сонша ауыр қабылдап, одан туған немересi Батуды әке орнына мирасқор еттi? Төртiншiсi, қытайлар өз киноларында Жошының өлiмiн қандай мақсатта жалған суреттеген? Бесiншiсi, Жошыға қазақтың кең даласының нақ төрiнен кесене тұрғызған кiм, неге ол Қарахандықтар үлгiсiнде салынған? Иә, бұл сұрақтардың тiзбегi мұнымен шектелмек емес.

Әрине, Жошы ханға Исламға өту үшiн ақ батасын берген әкесi Шыңғысхан. Ол дала заңына сай, әке ықпалынсыз мұндай қадам жасай алмайды. Шындығында оны Исламға баят еткiзген, Ясауи тариқатына кiргiзiп, Саламан Парсының (р.а.) рухани ұрпағы қатарына қосқан оған үзеңгiлес досы, ол өлген соң басына кесене көтерген, Отырарды азат еткеннен кейiн Ұлы ханның әмiрi бойынша “Мәлiк шах” деген лауазыммен осы өлкенi шексiз билеу құқығына ие болған Арыстан баптың (Бiлге қаған) ұрпағы Сауранда жатқан Қарахан бабамыз болатын.

З.Жандарбеков өз кiтабында Қожалар тарихын зертеп, парасатты түрде пайымдап, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): “Барлық пайғамбарлар өз ұрпағынан тарағандар. Менiң ұрпағым Әлидiң (р.а.) қанынан тарағандар” деген сахих хадисiн келтiрiп отырады да, аяқ астынан нiлдей бұзылады. Хазiретi Әлидiң (р.а.) Фатима (р.а.) анамыз бен Ханафия анамыздан тарайтын ұрпақтарын

күштеп екіге бөледі. Біріншісін – Сәйідттер, екіншісін Қожалар деп таңба басады. Бүкіл Ислами тарих Шиғалардағы 12 имамның үшіншісі Мұхаммед ибн Ханафия екенін, Хазіреті Хусейін (р.а.) өлтірілген соң бұл әулетті біржола жойылып кетуден алып қалған Мұхаммед ибн Ханафия екенін жазып та, айтып та келеді. Бұл оның жарылқаушылығы емес, "Қиса-и уақиға Кербалада" Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздың аузынан айтылғанындай Иллаһи парызы, міндеті деді.

Біз айтып өткендей осыны көре білген Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз Мұхаммед ибн Ханафияға Омеядтық Хазіреті Оспанның Шәмшия атты қызын қосады. Оның ұрпағына Бағдад, Шам, Шамат уәлаяттарын мирас еткізеді. Омеядтықтар тұсында бұл келісім толық сақталды. Кейін Аббасидтер билікке келген соң олар тақты қызғанып, айналасын Әли (р.а.) ұрпақтары мен оларды жақтаушылардан тазартуға кіріседі. Ақыры имам Ағзамға дейін шахид болады, Фатимидтерді бет-бетіне тоздырады, Мұхаммед ибн әл-Ханафия әулетін ата мекенінен бездіреді.

Мен мұны жұртшылықты Аббасидтік халифаларға қарсы қою мақсатында көлденең тартып отырғаным жоқ. Фатимидтер Ұлы бабамыз Хазіреті Әли (р.а.) өлгеннен соң араға көп жыл салмай-ақ Кордова, кейін Египет халифаттығын құрды. Бірақ олар құрған халифаттықтардың бірде-бірі баянды болмады. Неге? Өйткені Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз қоштасу сөзінде оларға халифаттықты да, билікті де харам еткен! Бабамыздың бұл өсиеті хатқа түсіп, кітапқа енген айқын дәлел.

Ал, Мұхаммед ибн әл-Ханафия әулеті ешқашан да, еш жағдайда да Фатимидтерге қарсы күрескен емес. Оған дәлел, біз жоғарыда мысал еткен "Бабалар жыры" жинағына енген Мұхаммед Ханафия туралы дастандарда екі ананың ұрпақтарының туыстығына ерекше мән беріледі. Өкінішке орай, З.Жандарбеков осының бәрін сызып тастап, Хазіреті Әлиден (р.а.) тарайтын Фатимидтер мен Мұхаммед Ханафия ұрпағын екіге бөліп тастап, біріне-бірін қарсы қояды. Тарихта Әли (р.а.) ұрпақтары арасында бөлініс болған, бірақ онда Мұхаммед Ханафия әулеті Фатимидтерді қолдаушылар тобын бастап "Бохралар" орденін құрды.

Мұртаза Бұлытай "Ата-Баба діні. Түркілер неге мұсылман болды?" деген кітабында: "Түркі жұрттарында Исламияттың

жайылуында Пайғамбарымыздың шөбересі Хазіреті Зейнелғабиден қатарлы сәййідтердің үлкен еңбегі болды” деп жазады. Өкініштісі 680 жылы жеті жасында әкесінен айырылып, 10 жасында тұткыннан босап, әкеден жалғыз қалып, Мединені пана еткен бұл асыл заданың табаны Түркі елінің топырағына тиген де, халқын көрген де емес. Сәйід қожалардың өзі ататектерінің Түркі жеріне келуін Қылышты Бұрхан-ад-дин бабаларынан бастайды. Олар күні бүгінге дейін өздерін “ Сәйідтерміз” деп шолақ қайырмайды, “Қожамыз. Қожа ішіндегі Сәйід әулетіненбіз” дейді.

Суфизм сырына ұшқары ден қойған ғалымдардың басым бөлігі осы тұста ойына келгенді ақтара салады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін көкке көтерген Ақсақ Темір Нақышбандия тариқатын ұстанып, пірі, ұстазы Сәйід Берекеге шексіз бас иген адам. Өлген соң екеуі Самарқандағы Гөр–Әмір мазаратына жерленген – Әмір Темір басын ұстазының аяғына қойып жатыр. Сонда ол неге екі тариқат қас дұшпан болса Қожа Ахмет Ясауи кесенесін сыртынан қаптатып, қайта көтерді? Бұл әлбетте тек діншілдіктің емес, саясаттың да жемісі болатын. Оның бір мақсаты осы арқылы жойылуға шақ тұрған, бір-бірімен қырқысып, ту-талапаймен тайпаларға бөлшектеніп кеткен иесіз елдің жадынан Қарахандықтар тұқымы Оғыз қағанның да, оның көзі тірі қағандығының да ізін жою, иесіз ен дала мен ескерусіз қалған елді өз нәсіліне мәңгілік мирас ету болды.

Ақсақ Темірдің Жошы хан мен Алаша хан мазараттарында да табанының ізі қалған. Қарасман мен Таразға да атбасын бұрған. Бірақ қирап жатқан әулиелердің әулиесі Қарахан бабаның басындағы бір кірпішті көтеріп орнына қоймаған. «**Әмір Темір ат үстінде, жалғыздан жалғыз, үн-түнсіз Қарахан баба кесенесіне аса ұзақ қарап тұрады. Содан соң үн қатпастан Таразды немересі Ұлықбекке сыйға тартып, кері қайтты»** – дейді тарих**.**

З.Жандарбеков жазған соң осы оқиғалардан хабары бар маған: “Ақсақ Темір бұл істерді Нақышбандиларды Ясауишілерге айдап салу амалымен жасаған жоқ па?” деген күпірлік ой да келді. Бірақ шындығында мұндай оқиға болмаған. Ходжагония тариқатына өтіп, құпия зікірге көшкенге дейін Ұлы Піріміз Қожа (Сәйід демейді, Қожа дейді) Бахауддин Нақышбанди да, оның ататегі де Ясауия жолын тұтынған. Оның

Фатимидтер әулетінен тарайтынын дәлелдейтін құжаттар да бар делінеді. Бірақ оны Сәйід Бахауддин деп емес, Қожа Бахауддин деп құрметтеген. Ол Абд әл-Халық Гиджуаниден тікелей увайсиялық жолмен ілім алды дейтін деректер де бар. Бірақ өз сөзінен дәлел жоқ.  Біздің білетініміз ол кісі де аумалы-төкпелі заманда дүниеге келіп, ақиқат жолына бүкіл өмірін сарп еткені.

Бұл заманда да суфизм атын жамылған теріс пиғылды тариқатшылардың қаптап кеткені соншама, ойларына келгенін іске асыратын арамзалар мен бүліншіліктердің ұйытқысы болды. Бейкүнә дәруіштер қарақшылардың қанды шеңгеліне ілікті. Сәлде таққан екінің бірі шейхқа, ишанға, пірге айналды. Мұндай оқиғалар туралы Ә.Диваевтың этнографиялық әңгімелерінде де, “Мың бір түн” хикаяларында да, “Софы Аллаярда” да, т.б. айтылған. Түркия азаттық алғаннан кейін Ататүрік мұндай бас-басына би болған, мәхалла сайын мешіт тұрғызып, шейх болған пірлердің әрекеттеріне тиым салып, бағынбағандарын жер аударды, соттатты.

Иә, ата-бабаларымыз ықылым замандардан бері осындай амалдар арқылы ғана дінді жалған пірлердің торынан аршып отырған. Әрине, мұндай жаппай науқандық мәнге ие шаралардың зардабы ақ-адал адамдарды да шарпитыны ақиқат. Қожа Бахауддин (Алла оған разы болсын) пірміздің дәуірінде тек шейхтар ғана емес, патшалар да залымдық отына шарпылып жатқан еді.

Залым пірлер торларына неғұрлым көп жемтік түсіру үшін өздерінше амалдар мен сиқырлардың түрлерін ойлап тауып жатты. Намазды – зікірмен, зікірді қаматпен алмастырды. Шариғатты, ахлақты, ғибадатты, әдепті аяқасты, тәрк етті. “Маған қол берген* адам бірде-бір парызды орындамаса да Алла олардың күнәларын кешіреді” деп Ислам парыздарын харам етуші пірлер де аз болған жоқ.

Ол заманды былай қойғанда, қабат-қабат сәлде оранып, шапан жамылып қазақ ауылдарын аралап, айғайлап “жария зікір” салып, мал-мүлік жиюмен айналысқан сарт “ишандардың” шет жағасын өзіміз де көрдік. “Сары әулие”, “Фархат ата”, “Аққу-Гәкку”, “Ақ ана”, “Ата жолы”, т.б. бағыттарды ұстанушы

**Соңына еріп, ұстаздығына иман келтірген*

“әулиелер” бүгінгі күні де жұртты сарсаңға салып, арамызда ойрандап жүр. Бірі “мен құдаймын” деп жұртты өзіне табындырса, бірі адамдарға “аруақ қондырамын, аруақпен тілдестіремін, аруақпен емдеймін” деп жүйкесі жұқарған, психикалық ауруларға шалдыққан, онсыз да тағдыр тауқыметінен шыға алмай жүрген рухани мешеу жандарды, Алладан медет тілеген бейшара пенделерді жетелеп мола кездіріп жүр. Енді бірі алаң толы адамдарды жиып алып, сиқырмен саналарын улап масқаралауда. Бәрінің қолданатыны – Ясауия тарихаты деп, өздері түп мағынасын түсінбей дәріптейтін жария зікір! Шынында бұл арамзалардың тариқатқа да, Ясауияға да, Нақышбандияға да еш қатысы жоқ.

Осындай жағдайлар Қожа Бахауддин Нақышбанди (р.а.) бабамыздың заманында да барынша белең алған еді. Ол Иллаһи негіздегі барлық шейхтардың алдынан өтіп, тәрбие көрді. Ең соңында залымдыққа куә болмас үшін таудағы үңгірді паналаған Сәйід Әмір Кулал (р.а.) пірміміздің құзырына өтеді, ілімін жетілдіреді. Сөйтіп, **Алланың рахымымен Қожа Бахауддин Нақышбанди піріміз Хазіреті Әбу Бәкір ас-Сыддықтан (р.а.) басталатын Темір силсиласын және Хазіреті Әлиден (р.а.) басталатын Алтын силсиласын біріктірген Хазіреті имам Жағыфар ас-Сыддық (р.а.) секілді Қожа Ахмет Ясауи мен Абд әл-Халық Гиджуани заманынан бөлініп кеткен екі тариқатты бидағаттардан тазартып, бір арнаға қайта түсіреді**. **Бізді рухани тегімізбен қайта жалғастырды.**

Бұл үшін Қожа Бахауддин (р.а.) бабамыздың үстінен Әмір Кулал (р.а.) пірімізге шағымданушылар да аз болмаған. Бірақ бұл кісі болашақ тариқат иесі Қожа Бахауддин Нақышбанди (р.а.) туралы өз ұстазы Мұхаммед Бабай Саммасидің (р.а.) өсиетіне беріктік танытып, оған қолдау көрсеткен. Біз осы жерде: “Қожа Бахауддин Нақышбанди (р.а.) піріміз қолданыстағы суфилік тариқатқа не жаңалық, қандай талап енгізді?” деген сауалдан айналып өтпеуіміз керек. Бірақ оның бірде біреуі «жаңалық» емес, Нақышбандия тариқатында 11 талап бар делінеді.

Олар:

1) “Ядкард” – тіл мен ділдің қатар зікірі. Бұған дейін Ясауияда зікірдің барлық күші тілге салынып, тілмен жасалса,

Ходжаганияда ділге күш салынған; Нақышбандия екеуін біріктіреді. Кемістік толтырылды.

2) “Баз гашт” – зікір кезінде жаңғалақтыққа ұрынбау, өзін-өзі Алланың алдында тұрғандай сезініп, бар ниетті зікірге аудару. Ясауия тариқатында зікірде күш тілге түскендіктен, тыныс алу жиілігін арттыру арқылы олар дүние ықпалынан ажыратылған. Бұл көбіне-көп жамағатпен орындалғанда нәтиже берсе де оңашада әсері мардымсыз болған. Сондықтан, тек шапшаңдық, тыныс алу жиілігін арттыру ғана басты назарға алынып, жаңғалақтыққа жол беру дағдыға айналған;

3) “Нигах дашт” – терең бір рет алған демімен Аллаға қауышқандай қуанышпен демі біткенше “тайййиба” кәлимасын айту. Мұндай зікірді ұстазсыз, ең болмаса оны ойша назарда ұстамай орындау қауіпті. Ясауия тариқатында бұл кәлиманың орнына жария түрде “Ықылас” сүресінің алғашқы аятынан “һу-һу-һу – Аллаһу” секілді зікірлер айтылатын болған. Бұлардың қай-қайсысы да Құранға қайшы емес, бірақ жария зікір қалалық тұрмысқа сай келе бермейтін амал еді;

4) **“Яд дашт” – ұйқыға Аллаһтың атымен барып, ояу кезде оны үнемі жадында ұстау, осы арқылы ділін шайтанның сыбырынан (уәс-уәс) қорғау. Бұл арада айырмашылық тек** жариялылық пен құпиялылықта. Ясауия тариқатындағылар жай уақыттардың өзінде жария түрде зікір аяттарын айғайлап айтып жүрген. Біз мұндай оқиғадан – Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз бастап барған қажылық сапарында бүкіл мұсылмандар жария түрінде айтқанынан хабардармыз. Басқа кездері Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз зікірін құпия ұстаған;

5) “Уқуфи замани” – қандай жағдай, қандай заман болмасын пенденің нығметтерге шүкіршілік айтып, таршылыққа сабыр сақтап жүруі. Айырмашылығы жоқ;

6) “Уқуфи адади” – қандай жағдайда болмасын Ислам қағидалары, тәртібі, әдебі аясында болу шариғатты әдетке кіргізу. Айырмашылығы жоқ;

7) “Уқуфи қалби” – зікірде жүректі толық Алламен байланыста, Алла еркінде ұстау. Ясауияда тілді, үнді Алламен байланыстыру;

8) “Хуш дар дам” – әрбір демді аларда қырағылық танытып, деммен бірге шайтанның ішке еніп кетуіне жол бермеу. Әр

демді Алланың атымен жұтып, Алланың атымен шығару. Айырмашылығы жоқ;

9) "Назар бар қадам" – әр қадамды сақтықпен басу, жаманатқа баруға, бағыттауға жол бермеу. Айырмашылығы жоқ;

10) "Сафар дәр Уатан" – өз үйінде, өз Отанында отырғанымен Алла несіп еткен барша ғаламмен бірге болу, ол үшін ой толғап, Алладан иман тілеу. Айырмашылығы жоқ;

11) "Қылеует дар анжуман" – қай жерде, қандай ахуалда болмасын өзін-өзі қылеуетте отырғандай сезіну, Иллаһи мақсаттан басқа қажетсіз нәрселерден (сөзден, бейнені елестетуден, ойдан) толық аулақ болу. Ясауияда тақуалық – жер астында, Ходжагония тариқатында таудың ұшар басында және үңгірлерде (Сайд Әмір Кулал) қылеует жасау дәстүрі болған. Нақышбандия екеуінің де шарттардан алып тастайды.

Осылайша, Нақышбандияның басқа тариқаттардан басты айырмашылығы ретінде "Діл баяр даст бакор" деген қағиданы қатаң ұстану болады. Мағынасы – "Жүрегің – Аллада, қолың жұмыста болсын".

Қожа Бахауддин Нақышбанди (р.а.) піріміз атының өзі айғайлап айтып тұрғанындай тұрмыс-тіршілік қажетін матаға нақыш, өрнек салу кәсібі арқылы тапқан. Ол кісі түгілі біздің әкеміздің өзі қол-аяғы балғадай, тепсе темір үзетін адамдардың кәсіпсіз, жұмыссыз жүргенін білсе баятын қабыл етпеген. Өз мүридтерін жұмысына, тегіне, қоғамдағы әлеуметтік орнына қарап бөлмеген. Шектен тыс тәркі дүниешілдікті тәрк еткен.

Анамыз мынадай бір қызық жайды айтып отыратын. Әкеміз Пірге баят еткізу үшін бірде анамызды да алып барады. Аз уақыттан соң Пір анамызды және қол тапсыруға келген тағы бір әйелді бірге қабылдайды. Ол кісі алдымен біздің анамызға сұрақтар қойып, мұқият тыңдап, баятын қабыл етеді. Екінші әйел зейнет демалысына дейін Кеңес өкіметінде қызмет атқарыпты. Үш баласын да оқытқан, бәрі де үлкен қызметтерге көтерілген. Ішетіні – алдында, ішпейтіні – артында, төрт құбыласы түгел, еш алаңсыз, мұңсыз жағдайға жеткенде ғана тақуалыққа біржола бас қойыпты. Пір:

– Кәзір қандай кәсіп істеп жүрсіз? – деп сұрайды. Әйел өзінің азаннан кешке дейін жайнамаздан тапжылмай намаз оқып, зікірде отыратынын, Алладан ғапылдықпен қаза еткен

мінәжаттары үшін таупиқ сұрайтынын, кейде жайнамаз үстінде көзі ілініп кетіп, таң намазына сол жерде оянатынын өзіне-өзі көңілі тола айтады. Яғни толық тәркідүниешілікке көшкен. Ұлы Піріміз сонда:

– Шайтанмен қатар қалып, алаңсыз сырласуға көшкен екенсіз. Құранда: "Ысырапқорлық – шайтанға туыстық" деген. Ысыраптың ысырабы – өлшеп берілген уақыт. Сіз Аллаға шын ниетпен құлшылық етіп, таупық тілесеңіз күніне екі арқан болса да отын шауып келіңіз. Бір құшағын балаларыңызға беріңіз – ішіп-жеген асыңыз адал болсын. Бір құшағын жетім-жесір, кемтарларға беріңіз – Алланың разылығы жаусын, – депті. Пірдің осы уәзипасын орындауға уәде бергеннен кейін ғана баятын қабыл етіпті.

Қожа Бахауддин Нақышбанди піріміз дінді ешбір жағынан ауырлатпаған, ұлт пен ұлысқа, топ пен жікке, даңқ пен дәрежеге бөлмеген. Бізге оның уәзипалары парсы тілінде жетсе, қазақтар ол жағынан жазба мәдениетінің кешеуілдеуінен ғана кенжелеп қалды. Оның есесіне Шәді төре секілді жазба ақындарынан, Софы Аллаяр сияқты түркі шейхтарынан бұл тарихат толық тәпсір тапқан. Бұл жерде білмеушіліктен екі тариқатты бір-біріне қарсы қоюдың еш қисыны жоқ. Ясауия тариқатын тоқтатқан Қожа Бахауддин Нақышбандия тариқаты емес, уақыт талабы. Бұл туралы Құран Кәрімде: "Әй, мүміндер! Алладан қорқыңдар, Елшісіне иман келтіріңдер. Сендерге мархабатінен екі есе береді. Әрі сендерге сонымен жүретін нұр жаратады. Сендерді жарылқайды. Алла тым жарылқаушы, ерекше мейірімді", деген ("Хадид" сүресі, 28-аят). Алладан қорқу – шариғаттан биттің қабығындай болсын ажырамау, Алла Елшісіне (с.ғ.с.) иман келтіру – сүннетке болаттай беріктік таныту. Сол үшін Қожа Бахауддин піріміз арқылы Алладан шын қорқып, сүннеттен ажырамаған мүміндерге екі есе мархабат – екі тариқаттың шәрбатынан қатар сусындағандай мархабат берілді. Мұндай мархабат Имам Жағыфар ас-Сыддық піріміз кезінде де болған еді. Қос шамшырақтың жарығы түскен бұл нұрлы жол Алланың жарылқауы еді. Енді келіп осы шамшырақтың қасақана бірінен-бірін артық, не төмендету үшін қолмен қалқалаудың қажеті жоқ. Оның пайдасынан зияны басым болады, рухымызды жоғалтуға ұшыратады.

Бұл туралы аталарымыздың Құран аяттарында болашақтағы жаңалықтарға да сілтеме жасалып отыратыны жөнінде айтқандары аз емес еді. Құранның түсуімен адамдар үшін кереметтер кезеңі тоқтатылып, ғылымхат ашылған.

Мен бұл жерде Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздың мұғжизаларына, одан кейінгі Алла дос тұтқан әулие-әнбиелеріміздің кереметтеріне күмән келтірейін деп отырғаным жоқ. Иллаһи мақсатта ашылған кез-келген ғылымның өзі керемет!

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздан сахабалар сұхбат кезінде:

– Я, Расуллаһ (с.ғ.с.)! Сіз соңғы пайғамбар болсаңыз, алдағы уақыттары біз ұшырастын белгісіз оқиғалардың шешімін кім шығарып беріп отырады? – деп сұрайды. Алла Елшісі (с.ғ.с.):

– Алдымен Әбу Бәкір Сыддық, Омар, Оспан, Әли. Олар кеткен соң Мұхаммедилер – олардың саны жетеу. Олар кеткен соң Ахмадилер, олардың саны он бір. Одан соң Алла кімді дос тұтса – солар, – дейді.

Олардың кереметтерін сұрағанда:

– Алғашқы төрт шариф алты қат Аспан ілімін игереді. Мұхаммедилер бес қат Аспан іліміне көтеріледі. Ахмадилер төрт қат Аспан іліміне жетеді, – депті-міс.

Төрт шарифты атадық. Жеті Мұхаммеди (бұзырық) деп:

1) Яс-Сұлтан Шаһ Сафи Исфахани;

2) Яс-Сұлтан Абу Язид Бистами;

3) Яс-Сұлтан Шейх Абд әл-Хасан Қарахани;

4) Яс-Сұлтан Абу Сайд Саммаси;

5) Яс-Сұлтан Адхам Қорасани;

6) Яс-Сұлтан Махмуд Ғазнави;

7) Яс-Сұлтан Ғази Бұхари деген Ұлық пірлеріміздің есімдері аталады.

Алла разылығы үшін осы кісілерді уәсила етіп, бейсенбі күндері 7 шелпек тарату халқымызда дәстүрге айналған. Жеті Мұхаммедидің бұдан басқа да нұсқалары бар. Олар былайша көрсетіледі:

1) Қожа Бахауддин Нақышбанди;
2) Абу Язид Бистами;
3) Абу Қаһар Гилани;
4) Абд әл-Хасан Қарахани;

5) Шейх Ахмад Кубри;
6) Қожа Ауппақ Қашғари;
7) аты-жөні белгісіз, көрсетілмеген

Соңғы тізім қай жағынан қарағанда да сын көтермейді. Біріншіден, реттілік жоқ. Екіншіден, Шейх Ахмад Кубри Ахмадилер тізімінде 5-інші болып тұр. Үшіншіден, тізім толық емес. Сол себепті бірінші нұсқа басшылыққа алынып келеді.

Енді Ахмадилер тізіміне зер салайық. Менде оның бір-ақ нұсқасы сақталыпты. Бұл сірә, Қожа Ахмет Ясауи бабамыз туралы кітаптардағы мөрлерден оқылған тізім болуы керек. Олар:

1) Сұлтан Шейх Қожа Ахмад Ясауи;
2) Сұлтан Шейх Ахмад Риванди;
3) Сұлтан Шейх Ахмад Жаами;
4) Сұлтан Шейх Ахмад Марджани;
5) Сұлтан Шейх Ахмад Кубри;
6) Сұлтан Шейх Ахмад Архам;
7) Сұлтан Шейх Ахмад Саххани;
8) Сұлтан Шейх Ахмад Харби;
9) Сұлтан Шейх Ахмад... (жазба түсініксіз);
10) Сұлтан Шейх Ахмад Марсал;
11) жазу көмескі болғандықтан жазба жасалмаған.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, қаншама бабаларымызды мақтап, мадақтап, Ислам жолындағы еңбектерін дәріптеп отырмын. Бірақ солай бола тұрып, бұл тізімге жаннаттың сұлтандары Хазіреті Хасан (р.а.) мен Хазіреті Хусейін (р.а.) бабаларымыздың аттарын кіргізуге менің еш қақым жоқ! Нақышбандия тариқатын қанша дәріптесем де оны 11 Ахмадтық көшін бастаған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздан ілгері шығара алмақ емеспін. Алланың қалауы осындай!

Біздің әулетіміз (Қарахандық қожа әулетінен шыққан ишандар мен пірлер) де біздің әкемізге дейін Заки Валиди Тоған айтқандай Ясауия тариқатының ұлы шейхтары болыпты. Тек атамыз Әбдімомын ғана, атына заты сай, алысқа ат арылтып шықпаған, аса мүмін, тақуа кісі екен. Ал бабамыз Тайыр қалпе Ясауия тариқатындағы аты бүкіл Орталық Азияға мәшһүр ишан, бабалар орнының мирасқоры болған. Оның әкесі Төреханның және бауырларының жиһангерліктері мен жауынгерліктері ғана аңыз болып қалған. Олардың өздері Ясауия сүлігіндегі ең

танымал ұстаз-пірлердің бірі, шейхтардың шейхы, Самарқандтағы Әулие Қараханның ұрпақтары. Бірақ Нақышбандия тариқатының дұшпандары емес!

З.Жандарбековтың тағы бір қателігі Нақышбандия пірлерінің бәрін Фатимидтерден таратады.

Біздің әкеміз 24 жасында Бөкеге* барып, Құтыб бабаға қол беріп келгенінде туыстары біраз дау шығарады. Себебі, біздің әулет ішінде Ислами білім алған, ұстаз көрген ешкім қалмапты. Көбісінің әліпті таяқ деп білетіндей де сауаты болмаған, молданың алдын көрмеген. Сондықтан олар “соқыр көргенінен жазбас” дегендей ілімге емес, көргеніне, естігеніне пейіл танытқан.

Бастапқыда әкеміздің Бұхара медресесін бітіріп келгені барлық алыс-жақын туыстары үшін қуаныш болып, тойға ұласқан. Осы оқиғаның бірден-бір куәсі болған біздің әжеміз – әкеміздің жеңгесі оны өле-өлгенше ол кісіні – “Молла бала” деуші еді. Бірақ әкеміздің осыдан соң көп ұзамай басқа тариқатқа ауысуы туыстарына түсініксіз жайт болған. Себебі, қол берген пірі Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетінен емес еді. Құтыб баба не Фатимид емес, не Қожа емес, қазақ-өзбекке ортақ Жалайыр руынан екен. Бірқатар білушілердің айтуынша, бұл кісі Нақышбандия сүлігіндегі ең қатал, ең құпия жолды жалғастырушы болған.

З.Жандарбеков айтып отырған екі сүліктің арасындағы қайшылық Керей хан мен Жәнібек хан көшпелі өзбектерді бастап келіп: “Біз де қазақпыз!” деп Шу аңғарына Ту тіккендерінде назарларын ең алдымен Қаратау мен Алатаудың баурайына, Сырдың шұрайлы қос қапталына, Сарысудың кең алқабына салған. Екі хан да, оларға ерген көшпелі өзбектер де Нақышбандия тариқатынан болған. Міне, осы тұста Қарахандықтар Шежіресінде айтылатынындай, жеке-жеке тайпалар мен қалаларға ишандық етіп отырған Қарахан әулеті Ясауия тариқатын оларға қарсы идеологиялық қару етіп пайдалануға талпынған сияқты. Бұл күрес біраз жылға созылып, ең соңында Әз-Тәуке тұсында Төрелердің пайдасына шешіледі. Осыдан соң тариқаттар арасында тартыс болған емес.

**Ташкент маңындағы елді мекен*

Қоғамдық-саяси құрылым мен ғылыми-техникалық дамудың нәтижесінде Ясауия тариқаты бірте-бірте ығысып, оның орнын Нақышбандия тариқаты біржола басты. Өйткені, Ясауия тариқатының талаптары уақыт талабына сай келмеді. Атап айтқанда, ишандардың мемлекеттік биліктен айырылуы олардың ықпалын шектеді, дін салықтары мемлекеттік қазынаға алынды, сопылық ордендердің кірісі төмендеді, қылуетке кіріп 40 күн шілде ұстау мүмкін болмады, ғылым-білім (жаппай сауат ашу) ауызша уағыздың аясынан асып, кітап кең тарады, жария зікірдің қуаты төмендеді, т.б. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабаларға арнап айтқан хадисінде: “Ақыреттегі менің үмметтерімнің бір күні сендердің бір ғасырларыңдай болады” дегені де осыған дәлел. Қожа Ахмет Ясауи пірміздің заманындағы мұсылмандардың бүкіл ғұмырларының тең жартысы біздің бір тәуліктік өміріміздей-ақ. Оларға мұхиттың арғы жағындағы Америка түгілі іргедегі Румнан хабар алулары үшін ай түгілі жылдар жетпейтін.

Әр нәрсе өз заманына сай жүретіні өмір заңдылығы. Ескінің орнына жаңа көзқарастар мен ұстанымдар келеді. Суфизмнің басқа ағымдардан артықшылығы мен күштілігінің өзі осында! Ясауия жолы өз қызметін атқарып, орнын Нақышбандия тариқатына берсе, бұл бірінің – мықтылығынан, екіншісінің осалдығынан емес, уақыт пен қоғамның барлық сатылар бойынша дамуының, жаңа тариқатқа деген қажеттілік талабынан туындағанының көрінісі. Ал, діндегі мәселелер бойынша пікірталастар мен сын және өзара сынның болуы суфизмді басқа діндерді меңдеп алған қасаң қағидалар мен өлі принциптерден, қатып-семіп қалған пікір-пайымдардан сақтап қалды. Өмір – іс-қимыл мен қозғалыстан тұрады, рухани өмірге ойлану, ой жеткенді дін талаптарына сай пайымдау мен парасаттау тән.

Өзара айырмашылықтар Нақышбандия тариқатының тармақтарында да орын алған, Ясауия тариқаты пірлерінің арасында да болған. Олардан басқа, “Саудагер ишан” дастанында баяндалғанындай, 90-ында шайтанның торына түсіп шатасқан пірлер де, о басында-ақ теріс пиғылдан туған кері ағымдар да аз болмаған. Қожалар Шежіресін зерттегенде З.Жандарбеков осы мәселелерге мән бермейді. Ол барлық мәселені ақ пен қара деп екі-ақ түске бөледі. Сондай-ақ, ол

қожалардың өзін қоғамдық, әлеуметтік, физикалық, биологиялық, т.б. жағынан зерттегенімен рухани болмысына жете мән бермейді. Ал, қожалар қазақтар үшін ең алдымен рухани тұлға, рухани көсем болған! Одан айырылса олардың өзге пенделерден еш айырмашылығы қалмайды.

З.Жандарбековтың ұлт қалыптасуындағы, Ислам ашылуындағы географиялық атауларға өз дәрежесінде мән берген бірден-бір ғалым екенін атадық. Егер біз ата-бабалар тарихын (шежіресін) бұл жағынан зерттесек бір емес, бірнеше кітапқа жүк болары сөзсіз. Біз ол туралы да ретіне қарай тоқталдық. Өйткені, отаршылдықтың ең ауыр соққысына тап болған елдің жады, санасы болды. Ел тарихын қайта келместей, жермен-жексен ету үшін отаршылар түрлі амалдарға барды. Соның бірі жер-су атауларын өзгерту. Нәтижесінде Түркібасы Түлкібас болып, одан қалса Ванновкаға айналды. Аттап бассақ Николаевка мен Петровкалардан көз ашпаймыз.

Ақсақ Темірдің әрекеті мұның қасында ойыншық болып қалды. Осындай кезде "қараспанды" судан арылтқаны үшін біз З.Жандарбековқа шексіз риза болуға тиіспіз! Бірақ ол бұл жолы Сайрамның – Пиром, яғни Пірдің ордасы, Түлкібастың Баба Туклас деп аталғаны секілді бірқатар атауларға, мән бермей өтіпті. Өйткені, қожалар арасындағы "хан тұқымы" деп аталған Қарахандықтар Шежіресі оқшау бөлім ретінде оны айтарлықтай қызықтырмаса керек. Автор кітабын өзіне етене таныс басқа да қожалар әулетіне арнайды.

Бұл дұрыс та болар. Мен жоғарыда Өзбекстанда тарихшылар Қарахандықтар династиясын терең зерттей бастағаны, кейін бұл зерттеулер ресми ортада бірден тоқтағаны туралы айтып өттім. Маған айтушы: "Оған себеп, бұдан әрі зерттесек біз өз ұлтымызды жоғалтып аламыз. Өйткені "өзбек" деген ұлт жоқ. Ол жеке тайпа, ру дегенді ғана білдіреді. Сол үшін біз өз тарихымызды Ақсақ Темірден бастауға тиіспіз", – деді. Бұл, әрине, тарихқа қиянат жасау және орны толмас қателік. Өзбек халқы бұл жерден Әмір Темір әулетін толық қуып шыққан Шайбанидттерден кейін ғана дербес ұлт ретінде қалыптасты. Қарахандықтар әулетінің тарихы Түркияда да, Түркменстанда да, Қырғызстанда да осындай ұлттық ұсақ саясаттың құрбаны болып келеді. Бірақ қазақстандықтар үшін бұл әлем биігіне көтеретін Ту болуға тиіс!

Бұл орайда бірде-бір тарихшы Алп Мамаш, Алпамыс, Алп Манас есімдерін біріктіріп зерттеуді, бұл тұлғалардың өмір сүру дәуірін аңыздардан арашалап, тарихи кезеңдерге сәйкестендіруді ескерген емес. Бәрі де қалмақтармен соғысады. Жан-жақтан жабылып баудай түсіріп, қаншама қырып жатса да таусылмайтын бұл не қылған қалмақ! Бүгінде қырғыздар өз ататегін Енесай сахаларынан іздеп жатыр. Шындыққа сай келетін пайым, бірақ "қырғыз" деген атаудың тегіне бойлай алмауда. Оның тегі бұл тайпалардың Ұлы Оғыз мемлекетінің үшінші жағы "Қыр ғұздар" болғанына, олардың Исламды қабылдауында, ерен ерлік танытқан Алп Манастың қазақ Алпамыспен, өзбек Алпамышпен бір адам екеніне мән бермей келеді. Ұлттық әсіре оқшаулану дегеніміз осы!

Ал, Түркияда Қарахандықтар әулеттінің тайпалық, рулық болмысы толық жоғалған. Біз жоғарыда атап өткен Гюлшани ешқандай да жеке мүддесін көздемей-ақ өзінің Оғызхан ұрпағы екенін жазып отыр. Оғыз-намада олардың Рум патшаға жорығы мен оны бас идіргені (Византияны құлатуы) баян етіледі. Тіпті жаугерлердің жүріп өткен жолы да анық баяндалады. Византияны құлатқан соң осы жорықта қол бастаған Аққойлылар мен Қарақойлылар* – Әзербайжанда, Жалайырлар – Түркияда, Қоңыраттар Хиуада дербес мемлекет құрды. Олардың пірі Ясауи де, Нақышбанди де, басқалар да емес Қорқыт ата болды. Қорқыт атаның қабірі болса Сыр бойында қисайып әлі күнге тұр. Бәрі тарихта бар. Тек оны рет-ретімен орны-орнына қоюшы жоқ. Міне, осылардың бәрінде де олардың еріктернен тыс Қарахандықтар деген атау жүр. Өйткені біз тегімізді сақтасақ та рухымыздан ажырауға жақын қалдық. Рух кеткенде тәнде қадір-қасиет қалмайды. Оны хазіреті Қожа Ахмет Ясауи бабамыз: "Мен өлген соң сүйгімді сүйреп шығып тепкіле, Бір Аллаға мінәжатың кем болды деп" деп хикмет етеді. Кеудеде рух болмаған соң ол тәннен не пайда, кімге қайыр? Сауранның сары тастары маған "тегіңді түгендегенше рухыңды түзе" дегендей болды. Мен: "Кіммен бірге? Жалғыздың даусы шықпас, жаяудың шаңы шықпас! Кіммен бірге, кіммен?.." дедім.

# “ҰЛЫ ҚИСЫН” ҰҒЫМЫ
## *(Сөз соңы)*

*Құлазыған сенің құла түздерің,*
*Не білмеген, не көрмеген ізгі елім.*
*Жазылмаған тарихымның жолдарын,*
*Ауызекі аңызыңнан іздедім.*

**Мұқағали Мақатаев.**

Ақиқат бір Аллаға ғана аян! Мен сияқты пенделердің қаншама дәрежеде басы алтын, басқа жері күміс болса да адами пікірі ақиқат қазынасы бола алмақ емес. Бірақ біз өмірдің ағымына қарап, өткен-кеткенді пайымдауға, ақиқатты парасаттауға қабілеттіміз. Өйткені, Алладан қорқамыз. Алла сұбыханаллаһ: “Әй мүміндер! Егер Алладан қорықсаңдар, Ол сендерге жақсы мен жаманды айыратын қабілет береді...” деген (“Әнфал” сүресі, 29-аят). Мен әр сөзімде Алладан қорқып отырдым.

Бұл өмірде “Ұлы қисын” деген ұғым бар. Осы қисынды табатын, жақсы мен жаманды айыратын қабілет дейміз. Алла жаратылған барша затты себептерге байлап жасаған. Себепсіз адамның басынан бір тал шаш та түспейді. Оқырман зер салса, мен бұл кітапта бірде-бір қисынсыз аңызды басшылыққа алмауға тырыстым. Сол үдемнен шықтым деп те ойлаймын! Ата-бабаларымыз жасаған жойқын ерліктер мен ұлағатты істер бізге елден ерек ешқандай артықшылық бермейді. Әркімнің өз еңбегі өзіне несіп.

Тараздың төрінде қасқайып Қарахан бабаның кесенесі тұр. Оның бір тамшы қаны осында ғасырлар бойы мекендеп келе жатқан талай ұрпақтың бойында жүр. Шежіреде, тарихта Арыстан баптың тікелей тегі осы кісіге тірелетінін көрсетеді. Арыстан бап Қожа Ахмет Ясауидің туған нағашысы. Қожа Ахмет Ясауидің ұрпағынан Нұрила (Домалақ ана) өмірге келген. Одан – Жарықшақ, Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат тарайды. Мұндай туыстық “қарға тамырлы қазақтың” барша руына тән.

Өкінішке орай, біздер осы сабақтастықтың бәрін ұмытып, өзгелердің ойына келгенді жазып берген отаршылдық тарихымен жүріп келдік. Әрине, бұл кітапқа сын, ескертпе,

өкпе-наз айтушылардың да, туындар сұрақтардың да көп болары анық. Не үшін? Оқырмандарыма ұнамаса осы сұраққа жауап беруге тырысса екен. Қазақта "ақындықтың екі-ақ бастауы: бірі – Иллаһи, екіншісі шайтани ақындық" дейді. Сол Иллаһи ақындардың бірі Мұқағали Мақатаев шығар. Ол:

Құлазыған сенің құла түздерің,
Не білмеген, не көрмеген ізгі елім.
Жазылмаған тарихымның жолдарын,
Ауызекі аңызыңнан іздедім, –

дейді. Бұл – нағыз Иллаһи шындық сөз! Мынау тәуелсіздік шұғыласы жарқ еткеннен барша ру-ру, тайпа-тайпалардың шежіре қуып кеткеніне себеп те сол – жазылмаған тарихымызды ауызекі аңыздардан іздеп кеттік. Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз: "Аллаһты тану үшін алдымен өзіңді өзің таны" деген екен. "Мен кіммін, қайдан шықтым, қайда барам" деген сауалдарсыз иман тұрмақ қорадағы қойыңа да ие бола алмайсың.

"Гөр–Әмір" деп маңдайшасына жазып қойғанына қарамастан алдымен – орыс, кейіннен Кеңес тарихшылары Ақсақ Темірдің моласын жер жаһанның түкпір-түкпірінен іздеді. Көз алдарындағы шындыққа сенгілері келмеді. Тек 1941 жылы ашып, көздері жеткеннен кейін ғана мойындады.

Мен соңғы рет Самарқандқа барғанымда, өзіме басты мәселе етіп Шаһ-и-Зиндаға қайта атбасын бұрдым. Біздің әкеміздің айтуынша, Абд ар-Рахим (Әдірахим) баб бабамыз осында жатыр. Бұл шындығында да Құсам ибн Аббастың шахид болып, жерленген жері. Бірақ ол "шах" түгілі, әскербасы да болмаған. Қатардағы сарбаз болып келіп, сарбаз болып өлген. Оның жай сарбаздығы бабамыздың ұлық дәрежесіне шаңның тозаңындай да дақ түсіре алмайды. Ол осында жамбасы жерге тиген жалғыз ғана сахаба!

Ал, Әбдірахим баб бабамыз Бағдадта тұрғанда-ақ "шах" атанған. Бұл оған Шаһ-мардан Хазіреті Әли бабасынан мирас болған. Оның әскерінің негізін құраған барша түркілер мен парсылар оны "шах" деп таныған. Өмірінің соңында бар тіршілік тауқыметін балаларына тапсырып, Самарқандқа жетіп тоқтады. Осында көз жұмып, Құсам ибн Аббастың қасына жерленеді. Мүмкін, ол біз жоғарыда айтқандай, Бағдадқа қайта алмай осында қалған шығар? Мүмкін, ол осы арқылы ұрпағын Аббасидтер әулетімен жақындатқысы келген шығар? Ол жағын

білмейміз. Кейіннен бұл мазар Қарахандықтартер әулетінің Самарқандтық қағанаты билеушілерінің рулық мазарына айналған. Қарахандықтар қағанаты құлаған соң жұртшылыққа берілді. Әмір Темір мұнда да өз туыстарын жерлеп, Қарахандықтардың ізін көмескілейтін кереметтей мазараттар салдырды. Шындық қасаң тастардың тасасында қалып қойды.

Менің Ақсақ Темірді айыптайтындай еш жөнім жоқ. Олардың ісі – патшалық іс. Біз тіпті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) немерелерін өлтіруші болған Язидтің әкесі, халифаттықты Хазіреті Әли (р.а.) бабамыздан қулықпен қаратып алған Хазіреті Мағауияны да айыптамаймыз. Оның мақсаты да дін Исламға деген махаббат пен Иллаһи ниеттен туды дейміз. Хазіреті Әлидің (р.а.) қазасын естігенде Хазіреті Мағауияның көзінен аққан жас сақалынан шүмектеп ағып тұрғанын айтып та өттім. Бәрі бір Алланың әмірімен, Алланың қалауымен болып жатқан жазмыш. Алланың қалауынсыз бір жапырақ, бір қауырсын жерге түспейді.

Егер мен ата-баба тарихын мақтан үшін жазсам, маған ғана емес, бүкіл әулетімізге Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамызды, Хазіреті Әли Мұртаза (р.а.) бабамызды, Әулие ата Қарахан бабамыз бен Арыстан бап бабамызды былай қойғанда Алтын Орда ханын бүкіл ұлыстарымен, бек-мырзаларымен Исламға баят еткізген ұлы бабамыз – Хазіреті Садр-ад-дин Шейх, яғни лақаб аты Баба Туклас Шашты Әзиз болған Шах Хидаят Панах Караматтың атының өзі-ақ жетер еді! Мақсат онда емес, шындыққа жетуде. Әрине, шындық тек қожалардың ғана үзірінде болмаған. Шындық – Қазақ тарихында, Қазақ қанында, Қазақ рухында, Қазақ жерінде. Қожаны қожа еткен – Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамызға түскен Құран Кәрімге, Аллаһтың ақиқат дініне, Расулы Акрамның (с.ғ.с.) хадистері мен сүннеттеріне, оның әулетінің "әһлі бәйттігіне" шексіз иман келтірген, бүгінгі қазақтардың қасиетті ата-бабалары! Түркістаннан Ту көтеріп шығып, Шығыс Румды құлатып Ислам орнатқан, дін мұсылманның қорғаны – Осман империясын құрған туыстарымыз арабтарға құл емес, халифа болып жақындасты. Пайғамбар (с.ғ.с.) әулетінің қанын судай шашқан арабтарға жақындасу – олардың да рухына уын жайды, ататегін ұмыттырды. "Сынықтан басқаның бәрі жұғады" деген осы. Енді зауалдың бір шеті бізге де келіп жеткен сияқты.

Қазақта “пірсіздің пірі – шайтан” деген сөз бар. Бұл дінге ғана қатысты емес, мәні тереңде жатыр.

Мен “біз мұсылманбыз” деген бір топ қауымға кездестім. Олар ата-бабамыздың дәстүрлі дін жолы – сопылықты, пірлер силсиласын жерден алып, жерге салып сынап отырды. Мен оларға Ислам тарихынан, имам Матуриди мен Абд ар-Раззақ Самарқандидың еңбектерінен айта бастадым. Әбу Язид Бистамиден мысалдар келтірдім. Сол сол-ақ екен, жатқан жыланның құйрығын басқандай құтыртып алдым. “Кім ол – Матуриди, кім ол – Абд ар-Раззақ, кім ол – Әбу Язид!” деп лепіріп шыға келді. Қыза-қыза: “Пайғамбардың өзі кім? Ол бар болғаны құл ғана!” дегенге көшті. “Бізге олардың түкке де керегі жоқ! Біз Құранға ғана сенеміз. Соны ғана мойындаймыз, басқасының бәрі сандырақ!” десті, шіркіндер! Мен:

– Арабша білесіңдер ме? – деп сұрадым барынша сабыр сақтап.

Бірде-бірі әліпті таяқ деп танымайтын болып шықты. Құран көне араб тілінде түскен, оған қазіргі арабтардың өзінің тісі бата бермейді. Олар:

– Бізге Халифа Алтайдың аудармасы жетеді! – десті. Астапыралла демеске лажың жоқ.

Құран аударылмайды – тәпсірленеді. Онда да екіге бөлініп тәпсірленеді. Құранның аяттары – “мансухи”, және “насихи” аяттар деп бөлінеді. Қазақшалап айтқанда, “мансухи” деген сөз “мансұқ етілген, тиым салынған” дегенді, “насихи” деген сөз “уағыздалатын, рұқсат етілген” дегенді білдіреді. Сайып келгенде, тиым салынған аяттардың қайсы, рұқсат етілген аяттардың қайсы екенін айырмай Құран оқыған кісінің кәпір болып кететінін ата-бабаларымыз ертеде-ақ айтқан. Мысалы, Құранда: “Яһудиді ұстап алып, өлтіріңдер” деген аят бар. Біз бүгінде еврейлерді “яһудилер” дейміз, сонда оларды ұстап алып, өлтіруге тиіспіз бе? Әрине, жоқ. Біз өз ішіміздегі, ділімiздегі, рухымыздағы жалғандық пен бұрмалаушылықты, өсімқорлық пен дүниқорлықты, нәпсімізді өлтіруіміз керек. Ал бұл аят тек қана бір оқиғаға орай түсіп, ол оқиғадан соң күшін тоқтатқан.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мұсаны (ғ.с.) да, оған түскен Тәуратты да мойындаған. Бұл иманның шарты болған. “Йа, һуа” деген Алланың Мұсаға (ғ.с.) өзін таныстыру сөзі. Біз Алланың сипаттары көрсетілген аяттарды “Құл Һуа...”, деп бастаймыз.

Тәуратшылардың қателігі Тәуратты бұрмалап аударып, оны өздерінің пендешілік мүдделеріне пайдалануында болған.

Тағы бір мысал, Құранда: "Ұрының қолын кес" дейді. Ұрының қолын кесер алдында ұрлықтың жолын кесу, адамдарға ұрлық жасататын себептерді тоқтату керек. Мен мұндай мысалдардың сан-мыңын келтірер едім. Бірақ оның еш қажеті жоқ. Өйткені, қазақтың кез-келген дастаны мен әпсаналарының өзі, ата-бабаларымыздың амалы олардың Құран аяттарын қаншалықты терең түсініп, тұтынғанын көрсетіп отыр. Олардың ешқайсысынан да біреуді ұлты үшін сүйреп барып өлтірген, не ұрлығы үшін қолын кескен оқиғаны кездестірмейміз. Өйткені, атамыз қазақ ұлының қолы емес, жолын кесіп, тамырын шапқан.

Осы жағдайда бізге дінді Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тұқымын қырып-жоюшылар мен Мансур Халладж сияқты Алланың нұры жауған асыл задалардың аяқ-қолын шапқылап, кескілеп өлтірушілерден, Құран Кәрімді жаппай қырып-жою мен қиянаттың, өлімнің құралына айналдырушылардан үйренудің қажеті қанша? Бар болғаны халықтың қожаларға берген артықшылықтары мен құрметіне деген қызғаныш пен наразылық па? Әкеміз марқұм туыстарына: "Құрмет пен қошеметтен аулақ болыңдар. Бұл кім екеніңе қарамай ақыреттің ең ауыр азабына бастайтын жол" деп өсиет қалдырыпты.

Шешеміз бір күні:

– Балам, мен кеткен соң жұрттың сөзіне қарама, жыртыс таратқыз, – деді. Бұл ҚМДБ құрылып, "жыртыс" сияқты «бидғатқа» қарсы күресіп жатқан уақыт болатын. Мен күліп, осыны айтқанымда, анамыз: – Шырағым, пенде болған соң алғаным бар, ішіп-жегенім бар, мойныма қарыз болмасын, – деді. Мен амалсыз уәде бердім. Шешеміздің де Қожа болмаса да "Қожаның бибісі" деген "құрмет пен қошеметтің ақыретінен" қорқып, түн ұйқысы төртке бөлінетініне сонда көзім жетті.

Ел арасында "Қожа алғанды біледі, бергенді білмейді" деген сөз бар. Мұның шығу тегін бір Алла біледі, бірақ біз үшін Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздан қалған мынадай ұстаным бар екені ақиқат. Ол – <u>"садақадан ауыз тиме, сыйдан аз болсын, көп болсын бас тартпа"</u> деген қағида. Садақаны адам жаны қиналғанынан береді. Қиналып тұрғанды одан сайын қиындыққа ұшыратудан өткен ғапылдық болмас, сірә. "Алла разы болсын!" деп айтып, садақасын одан да қиналғанға бағыттаған жөн. Ал,

сыйды жарқын жүзді мұсылман артық мүлкінен Алла разылығы үшін, дінге, Пайғамбардың (с.ғ.с.) құрметіне арнап жасайды. Бұл риясыз құрмет. Сол себепті сыйды аз болсын, көп болсын ықыласпен қабыл алған, дін Исламға деген құрмет үшін игілікке жұмсаған, кембағалдар мен ғаріптерге қамқорлыққа арналған абзал.

Бүкіл Ислам тарихы Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) өткен сахи, жомарт адам болмағанын айтады. Мұны Ислам зерттеушілері де толық мойындаған. Бұл – сүннет амал. Оның арғы бабасы Амр де жомарттығымен аты шығып, "Һашим – бөліп беруші" деген атаққа ие болған. Егер Қожа сараң болса – оның сарттығы, түбінің күмәндігі!

Мен ата-баба тарихын зерттеп жүріп, Ұлы бабамыз Әулие Караханның өмірінде үш-ақ шапан киіп, тоздырғанын білдім. Заманында аса бақуатты, бай болған бұл кісінің дүниесінің есебіне өзге түгілі өзі де жетпеген екен. Оның осы "сараңдығының" себебін сұрағанда:

– Менен кейін келетін ұрпақтарымның несібесін ішіп-жеп, киіп-тасып, ашып-шашып кетуге хақым жоқ. Бұл соларға бұйырсын, – деген екен.

Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз "бар байлық – білімде" деп айтқан. Ол өмірден өткенде артында ұшан-теңіз білім мен 500 теңге ғана ұсақ шақалар қалыпты. Бірақ тәрбиесіз берілген білім шайтанның қолына қылыш ұстатқанмен бірдей. Сол себепті бабаларымыз бірінші кезекке тәрбиені қойып, қалған өмірін білімге арнап, сопылық мектептерді әдеп пен парасаттылықтың ордасына айналдырды. Әдеп (әдебиет) пен қауымдық (мәдениет) тәлімді ту етіп ұстап, халыққа насихаттап өтті. Ел билеу ісіне атсалысты, халыққа қызмет етті. Сол үшін елдің құрметіне бөленді. Алла өмір беріп, несіп етсе менің келесі кітабым осыған арналса деймін. Мен бұл кітаптан өзіме ешнәрсе дәметпеймін. Алла мені дәмеленудің Ақыреттік азабынан сақтасын!

Ия, Алла тілегімді қабыл етіп, рахметінен, Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыздың шарапатынан, ата-баба аруағының медеткерлігінен айырмаса кітаптың толыққан түрі мен жалғасы болары анық. Бәлкім мен емес, басқа бауырларымыздың бірі жазар. Сөз соңында айтарым:

**Аллаһ сұбыханаллаһ:** ***"Әй, мүміндер! Егер Алладан қорықсаңдар, Ол сендерге жақсы мен жаманды айыратын қабілет***

*береді, әрі жамандықтарыңды жойып, жарылқайды. Алла зор кеңшілік Иесі” (Құран: 8;29).*

**Пайғамбар (с.ғ.с.) бабамыз**: *“Үш нәрсе үмбетімнен кетпеуге тырысады; біріншісі, нәсіл қуып, өзінің тегіне мақтану; екіншісі жаназа үстінде кіріп жылау; үшіншісі, жұлдыздарға қарап бал ашу. Осылардан арылса болар еді”.*

**Хазіреті Әли (р.а.) бабамыз:**

*1. “Ей, балам! Ең үлкен байлық – ақыл. Ең үлкен кедейлік – ақымақтық. Ең үлкен жалғыздық – тәкаппарлық. Ең ізгі қасиет – көркем мінез”.*

*2. “Мына бес нәрсені естен шығармаңдар. Бұларға қол жеткізу үшін түйеге мініп жолға шықсаңыз, оған қол жеткізе алмастан түйеңіз болдырар еді: (1) Құл (пенде) Раббысынан(Алла) өзге ешкімнен бір нәрсе дәметпесін, тек күнәларынан қорықсын. (2) Білімсіз адам білмеген мәселелерін сұрауға ыңғайсызданбасын. (3) Өзінен білмеген бір мәселе сұралған кезде ғалым да “ең дұрысын Алла біледі” деуден тартынбасын. (4) Иман сақтаудағы сабырдың орны – бастың денедегі орны сияқты. (5) Сабыры болмағанның иманы да жоқ”.*

*3. “Мен Ұлы Жаратушының Кітабында (Құран) хазіреті Ысмайылдың ұрпақтары Ысқақтың ұрпақтарынан жоғары дегенді кездестірмедім”.*

**Әбд әл-Хасан Қарахани бабамыз**: *“Үш түрлі адамдар арман-мақсаттарына жете алмайды: біріншісі, түнді толық ұйықтағандар. Түнді Алла толық ұйықтау үшін жаратпаған, ол адам баласының өзіне-өзі есеп беру, Алланы еске алып, құлшылықтар жасау, ілім қазынасын ұлғайту үшін берілген; екіншісі, адамды көркі мен киіміне қарап бағалағандар. “Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында”. Адамды жүрегіне қарап таныңдар. Онсыз досың (мүміндер) – дұшпан, дұшпаның (шайтан) дос болар; үшіншісі, бастаған ісін бітірмегендер. Бір істі бастасаң жалықпа да, тарықпа да ақырына жеткіз. Бітпеген істің иесінің иманы да бітпейді, байыз таппайды”.*

**Қара қожа ишан бабамыз**: *“Не жетінші, не тоғызыншы ұрпағымыз осында келгенде су қайта көтеріледі. Сауран жер жаннатына айналады. Бірінші келген ұрпағымыздың босағасы – болаттан, керегесі – күмістен, шаңырағы алтыннан болар”*

**Әбдіқайым ишан**: *«Әркімнің әкесі өзіне әулие, басқалар үшін көптің бірі ғана».*

**Алланың әміріне, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетіне, бабаларымыздың өсиетіне адал болайық, бауырлар!**

Бұл кітап көп адамды ойға қалдырып, көп адамды маған қарсы қоюы да мүмкін. Мен үшін маңыздысы ол емес. Тек ата-бабаларымыз құпия ұстаған Шежірені жайып салғаным үшін аруақтарға шет келмесе, біреулер бұл кітапты дініміз бен ділімізге жат пиғылдарына пайдаланбаса болғаны. Басқа тілегім жоқ!

Аумин!

# АҒАЙЫНҒА АЙТАР АЛҒЫС
## *немесе автор туралы аз ғана сөз*

Әбдікәрім Әбдіқайымұлы Әбдімомынов 1960 жылы Қызылорда облысының Шиелі кентінде туған. 1977 жылы қазіргі Ы.Жақаев ауылындағы “Қызылту” орта мектебін бітіргеннен кейін ауылда жұмыс істеді. 1979–1981 жылдары Венгрияда, Ауғанстанда әскери қызметін өтеді. Шиелі аудандық “Өскен өңір” газетінде, аудандық партия комитетінде, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарда жауапты қызметтерді атқарды.

1995 жылдан Тараз қаласының тұрғыны. Мемлекеттік органдарда қызметтер атқарды. Қазақ Мемлекеттік университетінің философия және экономика факультетін философ мамандығы бойынша бітірген. Ұзақ жылдар бойы Қазақстан, Ислам және қожалар тарихын зерттеумен айналысып келеді.

Автор өзінің білім алып, ел танып, жер тануына дем берген анасына, Өтепхан, Зәйін, Мүсірепхан, Әбутәліп, Әнтай ағаларына, Қаракөз әпкесіне, белгілі журналистер – Зәкім Жайлыбаевқа, Мәрия Жұматоваға, Сәрсенбек Бекмұратұлына, Сәфи Құрманаевқа, Серік Пірназаровқа, өмірлік ұстаздары – Сейілбек Шаухаманов ағасына, Бибіжамал Жәукебаеваға, Машырап Ахметжановқа шексіз ризалығы мен құрметін білдіреді.

Таразда танысып сырлас, сыйлас, қолдаушы, пікірлес болған профессор Мекемтас Мырзахметов, Болат Сауранбаев, Ілияс Тортаев, Ертарғын Кәкімбекұлы, Күлімхан Майлыбекқызы, Абдолла Бақбергенұлы, Жанат Төлендиев, Болат Бекжанов, Дархан Қыдырәлі секілді басқа да аттары аталмай қалған абзал азаматтарға зор алғысын білдіреді.

Бұл кітап автордың ағасы Әбілқасым (Бекқожа) мен жеңгесі Сәнияның, сарыағаштық Қарахандық қожалар Уәлихан, Оразбек, Рахманберді, Егемберген ағалар мен Шырын жеңгеміздің, Ақмешіттік Арысбек, қазалылық Ықпал, Камаладдин ағалардың, бауырым Асылбек Дәулетұлының қамқорлығымен, қолдауымен жазылды. Алла оларға әркез бақ пен берекет, мол дәулет пен денсаулық берсін! Олардың

ынтымағы мен өзара құрметі, адамгершілігі мен адалдығы барша оқырмандарға, олардың ұрпақтарына жұғысты болсын!

Аумин!

## МАЗМҰНЫ

Сыр қылып сақтаған (Оқырманға арнау) ................................6
Маңызды мақсат (Кіріспе орнына) ..........................................10

I БӨЛІМ

Шежіре шертер сыр қандай? ....................................................14

*БІРІНШІ ТАРАУ*

Ұлы бабалар баяны...................................................................15

*ЕКІНШІ ТАРАУ*

Шежіреге қатысты мәнді мәліметтер .....................................34

*ҮШІНШІ ТАРАУ*

Әл-Әнафия әпсанасы ..............................................................43

*ТӨРТІНШІ ТАРАУ*

Хижра хикаясы .........................................................................60

II БӨЛІМ

Қарахандық қожалар шежіресі ...............................................72

*БІРІНШІ ТАРАУ*

Шахзада шерлер ......................................................................73

*ЕКІНШІ ТАРАУ*

Әлқисса, әулие Қарахан! .........................................................81

*ҮШІНШІ ТАРАУ*

Тәліп ишан шежіресі ................................................................86

*ТӨРТІНШІ ТАРАУ*

Өзгеше өрілген өрімдер .........................................................103
Шиелілік Қарахандық қожалар шежіресі ............................108
Саурандық Қарахандық қожалар шежіресі .........................110
Қырғызстандағы Қарахандық қожалар шежіресі ...............112
Қойлақилық Қарахандық қожалар шежіресі .......................113
Обид Суфихонның Қарахандық қожалар шежіресі .............114
Жоғарышыршықтық Қарахандық қожалар шежіресі ..........116
Шыназдық Қарахандық қожалар шежіресі .........................118
Сарыағаштық Қарахандық қожалар шежіресі ....................120
Дәдебаев дәйектеген шежіре ................................................125
Сейітомар сызбасындағы шежіре .........................................127
Ақмешіттік Қарахандық қожалар шежіресі ........................129
Қазалылық және қарақалпақстандық
Қарахандық қожалар шежіресі ……………………….....138
Асылбек қожа айқындаған
Қарахандық қожалар шежіресі ............................................144

*БЕСІНШІ ТАРАУ*

Аңыздың ақыры .....................................................................146

III БӨЛІМ

Аталар аманатына адалдық ..................................................150

*БІРІНШІ ТАРАУ*
Шежірелеудегі шегініс ........................................................151

*ЕКІНШІ ТАРАУ*
Аңызбен астасқан ақиқат ......................................................165
*ҮШІНШІ ТАРАУ*
Тұрлаусыз тарих ....................................................................174
*ТӨРТІНШІ ТАРАУ*
Ғасырдан ғасырға сыр ..........................................................185
*БЕСІНШІ ТАРАУ*
Ашық күнде адаспайық! ........................................................202
"Ұлы қисын" ұғымы (Сөз соңы) ............................................234
Ағайынға айтар алғыс немесе
автор туралы аз ғана сөз ........................................................242

**Әбдікәрім ӘБДІМОМЫНОВ**

# ҚАРАХАН ӘУЛЕТІ

Редакторы – Асылбек Жақай.
Корректоры –Гүлжанат Әбдікәрім
Техникалық редакторы – Мәншүк Әбдімомынова
Компьютерде тергендер –
Сәуле Әбдірашқызы,
Ботагөз Әбдімомынова.

Басуға 30.10.2011 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32 Шартты баспа табағы 16,5. Есепті баспа табағы Офсеттік басылым. Тапсырыс № 15 Таралымы 200.
080016, Тараз қаласы, Абай көшесі, 410, тел./факс: 8 (7262) 464931 87016113108